

24345

83.3 Қаз

НЫҒМЕТ
ҒАБДУЛЛИН

АҚЫТ
СЫРЫ

24345



НЫҒМЕТ
ҒАБДУЛЛИН

**ақыт
сыры**

МАҚАЛАЛАР,
ЗЕРТТЕУЛЕР

«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ
А л м а т ы — 1981

Ғабдуллин Нығмет.

Ғ 13 Уақыт сыры. Мақалалар, зерттеулер. Алматы,
«Жазушы», 1981.—232 бет.

Жазушы Нығмет Ғабдуллин оқырман қауымға әдебиет зерттеу, сын саласындағы еңбектерімен де таныс. Оның «Уақыт сыры» деп аталған мына кітабында туған әдебиеттің келелі мәселелері қарастырылып, әр жылдарда жазған сын-зерттеу жұмыстары топталған. Бұлардың қайсыбірін автор өзінің бұрын жарық көрген монографиясында ішінара пайдаланған-ды. Бірақ әр мақалада белгілі уақыттың сыры бар және әр қайсысында әдебиеттің нақты мәселесі көтеріледі. Автор ол еңбектерін ой елегінен қайта өткізіп, жүйеленіп ұсынып отыр.

Еңбекке енген сын-зерттеу жұмыстары үш тарауға бөлініп, бір желіге тартылған. Әр тарауда толғанған пікірлер біріне-бірі сабақтастықпен, ұштаса дамып, кітапқа тұтастық сипат береді. Ұлттық әдебиетіміздің кешегі, бүгінгі және ертеңгі тұрғысындағы өзекті проблемаларына қатысты ой қозғалады.

Қолжазба рецензенттері Т. Тоқбергенов, Б. Сарбалаев.

83.3 Каз.

Г 70202—089
402 (05) 81 50—81 4603010202.

© «Жазушы»—1981

012
024345

Ү
**Җақыт
тынысы
және
әдебиет**

I тарау

ЖАСАМПАЗ ТҰЛҒА

Арман көзі — халықта. Адамзат қоғамы дамуының қай заманында да халық еркіндікті, бақытты көксеріп, шұғылаға талпынған. Бүгінгісінен гөрі, ертеңгі күніне мол үміт артып, сол болашақтан үлкен жақсылық дәмдеген. Алға жетелеген осы үміттен халық қиялында үздік өнегелі адамдар туып отырған. Бұл арман-тілегін оның сергек ойлы перзенттері туғып, жоғары көтереді. Сонда оған қалың жұрттың көзі айқынырақ түседі де, олар бұны қуат, демеу тұтады, өздеріне үлгі-өнеге санайды, соңынан сеніммен ереді.

Жұртқа көсем болатын осындай жақсы азаматты ел қашаннан ардақтайды. Халық өзінің көркем творчествосында оларды артықша мадақтаған. Сонау бағы заманнан жасалған асыл қазына — ауыз әдебиетінің әсем үлгілеріне бір сәт көз жіберіңізші. Жас ұлан тау кезіп, теңіз кешіп, жеті қабат жер астына да түсіп, темір таяғы тебендей боп тозып біткенше ғаламды шарлап, неге шарқ ұрады? Бақыт іздейді. Дәулермен, мыстандармен, жын-перілермен алыспаққа, зор қатерге хас батыр неге бас тігіп шығады? Адамзат қуанышының дұшпандарымен айқасу үшін, зұлымдықты күйрету үшін. Оның да тілегені — бақыт. Фольклорымызда сипатталатын батыр ұлан, дана қария, ақылды ару, тапқыр жігіт — бәрі де халық арманын бейнелейді. Халық өзінің тілегенін, келешектен күтерін осындай жағымды қаһармандардың іс-әрекеттері арқылы бейнелеп отырған.

Бұл сипат барлық халықтың да фольклорына тән. Осы дәстүр жазба әдебиетке ұласады. Әр жазба әдебиеттің алдыңғы қатарлы өкілдері халық арманын, озық идеяны жағымды қаһарман арқылы бейнелеуге ұмтылып келгенін көреміз. Біздің туысқан советтік халықтар әде-

биеттерінің, әсіресе, үлкен дәстүрі бар орыс әдебиетінің бұған айғақ мысалы мол.

Қазақ халқының өткен ғасырда жасаған ұлы ағартушы акындары Абай Құнанбаев пен Ыбырай Алтынсарин бейнелеген жағымды қаһармандардың жан сырлары мен аңсаулары, жақсылыққа ұмтылыстары олардың бүгінгі ұрпағының мұрат-мүддесімен қабысып жатыр. Абайдың лирикалық геройы зорлыққа, арамдыққа жауыға қарап, әділдікті, адал еңбекті, өнер-білімді жақтап, айбынды үн көтереді. Ыбырайдың қарапайым еңбекші кедейі акыл зеректігімен және еңбек сүйгіштігімен озық шығып, жұртқа өнеге көрсетіп, жақсы болашақтың соны жолын тартады. Бұлар — Сейтқұлдар, Үсендер, «алыс айға саусағын жайып талпынған» жаңа адамдар.

Октябрь алдындағы қазақ әдебиетінің жағымды қаһармандары — солардың ұрпағы. Бұл ұрпақ алдыңғылардың дәстүрін ілгері жалғастырады. Сонымен қатар, бұлардың сипатында, қоғамның даму диалектикасына байланысты тың белгілер бар. Октябрь алдындағы қазақ әдебиетінің ұнамды қаһарманы әділет үшін, адамның бас бостандығы үшін күреседі, «қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып, күн болып», туған халқына нұр шашуды мақсат етеді. Дәуірінің алдыңғы қатарлы идеясы оның акыл-санасына шұғыла түсірген. Ол — бақытқа тек күреспен жету керектігін түсінген. Сондықтан ол өзінің алдындағы Сейтқұл мен Үсендерше жақсылыққа ұмтылумен ғана шектелмейді, өнегелі іс істеп, үлгі көрсетумен ғана тынбайды. Көздеген мақсатына жету үшін әділетсіздікпен, қиянатшылар дүниесімен бетпе-бет барып айкасады. Не жеңіп шығады, немесе жауыздар құрсауын бұзып өте алмай, жазым болады. Бірақ рухы жеңіліске ұшырамайды. Оның жарқыраған арманы бар. Сол армандан ол тілеген жақсы болашақ көзімізге елестейді.

Октябрь алдындағы қазақ әдебиетінің ең көрнекті өкілдері — Сұлтанмахмұт Торайғыров, Спандияр Көбеев бейнелеген ұнамды қаһармандар келбеттерінен сол сипаттарды көреміз. Бұл қаһармандар өздерінің сыры, ниеті, талабы жағынан бүгінгі бізге етене жақын адамдар.

Қазақ халқына бостандық, теңдік әперіп, бақыт әкелген Ұлы Октябрь революциясының жеңісі қазақ ұлтының рухани көркеюіне кең өріс ашты. Мүддесі бір советтік халықтардың туыскандық ынтымағы, олардың өзара жақын байланыстары мен қатынастары қазақ ұлтының жан-жақты қаулап дамуына зор ықпал жасады.

Осының үлкен бір айғағы — қазақ әдебиетінің форма және мазмұн жағынан соны сапалармен байып, көркеюі. Ең басты жаңалық: әдебиеттің жаңа қаһарманы — азаттық үшін алысқан халықтың қасиет-белгілерін бойына сіңірген күрескер адам сахнаға шықты.

Совет әдебиетінің жаңа қаһарманы — тарихтың жаңа революцияшыл күшінің өкілі. Ол елінің болашағы үшін, жаңалық үшін күреседі, қалың көптің — еңбеккер жұртының мүддесін биік тұтады. Сол мақсатпен қиындыққа қарсы барады, қауіп-қатерге бас тігеді, тар жол, тайғақ кешеді.

Тарихтың жаңа революцияшыл күшінің осындай қайсар күрескер өкілін әдебиеттің жаңа қаһарманы етіп алға шығарған бірінші жазушы — ұлы Горький. Ол бейнелеген жаңа қаһарман — оянған халықтың қасиетін бойына жиған озат адам. Оның арманы — халықтың аңсағаны; оның жүрегінде қиянатшылар дүниесіне қарсы қайнаған ыза — халықтың кегі, оның рухани нәр алар көзі, күш алар тірегі де — сол қалың ел. Сондықтан оның күші — өктем, үні — айбарлы. Адамзат бақыты мен бостандығының дұшпандары одан өлердей қорқады. Өр дауылпаз көкке атылып, дауылмен ойнап, бұлтты тіліп, найзағайша жарқылдап самғағанда, шырқау биікке шығып ап саңқылдағанда, олардың үрейі ұшып, құты қашады. Ал, дауылпаздың достары өз батырының қуатты қанат қағысына, зор үніне сүйсініп, аса қуанады. Оны медет тұтады, оған үміт артады. Оны өздеріне көсем көреді.

Горькийдің Павел Власовы, Ниловнасы, Нилі — міне осындай сипаты бар жаңа типті адамдар.

Елінің болашағы үшін, жаңалық үшін күресетін жаңа адам образын бейнелеудің, оның рухани прогресін сипаттаудың Горький салған дәстүрін совет жазушылары ілгері дамытты. Совет әдебиеті бүкіл әлем көркемөнерінде бұрын-соңды болмаған жаңа адам типін жасады. Әдебиеттегі бұрынғы жағымды кейіпкерлерден бұл соны қаһарманның ерекшелігі — ол өз тағдыры қалың бұқараның тағдырымен сабақтас екенін терең сезінеді; оның ой-арманы, мақсаты көпшілік мүддесімен қабысқан; мұның өз талап-тілегі мен қоғамдық парыз арасында қайшылық жоқ. Бұл — сана биіктігі. Яғни бұл — жаңа адамның озық қасиетін танытатын асыл сапа.

Адамның түлеуі, жаңаруы, соны қасиет-сапалардың тууы қоғамның дамуына байланысты болатыны, қоғам

мен жеке адамның (личность) арасындағы жарасымды жаңа қатынастарға қатысты екендігі мәлім. Октябрь жеңісінің жемістері, социалистік жаңа қоғам адамзат өмірінің тарихында бұрын болмаған тың қатынастарды, соны салттарды тудырды. Сол құбылыстар нәтижесінде жаңа қоғамның жаңа адамы қалыптасады.

Бұл адам — тек көзқарасы, дүниетанымы ғана жаңа емес, рухани дүниесі, сезім-эмоция әлемі жаңа адам.

Социалистік реализм әдісі әдебиеттің идеялы болуын көздейді және сапа жағынан дамуына мол мүмкіндік береді. Ал, сапалық жетістік бірден бола қоймайтынын білеміз. Сонымен қатар, сапа дегеніміз — әр уақыт толығып, жетіліп отыратын, үнемі жақсылана, жаңалана беретін нәрсе. Бүгінгі жақсы деп таныған сапамыз ертен одан да ажарлана түспек. Өйткені оның жаңа қырлары ашылады да, сол соны жайлар сапаны арттырады. Осылайша үнемі бола бермек.

Совет әдебиетінің даму жолына көз салсақ, жаңа дәуірдің жаңа адамы образын жасаудағы әр кезеңнің тән белгілерін айыра тануымызға болады. Жаңа адам тұлғасын мүсіндеуде сапалық жаңалықтардың ылғи өсіп отырғанын көреміз. Қаһарманның жан әлемін, рухани прогресін жан-жақты терең бейнелеуде, әсіресе, соңғы жылдар шығармаларында көп-көп соны саз бар.

Жаңа адамның рухани қалыптасуында моральдық сапа негізгі сипат боп табылады. Адамның ақыл-санасы, талап-тілектері мен ұмтылыстары оның адамшылығы мен эмоциялық сферасымен кірігіп астасып жатса, жан-дүниенің сұлу қасиеті көрінеді. Қаһарман келбетінің рухани әсемдігін ашуға осы тұрғыдан бойлау — бұл да кейінгі жылдардағы жақсы шығармаларымыздың тән сапасы.

Дегенмен, көркем әдебиетте социалистік дәуіріміздің жаңа адамының образын жасауда кем түсіп жатқан жайлар баршылық.

Совет жазушыларының V съезінде жасаған баяндамасында жазушы Георгий Марков бір жағдайға айрықша назар аударды: біздің қазіргі совет адамы өзінің бар асыл қасиетімен көркем шығармадан толық сипатын ала алмай отырғанын айтты.

Бұл пікір, әрине, бүгінгі замандасымыз хақындағы шығармаға қойылатын қазіргі талаптың аса ұлғайғандығына айғақ болады. Бүгінгі шақ геройының — коммунизм құрылысшысының типтік белгілерін терең таныта бейне-

леу жазушыдан үлкен суреткерлік жауапкершілікті талап етеді.

* * *

Әдебиеттегі жаңа адам сипаты, замандас келбеті халқында сөз қозғағанда ерекше айтылатын жайдың бірі — көркем шығармада коммунист образын жасау жауапкершілігі туралы мәселе.

Коммунист — біздің қоғамымыздың ең алдыңғы қатардағы өкілі. Ол — еңбекшілер қауымының озат, өнегелі, биік саналы азаматы болумен қатар, әрі күрескер, әрі қайраткер. Сондықтан өзге жұрт оны үлгі тұтумен бірге, оған үлкен сенім артады, қамқоршы көреді, соңынан ереді. Бірақ ол, Александр Фадеев айтқандай, елден бітімі ерекше жаралған жан емес, ол да — пенде. Қуану-күйіну, ашу-ыза, сүйю-айну, толқу секілді, жалпы адам басында болатын күйлер, оған да тән. Мұндай алуан халді коммунист те басынан кешіреді. Өмірдің бұралаң жолында оның жаза басуы да, қателесуі де, тіпті ағат істер жасап алуы да мүмкін. Бұл — тіршілік заңы. Адамдар әрекеті өмір диалектикасына бағынады. Коммунист мінезінің ерекшелігі — рухының күштілігі мен арының тазалығынан танылмақ. Кедергілерге киліккенде, қиындыққа шыдау, онымен белдесіп айқасу, қашан жеңіске жеткенше күресті тоқтатпау, кейде әлсіздік білдіріп алған кездерінде (өмірде ондай жайлар болады ғой) төмендеп кетпей, жан тазалығы мен рух биіктігін әрқашан сақтау — коммунист сипатынан көрінетін асыл қасиеттер болмақ.

Көп ұлтты совет әдебиетінің таңдаулы шығармаларында шебер мүсінделген коммунистер тұлғасынан осы сапалар ерекше жарқырап көрінеді.

Көркем шығармада коммунист образын жасау — Октябрь жеңісінен кейінгі жаңа ұлттық әдебиетіміздің алдына алғашқы күннен бастап қойылған үлкен проблеманың бірі болды. Қазақ жазушылары да әдебиетте коммунист тұлғасын бейнелеуге құлшына ұмтылысты.

Бұл салада, әрине, бірден ірі табысқа жете қалу оңай емес еді. Октябрьге дейінгі қазақ әдебиетінде жағымды образдар жасау дәстүрі болғанымен, ел мүддесі, халық бақыты үшін алысқан күрескер тұлғасын бейнелеу мүлде соны құбылыс еді. Тыңнан жол тарту керек болды. Қазақ жазушылары, ең алдымен, өздерінің көз алдында өтіп жатқан жаңа көріністерді, жаңалыққа ұйытқы бол-

ғап азамат адамдарды, олардың жанашыл іс-әрекеттерін өмірдің өзіндегідей қалпында бейнелеуге тырысты. Әдеби жинақтау (обобщение), типтендіру әдістерін еркін менгере қоймаған болатын. Сондықтан сыртқы көрініске елігу басым түсіп отырды да, қаһарман әрекетінің ішкі себептері терең ашылмады. Мұның өзі, әрине, жазушылық шеберлік мәселесіне катысты категория.

Қазақ әдебиетінде коммунист образын жасауда және коммунисті «отқа салса — күймейтін, суға салса — батпайтын», елден ерек жаралған жан етпей, кәдуілгі қарапайым халықтың өкілі ретінде алып, оның жалпы адам баласына тән мінез, сезім күйлерін терең ашып танытуда алғаш үлгі салған жазушымыз — Бейімбет Майлин дер едік. Бейімбет бейнелеген Раушан коммунист — жұмысшылар қозғалысына қатысқан немесе Октябрь күндерінде, азамат соғысы жылдарында от кешкен революционер емес, ол Горькийдің Ниловнасының көргендерінің бірін де басынан кешпеген адам. Раушан — ауылдағы қарапайым қазақ әйелдерінің бірі, епбекші таптың өкілі. Бірақ ол от басында, ошақ қасында отырып, қазан қайнатуды ғана білетін әйел емес. Саналы, зерек. Өз шапырағының амандығымен бірге ел қамын, көптің мүддесін қоса ойлайды. Октябрь әкелген жаңалықтарға жақ болумен қатар, сол соны салттарды орнықтыруға ат салысады. Жаңа ғұрыптарға жауыға қараған ескілік кеселдерімен саналы түрде күреседі. Осы күрес үстінде өмірдің мақсаты мен тіршілік заңы туралы түсінігі тереңдеп, ішкі әлемінің нұры ұлғая түседі. Раушан бірталай қиыншылықтарды бастан кешеді, жаны қатты жәбірленген кездері де аз емес. Осындай ауыртпалықтар тұсында ол босаңсымайды, өзін-өзі ширатып, қуаттана, жігерлене түседі. Оның осы қасиеттерінен коммунистке тән мінез ерекшеліктері танылады.

Шығармада Раушанның үй-ішілік тіршілігі, тұрмыстағы сүйініш-күйініштері оның қоғамдық істерінің күйлерімен жымдаса өрілген. Бұл — Раушан тұлғасын биіктетіп тұрған ірі сипат. Сонымен қатар, бұл — Майлиннің қазақ әдебиетінде коммунист бейнесін жасаудағы үлкен жаңалығы.

Дегенмен, шындықты айту керек, көркем шығармада коммунист образын жасауда бізде бір үлкен кемшілік орын алып келді. (Ол міннен әлі арыла қойған жоқпыз). Жазушы коммунистің жетекшілік ролін көрсету мақсатымен, қаһарманды әдетте басшы партия қызметкері ре-

тіңде алады да, оны өмірдің бұралаң жолына түсірмей, кілең дайын сокпақпен жүргізеді. Ол — ақыл айтқыш, көп нұсқағыш. Нақты әрекетінен гөрі көсемсуі көп. Сонда бұл жалаң насихатшы боп шығады. Бұл — бір. Екіншіден, осы қаһарманның семьядағы, дос-жарандар ортасындағы тіршілігі тасада қалып, ертегідегі жеке батырша өзі дара алынып және тек қызмет бабында ғана көрсетіледі. Мұндай жағдайда образдың қырлары ашылмайды. Бірталай шығармада партия қызметкерінің бейнесі осылай жүдеу тартып тұр және бәрі ортақ қалыптан шыққандай бір рендес. Мұның аты — схема болады.

М. Әуезовтің «Өскен өркен» романындағы Нил Карпов бейнесі — көркем шығармада басшы партия қызметкерінің образын жасаудағы ірі табыс болды. Облыстық партия ұйымының басшысы Карпов — ел басқарудың жөнін, шаруашылықтың жай-жапсарын, жұмысты ұтымды ұйымдастырудың ретін жетік білетін, терең ойлы, көреген саяси жетекші. Ол өзін ешуақытта жұрттан жоғары қоймайды. Қарапайым еңбек адамдарын үлгі тұтып, олардың ақыл-кеңесін тындап отырады. Ол шаруашылық істерімен қатар, жұрттың тұрмыс-күйіне де, әр адамның үйшілік жағдайына да ерекше алабұртады. Ол, ең алдымен, адам тағдырын ойлайды. Сондықтан адамдар өміріне қатысты мәселенің бәріне де (мейлі үлкен, мейлі кіші болсын) өте алаңдайды. Жұрт қамы үшін жанына тыным таппайды. Сол қасиеттері үшін ел де оны айырықша қадірлейді. Коммунист басшының бойындағы қайрат пен жүрегіндегі нұрды жазушы терең ашып көрсетеді. Әуезов шеберлігінің сыры осында.

Партия қызметкерінің шынайы образын жасаудағы Әуезов үлгісі қазақ әдебиетінің кейінгі жылдардағы шығармаларында анық байқалады. Дала еңбеккерлері өмірінен жазылған елеулі прозалық туындыларда бірсыдырғы жақсы кейіптелген партия қызметкерлері: обком секретары Байсалов (Т. Әлімқұловтың «Дүбара» повесі), аудандық партия ұйымының басшысы Ғайнекең (Д. Досжановтың «Дария» романы), бастауыш партия ұйымының жетекшісі Дәнеш Досболов (К. Жұмаділовтің «Саржайлау» повесі) — тек шаруашылыққа басшылық жасаудағы істерімен ғана емес, қоғамның, өмірдің алуан мәселесіне қызу араласуымен, жұртпен қарым-қатынасындағы өнегелерімен және сезім тазалығы һәм парасат биіктігімен ерекшеленіп, жаныңа жақын, көзіңе жылы көрініп тұрған адамдар.

Басшы қызметтегі коммунист образын жасауда үнемі есте болуға тиісті жай: оның қызмет бабымен ететін әрекеттері, орындайтын істері, ойлары мен армандары бүкіл елдің мүддесінен, халық камын жеуден туындап жатуы керек. Және оның жұрт сүйсінер ерекшелік қасиеттері барлық ісінің кең құлашынан, білімінің тереңдігінен, ақыл-парасат байлығынан жарқырап көрінуге тиісті. Басшы қызметтегі коммунист әр істің тетігін басқалардан жітірек білуге міндетті.

Леонид Ильич Брежнев «Тың» атты кітабында былай деп жазады: «Партия, мемлекет қайраткері әрі жолшы да, экономист те, инженер де т. б. болуға тиіс... Ол дамудың жалпы заңын меңгере отырып, нақты ғылыми және практикалық білімдерге сүйенуге тиіс... Әртүрлі «аумалы-төкпеліліктен», пісіп-жетілмеген, шала-шарпы өктем шешімдерден сақ болу үшін халықпен ақылдаса білу керек» («Тың», «Жазушы», баспасы, 1978 ж., 43—44 б.).

Міне, басшы партия қызметкеріне қойылатын бүгінгі жоғары талаптар. Демек, әдебиетте коммунист образын жасаудың қазіргі жауапкершілігі де үлкен.

Л. И. Брежневтің тың туралы мемуары көркем шығармада партия қызметкерінің шынайы тұлғасын бейнелеудің тамаша үлгісін алға тартады. «Тыңды» оқығанда, мұнда баяндалған оқиғалар, келтірілген мысалдар, тұжырымдалған ойлар партия қайраткерінің ерен ісін, зор жігерін, терең ақылын, биік жан-дүние қасиетін біздің көз алдымызға жарқыратып елестетеді.

Ол — өмірдің бар тынысын терең сезініп отырған үлкен адам. Ол ең алдымен адамдар камын ойлайды. Өйткені бүкіл игілікті жасайтындар — адамдар. Қоғамның күш-қуатының да, байлығының да, бақытының да қайнар көзі солардың істерінен басталады. Үлкен адам күнде ертемен Кремльдегі жұмыс кабинетіне келгенде, ең әуелі жұрттың халін білуге, олармен ауызба-ауыз сөйлесуге асығады. Еліміздің алыс аудандарындағы адамдармен телефон арқылы хабарласады. Сонда олардың жағдайын, жұмыстарының жай-күйін дауыстарына қарап-ақ сезе бастайды.

Мәселен, тың өлкесінде июньнің ортасына дейін жаңбыр жаумаса, егіннің өнімі көп кемитіні белгілі. Ал, егер осы айдың аяғына дейін көктен тамшы тамбай қойса, жағдай тіпті нашарлайтын болады. «Мұндай сәттерде, — деп жазады Л. И. Брежнев, — терезеден көз жібе-

ріп, Москваға қарайсың, ал, бірақ, көз алдында — шетсіз-шексіз тың дала, комбайншылардың, агрономдардың, аудандық комитет қызметкерлерінің алаң болған қам көңілді кескіні тұрады, сонда мен өзіме қымбат санайтын осынау адамдардан алыста болсам да, өзімді тағы да солардың қасында жүргендей сезінемін» («Тың», 6-бет).

Партия мен мемлекет ісі, шаруашылық жұмыстарының бабы, еңбекші адамдардың тұрмыс ахуалы — осының бәрін де ол тынымсыз ойлап, терең толғанады. Қамқор қолын созып, адамдарды демеп, жігерлендіріп, жеңіске бастап отырады. Еңбек адамының талап-тілегіне айырықша ден қояды. Бұл ретте кішігірім нәрсенің өзіне үлкен мән береді. «Кейбір жолдастар,— деп жазады Л. И. Брежнев,—... толып жатқан ұсақ-түйекке менің тікелей араласуымды, тіпті тың игерушілер бригадаларының қазанына дейін үңілуімді қажетсіз деп есептейтін. Мұның өзі төменгі басшылардың жауапкершілігін кемітпей ме десетін. Менің бұған айтарым: ешқандай қағаз да, ешбір телефон сылдыры да адамдармен жүзбе-жүз кездескендей, өмірді білгендей болмайды». («Тың», 107-бет).

Күткен ісін кейде көңілдегідей болмай шығады. Адамдардың да бәрі бірдей емес. Қоғам ісінс мін келтірген қырсыздарды, әртүрлі шабан-шардықтарды көргенде, партия қайраткері бұған төзе алмайды. Леонид Ильич тың игеру жылдарында Қорғалжын ауданының «Степняк» совхозына келгенде көрген бір көңілсіз көріністерді мысалға келтіреді. Жаздың айы. Совхозда балаларға беретін сүт жоқ. Сиыр фермасы құрылған, елуден аса сиыры да бар, бірақ сүт жоқ. Сиыр сауу жұмысы ұйымдастырылмаған. Бұл кемшілікті қалай жөндеудің жөнін Леонид Ильич совхоз директорына көрсетіп, кеңес береді. Бірақ директордың уәдесі пәтуасыз болады да, кемшілік түзетілмей қала береді. Совхозда келесі жылы да сүт болмайды. «Өз міндеттеріне соншалық салғырт қарайтын қызметкерлерге тезуге болмайтын еді, сол туралы Целиноград обкомының келесі пленумында арнайы айтуыма тура келді»,— деп еске алады Л. И. Брежнев. («Тың», 146-бет).

Және бір мысал: қырдағы жұмыс біткен соң, құрал-саймандар бір жерге ұқыпты жиналып қойылмай, әр қайсысы әр жерде шашылып қалған. Егіс басына кеп қонған самолет, шөп арасында тістері жоғары қарап жатқан

тырмаға арадан қала жаздайды. «Осынау оқиға шаруаға қырсыздықтың, құнтсыздықтың шегі әрқашан қылмыспен астасып жататынын айқын көрсетеді»,— деп ескертеді Л. И. Брежнев («Тың», 154-бет).

Біздің қоғамда адам ерекше құрметтеледі. Бірақ құрметтеу дегеніміз — құлдық ұру деген сөз емес. Адам енбегінің бағасымен қадірлі болмақ. «Еңбек ет те, міндет арт»,— дейді халық. Ал, өмірде ауырдың үсті, жеңілдің астымен ғана сырғанағысы келетін, аз беріп, көп алуды қалайтын алаяқтар, ешбір істі тындырмай жатып міндетсізін көк жалқаулар аз емес. Бұларға қарсы батыл күрес керек.

«Бұл 1954 жылдың ерте көктемінде Тобыл станциясында болды. Поездан жаңа ғана түскен бетім еді,— деп жазады мемуарда Л. И. Брежнев,— жұрттың арасынан бір дәукес жігіт шыға келді де, маған сұрақты үсті-үстіне жаудыра бастады. Бізді қайда әкелдіндер? Жылы орнымыздан неге қозғадыңдар? Үй қайда, табыс қайда, жылы киім қайда? Бұл далада, сірә, тек ініне тығылған суыр ғана өмір сүре алатын шығар!— деп тақылдайды...

Қолындағы пиджагін сілкілеп, табан астында шалақ тон беруді талап етті. Қанша айтсаң да жетесіне ештеңе жетпейтін адам екені айқын болды — ондайларды кашанда бірден танысың, сондықтан сөзін кілт үзуге тура келді:

— Сіз немене, осында әзір астың атасы болайын деп келіп пе едіңіз? Мынадай пиджак пен кепкі кигенде неменеге сендіңіз? Тың жерге сіз сияқтылардың керекі жоқ!» («Тың», 80-бет).

Міне, өмірдің шындығы осындай: бірде қуантса, бірде ренжітеді. Ал, қуану, ренжу дегеніміз тек қана психологиялық күй емес, осы ішкі сезім көрінісінен адамның мінез ерекшелігі, ақыл өрісі танылумен қатар, тұтқан мақсат-мұраты да ұғылады. Сезімнің өзінде таптық сипат болады деп Луначарский тегін айтпаған. Көркем шығармада партия қайраткерін бейнелегенде, коммунист жетекшіні ірі іс-әрекет үстінде көрсетумен қатар, оның басынан өтетін тәтті, ащы сезім күйлерінің қоғамдық сырын терең аша білу керек. Мұның бәрі коммунист образын биіктететін сапалар болмақ.

1980

ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ҚАҺАРМАН

I

Қазіргі қазақ прозасының қамтып келе жатқан тақырыбы мен көтеріп отырған мәселесінің молдығын және ел өмірінің, халық тұрмысының, салт-сананың, адамгершіліктің алуан жайын қозғайтындығын — сапалы жетістік деп санасак, осының сипатын талай шығармадан айрықша танимыз.

Алдымен атап айтар жай: оларда адамның жан-дүние қасиетін танытатын этикалық категорияларға терең бойлау бар. Мұның өзі, біріншіден, советтік көркемөнерде этикалық қалыптар мен эстетикалық күйлердің біте қайнасып кеткендігіне айғақ болса, екіншіден, прозамыздың жана сапасын, яғни адам өмірінің келелі мәселелерін жаңаша пайымдаудағы жақсы беталысын танытады. Александр Фадеев бір сөзінде совет әдебиетінің артықша гуманистік қасиеті — оның «адамдар арасындағы соны, әділ қатынас формаларының гүлденуін көрсетуінде» екенін айтқан еді. Демек, моральдық-эстетикалық тақырыптың ерекше орын алуы заңды құбылыс. Бұл — жазушыларымыздың өз замандасымыздың терең жан сырын, асыл рухани сапаларын бейнелеуді мақсат тұтқан талабынан туындайды.

Геройды жағдайлар қалыптастырады. Ал, осы жағдайлар мен қаһармандар арасындағы қарым-қатынастың жан-жақты қаралуы — бұл да қазақ прозасының елеулі жаңалығы. Экономикалық һәм әлеуметтік факторларды бойлай талдауынан, қаһарман әрекетін туғызатын алуан хал-ахуалдың сырларын терең ашуға ұмтылуынан сол сонылық айқынырақ көзге түседі. Мысалға жазушы Мұқан Иманжановтың «Таныс қыз» әңгімесін алайық.

Кітапхананың оқу залында жүзі таныс бір қызды көріп, бірақ оны қай жерде, қашан көргенін есіне түсіре алмай, ойға шомып, дегбірі қашып отырған жас жігіт біздің көз алдымызда тұр. Бекеннің жан-күйіне ортақтасып, біз де оның қою қара шашты осы қара көз қызды қайда көргенін білгіміз келіп, құмарта асығып отырымыз. Ұлы Отан соғысының сұрапыл шайқастарының бірінде, Будапешт түбінде жау оғынан жараланып, көзін бір ашып, бір жұмып жатқан Бекенді жанбырша жауған оқ астынан алып шыққан санитарка қыз осы ма? Қыз-

дың жайын әңгіменің акырында білдік. Ол Социалистік Еңбек Ері, атакты мақташы, Алматының ауыл шаруашылық институтының бірінші курсына оқуға келіп түскен Рауза Маралдина екен. Бекен Берлиннен туған еліне қайтып келе жатқан сапарында «Правда» газетіндегі оның суретін көрген болып шықты. Әңгіме: «Өздерің айтындаршы, майданда солдат, еңбекте батыр, біздің тамама қыздарды қайтіп жақсы көрмессің!» — деген сөздермен аяқталады.

Әңгіменің идеясы, біздіңше, міне осы сөздерде жатыр. Ол — жасампаз совет адамына, еңбек адамына деген шынайы махаббат, ардақты совет адамын, оның ерлік ісі мен тамаша моральдық қасиетін жоғары бағалау.

Өмір шындығын, айналада болып жатқан құбылысты терең зерттеуден, білуден жазушының ойында болашақ туындысының идеясы тұмақ. Егер адам образы, кейіпкерлердің іс-әрекеті шығарманың идеясын айқындап көрсетпесе, оның тәрбиелеушілік ролі де шамалы, оқушыға эмоциялық әсері де кем болатыны белгілі. Образ бен идеяның бірлігі болса ғана, әңгіме кейіпкері идеяны айқын ашып отырса ғана, шығарманың құндылығы, көркемдігі жоғары. М. Иманжановтың «Таныс қыз» әңгімесінде идея көркем образы арқылы нанымды көрінеді. Кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекеттері, характері осы идеяны айқындап отырады.

Әңгіменің үш кейіпкерінің бірі — жаралы Бекенді оқастынан алып шығатын жауынгер қыз. Оның бойында батыр совет адамына тән ерлік қасиет бар. Бұл игі қасиет оның ел үшін күрескен совет азаматының өмірін сақтап қалу жолындағы іс-әрекетінен шынайы көрінеді. Совет адамын сүю, оның өмірін қорғай білу — терең ой түйіні, міне осы.

Мақташы Рауза еңбекте ерлік істерімен, институтта алдыңғы қатарлы үздік оқуымен құрметті. Оның әрекеттерінен совет жастарының бойындағы жоғары адамшылық қасиеттерді көресін де, өзің де сондай болуға қызығасын. Рауза еңбекті сүйеді, еңбек адамын өте жоғары бағалайды, ісімен танылған жанды ғана нағыз адам деп біледі. Ол — саналы, ойлы, ақыл-парасаты биік совет қызы. Құрбылары өзіне еліктейтін сүйкімді тұлға.

Бекен образы оның адамды, адамның жан-дүниесін ұға білуімен және еңбекті дұрыс бағалай алуымен танылады. Адамға құрметпен қараған сайын ол оның бойын-

дағы асыл қасиетті аңғара түседі. Майдан даласында ажалдан арашалап алған адамына Бекен өзін қарыздар санайды. Кейін оның қайда екенін білмесе де, «Елін, жерін жаудан қорғай білген адам, еңбек күйін толғай да» білетініне Бекен берік сенеді. Өзі таныс емес озат мақташының газет бетіндегі суретін қнып алып, жанына сақтауы — Бекеннің советтік еңбек адамына деген үлкен сүйінішін білдіреді. Оқу залында Раузаның кітапқа аса зейінмен үңіле түсіп отырғанына да Бекен құмартады. Раузаның білмекке ынтығуына, білімге құлшынған ықыласына қызығады. Осы жайлардың бәрі бір арнада — іскер совет адамдарына деген махаббатқа асқақ сезім толқынмен құйып жатады. Образ әңгіменің негізгі идеясын айқындап отырады. Шығарманың осы негізгі идеясынан жазушы М. Иманжановтың ұлы гуманист Горькийден үйренуі де байқалып қалып отырады.

Адам характерін жағдайлар жасайды. Сондықтан көркем шығармада геройдың характерін беталды ойша қныстыруға болмайды. Автор адам мінезіндегі кездейсоқ жайларды теріп немесе кейіпкердің сырт бітімін құлкілі етіп көрсетумен адам характерін жасай алмайды, бұл үшін өмір шындығына терең бойлап, белгілі бір әлеуметтік ортаға тән сыпаттарды жинақтап, образ арқылы көрсету керек. Кейіпкердің іс-әрекеті мен мінез-құлқы, тағы басқа түрлі ерекшеліктері өзі мүшесі болып саналатын ортаның жай-күйін білдірсе, және оның өзі белгілі бір кезенді аңғартатын болса ғана көркем, құнды саналады.

«Таныс қызда» баяндалатын оқиға және кейіпкерлердің іс-әрекеттері совет студенттерінің бүгінгі өмір шындығы тұрғысында суреттеледі. Рауза мен Бекеннің кітапханадағы сөздері, олардың өзара қарым-қатынасы бүгінгі совет жастарының арасындағы шынайы жолдастықты сездіріп отырады. Бұл арада әртүрлі ортаның ерекшелік сыпаттары үнемі бір қалыптан айнымайды, деген пікірден аулақпыз. Уақыт озып, өмірі ілгерілеген сайын адамдардың да мінез-құлқында, іс-әрекетінде өзгеру болмай қоймайды. Мәселен, белгілі уақытта жазылған шығармада сол кезіне тән картина жасалуы керек.

Кейіпкерлердің портретін оның мінез-құлқына сай суреттеу шығарманың идеясын айқындай түседі және характерді күшейтеді. Еңбек озаты Раузаның түр пішіні былай суреттеледі: «Аз күн ғана далада, таза ауада болып қайтудан пайда болған кілегей тотығу емес, таза

Қыз үндемей төмен қарады.

— Ең болмаса. Алтын Жұлдызды тағып жүрмейсің бе?— дедім.

— Еңбек Ері екенім кеудемде тағылған балға, орақты жұлдыздан танылмай, әрдайым ісіммен танылса екен дегенді арман етемін...»

Міне, осында ешқандай басы артық сөз жоқ, еңбекті сүйетін қарапайым әрі кішіпейіл, саналы ойлы Раузаның характері анық сезіліп тұрған жоқ па?

Кейіпкердің іс-әрекеті оның характерін ашады дедік. Таныс қызды оқу залында көріп, майданда өзіне жәрдем еткен жауынгер қызды көз алдына елестеткен адал жанды Бекеннің характері Рауза кітапханашыдан кітап сұрастырып жатқан кезінде қасына барып: «Сізді танытын сияқтымын»,— деп бірден сөз бастаған жерден айқын көрініп қалады.

Бекен көрсеқызар емес, бұл қызбен оңай танысып қалайын деген ой онда жоқ. Онда өзін өлімнен арашалап қалған ержүрек совет адамына деп соққан сезімді ыстық жүрек бар. Рауза үшін осы тосын кездесуден бастап әңгіменің оқиғасы, желісі үзілмей, өрби дамып отырады да, соңында ақылға қонымды және екі жас адам үшін жарасымды шешім табады.

Бұл әңгіменің сюжеті де қарапайым. Қайда бос орын бар екен деп көзін жан-жағына жүгіртіп, кітапхананың оқу залында тұрған Бекен кенет өзіне жүзі таныс бір қызды көреді. Ол мұны қайда көргенін көп уақыт есіне түсіре алмайды. Таныс қызбен сөйлескенде, ол Бекен қатысқан майданға өзінің ешбір қатысы жоғын айтады. Бұлар кейін кітапханада жиі ұшырасып, кездескен жерде бас иізіп амандасып жүреді. Келе-келе олар шүйіркелесіп, әңгімелесіп, бір-бірінің аты-жөндерін біліседі. Студенттердің қалалық жиналысына барғанда, Раузаның Социалистік Еңбек Ері екендігін білгенде ғана Бекен онымен алғаш қалай танысқанын еске алады.

Әңгімеде баяндалатын бар жай осы. Шығарманың шарықтау шегіне жетіп шешілуі оқиғаның заңды дамуынан келіп туады. Бекен жиналысқа дейін Раузаның Еңбек Ері екенін неге білмеді? Екеуі бұған дейін талай рет кездесіп, сөйлесті ғой. Бұл жағдай Бекеннің аңқаулығын көрсетпей ме? Әңгімені үстірт оқыған кейбір оқушы осындай сұрау қоюы да ықтимал.

Сюжеттің қызметі — шығарма кейіпкерінің жан-жақты терең көрінуіне мүмкіндік беру. Сюжеттің өзі идея-

дан туады. Егер автор әуелі сюжетті құрап алып, идея мен характерді сол арқылы қиыстыратын болса, сөз жок, схематизмге түседі, ойдан шығарылған жасанды бірдемені жазып шығарады. «Таныс қыздың» сюжеті қаһармандарының характері әр әрекет үстінде көрініп отыруына көмектеседі. Рауза мактанды сүймейді. Ол Еңбек Ері екенін Бекенге әзір айтқан жок, өзінің үздік еңбегінің айғағы — Алтын Жұлдызды да омырауына үнемі тағып жүрмейді. Мұның бәрі оның қарапайымдылығын көрсетеді. Екіншіден, Бекен мен Раузаның танысканына көп уақыт болған жок, олар бірін-бірі бірте-бірте ұғып, біліп келеді. Ендеше, Раузаның Социалистік Еңбек Ері екенін Бекеннің жиналыс үстінде бір-ақ білуі орынды.

Әңгіменің оқиға желісі ширақ тартылған және де іс-әрекетінің туу себебінің нанымды дәлелдері бар. Раузаға алғаш кітапханада кездескенде, Бекеннің оны қайда көргенін есіне түсіре алмай, ойы шарқұрып отыруының себебі — осы рендес қызды майданның ауыр бір халі үстінде көрген және газеттен танысқан Еңбек Ері қыздың келбеті де жігіттің көңілінде сақталған. Бекеннің Раузамен кейін шындап танысканының дәлелі де осында жатыр. Осыдан келіп әңгіменің сюжетіне сүйіспеншілік желісі тартыла бастайды. Сюжетке сүйіспеншілік желісін енгізу — кейіпкердің характерін жан-жақты алып, айқындап көрсетуге жағдай туғызады. «Таныс қызда» Бекен мен Рауза арасындағы сүйіспеншілік олардың ішкі адал, терең сезімінен аңғарылады.

Сүйіскен қыз бен жігіттің арасына үшінші біреудің қилігуінен келіп туатын «түсініспеушілікті» суреттейтін ескі схеманың шапанын киген әңгімелер бізде жиі кездеседі. М. Иманжановтың бұл әңгімесінде сүйіспеншілік бұдан мүлде басқа сыпатта көрінеді. Жазушы студенттердің өмірін үніле зерттеп, совет жастарына тән тамаша қасиетті дұрыс көрсете білген. Еңбекке деген сүйіспеншілік Бекеннің жүрегінде Раузаға арналған махаббат отын тұтатады. Бекеннің шынайы адамгершілігін Рауза да жоғары бағалайды, қыздың жүрегінде де махаббат ұшқыны бар. Олардың сүйіспеншілігі бір-біріне айтылмай, әңгіме аяқталып қалады. Бірақ Бекен мен Раузаның махаббат сөздері алдағы уақытта айтылатынына, олардың ұғынысатынына оқушы шүбә келтірмейді. Әңгімеде негізгі оқиға шешілгеннен кейін, одан арғы болатын жайды оқушы осылай өзі түсініп кететіндей болып келе-

сі оқиғаның шеті көрініп бітіп қалса, тартымды да, қызықты да болады.

«Таныс қыз» — бірінші жақтан жазылған әңгіме. Ал, кейіпкердің көзқарасы тұрғысынан, бірінші жақтан жазылған әңгіменің психологиялық ерекшелігі — шығарманы оқығанда оқушы сол кейіпкердің жан-күйін өз басынан кешіп, оның күйініш-сүйінішіне ортақтасып отыруы керек. «Таныс қызды» оқығанда біз Бекеннің көңіл күйін өз басымыздан өткізіп отырғандай боламыз. Бұл әңгіменің, сөз жоқ, шебер жазылғанын көрсетеді.

Осы әңгіме жөнінде Қ. Сәденовтың «Жас жазушылардың әңгімелері туралы» мақаласындағы («Советтік Қарағанды» 17 сентябрь 1952 жыл) пікірлерге мүлде қосылуға болмайды. Қ. Сәденов былай деп жазады:

«Мұқан өз «образын» өзіне Бекен деп ат қойып жасайды. Олай дейтініміз, әңгімеде баяндалатын қыз бен жазушы ғана. Егер ол маған Бекен осылай деп еді, деген ескерту жасаса, біз Мұқан өзін өз әңгімесінің кейіпкері еткен деп таласпас едік. Сөйтіп, мұның аты не? Мұның аты — Мұқанның өзін оқушы жұртшылыққа әдейі таныстырып қалуға асығушылығы, совет жазушысына лайықсыз мақтаншақтық...

Автордың өзін кірістіріп отырып жазуы — жазушы өзінің көргенін айтуға тиіс очеркте кездеседі не өзі қатысқан тарихи уақиға шығармасында болады».

Мұндай күлкілі «теорияны» шалағай әдебиетшілер ғана ұсынады. Қателіктерге толы мақаласымен жазушыны орынсыз кінәлаған бұл сынның авторы А. С. Пушкиннің бірінші жақтан жазған атақты «Капитан қызын» да осы мешеу «ережесімен» бағалай ма екен?!

Бірін сөз «Таныс қыздың» тілі және автордың өз үні мен оның шығармада суреттелетін жайларға көзқарасы туралы.

Көркем әңгіменің тілі айқын, тұжырымды, кейде бірнеше фразалардың мағынасын бір сөзбен беретін ұшқыр болуы керек. Әңгімеде әр сөз ойда екшеліп, орынды қолданылуы басты міндет. «Таныс қыздың» тілі жатық, көркем. Сөйлемдері шұбалмай, нақтылы ойды білдіріп отырады.

— «Сәлеметсіз бе?— деп басымды шұлғымаймын ба?»,— деп жазады автор Бекеннің оқу залында Раузаны көрген кезін. Осы сөйлем құрамындағы «шұлғымаймын ба» деген сөздің өзі бір бүтін көріністі көз алдыға әкеледі.

Әңгіме: «Мен қайда бос орын бар екен деп, көзімді жан-жағыма жүгіртіп, кітапхана залында тұрмын. Әр жерден бірен-саран бос орындар көзге шалынады. Ойым — залдың төр жағына қарай өтпей-ақ, өзім тұрған маңнан орын алсам деймін», — деп басталады да, мұның өзі бізге Бекеннің образын таныта түседі. Алайда кейде, кейіпкердің характеріне үйлеспегеніне карамай, сөзді орынсыз төкпелеп жіберетіні бар.

Әңгімеде автор кейіпкерінің ығында жасырынып қалмай, суреттелген әрекеттер мен жайларға өз көзқарасын саналы түрде сездіріп отыруы керек. Раузаны майданда көрген қарындасым ба деп қалып, өзінің кателескеніне кешірім өтінген Бекенге бір қыз қасынан өте беріп: «Жақсы қарындасыңызды танымайтыныңыз қызық екен?» — дейді. Жазушы бұл қыздың ұшқалақ ойдан туған сөзіне өзінің көзқарасын былай білдіріп кетеді: «Жайшылықта болса, мұндай тілмәр қарындасқа бірдене тауып айтқан да болар едім. Ал, мына арада үндемедім және үндеуді қажет көрмедім. Өйткені мен ойлап тұрған қарындас сыры, ол қыз ойлаған үстірт, аласа ойдан жоғары жатты».

Әр уақыттың өз проблемасы, өзіндік қатынастары болады. Сонымен қатар, бұрынғы өткенге, болып кеткен оқиғаларға қоғамдық дамудың кейінгі келер әр кезеңінде жаңаша көзқарастар туып отыратыны да бар. Осының бәрі жаңа адамның қалыптасуына, сөз жоқ, мол әсерін тигізбек. Кейінгі жылдардағы қазақ прозасында замандас тұлғасын биік дәрежеде көрсету жолындағы тың ізденістердің, соны әуендердің мәнісін, міне, сол жайларға байланыстырып ұғу мақұл.

Осы тұрғыдан қарағанда, қазіргі проза хақында сүйсініп айтар жетістікпен қатар, әлі де кемдеу түсіп, олқылау соғып жатқан жайлар да бар. Табыстың сыры да, кемшіліктің себебі де көркемдік шеберлік мәселесіне тікелей қатысты деп білеміз. (Мен бұл арада көркемдік шеберлік деген сөзді кейбір тілі жұтаң шығармаға қатысты айтып отырған жоқпын. Тіл — жазушының негізгі қаруы. Бұл қаруы келіспеген авторға айтылар сөз жөні бір басқа).

Егер шығармада жағдай мен қаһарман арасындағы қарым-қатынастар жан-жақты қаралса, сонымен қатар, кейіпкердің жан-дүние әлемін танытатын этикалық категориялардың әлеуметтік сыры айқын һәм мағыналы болса, ондай туынды оқырманды терең толғантады.

Оралхан Бөкеевтің жұртшылық жылы қабылдаған «Өліара» повесінде бүгінгі шопан өмірі суреттеледі. Орта мектепті бітірген жас азамат, еңбекке жолдама алуды қалаған отыз құрбысымен бірге, мал шаруашылығына жұмысқа барады. Шопан таяғын ұстап, қойшы атанады. Ол бұл іске жастықтың буымен құр қызығып келген жоқ. Даңққа оңай ие боламын деген ойдан да аулақ. Малды ауылда өскен жас жігітке шопан еңбегі әбден аян. Қой бағу жеңіл шаруа еместігін бек біледі. Қысы-жазы далада жүретін малшыға жылдың төрт мезгілі ылғи жайлы бола бермейді: жаздың нөсер жауыны, күздің қара суығы, қыстың үскірік бораны мен аязы, көктемнің лайсаңы мен қарбаласы бар. Малшы күнге де күйеді, жаңбырға да малшынады, суыққа да қарылады. Айдалада жалғыздан-жалғыз күн ұзаққа қой жайып жүру де жас адамға оңай іс емес. Малшының оқшау қонған үйі жым-жырт боп ол тұрады. Тым-тырыс тіршілік. Бәріне де шыдауың, көнуің керек.

Осыған төзімнің жете ме? Жас жігіт толғанады. Өзінен өзі іштей сынақ алады. Қайрат-күші, жігері мұны қиындыққа жетелейді. Малшы болған адам малмен бірге өріп, малмен бірге жусап, тек сылпылдап жүре бермек емес. Өнер іздесе, білімді аңсаса, мүмкіндік бар, бөгет жоқ. Талаптыға нұр жаумақ. Жас жігітті және осы үміт демейді. Алдында нұрлы арман қылаңдайды.

Сөйтіп, ол мал бағуға біреудің зорлығымен келген жоқ. Немесе, басқа ойлағаны орындалмай, тауы шағылып, беті қайтып, амалсыздан барған емес. Өз жүрегінің қалауын орындады.

Повесте шопан жігіттің өз міндетіне жауапты қарап, жұмысты тыңғылықты атқарғаны, кездескен қиыншылықтарға налымай, жүдемей, шыдаммен төзгені суреттеледі.

Ал, шопан жігіттің жұбайы басқа сыңай танытады. Ол да онжылдықты бітірген соң мал бағуға өзі тілек білдіріп барған отыз жастың бірі болатын. Бірақ ол қойшы өмірінің қиыншылықтарына төзе алмайды. Қысы-жазы далада болу, елден жырақ отыру, күйбені көп бір сарынды тіршілік оны зеріктіріп жібереді, уайымға батырады. Налығыш, кейігіш боп алады. «Қойшыға қайдан тұрмысқа шығып едім»,— деп өзін жазғырады. Күннен күнге жасып, үгіле береді. Күйректіктің ақыры оны опасыздыққа әкеледі.

Сонымен, тағдыры бір, бастан кешкен жағдайлары бір екі адамның басынан екі түрлі сипат көреміз. Жазушы жағдай мен қаһармандардың өзара қарым-қатынасын сипаттау арқылы өмірдің келелі бір проблемасын алға тартады. Бүгінгі малшылар тұрмысының маңызды мәселесін қозғап отыр. Мал шаруашылығын өркендету үшін, ең алдымен, сол саладағы еңбек адамдарының тұрмыс-күйіне, хал-жайына қамқорлықпен көңіл бөліп, ойдағыдай жағдай жасау керек. Бүгінгі шақта сол талап барлық жерде бірдей орындалып отыр ма? Қынжыларлық күй жоқ па? Бар, сол жүдеу күй, жадау жағдай анау жас шопанның өміріне көленке түсірді, болашағын бұлдыратты. Жас жігіт әрі жағдай азабын тартып, әрі жұбайынан опа көрмей, ақырында өмірден түңіліп кетеді.

Ал, төрелік айтыңыз: жас адамның бұл аянышты тағдырына кім кінәлі? Әрине, бүкіл кінә оның өміріне қамқорлықпен қарамаған шабан-шардақ жауапсыз адамдарда. Шопан жігіттің өмірін күнгірт тарттырған қара көленке солардан түсті. Ендеше, көздеп атар нысанаң солар болмақ. Шығарманың негізгі ойы осыған саяды.

Қажығали Мұхамбетқалиевтің «Күн батып барады», Әнес Сараевтың «Бозқырау» повестерінде адамның қоғамдағы роліне қатысты проблема қозғалады. Екі шығармада да бұл мәселе адам тіршілігінің жеке бастық және қоғамдық ахуалдарының қарым-қатынасына байланысты қаралады.

Адамның қоғамдағы ролі қандай болмақ керек? Оның өлшемі не? «Күн батып барады» повесін оқып шыққанда, оқырманның көңіліне алдымен осы сауал оралады. Шығарманың бас қаһарманы Тәнеке Жарасбаевич өмірден сыбағаны мол алған, абырой-атағы мен мәртебесі біраз жерге биіктеп барған, есімі жұртқа мәшһүр, белгілі адам. Тіршіліктің диалектикалық заңын тежеу ешкімнің де қолынан келмейді. Міне, енді сол әйгілі кісі, дерт меңдеп, әл үстінде жатыр. Өткен күндер бұлдырап, көзінен бір-бір ұшып өте береді. Әманда жолы болып отырған екен, алдына ешкім шықпапты, аяғынан ешкім шалмапты. Өскенінше тілеуін өзі де тілепті, жұрт та тілепті. Өсіп алған соң, өзімен өзі болып, бақ-дәулет дариясында қалқи беріпті.

Ол көзін жұмып, ойланып көрді. Осы келген жасында, кешкен өмір жолында кімге рақым жасағанын, кімді мүсіркегенін есіне түсіре алмады. Бірге оқыған, бірге қызмет істеген, қасында жүрген адамдар бар еді. Қайсы-

сына кандай камкорлық көрсеткені жадында жоқ. Туған ауылы, ағайын-бауыры бар еді, олардың қайсысы қай жерде жүргені бимәлім. Екі рет үйленген болатын. Алғашқы әйелімен дәм-тұзы жараспай, ертеректе айырылысып кеткен. Бір жасар нәресетесімен қалып еді. Олардың тағдырынан да бейхабар. Екінші алған әйелі ылғи қабағы катып, жабыркау жүретін. Көкірегі қарс айрылып, күрсіне беретұғын. Ол байғұстың ішінде ауыр бір шер-шемені бар сияктанатын. Бірақ Тәнеке Жарасбаевич мұның бірін де сезбеді. Ол бұл адамдардың тағдырын ешбір ойлап көрмеген.

Шырағы сөнді. Өз басы еш таршылық көрмей дүниеден өтті. Бірақ артында күйігі қалды. Жаны ашыр адамдарының, дос, жұрағатының көңілдеріне дақ түсіріп, дерт қалдырып кетті. Осы ма еді бұлардың одан күткені?! Адам әуелі жақсы атануға тырыспас па? Сол жақсыдан жұртқа шапағат тарар болмас па! Тіршіліктің мағынасы осы емес пе? «Күн батып барады» повесінде адамның қоғамдағы ролі осындай тұрғыдан қаралады. Жазушы өмір құбылыстарына терең психологиялық талдау жасайды.

Әнес Сараевтың «Бозқырау» повесінде өзінің өмірдегі орнына жауапсыз қараған жас жігіттің көп шырғалаңға ұшырағаны сипатталады. Білімнің шалалығынан жоғары оқу орнына түсе алмаған Баймырза, ауылға қайтып баруды ұят көріп, орайы келген бір жұмысқа кіріп кетеді.

Ал, уақыт жылжи берді. Бес жыл өтіп кетеді. Баймырзаның тең құрбылары бұл кезде, әр қайсысы әр салада жақсы ісімен көзге түсіп, атақ-абыройға бөленеді. Әрісәрі боп, қатарынан қалып қалған — тек Баймырза. Ол ағаттығын енді ғана түсініп, аһ ұрып өкінеді. Ұққаны: адам өмірдегі өз роліне жауапты қарауы керек екен. Шығармада суреттелген Баймырзаның басынан өтетін халдер осыны дәлелдейді. Повестің кемшілігі: қаһарман бастан кешетін жай-күйлердің психологиялық талдауы жетісіңкіремейді, шығарманың тілінде де мүкістіктер бар.

Өмірдің қыры да, сыры да көп. Қаһарманның ішкі күйінін алуан ағысын сол жайлардан туындатып, жан-жақты терең суреттеу арқылы жазушы белгілі бір адамгершілік норманы уағыздамақ. Біздің прозаиктеріміз адамның асыл рухани сапаларын бейнелеуді өздеріне ең басты парыз тұтатындығына ешкім шек келтірмесе ке-

рек. Алайда соңғы жылдарда жарық көрген кейбір шығармаларда қаһарманның рухани биіктігін танытпайтын күйкі жайларды тәптіштеп жазуға елігу бар.

Дулат Исабековтың «Пері мен періште» повесінде мынадай хал баяндалады: шығарманың бас кейіпкері Құлахмет — Отан соғысының мүгедегі, жарымжан адам. Әйелі, баласы бар. Үй-ішінің уақ-түйек шаруасына болысканы болмаса, басқа еңбекке денсаулығы жарамайды. Әйелі Сафура бұрын мұны сыйлайтын еді, кейінірек мінезіне өзгеріс еніп, қабақ шытуы көбейіп, қылтын-сылтынды да шығарады. Әйелінің бұл құбылысын Құлахмет сезбейді емес, ішінен қатты күйзеліп жүреді. Бірақ тіс жарып ештеме демейді. Бір күні Сафура баласын алып, ерінен безіп, Смағұл деген жігіттің етегінен ұстап кетіп отырады, у жұтып Құлахмет қалады.

Ал, Смағұл опалы кісі болмайды. Жеті-сегіз айдан кейін Сафура одан айнып шығады. Әйел бұрынғы күйеуін есіне алады. Смағұлмен салыстырғанда, Құлахмет періште екен-ау. Сафура қателігін түсінеді. Бұрынғы отының басына қайтып барғысы келеді. Бірақ күнәлі болды, Құлахмет кешіре ме? Әрі аяғы ауыр, бұл жағдайына ол қалай қарайды? Ақыры әйел бетін арын белбеуге түйіп, баруға бекінеді. Оның келе жатқан хабарын естіп, Құлахмет балаша қуанады, қайта-қайта сыртқа шығып, дегбірсізденіп жолына қарайды.

Повесте сипатталған оқиғаның ұзын ырғасы осы. Автордың ниеті — Құлахметтің адамшылығын, жанының сұлулығын көрсету. Бірақ Құлахметтің басынан өткен күйлерден сол сапалар танылмай тұр. Оның әрекет-қылқытарынан, мінез-құлқынан тек мүсәпір кісінің кейпін көреміз. Ол — өзінің азаматтық намысын қорғай алмаған байғұс.

Бұл арада бір жайды айқынырақ айта кетуіміз мақұл. Өмірде Құлахмет секілді тағдырдан жәбір шеккендер, бағы күйгендер жоқ емес. Олай болса, бұл алуандас қайғылы хал жазылуға керек, бұған ешкімнің қарсылығы жоқ. Бірақ ол күй еңсені езетіндей, жанды жұқарта-тындай болмасын, адамның қайраты танылсын. Жазушы қайғылы халді, тіпті ауыр трагедиялық тағдырды суреттей отырып, ұнамды кейіпкерлердің қажырлы адамға тән ерлігі мен ізгілігін көрсетсін.

Тынымбай Нұрмағамбетовтың «Үшінші кластың жетекшісі», «Көгілдір аспан» повестерінде шығарманың ұнамды қаһармандары жаны таза, адал адамдар кейпін-

де суреттеледі. Олар өмірден жақсылық күтеді. Бірақ сол жақсылыққа жету үшін күресу керек қой. Ал, олар қиыншылыққа арқаларын құр тоса береді, жағдайды өзгертуге әрекеттенбейді. Алғашқы повестің бас кейіпкері — жас жігіт Жүрекбай ауылдық мектепке мұғалім боп келген бойда-ақ, тоңмойын директор мен оны қолпаштаған жағымпаздар тарапынан үлкен әділетсіздік көреді. Үнсіз қынжылып жүреді де, бір күні басқа қызметке ауысудың орайы келіп, соған жылыстап кете береді. Екінші повестің бас кейіпкері — университет бітірген жас журналист Зәру облыстық газет редакциясына жұмысқа жолама алып келеді де, қызметке кірген бірінші күннен бастап-ақ, «қыңыр» редактордың қырына ілігеді. Жас жігіт тұрмыс қиыншылығынан да көп зәбір шегеді. Сөйтіп, жолы оңғарылмай жүріп, командировкаға шыққан бір сапарында суыққа ұрынып, ауырып қайтыс болады.

Бұл қаһармандардың ниеті түзу, көңілі ақ. Олар жақсы іске ұмтылады. Бірақ өздері киіліккен ұнамсыз жағдайларды өзгерту үшін батыл әрекет жасай алмайды. Осы повестің және жоғарыда кемшіліктері көрсетілген шығармалардың негізгі ақауы — этикалық категориялардың әлеуметтік-тарихи айқындығы жетіспей тұр.

Егер этикалық категория абстракциялы алынбаса, әлеуметтік тарихи мәннен жырақ тұрмаса, шығармада баяндалған жан-күйлерден қоғамымыздың тенденциясы, уақытымыздың тынысы жақсы сезілмек. Міне, сонда адамның сырттай қарағанда көзге жеңіл-желпі секілді көрінетін әрекеттерінен де адамгершілік деңгейі танылады. Не асыл қасиеті ұғылады, не жағымсыз мінезі көрінеді.

Софы Сматаевтың «Бәсер, Айкүміс және басқалар» аталатын повесінде қаһармандардың әрекеттері, сырттай қарағанда, жеңіл сияқты көрінуі мүмкін. Бірақ осы әрекет-қылықтардан әр кейіпкердің өз мінезі, көңіл күйі, жан сыры, ой өрісі — бәрі де терең сезіліп тұр. Мінезі тұйық болғанмен, бойында нұрлы қуаты мол Бәсер, жарқылдаған ақ көңіл жігіт Қарағұл, нәзік сырлы Айкүміс пен момын мінезді, көңтерлі Әйкеш өздерінің жандүние қасиеттерінің сұлулығымен оқырман жүрегін қуанышқа бөлейді. Повестің сылдырап аққан тау бұлағындай ойнақы, мөлдір тілі де сүйсінтеді.

Адам белгілі бір қоғамның, бір қауымның өкілі болғандықтан, оның бүкіл болмысынан сол ортаның сыр-күйі танылмақ керек. Қаһарманның әрекетінен қоғамның

әлеуметтік әуендері ұғылмақ. Шығармада этикалық категориялардың әлеуметтік-тарихи айқындығы сондықтан талап етіледі.

Қазіргі өмір шындығында күрделі жайлар көп. Еліміздің қоғамдық, экономикалық һәм мәдени дамуының бүгінгі жағдайларында айрықша сипаттар бар. Туып жатқан жаңалықтар да қисапсыз, дамудың осы қарқынына байланысты қиындықтар да көп. Міне, мұның барлығы да бүгінгі замандасымыздың қимыл өрісін ұлғайтып, ішкі әлемін тереңдете түседі, оның әрекеттерінің психологиялық мотивировкасын күрделендіре түседі.

Жаңа қоғамдық қатынастар жағдайында қалыптасқан, коммунизм құрылысы үшін күресіп жатқан қайраткер адамның сұлу қасиеттерін бойына жиған асыл замандас образын жасау — бүгінгі ұлы талап. Бұл үшін біздің қалам қайраткерлері өмір шындығын жіті біліп, қоғамдық дамудың қазіргі шағының басты тенденцияларын, заңдылықтары мен қайшылықтарын көркемдік тұрғыда терең пайымдау керек. Бүгінгі дәуір адамының — коммунизм құрылысшысының типтік белгілерін терең таныта бейнелеу — үлкен суреткерлік шеберлікті талап етеді. Мұның өзі, сайып келгенде, қазіргі уақыттың келелі мәселесінің бірі. Жап-дүниенің сұлу сипатынан адам өмірінің нұрлы мұраттары көрінбек. Қайырымдылық, адалдық, сертке беріктік, туған ел мен жерге деген ыстық махаббат, басқаның қуанышына да, қайғысына да ортақтаса білу, өз жүрегінің шұғыласымен өзгені нұрландыру секілді сезімдер адам жанының сұлулығын танытатын ізгі қасиеттер болмақ. Мұхтар Мағауиннің «Көк кептер» деп аталған жаңа кітабын оқығанда, осындағы әңгімелер мен повестерде шертілетін сырлар сізге адам жанының мөлдір күйлерін ағыта бастайды.

Сырттай қарағанда, бәрі де жұпыны секілді. Өзіміз күнде көріп жүрген, көзіміз қанып, бойымыз үйреніп кеткен жайлар. Өзімізге таныс өмір кәдуілгі. М. Мағауин сол өмірдің сырлы пернесін баса біледі.

Қарт күйші Тоқсаба («Көкбалақ» повесі) — табиғатында момын адам. Қақ-соқта жұмысы жоқ. Ғұмырында ешкімге қырсығы тимеген, қиянат жасамаған адам. Біреуді сыртынан қарақтаған, күстәналаған, не табалаған кісі емес. Өзінен дәулеті немесе өнері асып, озғанды еш уақытта күндеген емес. Бұл — оның бала жасынан бергі мінезі. Жаксы адамдардан көрген, үйренген өнегесі. Әйтпесе, балалық ерке кезінде, желіккен жігіт шағында оның

шалқақтауына да, асқақтауына да жол ашық еді. Ол малды, ауқатты адамның баласы болатұғын. Бірақ Токсаба жақсы адамдардың жөн-жосығын көріп, нағыз байлық мал-дүнненің көптігі емес, жан-дүнненің кіршіксіз тазалығы екендігін ертерек ұғынады да, осыны өз өмірінің бұлжымас заңы тұтады.

Ұзақ жасында Токсабаның тағдырдан тартқан тақсыреті аз емес. Қайғының ең ауыры оған өмірінің үлкен қуанышымен қабаттаса келген. Бұл жас келіншегі ауылына әкеле жатқанда, келін түсіреміз деп той қамына кіріскен мұның ата-анасын, ағайын-жұртын бүлікшіл актың әскерлері қырып кетеді. Мекен-жайларын түгел өртеп, мал-мүліктерін талап әкетеді. Токсаба қайыршылыққа ұшырайды. Бірақ азып кетпейді. Өмір сүру үшін күреседі. Жер бөліс, коллективизация жылдарында көп кедейдің қатарында, көппен бірге аянбай еңбек етеді. Ұлы Отан соғысы кезінде, жұртпен бірге бұл да, талай ауыртпалықты бастан кешеді. Сол қиындыққа қоса, басынан кешкен тағы да бір зор азабы — сүйген жары Зәуреш дүние салып, онан кейін қосылған екінші адамы сәтсіз болып, соның күйігін тартады. Жалғыз баласы Айдабол көңілінен шықпай, ол да көп налытады.

Алайда Токсаба ешкімге мұң шақпайды. Өмірдің кермек уын жұтып жүрсе де, рухы жүдемейді. Кейде, онашада, өзінің ежелгі серігі домбырамен сырласып, қос іштің қоныр үніне жүрегі езіліп отыратыны бар. Бақсаңыз, бұл — шалдыққан, еңсесі түскен адамның күңірелуі емес, өткен өмір жолына көз жіберіп, көңілмен қорытып, көпті көрген көненің толғануы. Қарт күйші өзіне-өзі ішінен риза болғандай. Көрген бейнеттері сағын сындыра алмады мұның. Өмірі зая өтпеген екен. Халқының тамаша күй қазынасын жүрегіне жия беріпті және сол өнерімен қалың жұртты қуанта біліпті. Бұдан артық қандай мұрат болмақ! Токсабаның жан-дүниесінің шұғыласы жабырқаған көңілдерге нұр түсіріп, жадыратады. Ол сондықтан да жұрттың бәріне қадірлі, сүйікті.

Қарт күйшінің жүрегінде адамға деген үлкен махаббат бар. Адамның қасиетін жаңылмай таниды. Бойында қайрат, жүрегінде жылу мол өнерлі азаматты Токсаба өмір бойы пір тұтады. Сонау бала кезінде, ақ сакалы омырауын жапқан қарт Қызайдың құйқылжытып тартқан күйлерін тыңдағанда, қандай тебіренген еді. Жұртты өнерімен мәре-сәре ғып, бірнеше күн бойы қызыққа келеткен Қызай күйші сонда өзіне берген сыйлықтан бас

тартты. Өнер сатылмайды деген еді. Аттанарында жұртпен күліп қоштасып, арық атына мініп, ақырын жортактап кетіп бара жатқан жүдеу киімді заңип шалға сыртынан ұзақ қарап тұрып, Токсаба көзіне жас алған. Шалды мүсәпір деп аяғаны ма? Жоқ, нағыз өнер адамының тағдырына жаны ашыған. Асыл күйшінің қолындағы домбыра үні мәңгі үзілмеуін тілеген-ді.

Сан қырлы өнер несі Айтан салды Токсаба қандай қадірлеуші еді. Жылдар өтті. Уақыт тоздырып, әбден қартайып, Айтан дүние салды. Токсаба оның моласына оңаша барып, қабырын құшақтап, ұзақ егіледі. Замандасын өлімге қимағаны шығар. Бірақ кәрілік жеткен, тозған нәрсенің тіршілігі сөнетінін біледі. Ол кешегі Айтан салдың өзімен бірге ала кеткен көп қырлы өнерін жоқтайды.

Бекжандай шебер домбырашының қайғылы тағдыры Токсабаның жанына қандай батады. Ең алғаш бұл өнерпазды ол өзінің балғын жігіт шағында, қалыңдық ойнай барғанда көрген. Сонда екеуі домбыра тартысып, өнер жарыстырып, бірін-бірі осылай сынаған. Токсаба өзінен Бекжанның өнерін артық көріп сүйсінген еді, ал, Бекжан бұған табынып, сен оздың деген. Арада талай жылдар өткен соң, Токсаба Бекжанмен тағы да бір рет кездескен. Қиын-қыстау жағдайда оқыстан ұшырасқан. Бакташы Токсаба жоғалған өгіздерін іздеп келе жатып, таудың қиын бір шатында қарақшыларға тап болып, басына ажал төнгенде, оны Бекжан арашалап қалады.

Сонда Токсаба Бекжанға күтпеген жерден кезіккеніне емес, оның мына бас кесерлер тобына қосылып кеткеніне қайран болған. Ел-жұртына жақсылық тілейтін Бекжан тап жауларының жағына неге шықты? Кімнің кегін қуғаны? Бұрын жабыққан көңілдерді домбырасының сырлы үнімен жұбатқан өнерпаздың бүгін қанішерлер арасында жүргені қалай? Азғаны ма? Мүмкін емес. Токсаба Бекжанның жаны тазалығына күмән келтіре алмайды. Бекжанды, мүмкін, тағдыр адастырған шығар, бірақ ол ешуақытта зұлымдыққа, адамға қиянат жасауға бармайды. Ол дұшпан емес. Ол жол таба алмай жүр. Оған қол ұшын беру керек.

Ал, тағдыр заңы қатал. Қызыл отряд қарақшыларды қамап ұстағанда, атыс кезінде, Бекжан оққа ұшты. Оның өлімі Токсабаға өте ауыр тиеді. Бекжанды ажалдан арашалап қала алмағанына өзі кінәлі сияқтанады. Қызыл отрядтың командирі, өз ағайыны Шоқайды да Бекжан-

ның қазасы үшін қатты жазғырып, көрместей еді. Алайда уақыттың катал шындығын мойындамауға бола ма? Сол себептен де Токсабаның жаны күйзеле түседі. Қарт күйшінің ішкі дүниесінің осы толқындары оның мөлдір жан сырларын ашады.

Жазушының «Өмір жыры» повесінде үш жолаушы кезектесіп сыр шертеді. Біріне-бірі сабақтаса тартылған үш жүйе әңгіменің желісі біреу. Үшеуінен ұғылатын күй де біреу: адамның жан-дүние тазалығы.

Әуелі суретшінің сырын тыңдадық. Өмірден өз орнын бірден тура тауып кете алмай, бастапқы бетте жаңылып жүретіні бар. Бірақ арманы күнгірт тартқан емес. Өзінің құмартқан, ынтыққан ісіне үнемі қол созумен болады. Ақыры сол ансағанына жетеді де. Өнерге інкәр жігітті бір нұрлы сезім алға қарай жетелей берген. Бұл махаббат күші еді. Жас жігіт сүйкімді қыз Әлияны бір көргеннен-ақ ұнатып қалады. Қыздың сәулелі қара көзінен оның мөлдір ішкі күйін таниды да, сол шұғылаға ғашық болады. Екі жүрек жарастық таба бастайды. Бірақ өмірдің бұралаң соқпақтары екеуін екі жаққа бұрып әкетеді де, жігіт ғашығынан көз жазып қалады. Тағдыр оны сүйгеніне қоспайды. Ал, жүрекке түскен махаббат оты өшпейді, жан-дүниесін жылытып, сағындырып, ыстық нұрын төгіп тұрады. «Дүниеде сенен артық маған жар жоқ, саған жар менен артық табылса да», — деген ұлы ақынның шыншыл сөзі еске түседі. Жүректен еш уақытта өшпеген сағыныш күйі — жан-дүниенің тазалығын, ойдың, сезімнің адалдығын білдірмек. Және ол адамды демер, қуаттандыра қасиет болмақ.

Повестің келесі кейіпкері — музыкант жігіттің шерткен сырынан оның да жаны тазалығын ұғасын. Бірақ бұл жігіттің басында қасірет бар. Әйелі оның жан-күйін түсінбейді. Бір кезде елти ғашық боп қосылған жары. Түріне қызыққан екен. Жылтырағанның бәрі алтын болмайтынын жігіт кейін ұғады. Кінәлі өзі. Қатесін енді түзеуі қиын: бала-шағасы бар, солардың көңіліне қаяу түспеуін тілейді. Сондықтан тағдырдың кермек уын жұта беруге көнген кісі. Бұл оның әлсіздігі ме? Олай деп жазғыра алмайсың.

Үшінші жолаушының әңгімесінде де адам жанының мөлдір күйі шертіледі. Бұл қаһарман да Әсния есімді әйелді бір көргеннен ұнатады. Ақ жарқын әйелдің сөзінен, мінезінен, қылығынан оның жүрегінің қызуын танып, сол алаулаған жалынға ғашық болады. Жігіттің осы кіршік-

сіз ыстық сөзімі, кейін әйелінің жолдан тайғанын көріп, адал жанын ызғар қарыған шақтарда да, ешбір суымайды. Бұл сүйген Әсияның өмірінде ақау бар. Бұрынғы ері оны теріс жолға жетелеген, ол қылмыс жасап, сотталып кеткен. Сонан кейін өмірдің бұралаң жолы жас әйелді біраз адастырған. Солардың зардабынан жұққан дерттен бір күнде арыла қою оңай емес. Жас әйел кейде босаңдыққа салынып, жарамсыз ескі әдетіне елігіп кететіні бар. Бұл оның трагедиясы. Жігіт оның осы күйін жанымен түсініп, өз жүрегінің жылуымен Әсияның жаралы өмірін емдейді.

М. Мағауин қаһарманның ішкі дүниесінің сұлулығын ашуда кейіпкерді өмірдің бірыңғай күнгей бетіне шығара бермейді. Қаһарман бірде қуанса, бірде ренжиді. Кейде жаны жәбірленіп, қатты күйініп кеткенде, өзіп өзі ұстай алмай, шарасынан асып төгілетіні де бар. Ал, кейде, тіпті, жұқарып, өте жүдеп отыратын кездері де болады. Мұның бәрі де адамның табиғатына тән құбылыстар. М. Мағауин осы күйлердің сырын ашып, сол арқылы ұнамды қаһарманның ішкі әлемінің әдемілігін таныта біледі.

Қытымырлау шешенің ырқымен кете бермей, адамға ылғи жақсылық жасауды тілеп тұратын қайырымды Марат («Шешей» әңгімесі), жетім көжекте, жаралы балықты аяп, жүрегі елжірейтін, мініп жүрген ақсақ атының үркіп, жардан құлап, мойыны қайырылып, артқы аяғын әлсіз соғып өлгелі жатқанын көргенде, еніреп жылап жіберетін Едіге («Жыланды жаз» повесі) бізге жан-дүниелерінің айнадай тазалығымен ұнайды.

М. Мағауиннің жаңа кітабындағы шығармаларының және бір жақсы сапасын атап айтуды мақұл көреміз. Жазушы шығармада адамгершілік мәселесін әлеуметтік өмірдің және бүгінгі уақыттағы адамдар тұрмысының проблемаларына шебер қабыстыра біледі.

Мәселен, «Көк кептер» әңгімесінде биік мұнаралы мұзей үйінің күнгей жағындағы кішкене алаңға күнде келіп, қолындағы нанынан там-тұмдап үзіп алып, жыпырлаған көгершіндерді үн-түнсіз жемдеп отыратын ақсақалдың не ойлағаны бар? Құстардың жемге ұмтылып, шүпірлегенін қызық көре ме? Әлде уақыт өткізу үшін тапқан бір ермегі ме? Бірақ өні неге ылғи томсарыңқы тартып отырады? Баксак, бұл ақсақал жалғыз баласының бір кездегі сәби шағын, күнде қызметтен қайтқанында еркелеп алдынан шығатын тәтті мінезін сағынады

сын. Ұлы ер жетті, институт бітірді, үйленді. Қазір өз семьясымен бөлек тұрады. Қызметі де, тұрмысы да жақсы. Бірақ бір кезде бала боп, ата-анаға еркелегенін, ата-ана оның сол мінезін сағынатынын ұмытып кетіпті. Шығармада әке мен бала проблемасы алға тартылады.

Халық өнерпаздарының небір тамаша күйлерін көкірегінде сақтаған қарт домбырашы Токсаба сол асыл қазынаны кейінгі ұрпаққа қалдыру үшін қам жеп, өзі білетін саздарды пластинкаға жаздыртпақ болады. Бірақ жоғарғы ғылыми мекеменің өнер саласын басқарып отырған Жолдыбаев көне күйлерді бағаламайды, оларды тозған, бүгінгі күннің қажетіне жарамайды деп санайды. Токсabanың тартқан күйлерін тым салғырт тыңдайды. Қарт домбырашы, әрине, мұндай жайға төзе алмайды, домбырасын орап алып, аулына тартып отырады. Жазушы бұл арада халықтық мұраны қастерлеу және оны бүгінгі өмірде жарасымды пайдалана білу туралы келелі мәселені қозғаған. Әңгіме тек күй жөнінде ме? Айталық, медицинада халықтық емді пайдалану проблемасы да осы мәселеге сабақталып жатыр.

Токсabanың күйзелісіне байланысты және бір жағдайға оқырман назар аударды. Бүгінгі кейбір жастар халықтың терең сырлы, толқынды, шымырлаған асыл саздарына құлақ қоймай, шетелдің қайдағы бір даңғырлаған, қиқылдап-шиқылдаған әуендеріне әуестенеді. Соның әуеніне келтіріп, қикалақтап, қол-аяқтары ербелеңдеп, талма ауруы ұстаған адамша беттері қисайып, селкілдеп билейтіні бар. Токсabanың өз баласы Айдабол да — сондайлардың бірі. Даңғырақ музыканы дарылдастып қойып, қикалақтап билеп жүрген баласын көргенде Токсаба шошып кетеді. Сіз оны жананы түсіне алмады деп, жазғыра алмайсыз.

Ал, осындағы «жаңа» дегеніміздің өзі не? Даңғырлаған музыка мен селкілдеген би ме? Кейбір жақтаушылар мұны «мода» дегісі келетін шығар. Ал, әсіреқызыл модаға әуесқойлар, Белинскийдің сөзімен айтсақ, «жоғарғы этажында әлде не жетіспей тұрған» адамдар болады. М. Мағауин қарт күйшінің жан күйзелісінің себебін ашып, туған елдің дәстүрін жоғары ұстау Отанға деген ыстық махаббатты білдіретін асыл қасиет екендігін, бұл қасиеттен ада болу ездікке жататынын дәлелдейді.

Оқырман қауым әр жаңа шығарманы бағалағанда, үш шартты басшылыққа алатынын білеміз. Жазушы не айтқысы келді екен? Шығарманың мазмұны мәнді ме?

Көркемдік сапасы қандай? Осы үш сауал тұрғысынан қарағанда, М. Мағауиннің жаңа кітабы оқырмандар көңілінен шығатынына сенеміз. Сонымен қатар, айта кетер бір ескертпеміз бар: жазушының авторлық баяндауындағы бейнелеу тілі мен қаһармандардың сөйлеу тілі көп реттерде бірсарындылау көрінеді, кейіпкерлердің сөз саптау ерекшеліктері (әсіресе, бірінші жақтан жазылған шығармаларда) ескеріле бермейді. Кейіпкердің сөз саптасынан оның ақыл-ойының, сезімінің, мінез-құлқының, бір сөзбен айтқанда, ішкі әлемінің қалпын танытатын белгілері көрініп отырмақ. Демек, бұл образ қырларын ашу үшін қажет компонент екенін ұмытпау керек.

II

Жас жазушылар кітаптарының бір алуаны махаббат. семья тақырыбына арналған. Махаббат күйін шертудегі сазы, қаһарман жүрегінің сырын ашудағы мәнері және қозғаған проблемасы, көтерген, шешкен мәселесі тұрғысынан қарағанда, бұларда елеулі жаңалықтар бар. Бұл жаңалықтар, әрине, біздің бүгінгі өміріміздің шындығынан, яғни советтік социалистік болмыстың мазмұнынан туып отырғаны ақиқат.

Әйел теңдігі, махаббат бостандығы мәселесі қазақ елі өмірінің ежелден үлкен әлеуметтік проблемасы боп келген. Октябрь жеңісінен кейінгі революциялық өзгеріс кезеңдерінде, елді советтендіру, байларды тап жауы ретінде аластау, қазақ сахарасында коллективтендіру шараларын жүзеге асыру үшін күрес жылдарында бұл проблема алға ерекше қойылған. Өйткені ескі дүние төңкеріліп тасталғанымен, тамыры тереңде жатқан ескілік бірден құрып кетпеген. Әйелді ерден кем тұту, махаббатқа зорлық жасау секілді әділетсіздіктер болып жатқан. Бұған қарсы күреске әдебиет белсене араласты. Махаббат бостандығы мәселесін биікке көтерді. Жазушыларымыз шығармаға сюжетті қазақ елінің жаңа өмірінен де алды, сонымен қатар, жоғарыда айтылғандай, халқымыздың өткен күнінен де қарпыды. Ал, негізгі нысана біреу еді — шынайы махаббат күйін толғау арқылы адамның сұлу жан қасиеттерін, адамгершілік асыл сезімдерді дәріптеу, социалистік жаңа мораль ережелерін уағыздау мақсат тұтылған.

Революциялық дәуір өмірдің айдынына арман-мұраты биік жаңа адамдарды шығарды. Ал, биік арман-мұ-

рат адам өмірінің мән-мағынасын және адамның қоғамдағы орнын терең түсінумен сабақтасады. Жаңа әдебиетте махаббат тақырыбы, міне, осы мәселемен тығыз байланысты алынады. Жалындаған махаббат несі — ғашықтық қызуына елтіген, тек үздіккен, өзеуреген жан емес, алдына үлкен мақсат қойған, өзіне ғана емес, бүкіл жұртқа жаксы өмір, нұрлы бақыт аңсаған, сол үшін саналы күреске шыққан қаһарман.

«Ботакөз» романындағы Асқар мен Ботакөз бірін-бірі жалындап сүйеді. Сөзім шынайылығы, ой-арман ұқсастығы, мақсат бірлігі екеуінің жүрегінде адал махаббат отын тұтатқан. Сол асыл сезім екеуінің де революция ісі үшін күресінде жарқырап шыңдалады. Асқар да, Ботакөз де бастарына талай қатер төнгенде, дауылды жылдың небір күйінына киіліккенде, кейде бірінен-бірі хабар-ошар біле алмай алабұртқанда, олардың жан-дүниесінде қобалжу болатыны рас, бірақ көңілдерінде күдік ұяламаған, бойларын үрей билемеген. Олардың жүректегі сезімі сұлу, өйткені арман-мақсаттары нұрлы.

Рахмет пен Лиза («Менің құрдастарым»), Жақсылық пен Қалует («Арман ағысы»), Сәуле мен Нұрлан («Достық пен махаббат»), Алма мен Жомарт («Миллионер») бейнелеріне назар салалық. Бұлардың жүрегіндегі махаббат сезімі де олардың арман-мақсаттарының айқындығымен һәм биіктігімен сұлуланып көрінеді. Үлкен арманы, биік мұраты бар жүрекке айнымас, асыл махаббат ұялайтынын ұғамыз. Рахмет пен Лиза социалистік жаңа құрылыстың қайнаған ортасында жүр. Жақсылық пен Қалует — бұрын кұлазып жатқан қазақ даласынан кеп көздерін іздейді. Сәуле мен Нұрлан өмірді еңбекпен көркейтуді аңсайды. Алма мен Жомарт ауыл адамдарының әл-ауқат тұрмысын жаксарту үшін күреседі. Бәрінде де игі арман, ірі мақсат бар. Осы сапа қаһарманның махаббат сезімін тереңдетеді, оның адамгершілік қасиетін жоғарылатады.

Сонымен жан-дүниенің сұлу күйі — мөлдір махаббатты қоғамдық мүддемен терең байланыста көрсетуді жаңа әдебиетіміздің мұраты деп қараймыз. Бұл сипат қазақ совет әдебиетінің кейінгі өркендеу жылдарында сапалана түсті. Қаһарман жүрегіндегі махаббат сезімі арқылы шынайы адамгершіліктің, социалистік гуманизмнің келелі проблемаларын қозғау — бүгінгі әдебиетімізге тән белгі.

«Махаббат дегеніміз — ұқсас екі жүректің қоғамдық өмір аясында, шынайылық, жақсылық, әсемдік аясында өзара түсінісуі, гармоникалық ұғынысуы»,— дейді Белинский. (В. Г. Белинский. Собр. соч. в трех томах. I том, 508 стр.) Ұлы сыншының бұл жерде шынайылық, жақсылық, әсемдік деп отырғаны адамның арман-мұратының сұлулығына катысты сөз.

М. Әуезовтің бүгінгі замандастар өмірінен сыр шертетін «Өскен өркен» романындағы Айсұлу мен Ілияс бейнелерін еске алатық. Айсұлу — ауылдың өнегелі, мәдениетті қызы. Жұрттың мақтауына татитын жақсы еңбегі, үлгілі мінезі бар. Бірақ Айсұлуға өз ісі олқы көрінеді, қолы жеткен табысты қанағат етіп отырмайды. Бұдан да зор жеңістерді тілейді. Ал, оларды жүзеге асыру үшін қажырлы күрес керек. Білсктің ғана күші емес, білімнің қуаты керек. Айсұлу өзінің білімін олқысынады. Ол орта мектепті ғана бітірген. Оның алдына қойған бірінші мақсаты — институтта оқып, жоғары дәрежелі білім алу, бұдан кейінгі мақсаты—сол білімді жүзеге асыру, сүйген мамандығы бойынша өзінің туған ауылында қызмет атқару.

Ілияс — студент, болашақ дәрігер. Мұның да мақсаты — ең алдымен белгілі бір мамандықтың иесі болу үшін білім алу, содан соң осы білімді іске асырып, елге еңбек ету. Ауылға жоғары білімді маман дәрігер аса қажет. Тек денсаулық сақтау ісі емес, жалпы ауыл мәдениетін көтеру шараларында дәрігер атқаратын жұмыс ұшан-теңіз. Ілияс сол қызу жұмыс ортасында болуды аңсайды.

Міне, көріп отырсыз, Айсұлудың да, Ілиястың да арман-мақсаты білік және сол мұрат ел мүддесімен сабақтасып жатыр. Қаһармандардың жан-дүниесінің осы ұқсас қасиеттері олардың жүректерінде үйлесімді ұғыныс тудырады.

«Сүйю дегенің — сүйгеніңнің бар күйін онымен бірдей кешу»,— деп Л. Толстойдың жазғаны бар. «Өзің ғашық болғанмен, сүйіктіңнің өзіне деген дәл сондай сезімін тұтата алмасаң, яғни сенің махаббатыңа оның махаббаты ұштаспаса, асық жарға тән бар қасиет-қылығыңмен ғашығына өзінді сүйікті ете алмасаң,—онда сенің махаббатыңның әлсіз болғаны, мұндай махаббат — қасірет»,— деп Маркс айтады.

Ал, жүректі жаралайтын махаббат мұны неден туады? Әрине, екі жүректесгі арман-мұраттың үндестік таба

алмауынан болады. Макар Нагульновтың жүрегіндегі махаббат жарасы қандай ауыр. Ол Лушканы сүйеді. Мұның есін алып елтіткен от — Лушканың сұлу келбеті және емін-еркіндікті қалаған тәкаппар мінезі болатын. Бірақ оның арман-мұраты Лушканың жүрегіне ұялай алмады, екі жүреkte үндестік болмады.

Лушканың кулак баласы Тимофеймен ашына екенін білгенде, Макардың жүрегіне сұмдық у төгіледі. Тимофей — еңбекші таптың жауы. Сондықтан оған Макардың таптық өштігі бар. Тимофей қолға түспей қашып кеткен. Оның сытылып кетуіне көмектескен Лушка. Тимофейді дәндеген жеріне бір оралар деп, Макар тапжылмай андиды да, көзіне көрінген бойда атып өлтіреді. Революция қайсары, тап жауына рақымсыз және қызу қанды Макар Тимофеймен ашына болған Лушканы да қатал жазаламай ма деп, бір сәт ойлап қаласыз. Жок, Макар бұл қаталдықты жасамайды. Сельсовет үйіне қамап қойылған Лушкаға келіп, есікті ашып, тысқа шығуын өтініп, сабырлы үн катады. Тимофейді өлтіргенін ақырын дауыспен жайлап қана естіртеді. Сонан соң: «Қазір үйіне бар-дағы, оны-мұныңды шүберекке түйіп алып, хутордан біржола кет. Әйтпесе, өзіңе жаман болады. Соттайды сені». — дейді.

Бұдан кейінгі хал М. Шолохов романында былай суреттеледі: «Лушка үн-түнсіз тұрды. Макар бірдемені іздеп, қалтасын карманды. Сонсоң ұмажалданған, көптен жуылмағандықтан кір басып, сұрғылт тартқан кестелі орамалды алып, Лушкаға ұсынды.

Лушка тоңған саусақтарымен орамалды қырыстанған көйлегінің жеңіне қыстырды. Макар ақырын ғана күрсінді де:

— Егер Тимофеймен қоштасқын келсе, ол өз үйінің ауласында, шарбақтың түбінде жатыр, — деді.

Екеуі бірімен-бірі енді мәңгі кездеспейтіндей болып, үнсіз айрылысты. Макар табалдырықтан түсіп бара жатып, қоштасу ретінде басын изеді. Лушка оны көзімен ұзатып, сыртынан қарап тұрды, пейіл білдіріп, тәкаппар басын ол да неді. Ылғи ызбарлы жүретін осы бір қату адам өз өмірлерінің мына соңғы жолығысында Лушкаға басқаша бейнеде көрінді ме? Кім білсін...»

Сырттай қарасақ, қайсар Макар тап жауына жаны ашыған адамды босатып жіберіп, өз райына қайшы келген сияқты. Макар мен Лушка — ой-мақсаттары үйлеспеген адамдар, жан дүниелері бір-біріне мүлде жат. Енде-

ше, оны жібіткен нендей сезім? Макардың жүрегі қансырағанмен, махаббаты біржола сөніп қалмаған екен. Сол махаббат оны бір сәт толқытып өтті. Оның махаббаты адал еді. Адасқан, қисық жолмен кеткен әйелді аяды да ол. Ашынаңды өлтірдім деп, Лушканы табалаған жоқ, «хутордан біржола кет, әйтпесе, өзіңе жаман болады, соттайды сені»—деп, оның амандығына тілеуестік білдіреді. Макардың тас болаттай қату ұғымы махаббаттың күшіне қарсы тұра алмады. Махаббаттың соғып өткен толқыны қажырлы Макарды бір сәт қатты толқынып кетті. Бұл күйі оның жан қасиетінің осалдығын көрсете ме? Жоқ, асылдығын танытады, биік адамгершілікті ұқтырады.

Ал, енді кейбір қаһармандар басынан мынадай күй көреміз: екі жүректегі арман-мұрат қабысады, гармониялық ұғыныс болады, сөйтіп, махаббат жарастығы туады. Ғашықтар қосылады. Бірақ күндердің бір күнінде осы махаббатқа жарықшақ түседі, жүректер шерленеді, жанды күйзелтетін азаптар шығады. Осының бәрі қаһарманды ауыр күйлерге ұшыратады.

Өмірде мұндай жағдайлардың болатыны рас. Олардың тууына әртүрлі нәрсе себеп. Махаббатқа шаң жұғуы да мүмкін, жала жабылуы да ықтимал, немесе ызғырық қарыр. Міне, сонда махаббат сынға түседі. Осы махаббатты тудырған бұрынғы гармониялық ұғыныс, екі жүректегі арман-мұрат үндестігі бұзылмаса, махаббат ол сындардың бәрінен де сүрінбей өтеді. Қобалжыр, шошынар, қалтырар, бірақ күйремейді.

Шәрбану Құмарованың «Сандуғаш сайрайды» әңгімесінде мынадай хал суреттеледі: сауыншы қыз Кенжеш өзінің еңбектес құрбысы Нұрахметті ұнатады, жігіт те оны сүйеді. Екеуінің өмір туралы көзқарасы ұқсас, көңілдеріндегі армандары, тілектері ұқсас. Осы үндестік екі жүректе сүйіспеншілік отын тұтатты. Бірақ ойда жоқта, бір күні, махаббатты дір еткізіп шошытқан бір жағдай болды. Арам біреулердің сумаң тілі қыз арына кір жағып, жігіттің намысына тиеді. Нұрахмет ә дегенде намысқа күйіп, булығып қалады. Мән-жайға көзі жетпей тұрып, оның бұлай ала қашқан мінезіне қыз да шарт етіп шытынайды. Енді не болады, махаббат жібі үзіле ме деп қаласыз.

Нұрахмет пен Кенжеш біраз уақыт бір-біріне қырын қарап жүреді, бірақ біріне-бірі іштерінен кінә қоя алмайды, бірінің күйін бірі үнөмі ойлап, ылғи аландаумен,

алабұртмен болады. Өйткені екеуінің жан-дүниесіндегі сезім ұқсас. Махаббат дір етіп шошығанда, жүрек қиналатындай хал болғанда, осы адал сезім бұлардың көңіліне күдік оралтпайды. Күдік жуымаса, махаббат шынайы, ол күйремейді. Нұрахмет пен Қенжеш сырынан осындай махаббаттың сипатын көреміз.

Мұхтар Мағауиннің «Көк мұнар» романында Едіге деген жігіт пен Гүлшат қыздың біріне-бірі бір көргеннен құлай беріліп, үздіге сүйісіп, бірақ лапылдаған махаббаты ұзақ жанып тұра алмай, өшкені сипатталады. Арманмүдде үндестігінен тумаған махаббаттың іргесі бекем болмайды, гармониялық ұғыныс таба алмаған жүректер жараса алмайды, құр азап тартып қалады. Мұның зардабы тәжірибесіз жас адамның еңсесін түсіріп, болашағын бұлдыратып, оны күйреуік етіп жіберуі де мүмкін. Едіге мен Гүлшаттың кейінгі халі осы ренде көрінеді. Сондықтан, жас азамат, махаббат мәселесінде ұшқалақтама. Ғашықтық — мөлдір сезім, жүректің асыл қасиетінен, сұлу арманнан тұсын. «Көк мұнар» романының оқырманға ұсынар уағызы осы.

Махаббат — адамның мөлдір жан сезімінің шырқап барған биігі. М. Әуезовтің былай дегені бар: «Әдебиет адамды тану өнері деп танылғанда, әр шақта, әр дәуірде адамды оның жан-дүниесінің жаратылысының барынша шарқына жеткен шағына апара түсіп суреттеу керек болатын. Бұлай болса, махаббат та, кек пен өштік те, құрбандық пен тайталас та, қастасу мен ұстасу да ең төргі өрісіне жету шарт. Мұндай кездерде адам өзін-өзі ұмытап халге жететіні болады. Дағдылы мерзімді кезінен мүлде өзгеріп, өсіп кететіні бар. Сондай күйден ғана терең шындық шығармасы туады».

Сөйтіп, «адамды оның жан-дүниесінің, жаратылысының барынша шарқына жеткен шағына апара түсіп» суреттегенде, махаббатты да «бар шырқау барған шағымен» бейнелегенде, адам ерекше биіктеп көрінбек, жан қасиеттері жарқырап ашылмақ.

Осы сипатты өлшем етіп алғанда, семья, махаббат тақырыбына арналған кейбір шығармаларда кездесетін үлкен бір мін бар. Ол мынадай: қыз бен жігіт ғашық болады, бірақ біріне-бірі қандай қасиетімен ұнағаны ашылмайды, махаббаттың шарықтауы жоқ. Онан соң екеуі тез қосылады, бірақ жарастықтары баянды болмай, көп ұзамай ажырасып кетеді. Және де осы жағдайға екеуі де

күйзелмейді, қолды бір-ақ сілтеп, ерінді бір-ақ шүйіріп, өз беттеріне тайып отырады.

Мысалы Қ. Найманбаевтың «Бастау» повесінде Қабыл деген бойдақ жігіт Мәлике дейтін қызды бір көргенде-ақ есі шығып ұнатады. Қыз да елтиді. Екеуі тез жарасады, қосылады, той болады. Бірақ бірер айдан кейін екеуінің дәм-тұздары жараспай, ажырасып кетеді. Бұған екеуі де онша қинала қойған жоқ.

Б. Шахановтың «Шырғалаң» деген әңгімесінде әуелде бір-бірін ұнатып қосылып, кейін үйлесе алмай ажырасқан жұбайлар жайында айтылады. Әйел төркініне кетіп қалады, ерін енді қайтып көрмек емес. Жігіттің жазықсыз әке-шешесін де маңына бастырмай, адуынданып, дөрекі мінездер көрсетеді. Семьяның шырқы бұзылғанына қайғырып, күйзелудің орнына, өз кінәсін басқадан көріп, долырып, көкайылданып алған. Семьядан сән кеткеніне жігіт те қапаланған жоқ, киналған жоқ. Арақты сұдай сіміріп, теңіз суы етігінің қонышынан ғана келіп, сілтеп жүр.

Оқырманның көңілінде заңды сауалдар туады. Алаулап жанған махаббат неге суынды? Өзеуреген ғашықтар неліктен нілдей бұзылды? Жараса алмай ажырасып кеткенде екеуінің де терең қайғырмауы, күйзелмеуі не себептен? Оқырман қайсысын жақтап, қайсысын жазғырарын біле алмайды.

Әрине, суреттелген жайлардан автордың түзу ниетін ұғамыз. Махаббаттағы баянсыздық, тұрлаусыздық жеңілтектіктен, көрсеқызарлықтан болады деген ой аңғарылады. Өмірде адамның қателесуі, адасуы болатыны рас. Бұған дау жоқ. Кермек қайғы татпаған, опық жеп көрмеген жас адам, кейде алтын деп қол созғаны жез боп шығып, қызыл гүл деп қызыққаны тікенең боп кетіп, мандайы тасқа соғылатыны да болады. Бұл да рас. Бұған да дау жоқ. Бірақ үзілген үміттің, күйреген арманның ащы қайғысы болмай ма. Жүректе төгілген у жапды қатты кинамай ма? Қайғы-дерт те «ең төргі өрісіне жетуі шарт». Жан қуаты күшті кісіге қайғы қатты батады. Ол күйінеді, аһ ұрады, Әуезов айтқандай «өзін-өзі ұмытар халге жететін болады». Отелло өзінің сүйген жарын өстіп есінен танып, тұншықтырған; Фердинанд өзінің аяулы асығына, өстіп есінен танып, у берген.

Өзекті өртеген күйік оларды, өзін-өзі ұмытар халге анарып, осындай ауыр трагедияға ұшыратқан. Жан арпалысы үстінде олар «дағдылы мерзімді кезінен мүлде

өзгеріп, өсіп» көрінеді. Ұлы қайғы жан-дүниенің ұлықасиетін танытқан. Әрине, Отелло мен Фердинанд — түнек заман боздақтары, олар тұтқан заң басқа. Сондықтан бүгінгі оқырман, олар ұшыраған трагедиялық халге жаны аса қиналып ауырса да, екі бейбақтың өзін-өзі ұмытар шаққа жеткенде барған әрекетін құптай алмайды. Біздің қоғамымыздың жаңа моральдық кодексі бар. Ол кодекс адамды құрметтеуді дәріптейді, адамға қол көтеруді жазғырады.

Алайда бұдан қайғы еленбеуі керек, махаббат мұңынан туатын ауыр дерт болмауы керек деген пікір өрбімеуге тиісті. Біздің айтпақ ойымыз: қаһарман басына түсетін терең қайғы, жеңіл будай тез сейілетін, тердей шапшаң кебетін, оп-онай нәрсе емес, ауыр күй болсын. Қаһарманды қатты күйзелтсін, жүрегін удай ашытсын. Міне, осындай қиналыста мықты рух өзінің асыл қасиетін жарқыратып танытады да, биік құзардан көрінеді. Біздің қалайтынымыз — осындай шырқау тұғырда тұрған қаһарман.

Біз шығармада сәтсіз махаббаттың көрсетілуіне қарсы емеспіз, кателіктер, айну-ауытқулар суреттелуге тиісті, бірақ сол жайлар тек қана ұшқалақтықтан, ұсак-түйек кірбіннен шыққан күйкі күйлер болмауға керек. Махаббатқа дақ түсуі, жан-дүниені ащы күйік, удай қайғы езуі екі жүректегі сезім толқындарының жарасымы бұзылуынан болады, ал, бұл жағдай арман-мұраттардың үндеспеуінен туады, сол сырлар неғұрлым терең ашылса, жазушының жақтап отырған қаһарманының басындағы ауыр қайғы — тек жүректі езген мұңды күй боп қалмайды, адамды сынайтын әрі шындайтын хал болады.

Махаббат еркіндігі деген бар. Бірақ бұл тез лап етіп жанып, тез сөну деген сөз емес. Интимдік қатынастарға қалай болса солай қарау — тұрлаусыздық белгісі. Дәулетке, атак пен байлыққа қызығудан немесе бір сәттегі құмарлық қызуына елігуден шынайы махаббат тұмақ емес. Мұндай жалған сезімге В. И. Ленин нағыз сүйіспеншіліктен туған пролетарлық, азаматтық жарастықты қарсы қояды. «Махаббат ісіне екі адам қатысады, сөйтіп, жаңа күй, жаңа өмір туады. Мұның өзінде қоғамдық мүдде бар, коллективке деген борыш алға қойылады», — дейді В. И. Ленин (К. Цеткин. «Воспоминания о Ленине», 49-бет).

Сонымен, ұлы көсемнің осы сөздерін басшылыққа ала отырып айтарымыз мынау болады: жаңа қоғам адам-

дарындағы махаббат — жүректегі терең, мөлдір сезім жарастықтарынан, арман-мұрат үндестіктерінен туып және сол күйлерден қоғамдық һәм халықтық мүдде көрініп тұруға керек.

Шынайы махаббат сезімі адамның жан-дүниесіне жаңа сапалар дарытады, мінездегі міндерді, жағымсыз дағдыларды емдейді, рухани ақауы бар адамды сауықтырады. Бұл біздің қоғамымызға тән жағымды жағдайда жүзеге аса алатын күй. Атап айтатын бір жағдай: жас жазушыларымыздың шығармаларында осы мәселеге байсалды үнілу бар. Жастар прозасының жақсы бір жаңалығын содан көреміз.

Қабдеш Жұмаділовтың «Көкейкесті» романында тағдыр қыспағына ұшырап, кнншылыққа төтеп бере алмай, сергелдеңге түскен қаһарманды махаббат қалай демеп қуаттандырғаны жақсы суреттелген. Жас жігіт Жәнібек өмір сынынан майысып, сына жаздап қалғанда, оған өзі сүйген қыздың мөлдір сезімі рухани күш береді. Жәнібекті тұманды ойдан айықтырады, жүрегіне нұрлы үміт жағып, биік мақсатқа талпынтады.

Сонымен, жоғарыда жақсы мысал санатында айтылған шығармаларда адамгершіліктің, адамдар арасындағы қарым-қатынастың келелі мәселелері қозғалып отыр. Шығармалардың шешімдерінен жаңа моральдық қалыптар көрінеді, биік эстетикалық мұраттар танылады.

1974 — 1980

КЕЙІПКЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ КЕЛБЕТІ

I

Көп ұлтты совет әдебиетін — бір-бірімен байланысты, бір-біріне тигізіп отырған әсер-ықпалы мол, түрі ұлттық, мазмұны социалистік әдебиеттер тұтастығы деп қарасақ, әр халық әдебиетінің ұлттық ерекшеліктері ұлттық характерлер арқылы ашылады. Міне, сондықтан, бұл мәселе — бүгінгі таңдағы көкейкесті проблеманың бірі есептеледі.

Әдебиет пен өнердегі ұлттық ерекшелік хақында, әсіресе, соңғы жылдарда біздің советтік баспасөзіміздің бетінде көп келелі сөздер қозғалып, пікір таластары болды. Бұл әңгіме, әрине, толастамайды, өйткені мәселенің әлі де айқындалмаған, шешімін таппаған қырлары аз

емес. Және де, әдебиет аумағында ғана болып қоймай, сонымен қатар, көркемөнердің басқа салаларында да өрістеп отыр.

Ұлттық характерді халық өмірі тарихының нәтижесі деп қараймыз, оның сипатынан халықтың әлеуметтік шындығын көреміз. Демек, әдеби қаһарман әрекет-мінезімен, бітім-қалпымен өзінің даралық келбетін танытумен қатар, ол — белгілі бір ұлттың өкілі болғандықтан, бүкіл әрекеттерінің табиғаты арқылы, өзінің барлық болмысы арқылы сол жұрттың әлеуметтік шындығын паш етпек. Қаһарманның мінез-құлқы осы жұрттың тарихи өмірінің ақиқатына сай болмақ.

Революциядан бұрынғы прозамыздың таңдаулы әйсел образдары — Ғайша, Қамар, Шұға тұлғаларын бір сәт көз алдымызға елестетсек, әр қайсысының мінезінде, қылығында бұлардың даралық сипаттарын білдіретін ерекшеліктері болса да, осы үш қаһарманның жалпы табиғатында ұқсасатық барын байқаймыз. Міне, қараңыз, жасы үлкеннің алдында сызылып әдеп сақтайды, ұялып тұрады, олардың көзінше қатты сөйлесуді, дауыс шығарып күлуді ерсі көреді, тіпті, жанын қинаған жайы болса да, сол арызын жасы үлкенге тіке кеп айтпайды, қымсынады. Жүректерінде тұтанған махаббаттарына қысым жасалған шақта да, ата-бабаның ескі салтына іштерінен сонша қарсы бола тұрып, бірақ осы наразылықтарын бұрканып көрсетпейді.

Бұлардың еркіндігіне өздерінің ескішіл, шариғатшыл ата-аналары мен әлді ағайындары қыспақ жасайды. Сонда оларға бұл арулар бұркыраған ашумен қарсы бармайды, оларды ызалы сөзбен бөтке соқпайды, кесек мінез шығарып қыр көрсетпейді. Ата-анаға, туыскандарға деген құрмет, сыйлау, жасы үлкен адамдар алдында иба сақтау, қымсыну сияқты ежелгі сыпайыгершілік әдеттер оларды тұсай береді.

Аяулы жас Тоғжанды («Абай жолы») еске алыңыз. Жан сезімі қандай мәлдір, арманы қандай сұлу! Жас Абай мен екеуінің жүректерінде тұтанған махаббат жалыны қандай күшті еді. Бұлардың еркіндігіне де ата-ана әмірі қысым жасайды. Сол қатал әмір екеуін екі жаққа айырып әкетті. Бұл әмірдің бұғауын бұза алмасын Тоғжан да, Абай да түсінеді. Сонда Абай аһ ұрып, Мәжнүнше қаңғып кетпейді, ал, Тоғжан өмірден безіп, жар басынан құлап өлмейді. Екеуі де ата-ананың бұйрығынан аса алмайды: Абай сүймеген адамына үйленеді. Тоғжан

сүймеген адамына ұзатылады. Бұл зорлыққа қарсы іштерінде наразылық болса да, бұрканып сыртқа шықпайды. Өйткені үлкендердің шешіміне қарсы келмеу—олар өскен ортаның бұлжымас заңы. Абай мен Тоғжан қатты киналады, терең күйзеліс тартады, бірақ бұл заңға көнбеске еш шара таба алмайды. Ескі әдет-салт бұларды да тұсаулайды. Ендеше бәрінің де табиғатында ұқсастық бар.

Ал, енді жоғарыда айтылғандай мінездеріне қарап, бұлардың бәрін де қайратсыз дейміз бе? Егер, адам қысымнан қорқып шегінсе, жасқанып райынан тайқыса,— міне нағыз қайратсыздық белгісі сол болар еді. Жігерсіздіктен опасыздық туады. Айну, бұзылу, сатылу, ездік жасау секілді жағымсыз жайлардың бәрінің төркіні сонда жатыр.

Өмір жолы — күрделі. Адамның терең тұнғыық түбіне батқандай саңылаусыз қоршауға қамалуы болады. Ол қарсыласар, бұлқынар, бірақ қоршаудың қабырғасын бұзуға әлі жетпес. Еш лажы болмаған соң, зорлықшының қорлығына да көне берер. Сонда оны «қайратсызсың, ынжықсың» деп күстәнәлауымыз дұрыс болар ма? Күші жетпесе, мұны есепке алмай, «неге әлі келмейді?» деп кінәлауымыз әділ ме?

Жоқ, адамның адамшылығын да, қайратын да айқындау үшін қойылар сауалдар түрі басқа. Мойнына қиянат, зорлық бұғалығы түскен адам, осы зомбылықтан шошып, қорқып, беті қайтып қалды ма? Бұрынғы райынан айнып шығып, ездік жасауға барды ма? Немесе, үгіліп, укаланып, жүрегіндегі оты сөніп, сорлыға айналып кетті ме?

Осы сауалдарды қойсаңыз, жоғарыда аталған бақытсыз ғашықтарды қайратсыз қаһармандар деп айта алмайсыз. Олар қысымнан қорықпайды, жасқанып райларынан қайтпайды. Қамар мен Шұға зорлық азабын көтере алмай өліп те кетеді, бірақ қайраттары жасыған жоқ, ақтық демі үзілер сәттерінде де жүректеріндегі арман нұры маздап жанып тұрды. Бұйрықтарын зорлықпен орындатқан катал әкелердің әмірі Абай мен Тоғжанның рухын жеңе алған жоқ, олардың жүрегінде лаулаған махаббат отын сөндіре алған жоқ.

Сол от қос жүректе мәңгі маздап тұрады. Өмірдің борандары, қар аралас жаңбыры бұл отты қанша ұйтқытса да, өшіре алмайды. Қыспак, қорлық пен мазак

қанша сілкілеп шайқаса да, қос жүректегі адал сезім мөлдірлігін сақтайды, еш лайланбайды, айнымайды. Абайды да, Тоғжанды да алдағы тіршіліктерінде ылғи демеп, еңселерін түсірмей, келешек күн үмітіне ілгері жетелеп отыратын — сол асыл сезім. Арада ұзақ жылдар өтіп егде тартқан Абай, бір жолы аңға шыққанда, боранда адасып келіп, қныстағы бір ауылға кезігіп, сонда түскен үйінде, өзінің мәңгі арманы Тоғжанға оқыс кездесетін халды еске алыңыз. Бұл кезде үйлі-баранды болған екеуінің осы тұтқиыл кездесу сәтіндегі толқынысты біреністерінен, біріне-бірі толғана айтқан сөздерінен қос жүректегі өшпеген махаббатты, суымаған сағынышты анық танысыз. Сол адал сезім бұларды әрқашан жебеп келгенін, сонымен, Қамар мен Шұғаны да, жас Абай мен Тоғжанды да, аталардың әмірімен жасалған тас қамауды бұзып-жарып шыға алмағаны үшін, оған әлі жетпегені үшін қайратсыз деп, жасқаншақ деп, жазғыра алмаймыз. Олардың қиянатқа наразылығы ешбір өшкен жок, бірақ бұлар өз еркіндіктері үшін күресте ежелгі ескі әдет-салтты аттап кете алмады. Өскен ортаның сабағы, бойға сіңген дағдылар, санадағы түсінік пен ұғымдар оларды белгілі шеңберден шығармады. Ал, осы сипаттарынан олардың ұлттық белгілері (әріне, ұлттың тарихи дамуының белгілі бір кезеңіне сай белгілері) анық көрінеді.

Қаһарманның характері оның әрекеттері арқылы ашылады десек, бұл әрекеттердің сыр-сипаты оның өз ұғымының, сезінуінің дәрежесіне шақ болады. Ал, қаһарманның түсінігі мен сезінуі туып-өскен жұртының өмір күйлерінен, әлеуметтік ахуалдарынан туады.

Байжанның немесе Бұланбай мен Сүгірәлінің («Оянған өлке») мінездеріне қараңыз. Үшеуі де қыр қазағы. Байжанның аңқау ойы, жайбарақаттығы, ылғи етегі жайылып жүретіндігі, қалада көшенің қақ ортасымен кетіп бара жатып шалбарының ышқырын көтеріп буынатыны, немесе арақтың дәмін татып көруге қызығып, жас балаша елбектеп қалатыны секілді қылықтары — осылардың бәрі де оның кең сахарادا бейберекет өскен. «ұстарасыз аузына түсті мұртын» деп, Абай айтқан жұрттың өкілі екендігін әйгілеп тұр. Бұланбай мен Сүгірәлінің тез еліріп, желөкпеленіп кететіндігі, біреулердің ұйтқыттағанына бүйірлері шапшаң қызып, екеуінің шарт-шұрт төбелесіп қалатындығы, ылғи жылдам тұтанып, бірақ қайтымдарының тез болатынды-

ғы — бұл қылықтар да, тағы да Абай айтқан «лап бергіш, тез айнығыш» жұрттың мінезін танытып тұр.

Базаралы қылығын еске алайықшы («Абай жолы»). Азуы алты қарыс Құнанбай әулетінің бір үйір жылқысын бір түнде қуып әкеліп түгел жайратып салып, кедейлерге үлестіріп берді. Ыза бұған, қайнаған ер адамның өжет ісі. Ал, осы жойқын іс Базаралы туып-өскен дала жұртының табиғатына сай келеді. Дұшпаннан аямай кек алған, есе қайтарған батыр ата-бабалардың ерлігіне Базаралының ерлігі ұласып жатыр.

Базаралының Құнанбай қаһарынан сескенбей, оның жас тоқалы Нұрғанымға ғашық болуы да — батыл іс. Кәрі Құнанбайдың темір уысында шарасыздықтан қиналған әйел қайғысы Базаралыны қатты алабұртқызады. Өжет жігіт қауіптен жасқанбай, қатерге бел буып, асыл ғашығына қиямет көпірімен барып жолығып жүреді. Оның бұл қылығынан да дала жұрты өмірінің бір сырларын ұғамыз.

Енді бәріне тұтас қаралық. Байжан да, Бұланбай мен Сүгірәлі де, Базаралы да қырда туып, қырда өскен қазақтар: бір дәуірде жасаған, бір-бірімен тұстас адамдар. Әрқайсысының мінез-құлқында өздеріне тән ерекшеліктері бар. Ететін әрекеттері де әр алуан. Ал, осы мінез-құлықтардан, әрекеттерден көрінетін психологияда бұл қаһармандардың бәріне ортақ сипат та бар. Мұны біз олардың затты тану мәнерінен, түйсіну, сезіну қалпынан, әдет-машықтарынан танимыз. Бұл сапалар олардың санасына, жан-дүниесіне өздері туып-өскен жұртының тіршілік-тұрмыс күйлері сіңірген қасиеттер екенін ұғамыз. Сөйтіп, бұл образдар мазмұнынан бұрынғы көшпелі қазақтар өміріне тән белгілерді, әлеуметтік ақиқаттарды көреміз.

Ұлттық сипат — бір қалыптан өзгермейтін, қатып қалған нәрсе емес. Өмірдің ілгері басуына, қоғамның дамуына сәйкес ол да дамиды. Ұлттың тарихи һәм әлеуметтік өміріндегі даму нәтижесінде адамның сана-сезімінің, түсінігінің жаңаруына ықпал ететін соны қатынастар тұмак. Солардың арқасында адамның затты, құбылысты тануы, түсінуі мен сезінуі бұрынғы қалыптағысынан тереңдей түспек.

Мына үш қаһарманның әрекетін, мінез-құлқын салғастырып көрелік. Біреуі — Омар (Сұлтанмахмұттың «Қамар сұлу» романы), екіншісі — Айранбай (Бейімбеттің «Айранбай» әңгімесі), үшіншісі — Есен (Ғабиттің

«Талпақ танау» әңгімесі). Омар — революциядан бұрынғы қазақ аулының адамы. Айранбай — қазақ даласында Октябрь таңы атқан кездегі кедейлер өкілі, Есен — колхоздастыру тұсындағы қарапайым жұрттың бірі.

Үшеуінің түсінігі, іс-әрекеттерінің мазмұны — әр қайсысының өмір сүрген дәуірінің ақиқатына сай. Міне, Омарға қараңыз: ол өзінің бай ағайындары мұның жалғыз қызын сүймеген адамына зорлап беруге күштеген қыспағына қарсы шығады да, бірақ азулы туысқандары тізе батырып жібергенде, жасқанып, дымы құрып, қолынан ешнәрсе келмей, аяқ астында қалады. Құр байбаламнан басқа түк қайрат қылмайды. Өйткені Омарда батыл әрекетке жетелейтін анық түсінік жоқ. Ол — қараңғы ортаның қараңғы адамы.

Ал, енді Айранбайға назар аударыңыз: жетісіп тұрған тұрмысы жоқ, үстіндегі киімі де бүтін емес, көйлегінің иіні жыртық. Кәсібі — етікшілік; ертеден қара кешке дейін ыбырсып отырып етік жамайды. Әліпті таяқ деп білмейтін сауатсыз. Бірақ Айранбай Омардай қараңғы емес. Себебі, мұның көкірегіне түсіп тұрған сәуле бар. Бұл сәуле — оның өмір сүріп отырған ортасына, туып-өскен жұртына шұғыла әкелген Октябрь таңының шапағы. Осы шапак Айранбайдың күнгірт көңілін жарықтандыра бастаған. Түйтпек тіршілікке баяғыдап көндігіп кеткен етікшінің енді ойы сергіп, түсінік-ұғымы әп-әдемі айқындалып қалған. Байдың қиянатына, қорлығына бұрын көнбістікпен төзе беретін Айранбай, енді оған қыр көрсетіп, өзінің азаматтық құқы барын танытады.

Есенге келелік. Бұл да — бұрын өмірі жоқшылықпен өткен, еңсесін ауыр тұрмыс езген момын кедей. Мұның да сауаты жоқ, оқымаған қараңғы кісі. Өскен жұртының тұрмысы, ежелгі әдет-салты санасына сіңірген ұғымы бар. Сол тұрмыс, сол салттар өзгермесе, мұның ұғымы да бір қалыпта қала беруі мүмкін еді. Қоғамның келбеті өзгеріп, тіршіліктің мазмұны жаңаруына байланысты, мұның туып-өскен жұртында жаңа қатынастар туады да, осы күйлер Есеннің психологиясын түлетеді. Оның затты тануы, түйсінуі мен сезінуі жаңарады. Қазақтардың ғұмыры бақпаған, мал санатына қоспаған, тіпті, «харам» деп маңына жолатпайтын шошқа түлігін бағуға Есеннің шығуы, «доңыз бақтың» деп қастардың кемсітпек болған келеке-мазағына намыстанбауы — сол өзгерістің нәтижесі. Рас, шошқа бағуға шыққан алғашқы күндерде Есенде іштей қиналыс болады. Бірақ бұл дұшпандардың

сөзінен қысылудан туған күй емес, өз санасындағы ескі ұғым мен жаңа түсініктің арасындағы қайшылықтан болатын хал. Жаңа түсінігі үстем бола береді. Өйткені ол өмірдің жаңа ағысынан туып отырған сапа.

Сөйтіп, Омар, Айранбай, Есен келбеттерінен олардың туып өскен жұртының тарихи дамуының әр кезеңіне тән белгілерін көреміз

Қаһарманның ұлттық сипаты туралы айтқанда, өте ескерілуге тиісті бір жай бар. Қоғам дамуы барысында әртүрлі халықтардың тарихи бір оқиғаларды, белгілі бір өзгерістерді бір мезгілде бастарынан өткерулері болады. Мәселен, Октябрь революциясы дауылды жылдарының оқиғаларын, бұл жеңістен кейінгі жүзеге асырылатын елді советтендіру, жер бөліс, байларды аластау, колхоз құрылысын ұйымдастыру сияқты тарихи шараларды біздің еліміздің көп ұлтты халықтары бастарынан бір мезгілде кешірді. Осы кезеңдегі әлеуметтік ортақ жайлар мен ортақ күрестен олардың тілек, мүдде бірлігін көреміз. Ал, күрес мақсатын қай дәрежеде ұқты, осы уақыттардағы құбылыстарды қалай түсінді, бұларға көңілінің берілуі, сезінуі қандай болды? Әрекеттерді қалайша жасады?— Бұл күйлер әр халықтың өз тарихи дамуындағы жеткен, рухани деңгейін танытады. Адамдардың іс-әрекет қылықтары соларды әйгілейді. Ал, бұл әрекет-қылықтар адамның қай ұлттың өкілі екендігін білдіретін айқын белгілері болып табылады.

«Көтерілген тың» романындағы Кондрат Майданников өзінің жеке меншігіндегі атын колхозға берерде, іші қимай, терең толқиды. Атты колхоз меншігіне өткізгеннен кейін де, оны ылғи ойлап жүреді, түнде төсегінде жатқанда да аты көзіне елестей береді. Кондрат жылқы қорасының тұсынан өтіп бара жатса, атына көз қырын салу үшін бір бұрылмай кете алмайды. Оған аты ашығып тұрған сияктанады, алдына шөп салғысы келеді.

Ғ. Мұстафиннің «Шығанақ» романындағы Олжабек те коллективтендіру кезінде, атын колхоз меншігіне өткізуге іші қимай, қатты киналады. Ол, тіпті, атын жетелеп, артельден кашады. Атынан айрылса, өзінің тіршілік өзегі үзілетіндей сезінеді.

Міне, осы екі адам — Майданников пен Олжабек белгілі уақыттың ортақ оқиғасын бастан кешіріп отыр. Екеуінде әлеуметтік жағдай ортақ. Ал, енді екеуінің жеке меншіктік көзқарастарының көрінуінде, қаһар-

маңдардың психологиясында бірінен-бірі айырыла танылатын ерекшеліктері бар. Бұл белгілер әрқайсысының өз жұртының тарихи өміріне байланысты көрінеді. Сол тарихи өмір сырына бойламасақ, айталық, Дон бойындағы азамат соғысы жылдарында Гремячий Луг хуторында болған дүрбелеңдердің, коллективтендіру кезіндегі кулактар лаңының сипаттарын ескермесек, Кондрат Майданников ерекшеліктерін, Совет өкіметі үшін күрес уақытындағы және колхоз құрылысы тұсындағы қазақ сахарасының шындықтарын білмесек, Олжабектің өзгешеліктерін анық белгілей алмаймыз.

Демек, қаһарманның ұлттық келбетін оның туып-өскен жұртының тарихи өміріне және соның даму диалектикасына тығыз байланыста алып айқындаймыз.

Егер бүкіл Одақ әдебиетіне көз жіберсек, Ұлы Отан соғысы тақырыбы оның төрінен үлкен орын алып отырғанын көреміз. Совет әдебиетінің бұл тақырыпқа жазылған аса үздік шығармалары бар. Бұларда совет елінің фашизмге қарсы ұлы шайқасы, халқымыздың жаумен бетпе-бет айқастағы және тылдағы қаһармандық ерлігі кең қамтылып, терең суреттеледі, әрқайсысы біріне-бірі ұқсамай, бірінің ізін бірі баспай, советтік әдебиет мұхитына кең арпасымен келіп құйылады. Ғабит Мүсреповтың «Қазақ солдаты» романы сол мұхитқа өз ағынымен, анық, ашық бояуымен, ұлттық мәнерімен барып қосылады. Біз «Қазақ солдаты» романының ерекше қасиетін атап айтар ек.

Ең біріншіден, бұл роман — халық күйін шертетін халықтық шығарма. Романда майдан өмірі бірден суреттеле жөнелмей, оқиғаның әріден қозғалуында үлкен мәніс бар. Қазақ халқы, Октябрь революциясына дейін, өзгелермен терезесі тең ел қатарында саналмай, патша үкіметі «бұратана жұрт» деп төмендетіп келген, езілген ұлттардың бірі еді. Социалистік революция қазақ елін теңдікке жеткізді, бақытқа бастады. Совет өкіметі жылдарында қазақ халқының әлеуметтік өмірінде, тіршілік-тұрмысында зор өзгерістер болды, ұлттық санасында жаңа қасиет-сапалар қалыптасты, соны дағдылар бекіді. «Қазақ солдаты» романында халық өмірінің осы эволюциясы көрсетіледі және бұл жаңа заманмен құрдас адамның образы арқылы бейнеленеді.

Өмірде жақсылық дегеніміз бірден орнай қалмайтыны, ол үшін күресу керектігі мәлім. Ал, күрес жолында қиындықтар, кедергілер көп ұшырасады. Совет өкіметі-

нің алғашқы жылдарында еліміз үлкен ауыртпалықтарды бастан кешірді. Романның бас қаһарманы Қайырғали туып-өскен ортаның адамдары да осы ауыртпалықты көтеріскен, бас кейіпкердің өзі сол қиындықтың дәмін татқан. Қайырғалидың жас кезінде оның туған ауылының жасөспірім баланы алдарқатар қызығы аз еді. Жаңалық бірден еркіндеп кете алмай, ескілік бірден ығысып, ысырылып қалмай, тайталасып жатқан шақ болатын. Өмірдің бұл қиындығына төтеп беруге үлкен күш керек. Он жасар Қайырғалидың бойында ол кезде мұндай күш жоқ еді. Сондықтан ол ауылдан қашып, қалаға тартады. Бірақ ауыл жүзін қайта айналып көрместей боп ант-су ішіп кеткен жоқ, әлденіп, күш жиып, үлкейіп келемін деген жақсы үмітпен кетті. Совет өкіметі оның бұл үмітінің ақталуына көмектесті. Қайырғалиды балалар үйіне кіргізіп, тәрбиесіне алды, оқытты, білім берді, сөйтіп, саналы азамат етіп шығарды. Жалғыз Қайырғали емес, «қысқа жібі күрмеуге келмейтін» қалың кедей баласы Совет өкіметінен осындай зор әкелік қамқорлық тапқан еді. Сондықтан бұл кездегі Қайырғали басынан өткен хал — халықтың белгілі бір өкілдеріне тән ортақ құбылыс.

Советтік тәрбие көрген жас ұлан Қайырғали қол жеткенді місе тұтпай, сатыдан-сатыға өрлей бергенді мақсұт тұтады, өршілдікті, адалдықты серік етеді. Оның тұла бойынан қазақ халқының жаңа заман қалыптастырған жастарының жақсы қасиеттері жарқырап көрініп отырады.

Ел басына күн туған сын сағатта Қайырғали қару асынып, майданға аттапады. Ол — солдат. Оның ата-балалары бұрын солдаттық өмір дегенді естігендері болмаса, бастан кешірген жоқ. Атадан балаға мирас боп қалардай әскери дәстүр қазақ жұртында бұрын болмаған. Армияда қызмет ету, әскери тәртіпті көру — қазақ баласының тіршілік-тұрмысында Октябрь революциясынан кейін енген жаңалық. Ұлы Отан соғысы басталғанда, советтік өзге халықтар секілді, қазақ халқының да қалың өкілі әскер қатарына шақырылды. Қайырғали — солардың бірі. Солдат Қайырғалидың образы арқылы жазушы қазақ азаматының жауынгер ретінде қалыптасу жолын көрсетеді. Әскер қатарындағы Қайырғали бейнесі Октябрь революциясы азаттық әперген халқымыздың жаңа бір асыл қасиетін паш етеді. Бұл образдың өсу жолы қазақ халқының Совет өкіметі жылдарындағы саяси-мәдени өрлеуің терең танытады. «Қазақ солдаты» ро-

маны — халық күйін шертетін халықтық шығарма деуіміздің үлкен мәнісі осында.

Совет өкіметі жылдарында елімізді мекендеген ұлттардың бір-бірімен араласы күшейіп, халықтар достығы жаңа мазмұнда құлпырып, нығайды. Осы достық ұлы Отан соғысы жылдарында ерекше шындалып, шыныға түсті. Осы ұлы достықты Ғабит Мүсрепов өз романында негізгі идея етіп алады, советтік әр ұлттың өкілдерін өз жүрегінің махаббатына бөлеп, сүйіспеншілікпен толғана суреттейді. «Қазақ солдаты» романының екінші қасиетін осыдан табамыз. Жазушы қазақ әдебиетінде басқа ұлт өкілдерін көрсетудің жақсы үлгісін жасады.

Шығармалардағы ұлттық өрнек, кейіпкерлердің ұлттық сипаттары — жазушылық шеберлікті білдіретін басты белгілер. Қаһарманның ұлттық характерін шынайы жасау үшін жазушы өмірді, тарихты терең білумен қатар, сол ұлттың бойындағы эволюциялық құбылыстардың туу, даму заңына, себептеріне жете қанық болуға тиісті. Ел өміріндегі экономикалық, материалдық жаңалықтарға байланысты ұлттық белгілер де өзгеріске ұшырап, дамып, жетіліп отырады, бірақ бұл — секіру түрінде шапшаң өтетін құбылыс емес. Советтік өмір сипатына қарасақ, барша совет адамының бүгінгі тіршілігінің саяси мазмұны бір, мүддесі ортақ, алға қойған мақсаттары, атқарып жатқан қызметтері ұқсас. Ал, көздеген нысанаға жету жолындағы күресінде, тіршілік болмысында, күнкөріс харекетінде әр ұлт адамдарының өздеріне тән ерекшеліктері бар. Кейіпкердің ұлттық сипаты оның тек аты-жөнінен, түрі-түсінен, үстіндегі киімінен ғана көрінбесе керек, мінез-құлқынан, әдет-ғұрып салтынан, тіршілік харекетінен анық байқалмақ. Қазақ Қайырғали, орыс Володя Толстов, өзбек Самед Абдуллаев — үшеуі де совет жауынгері, үстеріндегі киімі де, қолдарындағы қаруы да бірдей. Бұлардың жүректеріндегі сезімдері де бірдей, ал, сол сезімдердің сыртқа шығуы, білінуі үшеуінде, сөз жоқ, үш түрлі. Өйткені үшеуінің де ұлттық психологиялық өзгешелігі бар, жүректегі сезім сол ерекшелікке бағынады.

«Қазақ солдаты» романы осы шындықты өзінің типтік сипаттарымен жарқын көрсетеді. Романда суреттелген әр ұлт өкілінің әрекет-қылығынан, мінез-құлқынан, әдет-машығынан, сөйлеген сөзінен оның туған ұлтының сипаты анық танылып отырады.

Ұлттық сипат пен ұлттық психиканы халықтың тарихи

өмірінің, әлеуметтік шындықтардың нәтижесі деп қарағанда, осы қасиеттердің өзі халық тарихындағы прогресспен керітартпа нәрселердің күрсс-тартысы үстінде көрінеді деп санаймыз. Бұл жай-күй бір-біріне мүдделері қарама-қарсы тұрған екі қаһарман арасындағы айқас арқылы да, сондай-ақ, бір адамның өз басындағы қайшылықтар күресі түрінде де біліне алмақ.

Соңғы жылдардағы прозамыздың елеулі шығармасының бірі Тәкен Әлімқұловтың «Ақбоз ат» романының негізгі қаһармандары келбеттеріне осы тұрғыдан зер салып қаралық.

Шығарманың басты кейіпкері — бір семьяның мүшелері: ақсақал Біркімбай, оның қызы Гүлнаш және бұдан туған жас бойжеткен Шырын. Романда негізгі оқиғалар осы адамдардың бастарынан өтетін күйлерден туындайды. Ал, бұл күйлер әр қаһарманның өмір жолын бейнелеп, даралық пішіндерін танытумен қатар, олар өскен ортаның тарихи өмірін және мұның даму кескіндерін әйгілейді. Яғни, қаһармандар мінез-құлқы әлеуметтік шындық нәтижесі ретінде көрінеді.

Қоғамдық дамудың әр кезеңінің өзіне тән әлеуметтік шындығы бар. Бұлар бірімен-бірі жалғасып, ұласып жатады, ескіру, түлеу, жаңару болады. Мұның барлығы адамның рухани өзгеруіне, тың сапа табуына ықпал жасамақ. «Ақбоз ат» романында жазушы қаһармандардың рухани өсу эволюциясын, әлеуметтік шындықтың даму сипатына сәйкес етіп, терең көрсете алған.

Біркімбай — көпті көрген көне қарт. Әйгілі жылқышы. Жасы ұлғайған шағына дейін талай-талай халдерді басынан кешірген, теперішті де көп көрген. Соның бәрі өзінің жылқышылық кәсібіне байланысты болған. Қаршадайынан ат құлағында ойнап, жылқы баласын жан серігіндей көріп өскен Біркімбайдың ежелден артық тұтқан ісі — сәйгүлік бағу, жүйрікті баптау. Жүйрік ат дегенде, ол ішкен асын жерге қояды. Оны ойлағанда, көңілі тағат таппайды.

Халқымыздың өткен өміріне көз жіберсек, қазақтардың бұрынғы тұрмысында жүйрік ат ұстаудың үлкен мәні болған. Ол иесінің атағын шығарып, жұртқа оның даңқын жаяды, беделін өсіреді. Сонымен қатар, үлкен олжа әкеледі. Жүйрік атпен саят құру тамашасы қандай! Сондықтан жүйрік атқа ие болуға әркім-ақ қызығады, оның жолына нені болса да салады. Біркімбай да сөйткен. Шонай байдың Ақбоз деген жүйрік атына ол есі кетіп

кызығады. Бірақ сатып алуға пұлы жоқ, қалап алуға баймен терезесі тең емес. Шонайдың баласы Асылбек Біркімбайдың аяулы жалғыз кызы Гүлнаш сұлуға өте інкәр болатын, ал, қыз оны ұнатпайтын, жек көретін. Біркімбайдың Ақбозға құлай ауған аңсарын байқаған Шонай бай, енді осы арада өз мақсатын жүзеге асырудың орайын табады. Егер Біркімбай қызын мұның баласына берсе, қалың малына Ақбозды алатынын айтады.

Біркімбайдың нағыз қиналысы енді туады. Ол екі оттың ортасында қалғандай болады: бір жағында — мәпелеп, ұлға балап өсірген аяулы қызы Гүлнаш, екінші жағында — желмен жарысқан Ақбоз тұр. Атқа қызығып, Гүлнашты сүймеген адамына ұзатылуға үкім кылса, қызының көз жасына қалады, оның бағын байлайды. Әкеге бұл жеңіл ме?! Ал, Шонай бай Ақбоздың тізгін ұшын Біркімбайдың қолына қыстырып қойды. Енді Біркімбай уысын жазып қалса-ақ болғаны, жүйрік аттан біржола айрылады. Бүкіл арманы Ақбозға ауып кеткен бапкерге бұл оңай ма?!

Бірақ Біркімбай іштей өте күйзелсе де, оның ақыл-ойы өз дәуірінің сол кездегі салтынан аса алмайды. Бұл ғұрып бойынша, қыздың билігі ата-анада, олар қалай бұйырса, қыз соған көнуге тиісті. Біркімбай Гүлнашты сүймеген адамына жылатып-сықтатып ұзатады да, қалыңмалына Ақбозды алады. Сөйтіп, аяулы ару жүйрік атқа айырбастатып кете барады. Ұнатпаған кісісіне амалсыз қосақталған Гүлнаш қайғысы қандай болатынын, Біркімбай ойламайды. Өйткені Гүлнаш басына түскен хал Біркімбайдың өскен ортасында бірінші рет болып отырған іс емес, әбден дағдылы боп, қалыпташып кеткен нәрсе. Сондықтан Біркімбайға қызын жүйрік атқа айырбастағаны еш сөкет көрінбейді, заңды нәрсе сияқтанады.

Біркімбайдың бұрынғы көзқарасы осындай. Бұл көзқарас оның туып-өскен жұртының сол шақтағы әлеуметтік шындығынан туған.

Енді сол уақыттағы Гүлнаштың мінез-құлқына қараңыз. Ол әкесінің шешімін құп алған жоқ, егіліп жылайды, бірақ наразылығы тек ішінде, булығады, жарылыс болмайды. Орал дейтін жігітті сүйетін еді, оған да батылданып ештеме айта алмайды. Гүлнашқа шын ғашық Орал аһ ұрып қалады. Ол тағат таба алмай, Гүлнаш Шонай байдың үйіне келін боп түскеннен кейін де, астыртын барып жолығады. Сонда Гүлнаш Оралға еріп қашып

кетуге бекінеді де, бірақ отаудан ұрланып шыға бергенде, андушының көзіне түсіп қалып, қайта шегінеді. Сонсоң, сондарынан түсер қуғыннан, туар ланнан қорқып, бастапқы бекінген райынан тайқиды. Сүймеген адамымен кешетін итқорлық өмірге көнуге мойын ұсынады. Тек бұл ғана емес, әйел атаулының бәрінің де басында осындай шарасыздық бар секілді көрінеді оған. Бәрі де көніп жүр ғой, ендеше бұл да көнбек. Міне, Гүлнаштың бұрынғы көзқарасы. Бұл көзқарас та сол кездің әлеуметтік шындығынан туған.

Арада жылдар өтті. Ескі қоғамды ығыстырып, жаңа қоғам келді. Жаңа дәуірдің соны қатынастары тұрмысқа тың күй енгізді. Бұл жайлар сананың, ұғымның жаңаруына ықпал жасады. Осы құбылыстардың нәтижесінде Біркімбайдың да, Гүлнаштың да бұрынғы түсініктері мен көзқарастары өзгеріп, жаңа сапаға ауысады. Бұл өзгеру процесін жазушы бізге әлеуметтік өмірдегі қайшылықтар күресі арқылы көрсетеді де, қаһармандар басындағы тың сапаларды жаңа дәуір шындығының жемісі ретінде танытады.

Біркімбайда қазір мүлде жаңа ұғым бар. Бұрын оның ойы өз қара басының мүддесінен аса алмайтын, енді ол қалың жұрттың қамын көбірек ойлап отырады. оны қоғам өмірінің, шаруашылық жай-күйінің әр сала мәселелері толғантады. Біркімбайда жүйрік атқа қызығу, құмарлану әлі де бар, бірақ бұл інкәрлік бұрынғыдай тек өз мерейін өсіруді көздемейді, коллектив мүддесін ойлану ниетінен туады. Ол жылқы малының сәйгүлік асыл тұқымы үшін күреседі. Баяғы Ақбоз жүйрігінің ұрпағын өсіру жолына бар күшін салады. Сонда осы істің бәріне ол қоғамдық мүдде тұрғысынан қарайды.

Біркімбайдың өмір және салт-сана, әдет-ғұрып жайындағы, адамның міндеті турасындағы көзқарасы жаңарған. Мұны біз, біріншіден, оның өз ғұмырының өткен кезеңдеріндегі кей әрекет-қылықтарын тәртіп санап, жөнсіз көріп отыруынан, есіне түскенде, тіпті, ұялып кететін, қиналып қалатын толқуларынан сеземіз; екіншіден, адамдардың жаңа қарым-қатынастарына, тұрмыстағы тың тәртіптерге, соны жөн-жосықтарға бүкіл ынтасымен берілуінен көреміз. Бір кезде жалғыз қызының көз жасына қарамай, оны атқа айырбастап жіберетін Біркімбай, енді бүгін жиені Шырынның сүйген адамына ғана тағдыр қосуын ойлайды. Журналист жігіт Елеусіздің Шырында көңілі барын жылқышы

қария жүрекпен сезеді. Бұл жігіттің мінезін, ақылын өзі де өте ұнататын. Елеусіздің жақсы жігіт екенін жиіненіне айтуды көңілі сонша қалап тұрса да, айта алмайды, олай етуі бұлардың тағдырына қол сұққаны сияқты көрінеді. Ер жеткен ұл мен қыз өз болашақтарын дұрыс бағдарлай алар — Біркімбай осылай ойлайды.

Гүлнаштың іштей түлеп, рухани дамуы, көзқарасының жаңалықтары советтік дәуір шындығы әсері арқылы болады. Жаңа дәуір байлар үстемдігін құлатып, Гүлнашқа бас еркіндігін әперді. Оның қысымға ұшыраған махаббатын бұғаудан босатып, сүйген жігіті Оралға табыстырды. Жаңа дәуір бұларды ілгері жетелейді, жігерлендіреді. Гүлнаш советтік заман әперген теңдіктің мағынасын жақсы ұғып, қоғамдық еңбекке құлшына араласады. Осы істе ол өмірдің мәнісін және адамның өмірдегі ролін анықтап түсінеді, мақсаты айқындалады, арманы ұлғаяды. Дәуірдің жаңа қатынастары оның жан-дүниесіне тың қасиеттер дарытады. Жазушы бізге Гүлнаштың рухани жанаруын қаһарманның жаңа дәуірдегі әрекет-қылықтарының соны мазмұны арқылы ашады. Қазіргі Гүлнаш — тағдырдың талай тар жолынан өтіп ысылған, өмір құбылыстарын анық айыра алатын дәрежеге көтерілген саналы азамат. Ол — қазір кексе тартқап сақа әйел, бірақ баяғы өскен ортасының керітартпа көне ұғымы мұнда жоқ. Оның мінез-құлқынан, адамдарға қарым-қатынасынан бүгінгі салтымыздың сипаты көрініп отырады.

Мына бір көрініске назар салыңыз. Гүлнаштың институт бітіріп келген қызы Шырын облысқа ескі танысы Елеусізбен бірге баратын болады. Екеуінің бір-бірінде көңілі барын ішінен сезіп жүретін Гүлнаш, олар дәл жүрерде Елеусізді онашалап шақыртып алып, былай дейді.

— «Түсіңгіден түңілме деген еді, қарағым... Сыр алып, сыр түйіспесек те, өзіңе сенуліміз... Қандай сапарға бара жатқандарың маған қараңғы. Тек, әйтеуір, арты өкініш боп жүрмесін. Онаша сөйлесейін дегенім осы еді... Жалғыздікті көрінесің. Дәм-тұз жарасса, біз де өзіндей балаға құштар едік. Тілеуіміз екеуіңнің үстінде болады».

Гүлнаш ағынан жарылып тұр. Көкейінде бүкпе қалған жоқ. «Қандай сапарға бара жатқандарың маған қараңғы» деп, бұл шынын да жасырмады. Бірақ көңіліне

еш күдік алмайды. Сенімі мол. Баяғы шешелерден Гүлнаш мұндай мінезді көрмеген. Оның қазіргі мына мінезі — жаңа уақыттың қалыптастырған қасиеті. Сонымен қатар, Гүлнаштың осы сөздерінен қазақ әйеліне тән бияшылығы, әдебі сезіліп тұр.

Шырын образына келейік. Шырын — жаңа заманда туып-өскен жас қауымның өкілі. Гүлнаштың жастық шағында басынан өткергендей қайғы-шерді бұл кешкен жоқ. Ешкім мұны бетінен қақпады, жолына бөгеу салмады. Шырын орта мектепті бітірді. Одан соң жоғары дәрежелі білімді маман боп шықты. Ол пионер және комсомол қатарында тәрбиеленді.

Міне, көріп отырсыз, Шырынның өскен ортасы, жағдайы мұның анасы Гүлнаштың жастық шағы өткен кезеңнің ахуалынан әбден баска. Мүлде жаңа. Соған сәйкес, Шырынның мінез-құлқында, дәл қазіргі осының жасындағы кездегі Гүлнаштың мінез-құлқынан айрықша боп көрініп тұрған ерекшеліктері бар. Шырын бұрынғы уақыттағы, басында еркіндігі жоқ бақытсыз қазақ қыздарындай жасқаншақ емес, пікірін, ойын ашық айтуға оларша қымсынып, қысылмайды. Ол өзін еркін сезінеді. Өйткені, өмірдегі өз ролін айқын біледі, өз бақыты үшін күресу қолынан келеді.

Шырынның жүрегіне ұялаған махаббаты да өзгеше сұлу. Ол Елеусізді сүйеді. Ал, бұл махаббат бірден лап етіп тұтана қалмаған. Шырын мен Елеусіз — бірін-бірі студент кездерінен білетін, түрлі кездесулерде, жастар жиындарында, ойын-сауықтарында жиі ұшырасып жүретін; кейде екеуі театрға, киноға бірге барып, немесе паркте қыдырыстап қайтатын, әр тарапта сөз қозғасып пікірлесетін, Шырынға Елеусіз ұнай бастаған. Оқу бітіріп, екі жаққа жолдама алды. Сол барған жақтарында қызметке тұрды. Аралары жырақтады. Біраз уақыт бір-бірімен хабарласа алмады. Шырын Елеусізді көңілі алабұртып ойлайтын болды. Ол өзінің оған ғашық екенін енді ұқты.

Дәл осындай халді Елеусіз де өз басынан кешіп жүрген. Бірақ қыз райы қалай екеніне көзі анық жете алмай, бұрынғы достық, жолдастық әдепті сақтап, тежеле берген.

Сыпайы жігіт шешім таппай, осы қалыппен ұзақ жүре беруі де мүмкін еді. Сыр тиегін қыз ағытты. Елеусізге ғашықтығын, оған қол ұшын бергісі келетіндігін жігітке Шырынның өзі айтады. Бұл — бұрынғы қазақ қыз-

дарында болмаған мінез: олар қанша жалындап сүйіп тұрса да, жігіттің сөзін күтетін, өз сырын жігіттен бұрын аша алмайтын, ұялатын. Өйткені бұрынғы әдет-ғұрыптар жалпы әйел затын майыстыра беретін.

Жаңа ортада өскен Шырын өз жүрегінің құпиясын жігітке одан бұрын айта алды. Бірақ ол тантық мінез көрсетпейді, туған ел-жұртының әдебінен озбайды. Шырынға еріп, мұның аулын көріп қайтқысы келген Елеусізге айтатын сөзі қандай орынды. Былай дейді.

— «Мен сізді ауылға қалай шақырмақпын? Кім деп ертіп апармақпын? Ауыл-аймақтың «пыс-пысы» болады.

Ол түгіл, көзі ашық деген әке-шешенің өзі: «Бәрекелде, сыйлы қонақ ертіп кепсің,—десе, құба-құп. Олай демей, өзімді күстәнә қып жүрсе, қайтпекпін?.. Заң, заман өзгерсе де, әдет-ғұрып, дәстүр дегеніңіз тез өзгермейді екен. Анау Лиза менің көзімше әке-шешесіне талай рет: «Папуля, мамуля, мен Қарашты ұнатып қалдым»,—деген. Ал, мен әке-шешеме олай деп тіс жара алмаймын. Мұны өзіңіз де жақсы білуге тиістісіз».

Шырынның өз көзқарасы тұрғысынан қарасак, қыздың достық көңілмен жігітті ауылға ертіп барғанында тұрған дәнеме жоқ. Бірақ ата-анаға, әсіресе, ауылдың жасы үлкен адамдарына бұл қылығы ұнамауы хақ. Өйткені бұлардың сыпайыгершілік сақтау жөнінде қалыптасқан ежелгі ұғымдары бар. Сол түсініктеріне қайшы келген нәрсенің бәрі оларды қатты күйзелтеді. Ендеше, осы қауымның ортасына келетін адам бұлардың әдептілік жөніндегі тәртіптерін сыйлауы керек. Бұл жасқану да, шегіну де емес, оларды құрметтеу боп табылады.

Шырынның өз үйінде ата-анасынан көрген тәрбиесі бар. Туған ауылының үйреткен тәлімі және бар. Еркіндіктің, ашық, жарқын болудың жөні осы деп, өзіне дұрыс көрінгенмен, бірақ, үйдегі ата-ананың және ауылдағы үлкендердің көзіне оғаш боп түсетін қылық жасаулы Шырын қаламады.

Шырын ажжарқын, еркін, батыл. Алайда, өз көңілі қалай қаласа, солай сілтеп кете бермейді, туып-өскен жұртының әдептілік тәртіптерін қадірлейді, бағынады. Оның осы мінезі мен қылықтарынан ұлттық белгілері көрінеді.

Шырынның бұл мінезі мен қылықтарын суреттегенде, жазушы ескілікті, артта қалушылықты дәріптеп отырған жоқ, немесе, оның туған жұртының қасиетін басқа халықтардан артық етіп көрсетуге тырысу ниеті де жоқ.

Шырынның сипатынан басқа ұлттарға карама-карсы келетін белгіні таба алмайсыз. Керісінше, оның жан-дүниесінің сұлу күйлерінде басқа ұлт оқырмандарының да жүрегін баурап тебіrentетіндей, оларды қызықтыра тартып, өзіне еліктіре алатындай сырлы саз бар.

Сайын Мұратбековтың «Отау үйі» повесінде қазақ тұрмысының маңызды бір мәселесі қозғалады. Қартайған ата-ананың жалғыз баласы бар. Ол үйленеді. Қазақтың ежелден бергі салты бойынша, бала енді қара шаңырақтың несі өзі болып, қариялардың қолын жылы суға малғызып, мәпелеп күтуі керек. Жас жұбайлар — Ұзақ пен Тана бұл борышты бек жақсы түсінеді, ата-анаға тік тұрып қызмет көрсетеді. Бірақ Ұзақтың шешесі келініне жылы шырай бермей қояды. Мұның жалғыз себебі: Ұзақтың ата-ана қалаған қызға емес, өзі сүйгеніне үйленуі. Ал, баласының бұл қылығын әкесі теріс санамайды. Келінінің мінезі, әдебі — бәрі де оның көңілінен шығады. Бірақ келінге ененің салқын қабағы үй ішінде жайсыздық туғызады. Жас жұбайлар үйде емін-еркін жүре алмайды, күліп сөйлесе алмайды, ылғи бір қысылыста болады.

Ендігі амал не? Ұзақ бөлек отау боп, бөлініп шығу жөнінде ата-анаға ұсыныс жасап, алдынан өтеді де, сонсоң, пәтер тауып келіп, келіншегін және өздеріне меншікті заттарын алып, көшіп кетеді. Мұндай жағдайға Тана қатты қиналады. Енесі келіні мен баласын сыйдырмапты деген сөз тарайды ертең. Танаға қатты бататыны да сол және кәрі кісілердің жай-күйі енді қандай болмақ? Отынын уақытында жағып, ас-суын уақытылы іше ала ма? Бөлек пәтерге көшіп келгенмен, Тана көңілі орныға алмай, осыны ойлап, алабұртумен болады. «Атам, апам неғып отыр екен?» деп тағатсызданады. «Үйге барайықшы» деп, Ұзақтан қайта-қайта өтіне береді. Ал, Ұзақ күледі, келіншегін белінен құшақтап, сүйеді. Бұларға қарап тұрған ешкім болмаса да, ерінің тапа-тал түсте құшақтап сүйгеніне Тана ұялып қалады. «Үйге барайықшы» деп, тағы да Ұзақты қолынан тартқылайды. Назы да, әдебі де, жанының мөлдірлігі де осы қылықтарынан көрініп тұр. Тана — қазақтың сыпайы, ибалы келіні.

Сонымен, жоғарыда аталған екі шығарманың екі қаһарманы Шырын, Тана — әр қайсысы өз іс-әрекеттері арқылы даралық пішіндерін айқын танытып тұрса да, олардың психикасында, ішкі сезімдерінің көріністерін-

де ұқсас күйі бар. Бұл — олардың ұлттық ерекшеліктері.

Советтік дәуір ақиқатының нәтижесінде көне ұғымдар жаңарып, ұлттық ауқымдағы түсініктер кеңейіп, жалпыхалықтық сипат табады. Уақыт шындығының жаңа мазмұнына сай адамдар жан сарайында болатын осы жаңаруларды терең бейнелеу — бүгінгі прозамыздың замандас тұлғасын жасау жолындағы айқын бір жетістігі деп білеміз. Туысқан әдебиеттердің советтік ұлттардың жаңа өмірін суреттеуге арналған шығармаларынан да осы құбылысты байқаймыз.

Ю. Рыхәудің «Айвангу» романында қиырдағы чукот аулындағы өмір сипатталады. Жазушы бізді катал табиғат жағдайында тіршілік етуші чукча жұртының ғажайып әлеміне алып кіреді. Ата-бабалары ғасырлар бойында ақ борапмен алысып тіршілік құрып келген бұл халықтың өз тұрмысы мен күн көрісінің сипатына сай қалыптасқан ежелгі салты бар. Кейбір әдет-ғұрпы тым катал болған. Мәселен, ер жігіт не айықпас дертке шалдығып, не бейнетке кезігіп мүгедек боп, ендігі жерде өзінде, семьясын да асырай алмайтындай ғарыптікке ұшыраса, ол өз қалауымен бұл өмірден кетуге керек. Ол ажал тұзағына мойын ұсынады: не өзін-өзі өлтіреді, не басқаның өлтіруіне рұқсатын береді. Бұрын осы ғұрып орындалып келген. Бұл катал ғұрып чукчалардың өздеріне сұмдық болып көрінбеген.

Совет өкіметі чукча халқының өміріне ұлы өзгерістер әкелді. Соның нәтижесінде жаңа салт, дәстүр өркен жаюына мүмкіндік туады. Жазушы бізге осы процесті, яғни дәуір шындығына сәйкес адамның жаңа сапа табуын шебер бейнелеп көрсетеді.

Міне, бозбала жігіт Айвангу аяғы үсіп, бейнетке ұшырап қалады. Үсіген аяқ кесіледі. Кеменің капитаны болуды армандайтын еді. Енді сол арманға қалай жетеді? Мүгедек боп, масыл боп қалды. Бұрынғы катал ғұрып бойынша ол енді бұл өмірден кетуі керек. «Өлтір мені», — деп жалынады ол әкесіне. Әкесі мылтығын алып орнынан түрекеледі де, бірақ баласын атуға дәті бармайды. Мұндай ғұрыпқа Совет өкіметі қарсы шығар деген ой басына келеді. Бірақ ол қорыққандықтан шегініп кеткен жоқ. Оны тежеген күш — жаңа уақыттың шындығы. Осы шындық оның ұғымында жаңарыс тудырған. Әкесі Айвангуды өлімге қимай құшақтап жылайды да, дереу қайрат жнып, баласын ауруханаға алып жөнеле-

ді. Әкелі-балалы екеуінің де көңілінде нұрлы үміт қылаңдайды.

Айвангудың мәңгі қор болып қалуы мүмкін емес, ол, сөз жоқ, сауығады, аңсаған арманына жетеді, өмірден өз үлесін алады. Әке мен баланы сол сенім жетелейді. Ал, бұл сенім — жаңа дәуір жемісі. Осы шындық нәтижесінде ескілікті жаңалық жеңіп шығады, ұлттық түсінік жаңарып, соны сипат алады.

Советтік шындық ұлттар өмірінде социалистік қатынастарды қалыптастырды. КПСС XXIV съезінде жасаған баяндамасында Л. И. Брежнев жолдас бұл құбылысқа тамаша сипаттама берді. Леонид Ильич атап көрсеткендей, социалистік құрылыс жылдарында елімізде адамдардың жаңа тарихи қауымдастығы — совет халқы пайда болды. Бірлескен еңбекте, социализм жолындағы күресте, оны қорғау жолындағы ұрыстарда таптар мен әлеуметтік топтар, ұлттар мен шағын ұлттар арасында жаңа, үйлесімді қатынас — достық пен ынтымақ қатынасы туды. Біздің адамдарымыз маркстік-лениндік идеологияның, коммунистік қоғам орнатудың жоғары мақсаттарының ортақтығымен берік топтасқан.

Мақсат-мүдде бірлігіне сай, еліміздегі туысқан халықтардың бәріне бірдей ортақ советтік принциптер бекіді. Отанды шексіз сүю, еңбекші халыққа деген зор махаббат, көптің қамын ойлау, өз мүддесінен коллектив мүддесін жоғары қою, жалқаулыққа, жатып ішерлікке төзбеу, еңбекке коммунистік көзқарас, адамгершілік биіктік, моральдық мөлдірлік — осы алуандас қасиеттерден біз сол принциптерді көреміз.

Әдебиетте заманымыздың жаңа адамдарының тұлғаларын шынайы етіп жасау үшін бұл қасиеттер терең бейнеленуі керек. Қазақ прозасының татымды шығармаларында бұл сапа бар. Ғ. Мүсреповтың «Көрінбей кеткен бір бейнесіндегі» Еркебұлан, Ғ. Мұстафиннің «Дауылдан кейін» романындағы Аман, Ә. Нұрпейісовтың «Қан мен теріндегі» Еламан — революцияның дауылды жылдарында халық азаттығы үшін қатерге бас тігіп, күреседі, жан сауғаламай, тыным таппай, аса ауыр жол кешеді. С. Жүнісовтың «Жапандағы жалғыз үй» романындағы Райхан, Б. Тілегеновтың «Көктем де ызғарлы» повесіндегі Серғазы — коллективтендіру кезіндегі күресте көпшіліктің мүддесі үшін бар күштерін салып, тап жауларымен табандап айқасады, қара бастарының рахатын ойлап, қиындықтардан жалтармайды. С. Бакбергеновтың «Қарға

тамған кан» романындағы Сәукен мен Акбота, Б. Момышұлы мен Қ. Қайсеновтың майдан туралы шығармаларындағы совет жауынгерлері Отаны үшін, туған халқы үшін ажалға қарсы барады, еліне атылған оққа кеудесін калқан етіп тосады. І. Есенберлиннің «Айкасындағы» геолог Дәурен, Т. Ахтановтың «Боранындағы» қойшы Қоспан бюрократизммен, шенқұмарлықпен алысады, өздерінің атақтарын шығару үшін емес, ел игілігін арттыру мақсатын көздеп күреседі. Ал, С. Омаровтың «Күншуақ» повесіндегі Шырынқұл, С. Мұратбековтың «Көкорай» повесіндегі Жанай біздің советтік моралімізге қайшы келетін кеселдерге қарсы шайқас ашады, «сен тимесен, мен тимен, бадыраң көз» деген принцип бұларға жат.

Осы қаһармандардың бәрі де — жаңа типті адамдар. Бұлар халық мүддесін жоғары тұтқан. Осы жолға өздерінің бүкіл саналы өмірлерін бағыштаған. Сол сапардағы күрес — олардың тіршіліктерінің мәні, қуаныштарының көзі. Сондықтан бұл адамдардың өмірлері аса мағыналы, мақсаттары соншалық биік.

Олардың мінез-құлықтары мен іс-әрекеттеріндегі жаңа қалыптар — жазушылардың қолдан жапсырған нәрселері емес, ұлттың социалистік қоғам жағдайындағы тарихи дамуының нәтижесінде туған соны күйлер. Демек, бұл сипат ұлттың психикасына қайшы келмейді, халықтың ежелгі жақсы дәстүрінің жалғасы боп табылады.

Ал, ұлттың асыл дәстүрі жалпыхалықтық, интернационалдық сипаттың көркі болады. Көркем шығарма қаһарманның ұлттық келбетінің сұлу қырларын неғұрлым терең ашса, бұл қасиеті оны басқа халықтардың жүрегіне соншалық жақын етеді, олардың рухани байлығын молықтыра түседі. Ұлттық сипаттың жалпыхалықтық және интернационалдық сипаттарға ұласуы дегеніміз, міне, осы.

II

Біздің еліміз халықтарының қоян-қолтық жақындауының, туыскандық қатынастары нығаюының үлкен бір белгісі—түрлі ұлт адамдарының тіршілік-тұрмыста, әр сала істе, еңбекте бір-бірімен тығыз араласып, бірге жүріп қызмет атқарып, қолтықтасып күн кешіп отырған жарасымынан көрінеді.

Совет әдебиетінің социалистік жаңа мазмұнын паш ететін артықша бір қасиетін осы ұлы шындықты шабытпен бейнелеуінен көреміз. Советтік ақиқат біздің туысқан

халықтар әдебиеттерінің алдына аса келелі мәселе тартты. Ол — бауырлас ұлттардың сындарда шындалған ынтымағын, жарасымды қарым-қатынастарын шынайы суреттеу мәселесі.

«Совет әдебиетінде біздің халықтарымыздың достығын бейнелеу—ең қадірлі тақырыптың бірі»,—деп жазған еді Мұхтар Әуезов. Ол бұл жөнінде, әсіресе, ұлы орыс халқына, оның мәдениетіне зор махаббатпен көңіл бөлуді айрықша бағалы сипат санады. «Барлық совет халықтарының ішінде бауырлас, дос орыс адамы мәдениеттің, өскелең дәстүрдің, үлгілі қасиеттің асыл мысалдарын көрсету шарт. Себебі оның ұлты барлық социалистік ұлттар ішіндегі мәдениет, өнер, үлгі жағынан аға ұлт» (Мұхтар Әуезов. Шығармалар. А., 1969 жыл. 12-том, 185-бет.).

Ұлты басқа, тілі түрліше болғанмен, күресінің мақсаты, арманы мен мүддесі бір біздің халықтарымыздың ерекше жарасқан дос ортасы бар. Сол ортаның қалыптастырған рухани жаңа сапалары бар. Олай болса, әдебиетте халықтар достығын бейнелеу дегенді кең мағынада түсінуіміз керек.

Халықтар достығын осы мағынада ұққанда, тағы бір үлкен шындық жарқырап көзге түседі. Адамзат қоғамының дамуында қай ұлттың сіңірген тарихи еңбегі зор болса, оның өз тарихи өміріндегі рухани қазына-байлығы да сол дәрежеге сай үлкен болады. Біздің елімізде орыс ұлтының басқа бауырлас жұрттар артықша қадірлейтіндей осындай ролі бар. Туысқан халықтар әдебиетінде бейнеленген орыс адамы «мәдениеттің, өскелең дәстүрдің, үлгілі қасиеттің асыл дәстүрлерін көрсетуі шарт» дегенде. М. Әуезов нақ осы шындықты нұсқап айтады. Әрине, Әуезов бұл сөзді жағымды қаһарман мәселесіне қатысты айтып отыр.

Қазақ совет әдебиеті өркендеуінің бастапқы кезеңдеріндегі шығармаларда орыс адамдарын бейнелеуде бәрінде ұқсас шыққан бір сарын болды: қазақ ішіне келіп, жаңа ортаға араласушы орыс адамы ылғи кеңес беруші, жәрдем жасаушы, қамқорлық етуші кейпінде көрінеді.

Бұл секілді бірсарындылық болуының, біздің ойымызша, екі түрлі себебі бар секілді. Мұның біріншісі өмір шындығының өзіне байланысты, екіншісі қазақ халқының ауыз әдебиетіндегі ежелгі сарынға қатысты гәп.

Еліміздің советтік тарихына көз жіберсек, азаттық

үшін айқас жылдарында да, елді советтендіру, тап жауларын құрту, колхоз құрылысын ұйымдастыру кезеңдеріндегі күрес уақыттарында да, бұдан кейінгі мерзімдер ішіндегі бүкіл ірі оқиға, үлкен істерді жүзеге асырудың барлық кезеңінде де қазақ халқына орыс халқы ұлы достық көмек көрсетті. Қазақ өмірінің әр саладағы жаңа ісіне орыс адамдары белсене атсалысты. Өндіріс пен техника тетігін үйретуде, ғылым мен мәдениетті дамытуда қазақ жұртына орыс ұлты өкілдерінің сіңірген еңбегі қисапсыз мол.

Міне, осының бәрі орыс халқының ағалығына айғақ. Жазушыларымыз орыс адамын көркем шығармада үнемі ақылшы, жәрдемші етіп бейнелегенде, орыс халқының осы ролін көрсетуге тырысқан. Қазақ совет әдебиетінің алғашқы кезеңдеріндегі шығармаларда (тіпті одан кейінгі уақыттардағы кейбір шығармаларда да) орыс адамдарының бір сарынды сипатталып, бір ренді боп шығуы өмір шындығының өзіне де байланысты болды деуіміздің себебі сондықтан.

Бірақ біз бұл арада мәселеге тек сырттай карап айттып отырмыз. Әдеби қаһармандардың бір сарынды суреттелуін, рендері біркелкі кескінделуін мақұл демейміз. Шындық сондай болғанда, авторлар қайда ұзамақ деп, оларды да жақтамақ, яки талапты кішірейтпек ойымыз жоқ. Өмірдің қыры көп те, сыры алуан. Қанша адамды алсақ, мейлі бәрі бір ортада бірге жүрсін, әрекетінің ауқымы, ақыл-ой қабілеті, іске ебі мен икемі әрқайсысында әр дәрежеде. Сол сипаттары арқылы олардың пішіндері айқындалатынын білеміз. Көркем шығармада қаһармандар өздерінің осы даралық кескіндерімен көрінуге тиіс дейміз.

Алайда қазақ совет әдебиетінің алғашқы кезеңдеріндегі шығармаларда орыс адамдарының образдарын мүсіндеуде бұл шеберлік ойдағыдай көріне алмады. Мұның себебі, біріншіден, жазушыларымыздың өмір құбылыстарының ішкі мазмұнына терең үңіле алмай, тек сыртқы көріністерді тамашалауынан, екіншіден, басқа ұлт өкілдерінің бейнесін жасау тәжірибесінің жаңа жас әдебиетімізде әлі қалыптаспағандығынан еді. Сонымен, әдебиетімізде орыс халқының өкілдерін бейнелеуде көрінген бірсарындылықтың бірінші және басты себебі деп осы жағдайды айтамыз.

Ал, енді екінші себебі қазақ халқының ауыз әдебиетіндегі ежелгі сарынға қатысты деген сөзіміздің жайына

келелік. Халқымыздың фольклорында басқа ұлттар ортасынан алынған жағымды қаһармандардың іс-әрекеттерін суреттейтін шығармалар аз емес. Мұның өзі ел-елдің арасындағы достықты, жарастықты тілеген халықтық арманның көрінісі екені мәлім. Қазақ фольклорында сипатталатын басқа ұлт адамы қазақ еліне бейбітшілік тілейді, қазақтың ел қорғаған батырымен төс тақасып дос болады, оның басына түрлі қиындық түскенде, тығырыққа тірелгенде, оған үнемі жәрдем етеді, ақыл-кеңес қосады, жөп сілтейді. Мәселен, белгілі эпостарымызда қазақ батыры Қобыландыға жанашыр серік болатын қалмақ қызы Қарлыға, Алпамысқа достық пейіл көрсететін бөтен елдік Кейқуат осындай әрекеттерімен көрінеді.

Басқа ұлт адамының қазақ жұртына достығын оның осылайша жаны ашуы, жәрдемдесуі, кеңес беруі арқылы дәріптеу біздің халқымыздың ауыз әдебиетінде белгілі дәрежеде қалыптасқан сарын. Бұл сарын жазба әдебиетімізге келіп ұласты.

Басқа ұлт ортасынан алынған жағымды қаһарманды бейнелеуде жазба әдебиетімізде тың жол бірден түсе қалмады, фольклорымыздағы ежелгі машыктардың әсері зор болды. Мысалы, Октябрь алдындағы қазақ әдебиетінің ірі өкілі Сұлтанмахмұттың «Кім жазықты?» поэма-сында суреттелетін жас жігіт Петька, қазақ совет әдебиетінің алғашқы кезеңіндегі елеулі кесек шығармалары — «Қызыл сұңқарлардағы» жауынгер Нестерев, «Азамат Азаматычтағы» саяси қызметкер Алексеев, «Бүркіт-шідегі» шекарашы Паншин сынды орыс адамдарының бейнелену сипаттарынан сол әсерді аңғарамыз.

Бұл қаһармандардың да қазақ адамдарына көрсететін достық көмегі мен әрекеттерінің түрі — жоғарыда айтылған жайлармен бірсарындас. Мұндай күйді басқа да бірқатар шығармаларымыздан байқаймыз.

Әдебиетімізде орыс адамдарын бейнелеуде бірсарындылықтың көрініс беруінің екінші себебі фольклорымыздағы ежелгі машыққа қатысты еді деген пікірімізді осы жайларға қарап айттық.

Көркем шығармада орыс адамын бейнелеуде және бір кемшілік болып келді. Бұл хақында М. Әуезов мәшһүр мақаласында былай деп еді: «Біздің кейбір шығармаларда «орыс адамын орыс етіп» көрсету орнына, басқа ұлттың қалпына түгел ауыстырып жіберген әдет бар. Оған сылтау, себеп етіп сол орыс адамдарының туысқан

ел арасында көп тұрғандығын, оның тілі мен салтын жақсы білетіндігін айтады. Осы жайға сүйеніп, жаңағы геройдың мінезін, ой-сезімін, тіл, сөз қалпын өзінің ұлттық жаратылысынан мүлде өзгертіп әкетеді... Мұндай тәсіл мен үлгіні қолдану арқылы жазушы өзінің ең бір қасиетті міндетін арзандатып шешіп, онай жалтарып кетеді. Ол міндеті — орыс адамын оның халқына сай психология, мінез ерекшеліктерімен анық орыс адамы етіп суреттеуде».

Әрине, жоғарыда көрсетілген кемшіліктердің бәрі де іздену жолындағы мүлтіктер. Жақсы соны үлгілер бірден туа қалмайтыны анық. Осыны ескерсек, бүгінгі жетістіктер туралы айтқанда, ұлттық әдебиетімізге тың саз, жаңа өрнек әкелген таңдаулы шығармалар жаңалығына көзіміз алдымен түседі. Бұл ретте оқшау биік тұрған шығарма — «Абай жолы».

Өзінің бүкіл реалистік сипатымен, өмір танытқыштық терең мазмұнымен, аса үздік көркемдік қуатымен ұлттық әдебиетімізді мол тың сапалармен байытқан бұл роман, көркем шығармада басқа ұлт адамының толыққанды образын жасау тәжірибесінде де, принципті жаңалықтар әкелді.

Ол сонылықтарды, ең алдымен, жазушының басқа ұлт адамын оның халқына сай мінез-ерекшеліктерімен, анық осы жұрттың өкілі етіп суреттеген шеберлігінен көреміз; одан соң, сол қаһарманды эпос батыры секілдендіріп әсірелей бермей, оның ерекшелігін, білімі мен өнегесінің артықшылығын өскен ортасының нәтижесі ретінде танытып, бірақ бұл кейіпкер де қарапайым адам екендігін, сондықтан, жалпы адамға тән неше алуан сезім күйлері мен көңіл толқындары мұның да басынан өтіп жататындығын, жадырап жүруімен қатар, күйзелетін де, тарылатын да сәттері болатынын терең бейнелеген шыншыл суреттерінен көреміз.

Павлов келбетін көз алдыңызға келтіріңізші. Ол — орыс адамы және сол халықтың алдыңғы қатарлы революцияшыл қауымының өкілі. Жанының жомарттығы, көңілінің жарқындығы, пейілінің кендігі секілді жан-дүние сипаттарымен, бүкіл психологиялық ерекшелігімен Павловта нағыз орыс адамының келбетін танытатын өз озат қауымының асыл қасиеті бар. Бұл оның тұтқан идеалынан, ойларының сонылығынан, көзқарасының жаңалығынан айқын сезіледі.

Орыс адамы Павловтың жан-дүниесінің сол сұлу маз-

мұны оны тілі, салты басқа жұртқа соншалықты түсінікті етеді. Павлов қазақтар тұрмысына, дала тіршілігіне тек қызығып, таңырқап қараушы емес, ол осы халықтың қанау мен қараңғылық қыспағында бастан кешіп отырған ауыр күйіне терең күйзеледі, тағдырына толғап, келешегіне ой салады. Қазақ ауылдарына дерт апаты келгенде, өз басын саугаламай, кеселден қорықпай, халыққа жап-тәнімен жәрдемдесіп, үлкен іс атқарады. Ол өз ұлтын қандай сүйсе, басқа халықты да сондай зор махаббатпен жақсы көреді. Оны дала қазақтарына, олардың өз ортасының адамындай жақын етіп жіберген асыл қасиет осында.

Абай Павловқа жанашыр дос деп құшақ жаяды, оның халық үшін сіңіріп жүрген еңбегіне сүйсінеді, тұтқан максатына, қоғам, тіршілік хақындағы тың ойларына махаббатпен ден қояды, өмірдің мәні туралы көзқарасы тереңдей түседі. Павловтың жанашыл пікірлері Абайдың көп көмескі ұғымдарын нұрландырады. Сонымен қатар, Павловтың өзі де сахараның кемелгер ақынының қазақ өмірі шындығынан қорытқан ойларын, болжауларын ілтипатпен тындап, зер салып, олардан өзіне рухани нәр алады.

Сөйтіп, Абай мен Павловтың жүректеріндегі сезімдері үндесіп, тілектері қабысып, ойлары қатарласа дамиды, бірінің пікірін бірі толықтырып отырады. Адал достық негізінде екеуінде көзқарас бірлігі туады. Абай мен Павловтың достық қатынастарын терең суреттеу арқылы жазушы бізге екі бауырлас халықтың ортақ мүддесін шынайы танытады.

Романда екі ұлттың екі өкілінің достығы Павловтың Абайға жасаған жәрдемі мен Абайдың Павловқа көрсеткен адал ықыласын сипаттау тұрғысында ғана көрінбейді, екеуінің бір-біріне ететін әсер-ықпалын ашу арқылы және іс-әрекетімен, ақыл-ойымен, сезім қасиеттерімен біріне-бірінің рухани сапа қосқанын терең бейнелеу арқылы ерекше жарқырап танылады.

Ұлт пен ұлттың, адам мен адамның арасындағы нағыз достықта осындай—біріне-бірі әсер ететіндей, бірін-бірі рухани байытатындай асыл қасиет болмақ. «Абай жолында» жазушы соның қайнар көзін керемет шеберлікпен әсерлі бейнелейді. Мұны М. Әуезов романының зор жаңалығы деп санаймыз.

Көркем шығармада басқа ұлт адамының жағымды образын жасаудағы бұл жаңалық қазақ совет әдебиеті-

нің кейінгі жылдар туындыларында кең өріс тауып, тереңдеп дами түсті. Орыс адамын немесе басқа халық өкілін суреттеуде бұрынғы дағдылы бірсарындылықтан шыға алмау жоқ. Тың ізденістер, жаңа жемістер бар.

Міне, трест бастығы, орыс адамы — Щербаков («Қарағанды» романы). Ол — кен өндірісінің жайын жетік білетін және осы салада көп жыл жауапты қызметтер атқарған тәжірибелі басшы. Қарағанды көмір өндірісіне партиялық жолдамамен келеді. Революция кезінің, азамат соғысының ауыр жылдарында тұралап қалған, әрі бұрынғы капиталист қожаларының тек пайда табу мүддесіне негізделген ескі шахталарды жаналау, бүкіл жұмыс жүйесін социалистік жолмен жанаша құру істері Щербаковқа жеңіл тимейді; кейбір қиын мәселелер, қатқабат ауыртпалықтар алдынан шығып отырады. Ел өмірінде таптық күрестің қызып тұрған уақыты. Сол айқастың отты ортасында жүріп, талай тар өткелдерден өтеді.

Сонда Щербаковтың әрі жәрдемшісі, әрі ақылдасар серігі — қазақ жігіті, коммунист Мейрам. Мұның Щербаковтан жасы да кіші, өмір тәжірибесі де аз. Сондықтан, кейде ісінен мүлтік жіберіп алатыны да бар. Мұндайда Щербаков оны аркадан қақпайды, кемшілігін сынайды, ескерту жасайды. Бірақ ол ақылгөйсмейді, білгірмін деп өзін жоғары ұстамайды, қызмет барысында өз тарапынан да кеткен кемшіліктерді тексеріп отырады, соларды түзеудің, қайталанбауының жолын іздейді. Осындай шақтарда оның Мейрамнан да алып отыратын ақыл-кенестері аз емес.

Бір мүдде жолындағы күрес үстінде екеуінің бір-біріне осылай көрсететін адал жолдастық көмегі бар. Щербаков өзін биік тұтпайды, Мейрам өзін төмен санамайды, өйткені азаматтық праволары бірдей және екеуіне қойылған социалистік қоғам талабы бірдей. М. Әуезовтің «Өскен өркеніндегі» обком секретары, ұлты орыс Нил Карпов қазақ ауылдарын аралап жүріп, қарапайым малшы қазақтармен бір дастарқан басында отырып, шаруашылық жайлары, тұрмыс мәселелері хақында әңгімелескенде, бір өзі ғана ақылшы боп көсемсімейді, дала еңбеккерлерінің пікірлерін, ұсыныстарын зор ынтымақпен қабылдайды; олардың ойлары мұның білімін молықтыра түседі. Т. Әлімқұловтың «Ақбоз ат» романының қаһарманы — орыс азаматы Леонид Бандалетов қазақ жерінде ұзақ жылдар жауапты қызмет атқарады. Өмір

тәжірибесі мол, көпті көрген кексе кісі. Терең білімді және мәдениеті жоғары адам. Оның жұмысты жүргізу, басшылық ету әдісінен, мінезі мен сөзінен, жұртпен қарым-қатынасынан биік өнеге көрінеді. «Барлық социалистік ұлттар ішіндегі мәдениет, өнер, үлгі жағынан аға ұлтың» өкілі Бандалетов, өзінің бүкіл сипатымен, «мәдениеттің, өскелең дәстүрдің, үлгілі қасиеттің асыл мысалдарын көрсетуі шарт» деп М. Әуезов айтқан дос орыс адамының келбетін танытады.

Бандалетов өзі қызмет етіп, қоян-қолтық араласып жүрген қазақтар ортасына үлгілі өнеге таратумен қатар, бұл бауырлас қарымнан өзі де үнемі дәріс алып отырады. Мұның бәрі оның рухани байлығын молайтып, жандүниесін сұлуландыра түседі.

С. Жүнісовтың «Жапандағы жалғыз үй» романында қарапайым орыс шаруасы Григорий қарттың характері орыс адамына тән мінез-құлық ерекшеліктерімен жаксы ашылған. Жасынан қазақтар арасында өскен Григорий қазақ жұртының тұрмысына, салты мен әдет-ғұрпына өте қанық. Қазақ тіліне судай. Қазақтардың жөн-жосығын жетік біледі. Және қазақ достарының арасында бұл тәртіптерді құрметпен сақтай біледі.

Жазушы, бірақ, Григорийдің ой-сезімін, мінезін оның ұлттық жаратылысынан өзгертіп әкетпейді. Григорий қарияның психологиялық күйлерінен, ішкі сезімдерінің иірімдерінен ұлттық табиғаты танылып отырады. Ал, оның қазақтардың жөн-жосығына жетіктігі һәм сол тәртіптерді сақтай білетіндігі және осы ұлттың тілін өз ана тіліндей меңгеруі секілді қасиеттерінің бәрі Григорийдің жүрегіндегі асыл сезімді ұқтырады. Ол өз туған халқына деген ыстық махаббатындай сезіммен қазақ халқын да сүйе біледі. Бұл халықтың ежелгі салтына, тіліне үлкен құрметпен қарайды.

Дос орыс адамының осы жан қасиетін терең көрсету үшін жазушы сәтті тапқан және біздіңше, романда ұтқыр суреттелген мынадай бір жағдай бар. Революция жылдарының дүрбелені тұсында жетім қалған панасыз қазақ қызы Райханды Григорий өз қамқорлығына алып, бала етіп асырайды. Мәпелеп өсіреді, оқытады, азамат қып жеткізеді. Міне, сонда, бүкіл көрсеткен өнегесі мен берген тәрбиесінде де бұл адам жас Райханның жан-дүниесіне оның туған жұрты — қазақ халқының асыл қасиеттерін сіңіруге, оны нағыз қазақ қызы етіп өсіруге тырысады. Райханды қазақ ғұрпында тәрбиелейді. Жас

жетім қызға Григорий оның туған қазақ ата-анасындай боп көрінгісі келеді.

Григорийдің бұл мінездері жетім қызды мүсіркеген аяушылық сезімді ғана білдірмейді, бұдан гөрі тереңірек қасиетті әйгілейді. Басқа бауырлас халыққа деген жүрегіндегі зор махаббатты паш етеді.

Осы қарапайым орыс адамының асыл жан сапалары Райханның ақыл-санасының, мінез-құлқының қалыптасуына зор ықпал жасайды. Жас қыз Григорийден әкелік қамқорлық, үлкен мейір көрумен қатар, оның бүкіл мінезінен, әрекет-қылықтарынан, әдет-машықтарынан өнеге алады. Оған еліктейді. Сол кісі секілді ашық мінезді жалтаруды, жасқануды білмейтін тура бетті боп ер жетеді. Райханның характерін биіктетіп көрсетіп тұрған тың белгілерден Григорийдің сұлу жан-дүние қасиеттерінің әсерін аңғарып отырсыз.

Ал, «Торғай толғауы» аталатын Ж. Молдағалиев романының жағымды қаһарманы — орыс азаматы Красноруцкий шалғай ауылдағы қазақ досының жасөспірім баласы Нұрланның өнерге дарыны барын байқап, қаладағы оқу орнына түсіру керектігін мақұл көреді де, қысқа жібі күрмеуге келіңкіремей отырған досына жәрдемдесіп, баланы өз қолына алып тәрбиелейді. Жас жеткіншек бұл қамқор адамнан өз әкесінің мейіріндей ыстық мейір көреді. Балғын жанына оның үлкен мейірбанды жүрегі мол нұр төгеді. Жеткіншек Нұрланның жан қасиеттерінің сұлуланып қалыптасуына сол нұрдың зор ықпалы тиеді.

Халықтар достығынан, ұлттардың бір-біріне махаббатпен қарауынан ұлы шапағат тарамақ. Сол шапағат адамдардың жан-дүниесіне тың сапалар дарытпақ, рухани байытпақ. Жоғарыда аталған шығармаларда тартымды суреттелген ұлт өкілдерінің достық қарым-қатынастары осы шындықты әдемі таныта алған.

Ұлты, тілі басқа болғанмен, мақсат-мүддесі бір, ісі ортақ советтік туысқан халықтар өмірінде социалистік дәуір шындығы бекем қалыптастырған бір асыл салт бар. Ол — адамды ұлтына, нәсіліне қарап емес, ісіне қарап тану, қасиетіне қарап қадірлеу. Еліміздің өмірінің қай саласын алсақ та, бәрі бір семьяның мүшелеріндей жарасып, дәм-тұздары араласып отырған, ортақ істі бірігіп атқарысып жатқан бауырлас ұлттар адамдары бар. Ал, сол адамдардың психикасында ұлттық еркшеліктер болады, бірақ, олардың еңбек жүйесінде, іс бөлісулерінде

ұлттық жік жоқ. Бәріне бірдей ортақ еңбек тәртібі бар; еңбекке көзқарастың жалпыға ортақ социалистік принципі бар. Сол ережелерге кім қалай қарайды? Міне, адамның бағасын көрсететін өлшем — осы.

Тіршілік бар жерде күрес, тартыс жүріп жататыны мәлім. Олай болса, ұлты, тілі басқа болғанмен, мақсат-мүддесі бір, және ортақ істі бірігіп атқарысып жатқан бауырлас адамдар арасында да кейбір ұғыныспаушылық туып қалатыны заңсыз құбылыс емес. Бірақ бұл бізге ұлт дұрдараздығы сияктанып көріне алмайды, өйткені оның тамыры ұлттық тұйықтануда (немесе ұлттық менменсуде) жатқан жоқ, оның төркіні жоғарыда айтылған жалпыға ортақ принциптерді түсінуде және орындауда біріне бірі үйлесе алмаған екі түрлі мінездің қайшылығында.

Демек, бұл қайшылық үдеп-дамып, шиеленіске жетсе де, ол тек екі түрлі мінездің өз белгілері түрінде көрінеді. Сондықтан, біз қаһарманның ұнамдылығын оның ұлтына, не нәсіліне карап емес, ісінің әділдігіне, бағытының дұрыстығына карап танымыз да, жақтаймыз, сол сияқты, ұнамсыз адамды да оның әрекетінің жағымсыздығынан, пиғыл-ниетінің жамандығынан көреміз де, жазғырамыз. Осы мәселені көркемдікпен шешу — қазақ прозасының елеулі жаңалығының бірі.

Міне, майдап даласы. Жау Отанымыздың астанасы — Москваға төніп кеп қалды. Қатерлі кезең, әскери тактика жөнінде орыс офицері Курганов пен қазақ офицерінің арасында келіспеушілік туып қалады. Сонда екеуінің бұл қақтығысы бір мәселені шешуде екі дос адамның пікірлерінің үндеспеуінен туады. («Москва үшін шайқас»).

Міне, еңбек даласы. Көктем егісі науқанының қызу уақыты. Тракторшы жігіттер Василий мен Қайрат жүз шайысып қалады да, бірін-бірі сырттарынан қыжыртып жүреді. Екеуі — екі ұлттың өкілі. Екеуі де бұрын бір-бірімен әзіл-қалжындары жарасып жүрген жақсы достар болатын. Еңбекке қатысты мәселеге байланысты екеуінің пікірі екі жаққа тартады да, бұлардың кикілжіңі сол қайшылықтан туады («Ақкуды атпас болар»).

Ал, мына екі жігіттің — қазақ Елеусіз бен татар Рафигтің арасында болатын егесу махаббат шырғалаңына байланысты тұтанады («Ақбоз ат»). Екеуі бір қызға — сұлу бойжеткен Шырынға ғышық болады. Бұл күйді іштерінен екеуі де сезіп жүреді де, қыз алдында бірінен бірі

артық көрінуге тырысады. Әрқайсысының жүрегінде қызғаныш шоғы жатады. Осы шок екеуін бір-біріне қарсы өректіреді.

Мысалға келтірілген осы тартыстар жоғарыда аталған шығармаларда, жалпы адамдар арасында болып жататын қайшылықтар түрінде сипатталады да, біз олар тартыстардың мазмұнынан ұлттық жікшілдікті емес, адамдар өмірінің табиғи құбылысын ұғамыз. Сол себептен қаһармандардың қылықтары бір-бірінің ұлттық намысына тиетін әрекеттер сияктанып әсте көрінбейді, әр кейіпкердің өз мінезінің даралық күйі ретінде қабылданады. Ал, оқырман бұл әрекет-қылықтарға қоғамымыздың жаңа принциптері тұрғысынан баға береді.

Біз бұл арада қаһарманның ұлттық белгілері болатынын жоққа шығармаймыз. Адамның психологиясынан, сезімдерінің біліністерінен, бүкіл ішкі әуенінен оның ұлттық ерекшелігі аңғарылатыны анық. Кейіпкердің бұл сипаты ашылмаса, оның келбеті солғын тартады.

Біздің қайсыбір шығармаларда орын алып отырған елеулі кемшіліктің бірі — қаһарманның осы ұлттық ерекшелігінің көмескі көрінуінде. Рас, бұл шығармалардың тақырыптары да, көтерген мәселелері де жап-жақсы болып-ақ келеді. Автор халықтар достығын, советтік ұлттар адамдарының жарастығын олардың мақсат-мүддесінің бірлігі, істерінің ортақтығы арқылы көрсетуге тырысады. Бірақ қаһарманның жан-дүние толқындарының, сезім әуендерінің ұлттық-психологиялық ерекшеліктерін терең ашуда шалағайлық жасайды да, адамдар қарым-қатынасын жалпылама айтып кетеді. Сондықтан қаһарман қызу оқиғаға араласып, белсене әрекет жасап жүрген сияктанып көрінсе де, оның образын жарқыратып тұрған ұлттық белгілерін тани алмайсың, тек аты-жөніне қарап қана қай ұлттың өкілі екенін білесің.

Әдебиет зерттеушісі, филология ғылымдарының докторы Б. Буряк біздің замандасымыздың ұлттық келбеті жайындағы мәселеге қатысты пікір айта келіп, былай деп ой түйіпті: «Біздің замандасымыздың характерінің ең басты, ең негізгі ұлттық белгілері еңбекте ашылады, еңбекке деген социалистік (немесе социалистік емес) көзқарасынан көрінеді». (Б. С. Буряк. «Проблема характера в современной украинской прозе»). Жалпы алғанда, бұл пікірде ешқандай да жаңсақтық жоқ. Бірақ, біздіңше, осы пікірде нақтылық жетіспейді, жалпылама сөз айтылған. Адамның еңбекке қалай қарауы және еңбекті

калай атқаруы оның көзқарасын танытатындығы, қай әлеуметтік ортаның өкілі екендігін білдіретіндігі анық. Еңбекке деген ықыласының сипатынан, еңбекті қалай бағалауынан кісінің адамгершілігі де ұғылады. Ал, ұлттық белгісін қалай ажыратар едіңіз?

Мәселен, айталық, жұмыстың белгілі бір саласында үш дос, үшеуі үш ұлттың өкілі, бірігіп еңбек атқарып жатыр. Үшеуі де саналы азамат, еңбекті жоғары бағалайды, қадірлейді. Еңбек елді көгертетінін, адамға абырой-атақ әперетін ардақты іс екенін үшеуі де терең түсінеді. Және үшеуінің атқарып жатқан еңбектерінің сипаты да бірдей. Бұлар еңбекті сүйіп атқарады, махаббатпен атқарады.

Немесе, керісінше алалық, міне, үш адам, бұл үшеуі де үш ұлттың өкілі, бір жерде бірге жұмыс істейді. Бірақ үшеуі де жалқау, еңбекке қуанып кіріспейді, жұмысты ықылассыз істейді. Тер төкпей, қиналмай, оңай олжа табуға, біреулердің арқасында күн көруге бейімделген керенаулар.

Енді салыстыралық: алғашқылар — еңбекті қадір тұтқан адамдар. Оларда еңбекке деген социалистік көзқарас бар. Ал, мына кейінгілер — еңбекті сүймейтін, жатып ішуді тілейтін керікеткендер. Бұларда еңбекке деген социалистік көзқарас жоқ.

Осы сипаттарына қарап біз алдыңғыларды ұнамды кісілер дейміз, олардың іс-әрекеттерінің мазмұнынан, еңбекке көзқарастарынан рухани жақсы сапаларын, адамшылық қасиеттерін танимыз. Ал, кейінгілердің мінсіз-құлықтарынан, еңбекке ықыластары тартпауынан бұлардың рухани жүдеулігін, адамшылығының төмендігін түсінеміз.

Сөйтіп, еңбекте кісінің ең алдымен адамшылық дәрежесі танылады. «Замандас характерінің ең негізгі ұлттық белгілері еңбекте ашылады», — деген сөзді жалпылама сөз деуіміздің бір себебі осында. Екінші себебі — бұл пікірде адамның әрекетінің (бұл арада еңбегінің) сыртқы түрі ғана басшылыққа алынып отыр, адамды белгілі әрекетке жетелеген ішкі күйлердің білініс ерекшеліктері (яғни қаһарманның ұлттық психика өзгешеліктері) жете ескерілмей отыр.

Совет адамының тамаша келбетін паш ететін асыл белгілер бар. Біздің социалистік Отанымыздың туысқан ұлттар адамдарының бәріне ортақ, бәріне тән белгілер бар. Бұл белгілер олардың өмірге, адамның қоғамдағы

роліне деген социалистік көзқарастарының бірлігінен көрінеді.

Ал, осы белгілердің білінісінде, жеке индивидтің ұлттық психикалық өзгешеліктеріне сәйкес, ерекшеліктер болады.

Біздің бүгінгі прозамызда орын алып отырған кемшіліктің бірі — ұлттық характерді ашуда кейбір шығармаларда осы тереңдіктің жетіспеуі. Бұларда басқа ұлт адамының еңбектегі өнегесі, жақсы істері, жолдасқа, коллективке деген адал ықлас-пейілі жағымды тұрғыдан сипатталады. Бірақ қаһарманның ұлттық ерекшелігі айқын емес. Оның қай ұлттың өкілі екенін психикалық ерекшеліктерінен тануымыз керек қой, бірақ олай емес, кейіпкерге автордың қойған аты-жөнінен ғана ажыратамыз.

Бұл кемшілік, біздіңше, мынадан туып отыр: шығармада қаһарманның бүкіл қыры жан-жақты ашылуына мүмкіндік берілмей, кейіпкер көбінесе біржақты ғана сипатталады. Мәселен, қаһарман (сөз басқа ұлт өкілі туралы болып отыр) белгілі бір жұмыс аткарып жүреді, еңбекте өнеге көрсетеді, жұртқа үлгі болады, басқаларға тәжірибесін үйретеді, достық, жолдастық көмегін аямайды. Шығармада қаһарманның сол өзі жүрген ортаның адамдарымен жақсы қарым-қатынасы, өзара сыйласуы да суреттеледі. Бірақ мұнда да қаһарман тек бір қырынан ғана көрініп отырады. Оның жеке басының жай-күйлері, тағдырының тораптары ашылмайды.

Ол — адам ғой, сондықтан өмірде, тұрмыста адам басында болатын алуан күйлерді ол да бастан кешіруі керек. Тек жұмыстағы, қызмет бабындағы ахуалдарға ғана байланысты емес, өзінің жеке тұрмысындағы, семьядағы жағдайларына қатысты да сол күйлерді ол кешпек. Біздің көптеген шығармаларымыздың кемшілігі — басқа ұлт адамын, оның жеке тұрмысының жай-күйлерін ашуға бармай, семьясынан, туған жұртынан даралап бейнелеп, жалаң сидаң көрсетеді. Сол себептен оның еңбегін, жақсы қызметін жазушы қанша дөріптеп суреттегенмен, қаһарманның жан-дүниесінің сұлу қырлары ашылмай, салқын тартып тұрады. Бүгінгі прозамыздың жақсы деген шығармаларының өзінде де басқа ұлт адамының образын бейнелеуде осы мін көзге түседі.

Бұл кемшіліктің төркіні, біздің байқауымызша, жазушының басқа ұлт өмірінің тарихын білуіндегі олқылықта секілді.

Әрине, белгілі бір ұлттың өкілі боп табылатын жазушыға өз шығармасында басқа ұлт адамын, оның бүкіл ұлттық ерекшелігін аша, терең бейнелей алуы жеңіл-желпі іс емес. Тек жақсы ниет, жалаң талап жеткіліксіз. Жазушы басқа халықты өз туған ұлтындай жақсы көрумен қатар, сол жұрттың тарихын, бастан кешкен оқиғаларын, бүкіл тіршілік-тұрмыс шежіресін терең махаббатпен зерттеп, жіті білуі керек. Лермонтовтың «Біздің заманның геройын», Толстойдың «Хажы Мұратын» оқығанда, орыс әдебиетінің осы классик шеберлері тау елі адамдарының психикасын ғажап терең ашқанына қайран қаламыз. Шығарманың бізді сол таңырқататын сыры — бұл жазушылардың өз қаһармандарының ұлтына зор махаббатпен қарауымен қатар, осы жұрттың тарихын, бүкіл тіршілігінің тынысын дәл өздерінің туған орыс халқындай терең білуінде.

Бізге осы қасиет керек. Қайсыбір шығармаларымызда ұлт адамдарының образдары солғындашып, ұлттық ерекшеліктері танылмай, кейіпкерлердің бір-біріне ұқсап, жүдеу тартып шығатын себебі, міне, сол қасиетті меңгерудегі кемшілігімізде деп білеміз.

1972

ШЫҒАРМАНЫҢ РЕАЛИСТІК СИПАТЫ

Қазақ драматургиясының үздік туындысы — Ғ. Мүрептовтың «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» трагедиясы жөнінде біздің әдеби сынымызда аз жазылған жоқ. Солардың бәрінде де осы шығарманың көркемдік сапасы жоғарылығы, драмалық құрылысының ерекше қызықтылығы, тартымдылығы, образдар бітімінің кесектілігі айрықша аталады. Сонымен қатар, осы пьеса жөнінде әдеби сынымызда айтылып келген (әлі де айтылып қоятын) бір даулы пікір де бар. Бұл — «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» реалистік пьеса емес, романтикалық сарындағы пьеса деген пікір.

Осы пікірге қалай қараймыз? Сөзіміз сол туралы болады.

Әдебиет шежіресіне қарап отырсақ, бір кездерде романтизмнің өзіне әр алуан баға берілгенін көреміз. Романтизмді дәлелдеуде, Александр Фадеев айтқандай,

«Әдебиеттің бұрынғы профессорлары тек жалаң, формальдық, кездейсоқ, сыртқы белгілерді ғана басшылыққа алған». Сөйтіп, олар: шығармасында фантазия элементтері ұшырасқан суреткерді де, өткен күннің ерлік тақырыптарына оралған суреткерді де, келер күнге көз тастап, қияли шығарма жазған суреткерді де — бәріне де бір баға беріп, романтиктер деп есептеген. Шығармада алуан түрлі әдіспен жазушы бейнелеген өмір шындығының мәнісіне терең бойламай, олар тек сыртқы белгілерге ғана қарап тұжырым айтқан. Мұндай тұжырымның дәйексіздігін бүгінгі күні дәлелдеп жату қажет те емес.

«Әдебиеттегі негізгі «ағым» немесе бағыт екеу: романтизм мен реализм,— деп көрсетті ұлы Горький «Жазуды қалай үйренгенім туралы» деген әйгілі мақаласында.— Романтизмдегі және де айрықша екі түрлі бағытты тану шарт: пассив романтизм, бұл — шындықты боямалап, адамды онымен бітістіруге немесе шындықтан аулақтатып, адамды өзінің ішкі дүниесіне үмітсіз үңілтуге, «өмірдің тылсым сыры» жайындағы, махаббат турасындағы, өлім жөніндегі ойларға, «ақыл көзімен», пайымдаумен шешуге болмайтын, тек ғылыммен ғана шешілетін жұмбақтарға берілтуге тырысады. Актив романтизм адамның өмірге деген жігерін арттыруға, адам бойында болмысқа қарсы, оның езу-жаншу атаулысына қарсы бұрканысты оятуға ұмтылады».

«Қозы Көрпеш — Баян сұлу» пьесасында, Горький сипаттағандай пассив романтизм, әрине, жоқ. Бұл пьесада өмірлік шындық боямаланбай, Қарабайлар заманы өзінің бар қаталдық, жексұрындық сұрқымен көрінеді. Махаббат еркіндігін аңсаған жас ғашықтар үмітсіздік сезімге бой алдырмай, зұлымдықпен күрескенде де сұлу армандарын жоғары ұстап, адамгершіліктің асыл қасиеті үшін, келер-туар жақсылық үшін алысады. Баянның да, Қозының да көңілдеріне қобалжу жиі кіріп отырса да, бұлардың жақсы күнге, жақсылыққа ынтыққан іңкәр сезімдері бір сәтке де суымайды, қайта, жалын атып ұшқындап, өрши түседі; үміт-армандары кішіреймейді, асқақтап, ұлғая береді. Міне, осы белгілері «Қозы Көрпеш — Баян сұлуға» пассив романтизмді дарытпай, оны әлдеқайда шырқау биікке көтеріп әкетеді. Горький айтқан анықтама тұрғысынан қарасақ, мұндағы романтизм нағыз актив романтизм болар еді, ал «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» пьесасының бүкіл ішкі болмыс-бітімі, көркем-

дік стилі оны бұл романтизмнің де ауқымында қалдырмай, реалистік биікке шығарып тұр.

Сырт қарағанда, геройлардың соншалық жалындаған сезімдерін ойлағанда, «Қозы Көрпеш — Баян сұлуды» Шиллердің «Зұлымдық пен махаббатына» ұқсастыруға болар еді. Бірақ геройлардың ішкі болмысына, әрекеттерді туғызған жағдайларға тереңірек үнілсек, бұл екі пьесаның бір-бірінен жырақ сипаттарын танимыз. Революциялық буржуазияның романтигі Шиллер буржуазиялық геройларды, буржуазиялық өмір кескінін идеализациялау, соларды әсірелеу жолымен жүрді. Сұлу сезімдерді, адамгершілік асыл қасиеттерді толғаған Шиллердің геройлары қоғамның таптық сырын терең танытпайды. Фердинандтың махаббаты қандай жалындап тұр, сезімі қандай ыстық; осы жалын атқан махаббат Фердинандты нендей бір күйлерге түсіреді, осының бәрінде де Фердинанд тек махаббат тұтқыны кейпінде ғана көрінеді. Оның жалындаған сезімінен адамгершілік биік қасиеттің сұлу күйі төгіліп тұр. Бірақ бұл күй қоғамның әлеуметтік, таптық сырын терең әйгілей алмай, жас жүректің ыстық сезімін ғана, оның зұлымдықтан көрген қиянатын ғана паш етеді. Луиза басының халі де осындай. Махаббаттың тұтқыны кейпінде ғана көрінген, жалын атқан Фердинанд тек өз сезімінің құлы боп жүріп, зұлымдықтың төркінін аңдамайды, Луизаның мөлдір жанын түсінбей, оған у береді. Жалындаған сезімнің аңғырттығынан туған қателік екі бірдей жазықсыз жанды мерт қылады.

Сұлу махаббат нелері Қозы мен Баян да аңсаған армандарына жете алмай, мерт болады. Бұлар өздерінің үзілер ақтық деміне дейін, бір-бірін шын жалындап сүйген, көңілдеріне өздері жөнінде еш қаяу, еш күдік оралмаған, кіршіксіз таза жандар қалпында көрінеді. Қозы Көрпеш қаршадай кезінен-ақ жетімдіктің, теңсіздіктің кермек уын татып өсті. Мыңғырып жатқан малы жоқ жетім балаға, мұның мүсәпір, жесір шешесіне қатал заман жылы ұшырап қараған жоқ, зілдей салмағын түсіріп жіберді. Қозы Көрпеш осы ауырлықтың астында жүріп, қайратты ер боп өсті. Теңсіздік пен жетімдік қорлығын қаршадайынан көріп өскен жас Ноянның жүрсігіне тек қана әділдікті, жақсылықты, бақытты аңсаған сұлу арман ұялады. Ол осы арманға ғашық болды. Бұл арман оған ару Баян болып көрінді.

Байдың қызы болғанымен Баян да теңсіздіктің тұт-

қыны еді. Өз басының еркіндігін аңсаған жас ару осы бұғауда отырып, ол да сұлу арманға қол созды; тілегені-аңсағаны, жан сезімі бір, өзіндей жас адамды ғашығы етті. Бірақ бұлардың алдында асу бермес зор кедергі бар еді. Еркіндікке талпынған Баянның дәл жолында кесекөлденең түсіп, таудай бөгет боп, ең алдымен өз әкесі Қарабай жатыр. Оны төңкеріп тастауға Баянның әлі жетер ме? Қарабайдың арғы жағынан тағы да қабат-қабат кедергілердің түскіген жотасы көрініп тұр. Бұлардан қайтіп өтер? Баянда қобалжу да, қорқыныш та көп; заманның әділетсіз күші мың қабат толқытады оны, жүрегіне сескеніс кіргізіп, көңіліне қайғы да толтырады. Сонда да адал сезім қаснетін жоғалтпайды, кедергіге киіліккен сайын шымдама түсіп, жүректегі махаббат жалынын лаулата береді. Бірақ зұлымдық иелерінің қатал қара күші үстем еді. Сол қара күш Қозы мен Баянды армандарына жеткізбей мерт қылды.

Фердинанд пен Луизаның да махаббатын уландырып, оларды да қазаға ұшыратқан — зұлымдық. Ал осы зұлымдық жасарын жасап, қастандығын істеп тынғаннан кейін, өз жауыздығына өзі өкініп, егіліп, бұрынғы қаталдығын енді қайталамастай рай танытады. Президент зұлымдыққа өзі бас боп кірісіп, енді баласы мерт болғаннан кейін өздерінің әрекетіне қатты күйзеліп, өзгеше жұмсарған қалыпта көрінеді. Сөйтіп, «Зұлымдық пен махаббатта» зұлымдықтың әрекеті ғана көрсетіледі де, оның қоғамдық, таптық терең сыры ашылмайды, зұлымдыққа қатал үкім шығарылмайды. «Қозы Көрпеш — Баян сұлуда» көрсетілген зұлымдық, пьесаның ақыр аяғында да, сол зұлымдық қалпында қалады. Аяр сұм Жантық та, тас бауыр Қарабай да, қара жүрек Қодар да жаза тартады; халық қарғысына ұшырап, бірі қанжар ұшынан ажал тауып, бірі тентіреп, бірі жұтап қалады. Бұл — зұлымдыққа шығарылған қатаң үкім.

«Қозы Көрпеш — Баян сұлу» трагедиясының Шиллердің романтизміне ұқсамаған реалистік басты белгілерін, осы жоғарыда баяндалған жайлардан да анық көреміз. Әрине, бұл сөзімізден «Зұлымдық пен махаббатта» реалистік қасиеттер жоқ деген пікір тумасқа керек. Адам бар жерде қайнаған өмір бар; ал, өмір иелерінің тіршілігі жап-жатық өте бермек емес; кедергісі, қайшылығы, қақтығысы болып жататыны даусыз.

Жазушы шығармада сол құбылысты тек көрсетіп қана қойса, драмалық тартыстың қоғамдық, әлеуметтік сы-

рын ашпаса, зұлымдықтың төркінін танытпаса, сөз жоқ, ол шығарманың реалистік қуаты кем болғаны.

Адам баласы жаралғаннан бері ізгі қасиеттердің жауыздық-зұлымдық атаулымен алысын келгені ежелден мәлім. Бұл — шындық. Ертедегі грек трагиктері бұл шындықты керемет шебер көрсеткен. Эсхилдің, Софоклдің, Еврипидтің трагедиялық образдары мен Аристофанның комедиялық образдары сол шындықты әйгілемей ме? Ендеше оларда да орын алған реализм бар. Трагедияның атасы Эсхил — сонау бағы заманда, Афина мемлекетінің құрылу дәуірінде, грек-парсы соғыстарының тұсында, яғни, біздің заманымызға дейінгі V ғасырда өмір сүрген адам. Одан бері де қаншама ғасыр өтті? Ұлы трагиктің жасаған образдары бізді әлі де толқытады. Сонда ол образдардың қуаты педе болғаны? Мұның сыры сол образдар арқылы жырланған шындықта дейміз. Эсхил құдайларды бейнелейді, ал ол құдайлар кәдімгі адамдарша әрекет етеді. Сол әрекеттерден жақсылық пен жаманшылықтың, зұлымдық пен адалдықтың айқасы секілді, жалпы адам баласына тән сипаттар көрінеді.

Дүние-жүзілік әдебиеттің бұрынғы-соңғы ірі өкілдерінің қай-қайсысы болмасын, өз шығармаларына адам өмірінің, тіршілік күресінің шындығын негізгі арқау еткен. Біз Свифттің «Гулливер саяхатын» да реалистік шығарма дей аламыз, өйткені мұнда, А. Фадеевтің айтқанындай, фантастикалық шеңбер ішінде сол замандағы Англия өмірінің талай қырлары шындық тұрғыда әйгіленген. Сервантестің «Дон Кихотын» да реалистік шығармалар санатына қоса аламыз; бұл шығарма феодалдық рыцаршылықтың әумесерлігін терең шыншылдықпен көрсетіп, әжуалайды. Гетенің «Фаустына» үңіліп қараңыз. Мұндағы фантастикалық жан иелері мен кәдімгі адамдардың бетпе-бет қойылған әрекеттерінен өмірдің, уақыттың реализмін танимыз. Гете «Фауста» тарихтың тынысын білдіреді, прогрессивтік тенденцияларды әйгілейді.

Реализмнің басты қасиеті — өмірдің шындық құбылысын бейнелеуі. Геройлардың әрекеті шындық жағдайдан туып, заманның, уақыттың тынысын сездіріп отыруы — реализм қатаң талап ететін үлкен шарт. «Меніңше, реализм дегеніміз, детальдардың шындығымен қатар, типтік характерлерді типтік жағдайларда жаңғырта жасау шындығын білдіреді, — деп жазды Фридрих Энгельс Маргарита Гаркнесске оның «Қала қызы» деген кітабы жөнінде хатында, — сіздегі характерлер, олар әре-

кет еткен шеңберде алғанда, айтарлықтай типтік сипатқа ие, ал бірақ, оларды қоршаған және әрекет етуге мәжбүр еткен жағдайлар тұрасында олай дей алмаймыз». (К. Маркс и Ф. Энгельс. «Об искусстве», «Искусство», Москва, 1957 г., 1 том, стр. 11.).

Сонымен, жазушы типтік характерлерді типтік жағдайларда бейнелегенде ғана, геройлардың әрекетін туғызған сыртқы қоршаудың, ортаның, қоғамның сырларын ашқанда ғана, шығарма шын мәніндегі реалистік сипат алады.

Осы белгілер «Қозы Көрпеш—Баян сұлу» трагедиясында бар ма?—соған оралалықшы. Махаббат сусағандары—Қозы мен Баян бір-біріне елти ғашық бол, қиын қияға қол созды. Олар бас еркіндігін, махаббат азаттығын аңсаған, жалындаған жандар. Бірақ оларға еркіндік бермей, қанатын байлап, бұғаулап тұрған қатал тәртіп бар—феодалдық-патриархалдық тәртіп. Қозы мен Баян осы мейірімсіз қара күштің мәңгі тұтқыны болуды қаламайды, бұғауды үзіп шығып, кең аспанда еркін қанат қағуды тілейді. Оларды махаббат үшін күресуге сыртқы қоршау мәжбүр етті. Ал бұларды құрсаулаған сыртқы күштің қолында үстемдік бар. Үстемдік несі өз тәртібінің іргесін шайқалтпау үшін ызғар шашып, зұлымдығын іркілмей жасайды. Оларға өз қоғамының заңы, өз ортасының салты қадырлы. Сол заң мен салт мәңгі-бақи өзгермей, әмір құдіретін жүргізіп тұра берсе екен деп тілейді. Ал сол әділетсіз хәм қиянатшыл заң мен салттың ыркына көңгісі келмеген адам шыкса, олар бұған табанда қатал жаза тарттыруға дайын; бірақ мұны өздері зұлымдық деп санамайды, қоғамның, уақыттың тәртібін, ғұрпын сақтау деп түсінеді. Сондықтан да оларға өздерінің қатал әрекеттері жөн көрінеді. Етін кессең қан шықпайтын Қарабай — мал үшін өзі өлуге де әзір тұр. Бұл кімге мейірім қылар?! Жалған намысқа өрекігіш Қодар ылғи қынырайып қисық тартады да, сөз ынғайы келмей бара жатса, шокпар ала ұмтылады. Бұл кімді аяр?! Бірді бірге шалаша қағыстырып, өрт салып жүрген Жантық кімді мүсіркей?! Бірақ олардың ешқайсысы да өздерінің осы сұмпаы істерін теріс деп ойламайды. Өйткені олардың өз ортасына, өз қоғамына бұлардың істері жат емес, жексұрындық әрекеттер заманның жексұрындық қалпынан туып отыр. Сөйтіп «Қозы Көрпеш — Баян сұлуда» жағымды хәм жағымсыз характерлердің әрекеттері типтік жағдайларда көрінеді.

Реализм образында жан-жақты келген, кең тынысты сипат болуы шарт екені ежелден мәлім. Орыс реалистік драматургиясының классикалық шығармалары сахнаға шығарған типтер ерекше айқын сипаттарымен, алуандығымен, характерлерді ашудағы тереңдігімен қайран қалдырады. Ал бұлардағы реализм бір ғана мәнермен емес алуан үлгіде көрінеді. Біз Пушкин мен Гогольдің, Лермонтов пен Грибоедовтың, Тургенев пен Сухово-Кобылиннің, Островскийдің, Толстой мен Чеховтың, Горькийдің пьесаларындағы реализмді бір-бірінен айыра танымыз. Әрқайсысындағы реализмнің суреті бөлек.

Ал, сол пьесалардың барлығына тән бір ортақ сипат-үлкенді-кішілі мінездерімен көрінген әр кейіпкер өздерінің әрекеттері арқылы дәуірдің, тарихтың, уақыттың шындығын әйгілеп отырады, белгілі бір әлеуметтік ортаның характерін ашады. Реализм шығармасының негізгі қасиеті осында болса керек. Осыны «Қозы Көрпеш — Баян сұлуға» өлшеу-мөлшер етіп алып, ондағы адамдар бір-бір-ақ сезімнің, бір ғана сипаттың адамдары деп санап (ал, шынында «Қозы Көрпеш — Баян сұлудағы» адамдар — бәрі шетінен бір-бір ғана сипаттың адамдары емес), сондықтан образдар реалистік кемел сипат ала алмай, романтикалық шеңберде ғана қалған деп тұжырасақ, бұл пікіріміз дәлелді бола ма? Бір ғана қырынан, бір ғана сипатта суреттелген реалистік образдар әдебиетте жоқ па? Классикалық әдебиет шығармаларында тек қана бір сипатымен — яки аңқаулығымен, яки аярлығымен, немесе сарандығымен, әйтпесе жағымпаздығымен, жә болмаса басқа бір күйімен ғана оқшау көрініп, тіпті гротескіге айналып, ерекше бөлектене сипатталған образдар аз ба екен? Орыс әдебиетінде бір ғана Гоголь жасаған осындай типтер қаншама! Грибоедов суреттеген Скалозуб бір ғана сипатымен көрінсе де, ақыл несін азапқа салған қоғамның топастық сикын әйгілемей ме? Чехов әңгімелерінде бір-бір ғана қырынан сипатталған алуан тұлғалардан қоғамдық шындықтың алуан сырын аңғармаймыз ба?!

Біздіңше, мәселе образдың бір қырынан ғана көрінуінде емес, сол қырдың өмірлік шындықты қаншалық дәрежеде көрсете алуында болса керек. Егер образ өзінің бір ғана сипатта көрінген қалпымен, белгілі бір әлеуметтік ортаның бір қырын жақсылап танытса, сөйтіп қоғамның, дәуірдің шындығын білдірсе, ол реализм талабына сай болғаны. Қарабай—феодалдық-патриархалдық ко-

ғамның жібімес сараңдығын, адамнан да малды артық санайтын дүниеқорлық мінезін әйгілейді; Қодар — сол қоғамның тоңмойын топас күшін, зұлымдық сиқын көрсетеді; Жантық — азғындықтың бейнесі. Қозы мен Баян — сол қоғамнан қиянат көрген адал жандардың шерлі күйін танытады. Тілегі бір қос ана — Мақпал мен Күнiкей бейнелерінің шындығы қандай?! Малы жоқ, дәулеті кем, жесір әйел Мақпал Қарабайдың алдында соншалық төменшіктеп, жасқанып сөйлейді. Бейбақ ана жалғыз баласы Қозының байдың қызын жар еткеніне қатты киналады. Өйткені ол Қарабайдың теңдік бермейтінін, онымен өзінің терезесі тең еместігін жақсы біледі. Сондықтан да ол — мүсәпір, сондықтан да жасқаншақ. Оның басындағы бұл күй сол Қарабайлар заманындағы жетім-жесірлердің бәріне тән болған ортақ халді білдіреді.

Күнiкей — байдың бәйбішесі болғанымен, Қарабайға батыл-батыл сөйлегенімен, оның да қолында билік, басында еркіндік жоқ бейбақ. Қарабай ызғарланғанда, Күнiкей ығысып, ықтап қала береді, оның қолынан бар келері — қатыгез байды қарғау-сілеу ғана. Бұл әйелдің басындағы хал де сол замандағы жалпы қазақ әйелінің теңсіздігін білдіреді.

Пьесаның алғашқы актісінде бір ғана көрініп өтетін Айдар, Танқы мінездері де Қарабайлар қоғамының содырлық бір сипатын анық танытып өтеді. Бұлар жөнінде сөйлегенде, Добролюбовтың «Найзағайдағы» кіріп-шықпа кейіпкерлер туралы айтқанын еске алмауға болмайды. Ол былай деген болатын: «Біздің пікірімізше, пьесаға басты кейіпкерлер қандай қажет болса, бұлар да сондай қажет: бұлар бізге әрекет жасалатын жағдайды көрсетеді, пьесаның бас қаһармандарының әрекетінің мәнісін айқындайтын ахуалды білдіреді».

«Қозы Көрпеш — Баян сұлудағы» типтер типтік жағдайларда көрсетілуімен қатар, олардың әрекеттері дәуірдің, қоғамның, белгілі бір әлеуметтік ортаның жай-күйін әйгілеп, терең сырын ашады.

Сонымен, жоғарыда өзіміз айтқан жайларға сүйене келіп, біз «Қозы Көрпеш — Баян сұлуды» реалистік шығарма дейміз. Мұндағы романтикалық сипаттарға сөзіміздің бас жағында тоқталдық. «...Ірі суреткерлерде реализм мен романтизм әрқашан да бірігіп тұрғандай...— дейді Горький,— романтизм мен реализмнің бұл жымдасуы біздің үлкен әдебиетімізге әсіресе тән, және де бұл оның бойына ерекше сипат беріп, дүние жүзі әдебиетіне

барған сайын айрықша терең ықпал етерлік қуат бітіреді».

«Қозы Көрпеш — Баян сұлудағы» романтизм де — реализммен астасып, жымдасып кеткен романтизм. Осындай қасиеті бұл пьесаны социалистік реализм алаңына шығарады. Александр Фадеевтің социалистік реализм шығармаларының сипаты жөнінде айтқан тамаша бір сөзін дәл осы орайда еске алмауға болмайды. Ол совет жазушыларының тарихи тақырыптарға жазған шығармаларын атай келіп, былай деп еді: «Бұларда тарих дұрыс көрсетілгендіктен және осы шығармаларда қойылған мәселелер мен проблемалар... социалистік қоғамның адамын толғандырып, оның ойы мен сезіміне жауап беретіндіктен, өткенді баяндайтын бұл шығармаларды да социалистік реализм шығармаларына қосуға болады». Қозы мен Баян тағдыры толғантпай ма бізді?! Осы пьесада жырланған сұлу сезімдер тебіrentпей ме жанымызды?! Қарабайлардың қаталдығы, Қодарлардың содырлығы, Жантықтардың аярлығы жүрегімізде зұлымдыққа деген ашу-ызаны бұрқатып, зығырданымызды қайнатпай ма?!

«Қозы-Көрпеш — Баян сұлуды» бүгінгі жұрттың жанына жақын еткен және осы пьесаны, жаралған күнінен бері, театр сахнасынан түсірмей келе жатқан жақсы қасиеттері осындай сапаларында.

1964

ШЫНДЫҚ ТОЛҒАУЫ

М. Әуезовтің «Қилы заман» повесі тұңғыш рет 1928 жылы Қызылордада азғантай ғана тиражбен басылып шыққан еді. Кітапқа баспа атынан жазылған алғы сөзде, әлде жатырқай караудан ба, әлде шығарма сырын бойлап ұға алмаудан ба, әйтеуір, теріс қабақ танытқан салқын рай болған. Содан кейін-ақ бұл шығарманың беті жабылып қалып еді... Сол шымылдық қырық алты жылдан соң қайта түріліп, енді, міне, «Қилы заман» оқушы қауымның қолына тиіп отыр.

Өмірде мынадай бір жағдайлар кездеседі: ащы шындық жалтақсыз тура айтылғанда, бұрын сылап-сипағанға, мәймөңкеге үйреніп қалған құлақтың оқыс сөзден шошып, үркіп қалуы болады. «Қилы заманда» шертілген

сыр біреулерге дәл осындай оқыс сөз боп көрінген. Мұның да себебі бар: «Қилы заман» — басқаға ұксамаған ерекше бөлек бітімімен, шындықты айтудағы өзгеден ерек әуенімен дүниеге алаулап келген шығарма.

Шығарманың мазмұнына зер салалық. 1916 жылғы қилы кезең. Ел тынысы тарылып тұрған уақыт. Халықтардың түрмесі болған патшалық Россия үкіметі қазақ даласында катап үстемдік жүргізіп, бейкам момын елді талап, тонап, шұрайлы жерлерін тартып алып, ата мекенінен ығыстырып, зорлығы мен қысымын үдете түскен. Патша үкіметі өзіне табан тірер тұғыр болуы үшін, жергілікті халыққа үрей салып, ызғар шашып тұруы үшін әр жерге бекініс-камалдар орнатып тастаған. Соның біреуі — қалың албан елінің ата жайлауы Қарқара жазығына тырнағын қадап тұр. Төбесінде екі басты самұрық суреті бар ақ жалау желкілдейді. Автор сөзімен айтқанда, «бұл комағай қарынды, жалмауыз тілекті ертегі обырының айқын тұрған белгісі еді. Обырды туғызған ана — жалмауыз түсті ұлық. Соның айқын таңбасы — ертегі айдаһарындай екі басты, жайын түсті самұрық».

Патша үкіметінің Қарқара уәлаятындағы атар оқ, шабар қылышы — «жемқор, семіз қарынды» пристав Подпороков. Ел «Ақ желке» атап кеткен. Түйені түгімен жалмайтын обыр. Алдап та, қорқытып та пара алудың неше алуан тақысын білетін жалмауыз. Қарқарада жәрменке ашылған бір айдың ішінде бұған парадан түскен мал — үш жүз қой, елу қара. Ақ желкеге әр жақтан олжа түсіріп жатқан жортуылшы ұрылары және бар. Бұл қарақшылар бейкам отырған ауылдардың күнде біреуін қан қақсатады. Зорлыққа, қиянатқа наразылық білдіріп, ұлыққа шағым айта келген қазақ болса, Ақ желке ерекше ызғар шашады. Дереву протокол жасатып, жазықсыз адамның үстіне бар пәлені үйіп-төгіп, дүре де соқтырып жіберіп, абақтыға қаматады. Әбден машықтанып алған әдеті. Халыққа үрей салу үшін жасайтын тәсілі.

Ақ желкенің қазақ даласындағы таянышы — қазақтың жуан байлары һәм «өңі жылтыр, қарны томпақ» тілмаштар. Оларды Ақ желке өзіне керек мөлшерге дейін жақындатып, жеміне араластырып отырады. «Арқаға ұлық қаққан сон» бай-болыс кекіректеп, елге қамшы үйіре түседі...

Сөйтіп, қазақ даласы қиянатқа толып, қараңғы қалың бұқара қайда қадам басарын біле алмай тығырыққа тіреліп тұр еді. Тоғанға кеп соғылған тасқын судай лы-

кылдап тұрған. Бір жерден сызат білінсе, гүр етіп төгіліп кетуге дайын еді.

Патша үкіметінің 1916 жылғы июнь жарлығы, осылай киналып тұрған халыққа жайі оғындай боп тиді. Ал, Ақ желке мұртынан күледі — оның тілегені осы еді. Патша жарлығы іске асатын болса, бұрынғының бәрінен артық, бәрінен бай, қалың-қалың қазына ашылғалы тұр. Россияның батыс шекарасында дүниені өртеп жатқан соғыс, Отан басына төнген қатер, төгіліп жатқан адам қаны — бірі де Ақ желкенің ойына кіріп-шықпайды. Майданның кара жұмысына қазақтан солдат алу жөнінде жоғарыдан келген әмірді орындауға оның құлшына кірісуінің жалғыз ғана себебі бар: баю, мына аласапыранды пайдаланып, қойны-қонышын қазынаға толтырып алу.

Ақ желкенің айналасында жорғалап жүрген малайлардың — шен тағынған бай-болыстар мен тілмаштардың да көмейлері бүлк-бүлк етеді. Жарлықты оқып, артынан туатын қызылды-жасылды қызықтың шет жағасын пристав сездіргенде, «кара пішінді тілмаш балқығандай масайрайды. Бетіне бақыт, ракат нұры шыққандай болып, дамылсыз күліп, өркештеніп» кетеді. Бірі — ұлық, бірі — қазақтан шыққан төрешік; мінездері үйлесіп жатыр. Халықты қанаушылардың жымы бір.

Ел басына күн туған қысталаң шақта Рақымбай, Тұнқатар қажы секілді жуан байлар патша әкімдерімен ауыз жаласып, халықты алдап-арбап, орға қарай итермелейді. Өздерінің сұм пиғылын, арам ниетін бүркеу үшін жұртқа ел камын жегенсіп көрінуге тырысады. Амалсыздық әрекеті. Халықтың ашуынан қорқып, жан сауғалаудың амалы. Әйтпесе, жуас елді бір шыбықпен айдап, ойына келген зорлығын жасап келген мейірімсіздер. Тұнқатар қажы бұрын өз інісінің қызын, сүйген жігітіне қосылмақ болып талпынғаны үшін жазалап, жан түршігерлік зұлымдық істеген жауыз. Жазықсыз жап-жас қызды сүйрелеп әкеп, анасының көзінше, туған үйінің шаңырағына асып өлтірген. Ел бұлардан еш рақым күтпейді.

Қазақ елінің 1916 жылғы июнь жарлығына қарсылығы — патша үкіметінің тек антынан айнып, қазақтан солдат алмақ болғанына наразылықтан туған ғана ашу емес. Қазақ сияқты ұлттарды бұрыннан бұратана жұртқа санап келген патша үкіметінің кемсіту саясаты июнь жарлығынан тіпті айқын көрінді. Патша үкіметі қазақтарды адам санатына қоспай отыр, олардың тек кара күшін пайдаланбақ. Майдан өтіне апарғанмен, қолына кү-

рек қана ұстатып, оқоп қаздырмақ. Оққа ұшып, ажал тапса, шыбын құрлы көрмек. Халықтың жанына әсіресе қатты батқаны осы қорлық еді...

Міне, ашынған елдің патша әкіміне қадап тұрып айтқан сөзі: «Патша егер, тіпті қоймай, бала аламын десе, мына қолына қазір жабдық берсін. Ұрыста ор қазып, шепке ұсталып, қойша қырылғанша, жастығын ала жататын болсын. Астына ат, қолына қару берілсін. Жұрт осыны тілейді!».

Бұл тілек қабыл алынбады. Патшалық өкімет өз жарлығын күшпен, зорлықпен іске асыруға кірісті. Халық қиянат пен қорлыққа енді төзіп отыра алмады, көтеріліп кетті. Ең әуелі көзіне көрініп тұрған, жақын жердегі дұшпанына тасқын суша лап қойды. Болыстардан тізімдерді тартып алды, төрелер отырған кеңселерді өртеді. Бұл әрекеттерінің арты неге соғарын ойлаған жоқ, болашақ әлі күнгірт болатын. Сондықтан, бойда қайрат болғанмен, қасарысып, табандап алысуға әлсіз еді.

Ақ желке қанды қырғын жасайды. Қарусыз елді қойша қырғанына масайрап, көңілі өседі. Осындай қасапқа, мейрамды күткендей, әзірленуде болатын. Басқа халықты жек көретін нағыз отаршыл сұм пиғыл. Ол азаттыққа ұмтылған ұлтты жер бетінен құртып жібермекші еді...

Қазақ халқы өзін осындай қанды апаттан құтқарған Ұлы Октябрьге шексіз алғыс айтады. «Қилы заман» қилы кезеңнің ауыр шындығын баяндап, Октябрь жеңісінің қазақ сияқты езілген ұлттарға әперген ұлы бостандығының салтанатын әйгілей түседі.

Повестке тағылып келген кінә — шығармада қазақтарға таптық жік жөнді аңғарылмайды деген сөз болатын. Оқиғаларға сырттай шола қарасаң, солай көрінуі де ықтимал. Ыбырай сияқты кейбір болыстар мен рудың беделді ақсақалдары көтеріліске басшы боп жүр. Ел ереуілдеп шыққанда, бір ұлттың ішіндегі байы да, кедейі де бірігіп, біртұтас боп кеткен сияқтаып көрінеді.

Бірақ бұл—сыртқы көрініс. Оқиғалар мазмұнына тереңірек бойласаңыз, автордың позициясына жітірек зер салсаңыз, үлкен шындықтың сырлары ашылады. Қазақ даласында 1916 жылы тұтанған көтеріліс — ең алдымен патша өкіметінің отаршылдық езгісіне қарсы қаулаған ұлт-азаттық қозғалыс. Ұлт-азаттық күрестің бастапқы кезеңінде, әуелі жалпы ұлттық мүдде алға қойылады да, ұлт ішіндегі жіктердің сол ұранмен уақытша бірігуі бо-

лады. «Қилы заманда» ұлт-азаттық күрестің алғашқы тұтану кезеңінің ақиқаты суреттеледі. Бұл — бір.

Екіншіден, ел неғұрлым мешеу болса, ондай елде патриархалдық тәртіп солғұрлым күшті болады. Бұл жағдай ұлттық тұйықтық пен ұлттық эгоизм ұғымдарының өктемдене түсуіне дем береді. В. И. Ленин ұлт және отар мәселесі жөнінде Коммунистік Интернационалдың екінші съезіне арнаған тезистерінің жазбасында осы жайды айрықша атап көрсеткен болатын. Революция қарсаңындағы қазақ елі патшалық Россияның мешеу, ең артта қалған бір түкпірі еді. Сондықтан бұл елде патриархалдық-аксақалдық тәртіп ерекше үстем боп тұрған. Қарқарада көтерілген ереуілшілердің беделді аксақалдар мен ру басыларының аузына қарап, солардың алдына кеп піріле беруінің үлкен мәнісі осында жатса керек. «Қилы заманда» сол уақыт шындығы бар.

Үшіншіден, құлдық пен қорлыққа қарсы күресте ауқаттылар жағының кейбір саналы азаматтарының әділетті жақтап, халық жағына қосылуы болады. Шыққан тегіне қарасаң, Шокан мен Абай да бай балалары. Бірақ олар аталарының жолын қуған жоқ, халық мүддесін қорғады. Сол бұқара жұртқа есе әпермек мақсатымен, екеуінің де болыс боп, қолдарына билік тізгінін ұстағысы келгені бар. Демек, қоғам мүшесінің қай тапқа жақындығын оның шыққан тегіне қарап емес, әрекетінің мазмұнына қарап бағалауға тиіспіз. «Қилы замандағы» Ыбырай, Жәменке, Серікбай, Ұзақ, Әубәкір образдарына осы принциппен қарауымыз керек. Бұлардың іс-әрекетінің мазмұны халық мүддесімен қабысады.

Төртіншіден, отарлау пиғылын бүркемелеу үшін патша өкіметінің жүргізіп келген сұм саясаты ұлттар арасына от жағып, араздықты қоздыру боп келгені мәлім. Езілген халықтардың зұлым жауы, әділетсіздік пен қиянаттың, жоқшылық пен азаптың түпкі төркіні — патша өкіметі екендігін халық көзінен бүркеп, жұрт назарын теріс аударып жіберу үшін сол тәсілді барынша қолданып баққан. Бұл сұрқиялықты әуелде аңғара алмай, қараңғы ел арандап та қалған. «Қилы заманда» бұл шындық та көрсетілген.

Сонымен, бұл шығарма — Октябрь революциясы алдындағы қазақ елінің тарихи күйін бар ақиқатымен баяндаған көркем туынды. Біз мақаламызда повесте қозғалған негізгі мәселе төңірегінде ғана пікір айтуды ойладық, шығарманың композициясына, образдар жүйесі-

пы дамуына септігі жоқ артық кейіпкерлер де кездеседі (Бағила, Омар, Каби, Кабыш). Көркем шығармада әр геройдың характері терең ашылып, оның өзі баяндалатын оқиғаның барысында белгілі роль аткаруы керек. Автор диалогті шұбалан құрады және кейіпкерлердің сөздері олардың характерін айқындап отырмай, үнемі бір әуендес (көбінесе хабарлы баяндау) болып келеді.

Поэманың көп шумақтарында 3. Шүкіровтың жана ұйқас табуға ұмтылуы байқалады, сөздерді «тілге жеңіл, жүрекке жылы» тидіріп, еркін қиыстырады. Бірақ автор кейде сөзді, ішкі мағынасына үнілмей, ұйқас үшін орынсыз қолдана салады:

Қыз көзінен көрінді де жалт етіп...
Сенді бір от жалыны әзер бүрк етіп...
Төсегіне жата кетті сылк етіп.

(Журналдың 56-беті).

Солдаттарша сапын түзеп жас шыбық,
Қатар-қатар тұрып қапты қакшып...
Жүргізбейді кеуделікке қактығып.

Жас автордың игі талабының үміті де мол. Оның алғашқы поэмасынан достарының және өзінің жақсы ісінің лебі есеңі

* * *

Жас жазушы Сансызбай Сарғасқаев «Достық туралы әңгімесін» былай бастайды: «Достық туралы талай әңгіме естідіндер. Өздерің де бір-бірінмен тату, доссындар. Берік достық, тату ынтымақтық — совет оқушыларының ежелгі салты. Менің сендерге айтайын деген әңгімем өздерің секілді екі пионер туралы».

Жас жазушының тұңғыш жинағының бірінші бетін ашқанда, бірден көзге түсетін авторлық осы кіріспе жинаққа енген барлық әңгімелерге ортақ; бұл шығармалардың негізгі тақырыбы — совет мектебі оқушыларының берік достығы, адал жолдастығы, өзара қамқорлық қатынасы. Автор балалардың жақсы қасиеттерін жан-жақты және мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарына байланысты көрсетуге ұмтылады. Шын достық, жолдастық көмек істе, әсіресе, оқу процесінде көрініп отырады.

«Достық туралы әңгімедегі» Мүзкен өзімен бірге оқитын Нүткенге сынақ жұмысы үстінде оның есебін шығарып беруді достық емес деп ұғады. Бірақ ол Нүткеннің сын жұмысын нашар орындағанына қатты қынжылады. Ол Нүткеннің сабақты жақсы үлгеруіне белсене көмекте-

седі. Ол Нұткеннің сабақты жақсы үлгеруіне белсене көмектеседі. Әңгімеде осы жолдастық қатынастар біркелкі жақсы суреттелген. «Достық» атты әңгімедегі Қапанның, Дәуіттің, кішкентай Ғайшаның озат оқушылар қатарына қосылуына дос коллективтің көмегі, әсерлі ықпалы себепші болады.

Шын достық қасиеттер жекелік мүддені коллектив мүддесіне бағындыра білген адамның бойынан жарқын көрінеді. Өзінің озып алға шығуы үшін жарыстас жолдасының мүдіру сәтін күтіп, соған қуану достық емес. «Спорт дәстүрі» атты әңгіменің идеясы, ұсынар насихаты осында. Әңгіме кейіпкері — оқушы Досан оқыс бұрылыста таяғын сындырып алған шаңғышы Сәметке өз таяғын ұсынып жатып: «Сен менен бәрібір оздың. Сен бұл көрсеткішінді кемітпе. Бұл дружинадағы жаңа рекорд», — дейді.

Жинақтағы «Кішкентай Жанат», «Өнер» деген әңгімелердің көлемі шағын және жас оқушыға түсінікті тілмен қарапайым, тартымды жазылған. Екі әңгіменің де сюжеті жеңіл, бірақ автор жас кейіпкерлердің мінез-құлқын нанымды суреттеп, олардың психологиялық ерекшелігін аша алған. «Хат» деген әңгімеде бір мектеп оқушыларының корей балаларымен хат алысуы, өзінің тәуелсіздігі үшін күресуші Кореяның жастарына деген совет мектебі оқушыларының достық сезімі жылы суреттеледі.

Сарғасқаевтың «Достар» әңгімелер жинағы төменгі класс оқушыларына арналған. Автордың көп әңгімелерінің басты кемшілігі кейіпкерлер мінез-құлқымен, іс-әрекетімен дараланбай, олардың көпшілігі автордың бір үлгімен пішкен дайын костюмін киіп сахнаға шығады және, тіпті, айтар сөздері де бір әуендес. С. Сарғасқаевтың әңгімелерінде диалогтар геройдың характерін айқындап отыруға көмектеспейді. Автор кейіпкерлерді орынсыз жерде ретсіз сөйлете береді, сөйтіп әңгімені жөнсіз шұбалтады.

«Жиыннан соң» деген әңгімеде звено вожатыйы Саттардың образы біркелкі тәуір шыққан. Саттардың жан күйі, оның тәрбие жүйесіндегі іс-әрекеттері жақсы сипатталады, жан-жақты көрінеді. Саттар, сөз жок, жақсы оқушы. Оның бойында тамаша қасиеттер бар. Бірақ автор осы әңгімедегі басқа кейіпкерлерді дайын сүрлеуге түсіріп, схематизмге ұрынған.

Жинаққа енген әңгімелердің композициялық құрылысында олқылықтар бар. Автор оқиғаны өрбіте дамытып,

шешуде, сюжет құруда схемаға түседі, сюжеттің міндеті — геройдың характерін жан-жақты ашып көрсету үшін қызмет ету екенін ескермей, көптеген әңгімелерінің сюжетін бір желімен тартады. Ол әңгімелердің аяқталуы да бірыңғай: жеңіл шешім, жасанды жарастық табу. Мысал келтірейік: «— Саттар менің катемді кешір. Мен білместік істеппін,— деді ол» («Жпыннан сон») «— Ертен екеуміз емтиханға бірігіп әзірленеміз,— деді де... Сәрсен кетіп қалды» («Емтихан алдында»), «— Бүгін сабақты екеуміз бірге әзірлейік, жарай ма?— деді Дәуіт досының қамқорлығын енді сезгендей» («Қпын ессп»).

Көркем әңгімеде әр кейіпкер оқиғаның бүкіл даму барысында белгілі роль атқаруы керек. Кейде бір оқиғаны екінші оқиғамен байланыстыру мақсатымен әңгіме алаңына «кіріп-шығатын» кейіпкерді қатыстыруға болады. Бірақ оның өзі басты геройдың образын айқындай түсу үшін әдейі алынады. С. Сарғасқаевтың көпшілік әңгімелерінде оқиғаның жалпы дамуына ешбір септігі тимейтін, негізгі геройлардың характерін ашуға қатысы жоқ, бір-бір сөз айтып қалу үшін ғана бос жүрген адамдар көп. Мысалы, «Қапан» деген төрт беттік шағын әңгімеде 8 кейіпкер бар, бірақ, олардың бірде-бірі тұрпатымен дараланбаған, барлығы бір рендес.

С. Сарғасқаев әңгімелерінде жалаң баяндау, қонымсыз суреттеулер, орынсыз сөз қолданыстар да жиі кездесіп қалады. Мәселен, «Нүткен шорқақ жорамалға салды» (5 бет), «баяу ғана ескен майда жел... оңтүстік шығысқа қарай есіп кетіп жатыр», «тұман... желге ілесе алмай (тұман түскенде жел болмайды ғой. Н. Ғ.) аспап аясында ақырын жүзеді» (46 б), «таяқты бөсіп-бөсіп жіберіп» (50 б). т. б

Алғашқы жинағындағы ірілі-уақты кемшіліктер алдағы шығармаларында болмауын жас автор жауаптылық сезіммен ескеріп, өзінің жазушылық шеберлігін үнемі жетілдіре беруге тиісті.

* * *

Қазақ балалар әдебиетінде соңғы жылдарда туған жаңа еңбектер, ең алдымен, әдебиетімізге жылма-жыл біртіндеп келіп жатқан жас кадрлардың есімдерімен байланысты. Олар өздерімен бірге тың екпін, жаңа лебіз ала келіп, балалар әдебиетінің өрісін кеңейтуге шама-шарқынша ат салысулы.

Осындай игі істе өзінің бойына шақ үлесі бар кітап-

тың бірі — жас жазушы Баймұхамбет Токтаровтың «Бақыт жолы» атты повесі.

Бұл шығарма 1932—1933 жылдар тұсында бір балалар үйінде болған халді, ата-аналарынан жастай айрылған аш-арық жетімдердің сол тәрбиелі ортаға кеп пана тауып, бақыт тапқанын баяндайды. Бір кезде қаршадайынан өмірдің ащы қысылтаңына душар болып, қағажу көріп, қарақат көздерінде жетімдік жасы мәттілдеп жүрген жап-жас балғындар балалар үйінен шын рақат табады, жақсы өнеге көреді, жетімдік ызғарын ұмытады. Олардың туған ортасы да сол балалар үйі болып кетеді. Сондағы тәрбие беруші ұстаздар олардың ендігі ата-анасындай. Біздің советтік балалар үйіндегі осы бір жан толқытарлық сұлу көріністі жас жазушы өзінің тұңғыш повесінде әдемі әңгімелейді. Бұл өмір оған әбден аян. Шығармадағы геройларының тағдырын бір кезде автордың өзі де басып кешкен. Жас жазушының өзіне соншалық ыстық тартып тұратын таныс өмірден шығарма жасағаны қуанарлық жәйт.

Повесте суреттелетін кейіпкерлерді олардың іс-әрекетіне және құлқына қарай төрт жікке бөлуге болады. Бірінші топ — балалар үйінде тәрбиеленуші Досжан, Жалғас, Торғын, Володя, Қанания секілді жас ұландар; екінші қауым — оларға тәрбие беріп, тәлім үйретуші Таубаев, Соловьева, Ахметов сияқты ұстаздар; үшінші жұп — жетімдерге қамқоршы боп жүретін ұста Матвей, милиционер Степанов сынайлы мейірі мол, пейілі кең адамдар; төртінші жік — мансапқор Шарафиева, ұлтшыл Керібаков, тоғышар Қорықов пішінді жексұрындар.

Бұл кейіпкерлерді мүсіндеуде автордың қызықты штрихтар тауып, бояуды дәл жағып, оқушысын еліктіріп ертіп әкететін жақтары да, кейде тап баса алмай, кібіртік қағып, оқы соғып отыратын тұстары да бар.

Шығарманың басты геройлары — Досжан, оның туған апасы Жалғас, тәрбиеші ұстазы Төкен Таубаев. Досжан мен Жалғастың қадірлі ата-анасы ауыр науқастан соң қайтыс болған. Ол кезде тым жас болған Досжан әкешесінің тұр-түсін де онша ашық біле қоймайды. Досжанның бар анық танытыны, пана-тірек тұтып, ақылшы көретіні Жалғас қана болып қалған еді. Повесте ол қаршадайынан пысық, ширақ бала ретінде көзге түседі. Өмір құбылыстарын әлі еркін түсіне қоймаған жастығынан болар, ол кемтарлық күйіне, ас пен киімге жарымай жүргеніне қамығып, күйзелмейді. Әуелде осылай көрінген

жас кейіпкердің жан-дүниесі біртіндеп кеңейе түседі, мінезі қалыптаса бастайды. Балалар үйіне алынған күні үстінде жөнді лыпасы жоқ жетім бала шымқап киінеді. Шашты машинкаға алғызып, моншаға түскеннің өзі де ол үшін бір қуаныш болады. Айна алдына барып өз кескініне қараған Досжан, төбесі көкке жеткендей, соншалық бір зор бақытқа бөленеді. Автор жас кейіпкерінің осы шақтағы психологиялық жан күйін әсерлі суреттейді. Жетім баланың сезім толқынын, қуаныш үстіндегі жүрек дүпілін дәл білдіреді.

Досжан кейпі осылайша өсіп, ілгері ұзаған сайын ірілене түсуге лайық еді. Бірақ арман қарай сұйылып, сиыр құйымшақтанып кетеді. Жалпы дүрмекте ілесіп жүргенімен Досжанның әрекеті азая береді. Шынында көркем шығармада образды геройлардың өрбіп, өршіп отыратын әрекеті шындайды ғой.

Повесте өзінің сезімтал кішкене ғана жүрегінің дүпіліменен оқушыны бірде томсартып, бірде қуанытып, бір сәт көзіне жас алдырып отыратын жақсы кейіп — Жалғастың образы. Ол бұрын жетімдік шерін үнсіз ғана көтеріп жүріп, шайпау тілді біреуден жәбір көргенде, тасада тұрып көзінен бұршақтатып ыстық жасын төгетін, тез жасығыш, әрі момын, әрі жасқаншақ жетім қыз болатын. Балалар үйі оны аясында мәпелеп әлпештеді. Жалғас бақыт гүліне оранды. Ол енді бұрынғыдай жетім емес. Ол ерке, көңілді, тең-құрбыларымен саяхат-серуенге шығады, шаттық әнін шырайды. Оның досқа, туысқа деген мейірі, рақымы сонша мол. Інісі Досжан ауыр жарақаттанып қалғанда ол ерекше бір жан толқынына түседі. Автор осы бір эпизодта Жалғастың жана бір қасиетін аша суреттейді. Жалғас күйреуік, үгілгіш емес, керісінше қайратты, төзімді, сабырлы. Момын ғана жап-жас қыздың бойындағы осы сипат әр тұста да жарқ етіп көрініп кетіп отырады.

Әке-шешсі жоқ Досжан, Жалғас сияқты жасөспірімдерді жетімсіретпей, оларды нақ ата-анасындай еркелетіп өсірген, жақсы үлгіге, өнерге баулыған тәрбиешілер бар. Балалар үйінің директоры Ахметов, завуч Таубаев, тәрбиешілер Шалғымбаев пен Соловьева ортақ мүдделі, бір ниеттегі адамдар. Рас, бұл геройлардың дара-дара образдарын жасауда шығарманың олқы тұрған жерлері көп. Повесте ұнамды әрекетімен көрінетін ересек адамдар ортақ бір қалыптан шыққандай. Көп жерде, егер атын атамаса, бірінен-бірі айырғысыз боп ұқсап тұ-

рады. Сөйлер сөздері де бір ренді. Рас, Таубаев шығарманың алғашқы тарауларында ширақ көрінеді. Жасөспірімдер арасындағы тәлім-тәрбие жұмысын жақсарту жолында қыруар іске ұйтқы болады. Жас ұстазға тән қызу жігер, қайратпен көзге түседі. Сол жақсы қасиеті неге өрбіп ширатыла бермейді? Алғашқы келгенде ол тәрбиеші еді, кейін завуч болды. Қызмет жағынан өсті. Біз шығармадан рухани өсуін көруіміз керек. Геройдың мансабын жоғарылата бергенмен образ шынайы болмайды. «Бақыт жолы» повесінде геройлардың өсу жолын суретпен көрсетуден гөрі, өсіргісі келген кейіпкерді, бұйрықпен тағайындағандай, биік мансапқа көтеріп апарып қондыра қоюға елігу бар.

Осы тұста балаларға арналған көлемді шығармалардың көпшілігіне тән бір сипатты еске алуға тура келеді. Бұл шығармаларда ересек адамдардың іс-әрекеті көбірек көрінгенімен басты кейіпкер бала болып келеді де, шығармадағы бар оқиға сол негізгі геройдың тағдырына байланысты өрбиді. Ересек адамдардың әрекеті де содан туып жатады (А. Гайдардың бәрімізге таныс «Ерлік мектебі», «Барабаншының тағдыры» т. б. әйгілі шығармаларының оқиға желісін есімізге түсірейікші). Б. Тоқтаров «Бақыт жолы» повесінде осы ерекшелікке оншалық мән бермеген сияқты. Ол ересек адамдардың іс-әрекетін көрсету үшін олардың арасына шығармадағы бала кейіпкерлердің тағдырына тікелей қатысы жоқ бөлек бір желі тартқан. Егер тәрбиеші ұстаздарға арналған шығарма болса сөз бөлек. Ал, басты кейіпкерін бала етіп алған бұл повесте үлкендер әрекетін оқшау бір желіге тарту сәтті емес дер едік.

Ұнамсыз кейіпкерді даралай суреттегенде жас жазушының елеулі жетістігі бар. Автор жағымсыз кейіпкердің пиғылын, қылығын көрсетуде нысанаға дәл тиетін уытты сөзді, мағынасы дәл теңеу-эпитеттерді қисынды тауып отырады. Шар тартқан, сонда-дағы ажарсыз бетіне жұрт көзі түсерлік шырай бітіруге әуреленіп, қасын қиылып, ернін қызартып жүретін керенау, кербез Шерафиеваға қараңыз. Мұның әр қылығы, жүрген-тұрғаны өзінің шын ұнамсыз сиқын барған сайын ашып, айқындай түседі. Шерафиева әрі мансапқор. Ой өрісінің тарлығын, ісінің тоғышарлығын сезбей жүріп завучтыққа таласады. «Бұл қызметке менен басқа лайықты адам жоқ» деп тоқмейілдесіді.

Повесте бойы аз көрініп, кейін біржолта жоғалып кетсе де, өзінің шын сиқын анық танытып қалатын ендігі бір кейіпкер — Торғынның көкдолы жеңгесі. Әуелгі көрінгенде-ақ, «еркесін көрдің бе өзінің өле алмай жүріп» деп, кішкентай Досжанды шайпау сөзбен бетке ұрып сахнаға шығатын адуын сары әйелдің тас жүректілігі, мейірімсіздігі, долылығы, әсіресе, оның күйеуінің немере қарындасы балалар үйінің тәрбиесіне кеткелі жатқанда өршіп көрінеді.

Білер сөз шығарманың тілі туралы. Образ жасаудың тәсілі көп және әрқилы екені бәрімізге мәлім. Б. Тоқтаровтың өзіндік әуені, өзіндік қалам тартысы бар. Әсіресе, геройларға мінездеме бергенде, олардың жай-күйін баяндағанда автор тартымды тіл табады, жақсы икемін аңғартады. Ал, бірақ табиғат суретін беруде, диалогтарға келгенде қаламы тайғанақтап кете береді. Диалогты кейіпкердің мінезін айқындау тәсілі ретінде қолдануға автордың қыры келмей отырады.

Алайда, осындай кемшіліктері болғанмен, бұл тұңғыш повесть оқырман қауымды қуантады.

* * *

Әңгімелері республикалық газет-журналдарда соңғы жылдары жиі басылып көзге түсіп жүрген жас жазушылардың бірі — Сәкен Жүнісовтың «Сонарда» атты тұңғыш жинағы жуырда жарыққа шықты. Жинақ балаларға арналған.

Жасөспірімдерге арнап шығарма жазудың қиындығы бәрімізге де мәлім. Бізде балалар өмірі жайында жазылған ірілі-уақты шығармалар сан жағынан аз емес. Ал, солардың қайсы бірін оқығанда қиналасыз, қызықтырмайды, тартпайды. Өйткені ол шығарманың көркемдік қуаты әлсіз. Балаға арнап жазылған шығарма ересектерді де қызықтыра алатындай әсерлі болуы керек.

Жас жазушы Сәкен Жүнісовтың жинағындағы әңгімелерге осы талап тұрғысынан қарасак, бірсыдырғы қуанарлық, сүйсінерлік жайлары бар. Бірінші көзге түсетін нәрсе — автор әр әрекетті суреттегенде жалаң баяндауға ұрынбай, көпсөзділікке салынбай, оқиғаны ширақ өрбітіп отырады. Жинақта қысқа-қысқа он алты әңгіме бар. Осылардың әрқайсысында әр алуан әрекет сипатталады. Сол әрекеттерден балалардың түрліше мінез-қылығы көрінеді. «Байқа, фото» әңгімеде қызмет бабымен алыста жүрген әкесіне «фотомызды жібердік» деп хат жолдап, бірақ

сол суретті конвертке бірге салуды ұмытып кеткенін соңынан білген жас баланың көңіл күйі әдемі суреттеледі.

«Футболка» деген әңгімеде жаңа тігілген жібек футболканың аркасына карамаймен сегіздік цифрын батти-тып жазып алған Болаттың қылығы қызықты көрсетіледі. Екі команданың футбол ойыны басталғалы тұр. Ойынға қатысатын балалардың бәрінің де футболкаларының аркасында шүберектен ойып жапсырған цифр бар. Қайтпек керек Болат? Уақыт тығыз! Ол шодак жең жібек көйлегінің аркасына сегіздік цифрын карамаймен жазып алды. Шылында да осылай болуы тиісті. Оқушы бұған планалы, бірақ ол Болатты «есерсоқ» деп жазғырмайды, оның қылығына езу тартып жымияды, команда намысы үшін бар ынтасымен ойынға қатысқалы тұрған баланың адал көңіліне сүйсінеді.

Жинақтағы ендігі бірқатар әңгімеде кейбір жастардың әбестігі, ерсі мінезі әжуаланады. Бұл ретте «Жеңсіз Жекен», «16-қатар», «Алдыңғы вагон» деген сәтті әңгімелерді атап айтуға болады. Жинақта құстар, андар туралы жазылған үш-төрт әңгіме бар. Автор бұл шығармаларында жасөспірімдерді дала жануарларының түрлі-түрлі тіршілігімен таныстыруды көздеген. Осы мақсатын белгілі дәрежеде ақтап та шыққан. Жинақтағы қай-қай әңгімені алсақ та, жас ұландарға өнеге, тәрбие болатын жайларды қозғайды.

С. Жүнісовтың тұңғыш жинағынан екі түрлі кемшілік көзге түседі: 1) Автор кейде жасөспірімге қызықты көрінетін жайларды суреттеп көрсетпей, жалаң сөзбен құрғақ баяндап кетеді, 2) қайсыбір әңгіменің сюжетінде жасандылық байқалады.

Біз, әрине, жас жазушының тұңғыш жинағының жақсы жақтарына сүйсініп, қуанамыз. Автордың алғашқы қадамы оның жақсы болашағын танытады.

* * *

Жас өспірімдер турасында жазылған көркем шығарма сол жас түлектердің өзіндей сүп-сүйкімді боп тұрса, қандай жақсы!

Жас жазушы Нәсіреддин Серәлиевтің балалар өмірі жайында жазған жинағын қолыңызға алып, оқи бастағаныңызда, осындай жақсылықтың жылы лебі еседі. Жинақтағы оқиға желісі әрі ширақ, әрі қызықты құрылған,

жатық тілмен жазылған қысқа-қысқа әңгімелерді ықыласпен оқып шығасыз. Ең әуелі оқушыға автордың оқиғаны баяндау және әңгімені аяқтау мәнері ұнайды. Автор әр әңгімені қызықты бастап, ширақ өрбітіп, оқушының ойында жоқ, күтпеген оқыс шешім табатын оқиғаға құрады. Осының бәрі де бала әрекетіне лайықты, қонымды, панымды түрде сипатталады.

Мысалға «Жанашыр» деген шағын ғана әңгімені алып қараңызшы. Мазмұны мынадай: жұмыстан шаршап келген әке үйге кейіп кіреді. Кеюінің себебі бар: ертең ертемен тұрып колхоз базарына өткізуге қауын тиеп апаруы керек еді, өзі күндіз жұмыста болды, үйде қалған зайыбы мен баласы қауынды әзірлеп қоймапты. Әке осыған кейіді. Бала әкесін аяйды да, оны танертең қуантпақ болады. Бір жолдасын ертіп алып, түн ішінде белсене қимылдап, қауын үзіп қоюға кіріседі. Қауынның піскен-піспегенін қараңғыда қалай айыру керек? «Қолыңды қауынның астына тығып байқа да, бауыры жылы болса, үзе бер. Піскен қауынның бауыры жылы болады» деп ақыл береді серігі. Сонымен олар бауыры жылы қауынды борт-борт үзіп, таудай ғып үйіп тастайды.

Әкесіне жаны ашқан бала үлкен бір істі тындырғандай болып, төсегіне білдірмей келіп жатып қалады. Танертең ол әкесінің қатты кейіп, сөйлеген дабырынан шошып оянады. Сөзін барлап қараса, жолдасы екеуі түнде піспеген көк қауындарды да отап тастаған екен. Өкініп қалады бала. Бірақ, не пайда, болар іс болды.

Міне осы әңгімеде бала жанының әсем бір сырлары ашылады. Бұл — баланың әкеге деген жанашу сезімі, қолқабыс тигізбек болған жақсы ниеті. Шығарманың соңында сол жақсы ниеттен туған әрекеттің сәтсіз орындалғаны баяндалады. Оқиганың осылай оқыс бұрылып кетуінің өзі қызықты. Көк қауынның жұлынып, бекер рәсуа болғанына жас кейіпкермен бірге оқушы да өкініп қалады. Ал шығарма оқушының көңілін тербеп, ойға шомдырса, жақсылыққа талпынтса — ондай шығарма көздеген мақсатына жеткені.

Жинақтағы «Сурет», «Айтындаршы өздерің», «Түйме» сияқты әңгімелердегі бала қылығы «Жанашырдағы» жас кейіпкер қылығына ұқсас үлгіде суреттеледі. Бірақ әр әңгімедегі оқиға-әрекеттің сипаты бөлек, осыған орай кейіпкерлердің түрліше характері ашылады.

Енді бір жүйе әңгімелерінде жас жазушы бала кейіпкерлердің, олардың жас ерекшеліктеріне сай, өмір-дүние

тану көзқарасының қалыптасу сатыларын көрсетуді мақсат тұтады. Түрліше құбылысқа, әрекетке бала геройдың қатысын, көзқарасын, сезіну-түйсінуін білдіру арқылы оның жан-дүниесін ашуға, даралық кейпін жасауға ұмтылады. Осы ретте жинақта «Әлеу-най», «Қалаш пен Роза», «Аққұмай» деген әңгімелердің біркелкі сәтті жазылғандығын атап айтуға болар еді.

Н. Серәлнев әңгімелерінің екінші бір қуантарлық жағы — оның кейіпкерлерінің ұлттық ерекшелігі анық байқалып отырады. Осы күні кейбір жолдастар жасөспірімдерге арналған казак әңгімелерінде ұлттық ерекшелік жөнді сезілмейді деген пікірді жиі айтып калып жүр. Бұл — жаны бар сөз. Кейбіреулер бұған дәлел де қарастырған болады. Олар: «Совет елінде жастарға тәлім-тәрбие беру, оқыту жүйесінің сипаты бір; олардың мектептегі өмірлері ұқсас, сондықтан да ұлттық ерекшелікті көрсету қиын» деседі. Бұл — істің мазмұнын ғана айтып, оның формасын ескермегендік. Әр ұлттық мектепте жастарға тәрбие беру, оқыту жүйесінің мазмұны бір болғанмен, осы істі жүзеге асыруда тәлім-тәрбие жұмысының ұлттық сипаттары, халықтық ерекшеліктері анық болып отырмақ. Біздің елімізде бұған кең мүмкіндік, үлкен жағдай бар. Көркем шығармада кейіпкердің ұлттық ерекшелігін, оған сол халықтың ұлттық киімін кигізіп қоюмен ғана көрсетемін деушілік, ағаттық болар еді. Ұлттық ерекшелік кейіпкердің бүкіл болмысынан, бар тіршілік-характерінен жарқырап көрініп отыруға тиіс. Адамның жан-дүниесінің асыл қасиеттері — барлық ұлттың аламына тән. Сол тән қасиетті ұлттық формада көрсете білу — шеберлік мәселесі.

Автор кей-кейде әңгіменің тақырыбын тым ұсақтап алады. Қайсыбір әңгімесінде суреттелген оқиға әрекеттерінің мақсат-мүддесі айқын емес, характер ашылмай қалады. Жинақтағы «Намыс», «Ойын», «Бор» сияқты әңгімелерде осындай елеулі мін бар. Жас жазушы әр әңгіменің идеясы, оның мақсаты айқын болуына қатаң қарауға керек.

* *

Әлде бір әңгімеге көңілі толмағанда, кей жолдастардың: «Бұл шығарманың тақырыбы кіші-гірім екен» деп, көп мінді сол тақырып төңірегінен іздейтіні бар. Рас, өмірде ірі де, ұақ та әрекет-құбылыстар болып жатады. Үлкен характер үлкен әрекет үстінде ашылатынын да бі-

леміз. Бірақ осы үлкеннің өзі ұсақтан құралады ғой. Әлбетте, кіші-гірім, уақ көрінген әрекет-құбылыс біртіндеп өрбіп, ұлғайып отырса, ақырында зорайып шығатыны анық. Олай болса, «шығарманың тақырыбы кіші-гірім» дегенді тілге тиек етуіміз қисынды емес. Өмір ұсынған тақырыптың ұсағы болмаса керек, ал, шығарма жадау тартып тұрған болса, бұл — автордың қалам тартысына байланысты.

Жас жазушы Мағзом Сүндетовтың тұңғыш жинағындағы әңгімелердің тақырыптары, үстірт қараған көзге, кіші-гірім секілді көрінуі ықтимал. Ал, ден қойып, үңіле карасак, бұл тақырыптар ұсақ емес; автор бүгінгі ауыл адамдарының тұрмыс-салтындағы түрліше жайларды, өмірде бар жайттарды сөз етеді. Сондықтан жинақта суреттелген жай-күйлерді оқушы тосырқамайды. Бірақ жинақтағы әр әңгіменің дәреже салмағы, көркемдік нәркұнары бірдей емес. Ал, бұл ала-құпалықтың сырын, шығарманың тақырыбынан емес, автордың қаламының жасандығынан іздеу мақұл.

Жинакка беташар болған «Жол айырыгы» деген әңгіме өзінің қызықты мазмұнымен, көркемдік бітімімен ерекше дараланып, өзгелерінен өресі биік көрінді. Осы әңгімеде бүгінгі өскелең ауылдың білімді, мәдениетті, әдепті жастарының қарым-қатнастары, сезім-күйлері әсерлі тілмен жақсы баяндалған. Шығарманы оқып отырғанда, сол жас құрбылардың көргенді қылықтары, мөлдір сезіммен айтылған сөздері көңілді толқытып, жүрекке жылы тиеді. Әңгімені өз атынан баяндаушы жас жігіт Асқар еш қаяусыз ашық-жарқын мінезімен, кіршіксіз таза жүрегімен, қалтарысы жоқ аңкылдақ көңілімен ұнап, бізді өзіне іңкәр дос етті. Қалада, институтта оқуда жүрген студент — болашақ мал дәрігері Асқар ауылға практикаға келгенде Фәрзәнә есімді қызбен жұмыс бабында танысады. Фәрзәнә оған алғаш көрінген сәтінде-ақ мінезінің жарқындығымен, іске ширақтығымен ұнап қалады да, жүре-бара екеуінің арасында таза, мөлдір махаббат тұтанады. Жүректеріне осы тұңғыш махаббаттың ұшқыны түскен жігіт пен қыздың толқынды ыстық сезімін — жан лебін жас жазушы әдемі суреттей алған. Және де атап көрсетерлік жай — әңгімеде кейіпкерлердің ұлттық ерекшелік сипаттары жақсы танылады.

Жинактың өн бойынан байқағанымыз — жас автор өзінің жақсы замандастарының өнегелі іс-әрекетін, сұлу сезімін шынайы сипаттауға ұмтылып отырады. «Бір түн-

де» деген әңгімеде жеке бастың дұрдараздығына қарамай, оны іштей жеңіп, адамгершілік жолында әрекет жасаған шофер қыз Гүлжиһанның ұнамды ісі сипатталады. «Теңіз ұландары» деген әңгімеде қызғаныш өртің лаулатпай, өресіз намысқа бой ұрмай, өз көңілінің желігін ақылмен тежеген балықшы жігіт Дәулеттің орнықты мінезін бейнелейді. «Балыққа барғанда», «Тапқыр бала» деген әңгімелерде шат көңілді ұландардың сүйкімді қылығы суреттеледі.

Жинақтағы әңгімелер кілен осылай жақсы әсер қалдыруын тілеп-ақ едік. Бірақ, кейбір әңгімелер, көркемдік құнары кемдіктен, оқығаныңызда дәмі болмай отырады. Біздіңше, мұның басты себебі мынада жатыр: автор өмірде ұшырасатын қайсыбір оқиғаны тым жалаң күйде алып, оның туу, даму сырларын ашып көрсетпей, үстірт кетеді. «Хат» дейтін әңгімеде, ерінен ажырасып кетіп, екінші біреуге тұрмысқа шыққан әйелдің алғашқы күйеуінен қалған баланың мұң-шері айтылады. Бала шерткен әңгімені тыңдап көрсек, анасы алғашқы ерінен болмашыны сылтау етіп ажырасып кетіпті, өгей әке қытымыр екен, бала өз әкесін тауып, соның қолына кетуге бел буады. Бірақ осы жай-күйлердің сыры терең ашылмағандықтан, әр әрекеттің көкейге қонымды дәлелі жоқтықтан, әңгіме шын көркемдік сатыға көтеріле алмай, сұрқыл тартып қалған. «Құралай», «Газет жамылған қой», «Абзал ана» дейтін әңгімелердің солғын шығуының себептері де осындай. Бұларда өмірдегі кейбір ұнамсыз жайлар, жағымсыз қылықтар сыналады. Бірақ сол сүйкімсіз әрекеттердің төркінін таба алмайсың. Біреуді — «мынау сұм адам» деп жазғыра салу оп-оңай. Ал осы сөзіңе басқаны сендіру үшін әлгі сөккен кісіңнің сұмпайылығын дәлелдейтін айғақтар айту керек болады. Көркем шығармада да осылай, яғни әр әрекеттің өз себебі болуға тиісті.

Жинақтағы ендігі бір жүйе әңгіменің («Сақина», «Өшпес өмір», «Қыраттағы қыстау») міні плакат секілді шыққандығында. Автор бұл шығармаларында жақсы адамдарды көрсетуді ниет қылғанмен, олардың жан-дүниесін іс-әрекет үстінде терең аша алмай, фотографиялық көшірме жасағандай боп, оқиғаны құр тізбектеп, жалаң баяндап кеткен.

Бұл міндер — көркемдік шеберлікке қатысты кемшіліктер. Қаламы ұшталған сайын автор бұл олқылықтан арыла бермек. Ал, мына жинақ — жас жазушының сәтті қадамы.

Соңғы жылдары қазақ әңгімелеріне зер салғанда, жағымды кейіпкер образын жасаудағы елеулі жетістіктерді байқаймыз. Ең алдымен, біздің асыл замандасымыз — еңбек адамының тартымды образын жасауда жақсы жемістер бар.

Жас жазушы Сайын Мұратбековтың «Менің қарындасым» деп аталатын жинағындағы әңгімелер, тұтастай алып карағанда, осындай сапасымен ұнайды. Жинақта негізінен бүгінгі ауыл адамдарының, әсіресе, автордың өзімен құрбылас жастардың іс-әрекеттері, жаңа қарым-қатынастары, жүрек сырлары суреттеледі. Әр әңгімені оқып отырып, жас жазушының өзіндік қалам тартысын танысың, байсалды сөз саптасын көресің, адам жанының тек қана сұлулығын аңсап тұратын шаттыққұмар жүректің нәзік лүпілін сезесің. Автордың шын сүйіп, зор махаббатпен суреттейтін адамдары — ашық-жарқын мінезді, адал, ақ көңілді, нәзік сезімді нұрлы жандар.

«Өлең» деген әңгімеде сипатталатын көңілді Дариға — «күлген кезде кішірек көздері жұмылып кететін», тістері сирек, елден ерек көркі жоқ қарапайым ғана қыз. Қызмет дәрежесі де елеусіз ғана. Осы Дариғаның жарқын мінезді, жігерлі, өжет және, сонымен қатар, терен, нәзік сезімді жас екендігі оның бейтаныс жігіт Райымбекпен сөздерінен-ақ аңғарылып қалады. Содан әрі характердің әр қыры біртіндеп ашыла береді де, Дариғадай жақсы қыздың бейнесі әсем тұлғаланып көрінеді. Жас шофер Райымбектің жан-дүниесі сол қыз кейіпкердің іс-әрекетіне байланысты танылады. Автор осы екі жас адамның жүрегінде тұтанған ыстық махаббаттың сырын бізге нәзік сезіммен жеткізеді де, болашақты жақсы аңғартып, әңгімені тәмамдайды. Көркем әңгіменің осылай келіп, бір оқиғаның бітуі — екінші оқиғаның өрісін аңғартып қайырылғаны ұнамды-ақ!

Біз осы әңгімеден автордың және де бір жақсы жетістігін көріп отырмыз. Бұл — кейіпкерлерді еңбек үстінде әсерлі көрсете алғаны. Әдетте біздің кейбір жас авторлар, кейіпкерді еңбек үстінде көрсетудің жөні осы екен деп, мотордың гүрілін, станоктың тарсылын, тіпті еңбек процесінің ереже тәртібін тәптіштен тізіп айтатыны бар. Ал, шынында, токарлық станоктың болтқа қанша резьба түсіргенін айтып беру шарт емес, керісінше, кейіпкердің осы жұмысты атқару үстіндегі халін суреттеу

шарт және де басты шарт. Дариганы шын сүйген Райымбек сол қызға арнап тебіреніп жазған өлеңін кабырға газетіне хат-хабар тастайтын жәшікке, асығыста абайламай, мақаласының орнына салып жібереді. Кейін өз өлеңін сұрап алуға машинамен күндіз-түні астық тартып жүрген жігіттің мұршасы болмайды да, оның Даригаға арнаған махаббат жыры кабырға газетіне шығып кетеді. Бұл — кішкентай ғана штрих. Бірақ осыдан кейіпкердің еңбек үстіндегі халі және оның еңбекке көзқарасы танылады. Және осы штрих, түйінді бекітіп ұстап тұрған винт секілденіп, әңгімеде өрістеген негізгі оқиғаға тиянақ боп тұр.

Жас жазушы өзінің әр шығармасында, мүмкін қадырынша, бір жана мәнер табуға тырысып отыратындығы байқалады. «Райгүл» деген әңгімеде ескілік пен жаңалықтың қатынасын көрсетуде ескі соқпақпен кетпеген сонылық бар. Жарылғап пен Ұлтуған — бұрынғы көне салтты қадірлейтін ескілікті адамдар. Бұлар өздерінің бойжеткен сүйікті қызы Райгүлді біреуге атастырып, жігіттің ата-анасымен құда түсіп қояды. Егер дағдылы соқпаққа түсірсек, осыдан кейінгі әрекет әңгімеде қалай өрістер еді? Сөз жоқ, қыздың ата-анасы ескі жөнді жақтап, қыңырайып қисық тартар еді. Ал, қыз өзі сүймеген адамға бармау үшін ата-анаға қарсы шығып (ескілікпен алысқаны ғой!), қиян-кескі жанжал шығар еді. Мұндайда ата-ана мен бала арасында суық мұз катады. Сұлушап пен Шұғаның заманына лайық бұл күйдің бүгінгі некен-саяқ көрінісін айтудан өзгеше әуен табу ләзім. Сайын соны таба алған. Ол атастырылған қыз бен жігіттің адал жүрек сырларын, пәк сезімдерін жылы әуенмен сипаттап, олардың іс-әрекеттері арқылы ескілікті ата-аналардың көнерген салтын балағаттап-тілдемей-ақ, жиекке сыпырып шығарып тастайды. Жинақтағы «Олпа», «Менің қарындасым», «Көктемгі егіс кезінде» деген әңгімелерді оқығанда да, осы алуандас жаналық әуендерді танысыз. Бүгінгі адамдардың жаңа қасиет-сапаларын көресіз.

Сайын Мұратбековтың біз сөз етіп отырған әңгімелер жинағында ақау жоқ емес. Образдарды даралап мүсіндеу жағынан жетіспей жатқан жерлері бар. Бізді жас жазушының қалам тартысы, өмір шындығын бейнелеудегі және адамдар әрекеттерін суреттеудегі өзіндік мәнері қуантады.

Дүниежүзілік әдебиеттің кеменгер классиктерінің бірі, неміс халқының дана акыны Иоганн Вольфганг Гете-нің «Фауст» деп аталатын трагедиясы — ұлы шығарма. Мұнда өмір, дүние хақында философиялық терең толғаулар бар: адалдық пен арамдық, ізгілік пен ездік, шынайылық пен жалғандық, аярлық секілді бір-біріне кері-қар күштердің алысы, арбасуы бар, осы жайлардан адам қоғамының сырларын, қайшылықтарын ұғасын. «Фауст» кәдімгі адам қаһармандармен қатар, Мефистофель, періште, рух, жын кейпінде көрінетін бейнелер де әрекет жасайды. Ал, олардың осы әрекеттерінен адам қауымының ақиқаты, яғни өмір-дүние шындығы терең танылып жатады.

Бұл шығарманы дүниежүзілік әдебиеттің биік шыңы етіп тұрған оның осындай қасиет-сапалары. Сондықтан мәдениеті озық елдердің әдебиеті осы шығарманы өз тіліне аударып, оны өзінің төл туындысындай етуге тырысқан.

Міне, сол шығарманы қазақ тіліне аудару жолында жақсы қадам жасалғанын көріп отырмыз. Республикалық баспасөзде татымды, жақсы өлеңдерімен көрініп жүрген талапкер акын Медеубай Құрманов «Фаустың» бірінші бөлімін қазақшалап, жеке кітап етіп бастырып шығарды. Және ол «Фаусты» немісше нұсқасынан, яғни неміс тілінен қазақ тіліне тікелей аударған.

Бізде, әдетте, шетел жазушыларының шығармалары орыс тіліне аударылған нұсқаларынан қазақшаланады. Шетел әдебиетінің үлгілерін оның төл тілінен тікелей түсініп аударатын әдебиетші мамандар жоқтықтан солай. Әйтпесе, әр шығарманы түпнұскадан тура аударғанға не жетсін! Мәселен, ағылшын, француз, неміс, үнді т. б. халықтар тіліндегі туындылар орыс тіліне тікелей аударылады. Мұны орындайтын—сол тілдерді жақсы игерген, тәжірибелі маман-әдебиетшілер.

Осындай қазақ мамандары соңғы кездерде көріне бастады. Соның бірі — Медеубай Құрманов. Оның неміс акындарының өлеңдерін немісшеден қазақшаға тікелей аударып, газеттерде жариялап жүргенін білетін ек. Ал, мына аудармасы — ірі еңбек және қуанатын, құптайтын еңбек.

«Фауст» — әр жолынан философиялық ой ағындары аңғарылып отыратын, қисыны қиын шығарма. Стили, кер-

кемдік бітімі және ерекше. Шығарманың сол сипаты қазақшасында қалай көрінген? Аударманың сапасы қандай? Тілінің көркемдік бояуы қандай?

«Фаустың» қазақшасын қолға алғанда осы бір сауалдар көңілімізде тұрып, аудармашының еңбегіне, әлбетте, күдікпен қарағанымыз да рас, бірақ жылжытып оқи бастаған сәттен бастап-ақ, бұл күдігіміз бірте-бірте сейіле бастады. Түгел оқып шыққаннан кейін, аудармашының еңбегіне разы болдық.

Осы тәржіманың жақсы сапасын танытатын мынадай белгілерін атап айтқымыз келеді.

Ең алдымен, тілі көркем, поэзиялық өрнектері, пақыштары, сазы мен әуезі келісімді. Мысалы:

А қ ы н:

Көкте қалқып дауысым дамылдаған,
Жаңғырығып бар ғалам қабылдаған.
Сағат сайын дүние сан алмасып,
Естігенде үнімді мамырлаған.
Тәртіпке сап, тәптіштеп, жиыстырып,
Дыбыстары дуылдап дабырлаған.
Қисындарды қиыннан қиыстырып,
Сөз маржаны көмейден сауылдаған.

С а й қ ы м а з а қ:

Қыз асылса мойнына еркелеп кеп,
Жалынымен жандырып, шарпып өртеп,
Максатына жас жүрек ерте жетпек.
Болса да қаншалықты албырт, тентек,
Жаратылыс жастықты еркелетпек.

Р а ф а э л ь:

Ару күн жанарын төңкеріп,
Жер-көкке кірпігін қадайды.
Әлемді нұрымен көмкеріп,
Қия алмай қныла қарайды.

Ф а у с т:

Босанып мұз құрсаудан жылға-бұлақ,
Әндете жарысады суға құлап.
Елжіреп күн нұрымен бойын жазды,
Кең дала ару тәнін бұға бұлап.

Автор шығарманың түпнұскасындағы формалық ерекшеліктерін сақтауға және соларды қазақ өлеңінің тұрсіпатына, құрылысына үйлестіріп, қонымды етіп беруге тырысып отырады. Өлең сөзін бірде, жоғарыда келтіріл-

ген шумақтардағыдай, шалыс ұйқас түрінде өрнектесе, бірде қазақтың кара өлең ұйқасымен қайырады:

Ғажайып карақошкыл жүзі жайнап,
Жарқырап алтын арай нұрмен ойнап,
Қазына тұнып тұрған таудың төні
Княздың княсында салады ойнақ.
Тексең қанды,
Қисан жанды.
Тәжді жеңіп аласың...

Аудармашы автор кейде ауыз әдебиетіндегі жыр ағынын да қолданады. Көбінесе хабаршылар сөзінде (хор сөзінде) осы ағын бар:

Арлы-берлі жүгіріп,
Тіптен есі кетеді.
Ішін қатты у беріп
Әбден әлсіретеді...
Сасқанынан тал түсте
Асханаға келеді.
Едсінге аунап хал-мүшкіл,
Еніреп жылай береді.

«Фауст» өлеңмен жазылған трагедия болғандықтан, мұндағы монологтарда ұйқас қатаң сақталумен қатар, диалогтарда да, репликаларда да өлең үйлесімі бұзылмай тұрады. Аудармашы түпнұсқаның осы қасиетінің киюын кетірмеуге күш салған.

Фауст:
Кімсің сен, есімінді сұрайық біз?
Мефистофель.
Бұл сауал Сізге тіпті лайықсыз.
Альтмайер.
Атқылап тұрар еді-ау шарап әлі.
Зибель.
Өтірік, алдау-арбау, жалған бәрі.

Қазақ ұғымындағы сіңісті баламаларды, нақыл сөздерді, мақал-мәтелді орайын тауып, ұтымды пайдаланды: «Зар заманды түзесең қайда қалдың? Тазы боп шал, заманың түлкі болса», «Болады көп ұзамай мендік құлың. Ашсам — алақаным, жұмсам жұмырығым», «Биледі бар еркімді бір көргеннен. Аралап алпыс екі тамырымды», «Бедірейіп тұрып алсаң, тұқымынды тұздай құртам», «Айтылған сөз — атылған оқ», «Айырылам деген ой жоқ еді үш ұйықтасам», т. б.

Аудармада кемшіліктер жоқ емес. Ұйқасы әлсіз, тілі тұтқыр, сөзі бұлдыр кейбір шумақтар кездесіп қалады.

Екінші айтарымыз: шығарманың әралуан қаһарманының өз тілі, өзіндік сөз сәнтасы аудармада да көрінуі керек деп білеміз. Өйткені кейіпкердің сөйлеу әлпетінен оның мінезі танылып жатады ғой. Міне, осы тұрғыдан қарағанда, аудармада олқылықтар бар. Әрине бұл, аудармашының аудару тәжірибесінің жасандығына да байланысты шығар. Бұл жағдайды автор өзінің кейінгі аударма жұмысында қатты ескеруі керек.

1953—1968

ӨРЕЛІ СЫНҒА ӨРІС КЕҢ

Ескі Москваның «Молва» газетінен В. Белинскийдің «Әдеби армандарының» бастапқы тарауын оқығанда-ақ, әдебиет қакпасын енді ғана ашып кірген жас сыншының өрелі ойы өзіне қандай әсер еткенін сүйсініп айта келіп, И. И. Панаев: «...Қуанғаным соншалық, мақаланың авторымен танысып, жазғанының жалғасын тезірек барып оқу үшін Москваға дереу аттана жөнелгім келді»,—деп жазған еді.

«Әдеби армандар» әдебиет әлемінің биік аспанына В. Белинскийдің даңқын бір-ақ шарықтатып көтеріп шығарды. Орыс әдебиетінің көк жүзінде жарқырап туған жұлдызға ұлы Пушкиннің көзі түсті. Тургенев Белинскийді өз ғасырының 40-жылдарының түп дінгегі деді. Ол әдебиеттің асыл мұратын қорғауға шыққанда «дұшпанына барысша атылатын, өзінің ой-пікірін соншалық зор жігермен, соншалық сазды, күй төгіп өрбітетін»,—деп жазды Герцен.

Әдебиетті сүйетін жұртшылығымыздың бүгінгі сыншылардан да тілейтіні, міне, осындай қасиет қой. Әдеби өмірдің келелі мәселелерін алға тартып, жақсы шығарманың жазылуына ұйтқы болар ойлы сынды оқығанда, кім сүйсінбес?! Бірақ, кей-кейде, Мұхтар Әуезов айтқандай, «мақұлды мазаққа, сынды сықаққа алмастырған» қайсыбір авторлардың жазғанын оқуға душар боп қалғанында, қатты қынжыласын.

Біз, әрине, қазіргі совет әдебиетінде сын кейже қалып отыр деген пікірден аулақпыз. Әдеби сынымыздың бұрынғы тұрғысын бүгінгі жеткен деңгейімен салыстырсақ, әдебиет зерттеу жұмысының әр саласындағы жетістіктерді айтсақ, әдеби сынның кең өрісте өркендеп бара жат-

қан жақсы беталысып көреміз. Өзге жанрларда да кей-кейде қансыз-сәлсіз көк жасық дүниелердің еп тауып жарыққа шығып кететіні секілді, әрине, сын саласында да кермек татыған нәрселердің кейде бой көрсетіп қалатыны бар. Бұлар бүгінгі әдеби сын дәрежесінің өлшемі бола алмайды, бірақ кеселін тигізіп, нұқсан келтіретіні анық.

Өз замандасымыздың, коммунизм жолында еңбек етіп, күресуші совет адамының сом соғылған кесек образын жасау — жазушыларымыздың алдына партия қойып отырған аса зор талап. Бүгінгі танның осы үлкен тілегін өтеу жолында әдеби сынның атқарар қызметі қандай болуға керек? Қалың жұрт үлгі тұтып еліктейтіндей өр жігерлі, асыл жанды замандас бейнесін жасауда жазушыларымыздың табысы қандай, жеткен жетістігінің деңгейі қай шамада, олқы жатқан жағымыз қайсы, дәуіріміздің жана адамының образын әдебиетте қайтсек жарқыратып көрсете аламыз? Міне, бүгінгі сын осы сауалдарға терең шешімдер таппак керек. Бірақ біздің қазіргі әдеби сында әдебиеттің осындай күрделі мәселелері терең толғанылмай келеді.

Біздің байқауымызша, қазіргі сынымызда екі түрлі қолайсыз кемшілік бар. Бірінші кемшілік және де үлкен мін — сындағы сынаржақтық. Дәлірек айтқанда, сыншының шығарманы не жадағай мадақтай жөнелуі, немесе кемшілігін ғана теріп, кілең мансұқтай сөйлеуі.

Ал, екінші кемшілік — қайсыбір сындардағы құрғақ насихаттың көптігі, дәлірек айтқанда, сыншының ежелден мәлім жайларды қайыра жаңғыртып, өзгеден өзін білімді санап, тілмәрсіп, жадағай сөзді көбікше көпіршітетіндігі.

Осы екі түрлі кемшілікті, әдебиет ісіне соңғы жылдарда араласып жүрген кейбір жас сыншылардың жазғандарынан жиі кездестіріп жүрміз. Бұл жас жолдастардың әдебиетті жанындай жақсы көретіндігіне, оны көркейте түсуге сеп тигізуге бәрі де құштар екендігіне ешкім де шек келтірмесе керек. Бірақ, жазғанының өресі аласа жатса, ойы жұтан болса, терең пікір толғау орнына, құр тілмәрсіп, тіл мен жаққа сүйенсе, сыншы не мұратқа жетеді, оқушы не пайда көреді, әдебиетке нендей сеп болады?

Жас әдебиетші Рамазан Тоқтаров «Оқушыны ойлағанда» деген мақаласында («Лениншіл жас», 10 сентябрь, 1963 ж.) жазушылық шеберлік жайына байланыс-

ты келеті мәселені сөз етеді. Бірақ осы мақалада автордың тыңнан айтқан ұтымды ойы таңшы да, оның есесіне, құр ақылғөйсү басым. «Өнер атаулының ішіндегі қиындау кыны — әдебиет», «Айлы түндері сүйіскен жүректер ғана табысады», «Үйді шатырынан бастап орнатуға болмайды, «Роман — жазушының көңіліне ұялаған планамы...», «Ойсыз жазушы жарығын күннен алатын нұрсыз ай тәрізді», «Жақсы нәрсенің бәрі түсінікті» — міне, осылайша сөз саптап, әдебиет табалдырығын жаңа аттаған жас автордың кексе адамның әуенімен бос насихат сөйлеп отырғаны жараспайды-ақ! Рас, осы мысалға алынған сөздердің мағынасында қателік жоқ, бірақ оқушыны ойға бойлатып әкететіндей қасиет те жоқ.

Мақалада автор, өзінің сөз етіп отырған мәселесіне орай, бүгінгі әдебиетіміздің кейбір шығармаларын мысалға келтіреді, осы тұста тың пікірлер толғанбай, автордың сөзі жадағай, жалаң кетіп отырады. «Доктор Дарханов» маған ұнайды», — деп жазады автор, бірақ осы шығарманың өзіне ұнаған қасиеттерін жарқыратып айтып бермейді. Бұл романның маған ұнайтын себебі — мұнда «ешқандай бейнеде идеализация жоқ», — деп, сөзді келте қайыра салады. Жас жазушы Қалихан Ысқақовтың «Қоныр күз еді» повесін мен сүйсініп оқыдым», — дейді автор, ал, осы шығарманың жақсылығын танытатын белгілерін ашып көрсетпейді. «Повесте өмір шындығы жақсы бейнеленген, өйткені адам әр уақытта өмір сүрген ортасының, дәуірінің айнасы. Сондықтан болар, жазушы ол жөнінде бір ауыз сөз айтпаса да, соғыстан кейінгі жылдардың картинасы көз алдымызда дірілдеп, мұңды бір сәттерімен калып қояды», — деп, автор тағы да сөзді ортасынан бір-ақ түйе салады. Пікірдің дәлелі тапшы болған соң, әрине, ой ұшталмай тұқыл қалады.

Біздің кейбір жас сыншылар өздерінің мақаласында, сонау Аристотельден бастап, әдебиеттің бұрынғы-соңғы классиктерінің есімін кейде шетінен тізіп сөйлейтіні бар (Сірә, оқушы жұрт, мынау қандай білгір еді деп, таңдай қаксын дейтін болу керек! Сыншының оқығанын өзге жұрт оқымай ма екен?!). Классиктердің пікіріне сүйене отырып, сыншы өз ойын тың өрісте дамытып алып кетсе, әдебиеттің бүгінгі міндеттері тұрғысынан сөйлесе, оқушы, әрине, сүйсінер еді.

Қайсыбір реттерде кей жолдастар сынды «азулы» етуге құмарланып, ащы сөзге көбірек жүгіремін деп, ой желісін ыдыратып алады да, сынағаны сөгу боп шығады.

Зейнолла Серікқалиевтің «Әдебиет жол басшысы—әлім сын» деген атпен жарияланған көлемді мақаласының («Лениншіл жас», 12 сентябрь, 1963 ж.) осындай жарамсыз жағы бар. Сын саласында жалпылама сарындағы мақалалардың бізде соңғы кезде етек алып бара жатқанын дұрыс айтып, сөзді тура осыдан бастаған автор, қанатты қатты қаға жөнеледі, бірақ әдебиеттің теориялық үлкен мәселесіне қарай ойыспай, Р. Бердібаевтың «Өмір мен идеал» деген мақаласын нысанаға алып, соған ғана түйіліп түседі: «Мақаладағы басты-басты тұжырымдардың өзі негізге алуға, қабылдауға болмайтын, бірін-бірі жоққа шығарар қайшылықты пікірлерге толы». Сөйтіп бірден қатты жазғыра жөнеледі.

Р. Бердібаев мақаласының бүкіл ішкі мазмұнына, рухына зер салып өтелікші. Бұл мақалада автор «бүгінгі тандағы ең зәру мақсат — дәуір адамының кесек, биік бейнесін жасау», «Барлық жағынан мұрат-идеал тұтарлық тұлғалар жасау» мәселесін қозғайды; біздің кейбір шығармалардағы ұнамды образдардың «басында бірсыпыра жақсылық кездескенімен, оқушыны тебірендірмейтіні неден?» деп сұрау қояды, біздің бүгінгі сүйсінер қайнармапымыз «коммунизм құрылысына нұқсан келтіретін бөгесін атаулыға аянбай қарсы шығу өмірлік пафосына, тіршілік қажетіне айналған адам» болуға керектігі жайлы ой түйеді. Еңбекшілерді коммунистік мұраттар рухында тәрбиелеуде оқушыға барлық жағынан идеал боларлық ұнамды образдың атқарар ролі зор. Міне, бізге осындай асыл тұлғалар, ойы, арманы, сезімі, ісі бүкіл қасиеті жанынды баурап алар, көріге де, жасқа да — дүйім жұртқа өнеге-үлгі боларлық сом бейнелер керек. Жазушы мұндай кесек тұлғаларды аспаннан алмайды, өзінің советтік Отанында қажырлы ісімен даңқы шығып, қалың елдің мақтанышына айналған қарапайым совет адамының сипатына қарап отырып, дәуірдің кесек, биік бейнесін жасайды. Р. Бердібаевтың мақаласында: «Қаламгерлеріміздің назарынан қағыс қалып бара жатқан бір жай бар секілді. Ол — оқушының өз өміріне, ісіне, келешегіне барлық жағынан мұрат-идеал тұтарлық ірі тұлғалар тұғызуға жете мән бермеушілік», — деген сөйлем бар. Сыншы З. Серікқалиев автордың осы тұстағы пікірінің байыбына бармаған, «ал, сонда қарапайым совет адамының... образы деген қандай образ, барлық жағынан мұрат тұтар идеалдық ірі тұлға деген қандай тұлға?» — деп сұрау беріп, авторды қисынсыз жазғырған. Тігісі жатық түспе-

ген бірен-саран сөйлемге қадалмай, мақаланың бүкіл ішкі мазмұнына, рухына байымдап қарар болсақ, Р. Бердібаевтың айтып отырғаны — қарапайым совет адамының оқушы үлгі тұтарлық биік тұлғасын жасау деген мәселе емес пе? Шолоховтың «Адам тағдыры» әңгімесіндегі Солдатов — қарапайым адам, майданда ол қатардағы солдат қана, ал, соғыстан кейінгі кезде жай ғана шофер. Бірақ осы адамның дұшпанға қарсы көрсеткен ерлігі қандай! Оның өжет мінезіне, ер қайратына кім сүйсінбес! «Осындай азамат болсам!» — деп солдат та армандайды, оның өр тұлғасына генерал да қызығады. Шығармада қарапайым совет адамының бейнесі жұпыны дәрежеде қала бермей, іріленіп, биіктеп көрінісін. Р. Бердібаевтың пікірі осыған саяды. Автордың «Сәуле» пьесасындағы Сәуленің, «Теміртаудағы» Дәмештің тәуір шыққан образдарын кемсіту ниеті жоқ, осылай екенін айта отырып, сол кейіпкерлердің әрекеттерін әлі де олқысынып айтқан пікіріне де осы тұрғыдан қарау керек. Несін жасырамыз, ірі характер ірі әрекет арқылы ғана жасалатынын естен шығарып, кей-кейде шамалыны дардай көріп, тамсанып қалатын әдетіміз жоқ емес қой.

3. Серікқалиев мақаласының және бір жарамсыз жағы көзге түседі: жас сыншы сынаудың қызығына түсіп кетіп, кей тұста автордың пікірін өз ыңғайына бұра тартып сынга алады. Р. Бердібаевтың әдебиетте идеал образдар жасау жөніне байланысты келтіріп өткен мысалдарын сөзге тиек қылып: «бүгінгі таңдағы ұлы міндеттерді тек қана Павел Власов, Қорчагин, Рахметов образдарының сипатымен анықтау бір жақтылық... Құнанбай, Игілік секілді классикалық кесек кейіпкерлер галереясын жасаған Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсрепов тәрізді қазақ әдебиетінің бетке ұстар каламгерлерінің бәрі де «идеалдық» образ жасай алмағандықтары үшін... сұрғылт тізімге ілінер» еді, — деп жазады З. Серікқалиев. Бұл жерде автор, бүгінгі адамымыз үлгі тұтарлық тұлға деген ұғым мен жалпы типтік образ туралы ұғымның ара жігін айырмай отыр.


«Білімдіден шыққан сөз» деген мақаласында Р. Бердібаевтың жазушы көп нәрседен білімдар болуға керек деген дұрыс тілекпен, «Сары жайлау» секілді күй асылының қалай туғанын жазушы көркемдік шындықпен түсіндіріп берсе деген тілекпен, Тәттімбетті мысал ретінде ғана келтірген жері бар. Осы мақаланы сынаушы автор сол сөйлемді қармаққа іліп: «егер біз пікір айтудың мұн-

дай тәсілін құптасак, Құрманғазының, Дәулеткерейдің, Сейтектің жүздеген күйлерін қатарынан тізіп шығу қиын ба?» — деп мін тағады. Жаным-ау бірді мысалға алып айтқанда, сол арқылы көпке қатысты мәселе ұғылмай ма екен? Бір жерден ілгешек іздеп, неге ғана сығалай береміз осы?!

Р. Бердібаев: «жазушы керек жерінде этнограф та, лингвист те, тарихшы да, философ та болуға тиіс». — деп жазған екен, ал, З. Серікқалиев сол үшін оны: «...сүйенетін дерегі — баяғы бір әл-Фараби, Айнш... Солар сияқты сен де сегіз қырлы, бір сырлы емессің, өзге тілдерді білмейсің, философ та, тарихшы да, географ та емессің, қысқасы, сен ұлы адам емессің деп бетке салық қылады», — деп жазғырады.

Сыншы өзінің пікірін дәлелдей түсу үшін Мұхтар Әуезовтің интеллект туралы айтқан сөзінен цитата келтірген, бірақ бұл жерде де жаңсақ ой айтып алған. М. Әуезов Аристотельдің, Әбуғали Ибн-Синаның, Леонардо да Винчидің жан-жақтылығы бұл күнде мүмкін де емес деген ой айтқанда, «қазіргі білім жеке ғылым саласына тереңдейтін мамандықты тілейді», жазушы әрі әдебиетшінің, әрі философтың, әрі математиктің білгенін бір өзі біліп отыруы бүгінде мүмкін емес, бірақ ол әр ғылым саласында, ол өмірінде нендей ірі жаңалықтар болып жатқанын сезіп, танып отыратындай дәрежеде болуға керек, яғни, «біздің әдебиетіміз анық күткен қадірлі замандасымыздың өзі де өзінің дәуірін барлық қайшылықтарымен, бар кең көлемінде даналықпен қамтып тани білетін адам» болуға керек деген нысананы көрсетіп айтқан болатын. Р. Бердібаев өз пікірін М. Әуезовтің осы ойынан шығарып айтқан, яғни ол жазушы Фараби секілді сегіз қырлы болуға тиіс деп уағыз айтып отырған жоқ, керек жерінде тарихшы да, философ та болсын, «ғылым мен техниканың соңғы табыстарын түсінерлік дәрежеде тұруы шарт», — деп отыр.

Біз бұл мақаламызда қазіргі әдеби сынның жайына байланысты көңілде жүрген кейбір ойымызды айтып өттік. Бүгінгі күн шындығы әдебиетке зор міндеттер жүктеп отыр. Сыншылдық ой сол биік талапқа сай болуын тілейміз. Асыл қару — әдебиет сынымыз кекету-мұқату сияқты ұсақ-түйектерден аулақ, әрі білгір, маман, әрі мәдениетті болса екен дейміз.



II тарау

БІЗДІҢ САПЕКЕҢ

Ақынның жырларынан ақынның өмірбаянын көреміз...
Әдебиетіміздің қарт өкілі, көпті көрген көне ақын Сапарғали Бегалин өз өмірінің жастық шағын суреттеп, ертеректе жазған бір өлеңінде былай дейді:

Мен бала боп өскелі,
Елім боп өмір көшкелі,
Қай белесті аспадым,
Қай қиянды баспадым,
Қай азапты көрмедім,
Қай мазаққа көнбедім...

Бай мен би үстемдік еткен бұрынғы ескі ауылда, көңілсіз, жүдеу өмір қыспағында ақынның балалық шағы өтеді. (1895 жылы қазіргі Семей облысының Абралы ауданына қарасты Дегелең деген жерде туған). Бірақ бойында өр қайраты, жүрегінде нұрлы үміті бар болашақ ақын өмірдің еңісіне қарай сырғымайды, өріне қарай талпынады. Ол әуелі ауылдағы молдадан ескіше хат таниды. Мұны місс тұтпай, ілгері қарай оқи түсуге ұмтылады. Сол мақсатпен ол он алты жасында Семей қаласына келіп, сондағы орта дәрежелі орысша-қазақша мектепке түсіп оқу үшін, бір ауқатты кісіге жалданып, қызмет қылады. Ол адам оны мектепке оқуға түсіреді. 1946 жылы Сапекен осы мектепті ойдағыдай бітіріп, бастауыш мектептің мұғалімі деген дәрежеге ие болып, енді ұстаздық етіп, ел ішінде өнер-білім таратуды ниет қылып, туған аулына оралады. Бірақ бұл мақсатын жүзеге асыра алмайды.

Бұл кезде бірінші дүниежүзілік империалистік соғыстың жүріп жатқан кезі болатын. Патша өкіметінің казак, өзбек, қырғыз, түрікмен секілді басқа ұлттардың азаматтарын майданның қара жұмысына алуға жарлығы тараған уақыт еді. Патша әмірін орындаушы әкімдер Сапар-

ғалды майданның кара жұмысына зорлықпен жібереді. Бұл қыспақтың уысынан оны Октябрь революциясы құтқарады. Октябрь жеңісін қуана қарсы алған ақынның қалаған еңбекке барып араласуына да, қаламын еркін сілтеп, шалқыта жыр төгуіне де кең жол ашылады. Сапарғали Бегалин — ересектерге де, балаларға да арнап шығарма жазатын және әдебиеттің проза, поэзия саласында бірдей еңбек етіп келе жатқан жазушы. Оның бүкіл творчестволық жолынан осы сипатты анық көреміз. Тұңғыш шығармасы — «Қазақ бозбалаларына» өлеңі 1914 жылы «Айқап» журналында жарияланған. Жастарға арналған. Ауыл жастарын өнерге, білімге шақырады.

Сапекеннің өнері нағыз қанат қаққан кез Октябрь революциясы жеңісінен кейін болды. Ол ел өміріндегі жаңалықтарды қуана жырлады, жұртты бақытты заманда аянбай еңбек етуге, өнер-білім алуға үндеді. Осы жолда қол жеткен жетістікті, табысты тебірене толғады.

Тау орнына көлдер орнап,
Құм орнына өсірдік гүл.
Табиғатты еркін қолға ап,
Жақарттық біз, жайнады өмір.

Міне, осылай шалқыды. Жаңа өмір шындығын өлеңмен өрнектей берді. Ақын поэзиясының тақырыбы кең. Ел өмірінде болып жатқан өзгерістерді өз шығармасына басты арқау етеді. Отан, туған жер туралы, ерлікке, советтік патриотизмге арналған өлеңдері, жоғары адамгершілік қасиеттерді мадақтайтын лирикалары — ыстық сезімге, еліне, туған халқына деген зор махаббатқа толы.

Шырқал, шырқал, жаным сүйген жақсы әндер,
Жетті жазың, әнші далам, масайра.
Гүлеген жел, асыр салған өзендер,
Көкірегімде жатсын бәрің қашан да...
Аулым ән сап шат өмірін шалқытсын,
Жарқын өмір күміс қоңырау соққандай,
Көкірегім күй нәсерін ағытсын,
Шырқалсын ән күндіз-түні тоқталмай.
Тыңдайын да әннің балын жұтайын,
Жаным мас боп балқысын бір сүйегім.
Әнші, тынба, ән тыңдауға мен дайын,

Бүгінгі өміріміздің жыр етер қуанышы көп. Сапарғали ақын сол көріністердің ең елеулілерін өз жырына өзек ете біледі.

Қазақтың кең сахарасында «Турксиб» темір жолы тартылғанда, осы үлкен оқиғаға арнап «Машинист» поэмасын жазады. Бұл дастанда совет адамының ерлік ісі мадакталады. Дала төсіне тартылған болат жол, даланың қан тамырындай болып, бұрынғы құлазып жатқан күмеденге жан кіреді. Осы жолмен зымыраған паровоздың дүрсілі мен демі әлемге адам күшінің құдіретін паш екендей сезіледі. Дос қуанды бұған, ал, дұшпан күйінеді. Поэmanın негізгі ой түйіні осы.

Елімізге фашистік Германия тұтқиылдан шабуыл жасаған ауыр соғыс жылдарында Сапарғали өзінің сезімге, ерлікке толы жырымен майдандағы совет жауынгерлеріне дем береді. Ақын батырлықты мадақтайтын жырлар жазды. Солардың ішінен екі шығарманы ерекше айтуға болады. Оның бірі — «Қанатты қазақ» поэмасы. Бұл дастан Совет Одағының батыры Нұркен Әбдіровтың ерлігін жырлауға арналған. Қанатты қазақ — ұшқыш қыран Нұркен самолетіне от тигенде, сол лаулап жанған самолетті жау танктері шоғырланған қалың шепке қарай тұра бұрып, биіктен сорғалап, құйылып келіп соғады. Батыр ұшқыш Отаны, халқы үшін өз жанын пид а етеді. Поэмада Нұркеннің осы ғажайып ерлігі көтеріңкі, асқақ үнмен жырланады. Ерлік қимылдың сыры шертіледі. Батыр ұшқышты бұл ғаламат ерлікке бастаған — оның жүрегіңдегі еліне, халқына деген зор махаббат, жауға деген ашу-ыза, кеудені кернеген кек-намыс.

«Ажар» дейтін екінші поэмасында жас әйелдің ер-азаматтардан қалыспай, жарак асынып майданға барғаны, алғы шепте зулаған октан жасқанбай, дұшпанмен қасарыса алысқан ерлігі суреттеледі. Жауынгер әйел Ажардың бойына осыншалық қажыр-қуат берген күш неде? Ол—жүректегі Отанға деген үлкен махаббат. Ерліктің көзі осында. Ақын поэмада осындай ой түйеді.

Сапарғали Бегаллин — қазақ совет балалар әдебиетінің ірге тасын қалаушылардың бірі. Оның балаларға арнап жазған өлеңдері «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиесі». Бұл жырларда жасөспірімдерге үлкеннің айтар насихаты да бар, сәби көңілінің күйін дәл білдіретін балалық тәтті арман да, қызықты мінез де бар. Бір өлеңдерде жас жеткіншектің жақсы үміті, талабы, әр іске икемділігі, құмарлығы сипатталса, енді бірінде олардың мінез-құлқы, әр алуан әрекеттері суреттеледі. Көп-көп өлеңдері балаға өмір сырларын, табиғат құбылыстарын танытуға арналған.

Сапарғали Бегалин творчествосының екінші саласы — проза. Жазушының көптеген әңгімелері мен очерктері, повестері бар. Бұлардың дені жасөспірімдерге арналған. Бұл шығармалардың да негізгі тақырыбы жазушының поэзиялық шығармаларының тақырыбымен бір өзектес.

1942 жылы Сапарғали Бегалиннің балаларға арналған «Жылқышы бала» деген еңбегі жарыққа шықты. Мұнда оқушы баланың үлкендер ісіне қолқабысы суреттеледі. 1947 жылы жазушы өзінің жас оқушыларына «Көксегеннің көргендері» атты повесть ұсынды. Бұл повесте автор балаларды дала жануарларының қызықты тіршілігімен таныстырады. Осы кітапты оқып отырғанда, әр оқушы шығарманың бас кейіпкері Көксегенге еріп, ну орманды, биік белестерді, сағым ойнаған жазық даланы бірге аралап көргендей болады, табиғат дүниесінің, жаратылыстың көп-көп тамаша сырына қанады.

Жазушының «Бала мерген» шығармасында Уаш дейтін баланың әке өнерін қуып, ағашы болғаны, жас мерген атанғаны қызықты баяндалады. Бала мерген Уаштың елік атып алғаны, сілеусінді сілейтіп салғаны, аюмен айқасқаны әсерлі суреттелген, оқушыны еліктіріп отырады. Бұл әңгімеде табанды, өжет баланың образы жасалған. Сонымен қатар бұл шығармада — жасөспірімдерге табиғат сырын, дала тағыларының тіршілік-характерін таныстыратын қасиет те бар. Осы сипат жазушының балаларға арналған әңгімелеріне әсіресе тән. Сондықтан бұл шығармалар жасөспірімдердің дүниетану қабілетінің ұшталуына, сөз жоқ, жақсы себін тигізеді.

Қаламгердің қалың жас оқырмандар қуана қабылдаған елеулі бір туындысы — «Сәтжан» повесі. Мұнда жас азаматтың бойындағы тамаша қасиеттер, өнерге, еңбекке құштарлық, бала жүрегіндегі тәтті арман, мөлдір сезім өте шебер суреттелген. Сондықтан да бұл повесть — қазақ совет балалар әдебиетінің таңдаулы шығармаларының қатарынан берік орын алды. Жазушының «Сәтжан» повесі орыс тілінде Москвада, Ленинградта бірнеше рет көп тиражбен басылып шықты. Өзбек, қырғыз және басқа ұлттар тіліне аударылды сондай-ақ, шетелдерде де жарияланды.

Жазушының соңғы жылдарда жазған елеулі үлкен шығармалары — Шокан Уәлихановтың өмір жолын сипаттауға арналған повесі және өзінің атақты замандастары туралы естелік кітабы. Бұл еңбектер халқымыздың

ардагер ұлдарының өмір сапарынан аса қызықты сырлар шертеді.

Қарт жазушымыз, біздің қадірлі Сапекен еңбекте толас жасамайтын кісі.

ЖАҢАШЫЛ ЖАЗУШЫ

Совет жазушысы үшін социалистік еліміздің шынайы шындығынан алып шығарма жазып, өз замандастарының тамаша образдарын жасаудан артық қадірлі еңбек болмасқа керек. Әдебиет қақпасын өлеңмен ашып, тұңғыш өлеңі 1930 жылы «Әдебиет майданы» (қазіргі «Жұлдыз») журналында жарияланған Зейін Шашкин, творчестволық жолының сол алғашқы балаң шағында туған шығармаларының өзінде-ақ советтік жаңа адамдардың — замандастарының тамаша ісін, жоғары моральдық қасиетін қуана жырлады. Бүгінгі күннің биік тұрғысынан қарағанда, ол балғын шығармалардың көркемдік сапасы әлсіз көрінетіні де рас, әйтсе де, автордың өз замандастарының арманын, ойын, сезімін шынайы суреттеуді мақсат еткен бұл еңбектерінің бағыт-бағдары түзу де, анықта еді. Шығармада социалистік шындықты шебер бейнелеу, жаңа дүние орнатушы совет адамдарының жоғары адамгершілік қасиеттерін шынайы суреттеу — жазушының алға қойған ардақты арман-мақсаты осы болатын.

Зейін Шашкин — қазақ даласына Ұлы Октябрь революциясы әкелген зор жаңалықтардың бел ортасында қайнап өскен жазушы. Ұлы революцияның дауылды жылдарының сырына да Зейін жастай қанық болған. Жазушының өз әкесі Жүнісбек ауылдың әкімдеріне қарсы болғандығы үшін Сібірге жер аударылады, ол айдаудан 1916 жылы оралып, қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісіне қатысады, кейін социалистік революция жеңгенде, ауылда Совет өкіметін орнатысуға белсене араласады. Жаңа дүние орнату жолында күрескен ерлер бейнесі қандай болатынын, ең алдымен өз әкесінің әрекетінен танып өскен болашақ жазушы, қаламы төселген шағында, Октябрь революциясының дауылды жылдары жөнінде ірі шығарма жазуға құлаш ұрады. 1956 жылы «Таң атканда» повесін (әуелі орыс тілінде жазып) жариялады. Бұл повесте Жетісу өлкесінде Совет өкіметі орнап,

жана өмірдің таңы атқан кезді суреттейді, революцияның от-жалынында шыныққан қажырлы большевик Сақа Сағатовтың образын жасайды.

3. Шашкиннің Қазақстанда Совет өкіметін орнату жолындағы күрес күндерін кең толғай сипаттайтын ірі туындысы — «Токаш Бокін» романы. Бұл — қазақ халқының ардагер ұлы, Совет өкіметі үшін күрес жолында қаза тапқан қажырлы революционер Токаш Бокіннің өмірі мен күресін суреттеуге арналған тарихи шығарма. Жазушы Токаштың басынан өткен қызық та күрделі оқиғалар ауқымында қалып қоймай, бүкіл қазақ елі бастан кешкен тарихты, қилы-қилы кезеңдерді кең қамтып, халқының өмірі мен тағдырын, революциялық күресін терең суреттейді.

Октябрь революциясынан бұрын екі бірдей қанаудың — әрі патшалық самодержавиенің, әрі жергілікті бай-феодалдардың езгісінде езіліп-жаншылып келген қазақ бұқарасы өзінің азаттығы мен тегігі үшін күреске шыққанда, тарихтың, өмірдің талай қиын кедергісіне кезіккен. Революция бесігінде тербеліп шыңдалмаған, бірақ әбден қанау батқан соң ашынып айқасқа шыққан қазақ кедейлерін дұрыс бастап, түзу бағытқа тура ілестіріп алып кету үшін революционер жетекшіге үлкен қайрат, зор жігер керек еді. Бұл қасиеттер Токаш бойында молынан бар. Токаш бұл қуатты күресте шыңдалған орыс большевиктерінің революциялық рухынан алады. Орыс пролетариатының патшаны тақтан құлатқан ерлігінің дүмпуі қазақ даласын да дүр сілкінткен. Езілген еңбекші бұқараның қанаушы тапқа қарсы көтерілістері Қазақстанның да әр түкпірінде бұрк-бұрк етіп тұтанған еді де, лезде бір-біріне ұласып, тұтаса лаулаған. 3. Шашкин романда Жетісу аймағындағы Токаш Бокін бастаған күресті окшау бейнелемей, оны бүкіл Қазақстанда қаулаған сол революциялық қозғалысқа сабақтастырып суреттейді. Сөйтіп, Жетісу аймағындағы революциялық күресті бүкіл байтақ елімізде Совет өкіметін орнату жолындағы ұлы шайқасқа ұштастырады.

«Токаш Бокін» романында революциялық күрес күндеріндегі қазақ елі өмірінің шындығы әсіреқызыл бояусыз, нанымды сипатталады. Әр алуан әлеуметтік ортаның осы кездегі шын бейнесі, түрлі қауым өкілдерінің басынан өткен қилы кезең, алуан хал тарихи жағдайға сәйкес бейнеленеді. Сондықтан да романда жазушы мүсіндеген характерлер біздің көз алдымызға революция-

лық дауылды өмірдің анық шындықтары қалпында ерекше жарқырап көрінеді.

Токаш туған халқының азаттығы мен бақыты үшін алысып, күрес үстінде қаза табады. Бірақ оның ісі өлмейді. Токаштың ерлік мінезі, нұрлы арманы, асыл мақсаты ел жүрегінде мәңгі ұялап қалады. Токаштың ақылшы, камқор досы, ысылған революционер Березовский, туған ұлтының бар жақсы қасиетін бойына мол сіңірген, ер қайратты, кемеңгер ойлы Құрышпай — бұлар сол Токаш өмірін арнаған күресті ілгері апарушылар, Токаш жүрегіндегі нұрлы арманды сөндірмей, биікке туғып көтерушілер. Сонымен қатар, бұлар — социалистік жаңа заманды өз қолдарымен орнатқан, советтік жаңа қауымның егде буыны, біздің бүгінгі қарт замандастарымыз. Сондықтан олардың осы жаңа дәуірімізді орнату жолындағы күресін, олардың революцияның от-жалынында шындалған қасиеттерін, сол күрес күндерінде жалындап туған арман-ойларын суреттеген жазушы шығармасы бүгінгі ұрпаққа ерекше ыстық та.

Советтік жаңа қауымның революция жалынында шындалған қазіргі қарт өкілдері — өздерінен кейінгі буынның тәрбиешілері. З. Шашкинның дәл бүгінгі күн тақырыбына арнап жазған «Теміртау» романында алдыңғы шығармасында суреттелген Құрышпайлар бейнесінің қайтадан келіп көрінуі сондықтан да, әрине, заңды құбылыс. «Теміртау» романы — Қазақстанда металлургия заводының туу тарихын, болат қорытушы еңбек адамдарының бүгінгі өмірі мен тұрмысын, бейбіт еңбегін суреттейтін шығарма.

Романның басты кейіпкері — қазақтың инженер қызы Дәмеш. Ол қарт большевик Құрышпайдан тәлім алып, өнеге көріп, алғыр, зерек, өткір боп өседі. Дәмеш образы арқылы жазушы жоғары дәрежелі оқу орнын бітіріп өндіріске келген жас маманның еңбекте ширатылған өсу жолын көрсетеді. Еңбек — адамның ақыл-ойын қалыптастыратын, арманын ұштайтын, өмір сырларын терсең ұқтыратын үлкен мектеп. Дәмеш заводқа келген бойда-ақ бүкіл істің тетігін түгел біліп сайрап тұрған адам кейпінде көрсетілмейді. Өндіріске келген жас маман жұмысқа әуелі жасқанып кіріседі. Бірақ оның жүрегінде бекіген нық сенім бар, бойында қызулы жас қайрат бар. Жалындаған талабы Дәмешті тек қана алға жетелейді. Құрыш құюдың жаңа әдісін іздеу жолында жас маман алғашқы кезде сәтсіздікке де ұшырайды. Бірақ ол қиындықтан,

күрестен тайсақтап, кейін шегініп кетпейді, қайраттанып, ширай түседі. Ақырында, бастаған ісін жеңіспен аяқтап, сапалы құрыш құюдың жаңа тәсілін тауып шығарды.

Осы үлкен әрекет үстінде Дәмеш еңбектің де қадірі мен қуатын айрықша таниды, өмірдің де сыры мен қилықпылы жолын терең түсінеді. Өмір ағысы Дәмештің жандүниесіне алуан сазды күй толтырды. Осы инженер қыздың іс-әрекеті де бізге соншалық сүйкімді көрінеді, мінезі мен қылығы да сүйсіндіреді, арманы мен ойы да жанымызды тербетеді, жүрегіндегі махаббат сезімі де көңілімізді толқытады. Дәмештің ақыл-ойы, арман-тілегі, жүректегі сезімі біздің өз замандастарымыздың жан күйлерін танытады.

Жазушы «Теміртау» романында өмірдің қат-қабат терең сырларын ашады. Адам бар жерде күрес барын білеміз. Қоғамның тәртібіне қарай күрес сипаты өзгеріп отыратыны анық. Адамдар бір-біріне кастаспай, бірақ әр қайсысы өз ойын жүзеге асыру үшін және де жақсылық мүддесіне бола жүргізетін күрестің сыры бір басқа. Ал, қара бастың қамын ғана көздеп немесе өзінің пасық ойын іске асыруды ішке түйіп айқасқа түсетін адамдар әрекетінің жайы мүлде бөлек.

3. Шашкин «Теміртау» романында өмірде болып келген және де бола беретін осы екі алуан күрес-тартысты шындық тұрғыға сай бейнелейді. Завод директоры Қайыр мен жанашыл бригадир Ораз арасындағы тартыстан біз ол екеуінің де завод мүддесі үшін жан сала күрескен адал пейілдерін көреміз. Ал, ішмерез инженер Мүсілімнің әрекетінен оның арам пиғылын, өзінің пасық ойын жүзеге асыру үшін тартысып жүргенін білеміз. Мүсілімнің пейілі қара, бірақ ол әлсіреген қаскөй. Бір кезде Советтің талай адал азаматтарына жала жауып, оларды нақақтан жазаға ұшыратқан, сөйтіп, өзі көздеген мақсатына зымияндықпен жетіп отырған Мүсілім қазір сол әрекеттері әшкереленіп, енді өрісі тарылып, тығырыққа тірелген. Енді ол жансақтау тәсіліне кіріскен. Бірақ ол өзінің бұрынғы жалақорлық дағдысын әлі де қару ғып жұмсауын қоймаған. Бірақ оның ойлағаны орындала қалатын бұрынғы күні жоқ, сондықтан Мүсілімді қоғамдық өмір тықсыра береді. Жазушы Мүсілім сияқтылардың біздің қоғамда өрісі жоқтығын, бұларды өмірден ығыстырушы жеңімпаз күш қайдан тарап жатқандығын жақсы танытады. Романда суреттелген өз замандастарымыз-

дын жеңімпаздық салты оқушы жүрегіне қуаныш толтырады.

3. Шашкин «Темірқазық» повесінде казактың ғасырлар бойы құлазып жатқан тың аймағын енбек, ырыс мекеніне айналдырған кажырлы дала ерлерінің өмірін суреттейді. Өздерінің өнегелі істерімен, шынайы мінездерімен, алғыр ойларымен, сұлу армандарымен оқушыны қызықтыра еліктіретін комбайнер Ақан, дәрігер Райхан, жас жетекші Нұржан образдары есте қаларлықтай

Кейінгі жазған екі үлкен туындысы — «Доктор Дарханов» және «Сенім» атты романдарында, біздің бүгінгі замандастарымыздың өмірі, олардың енбегі, тұрмысы, түрліше тіршілік харакеті суреттеледі. Қоғамымыздың жаңа адамдарының азаматтық істері жаркын сипатталады. Және осы романдарда адамгершілік проблемасымен қатар, ел өмірін көркейтуге катысы бар келелі шаруашылық мәселелері де терең көрсетіледі.

Жазушының «Сенім» романын мысалға аламыз. Қоя оқиғадан басталады. Егістік жерді ұлғайту үшін тың алқаптарды игеру керек деп, дикандардың алдына мемлекеттік мәні бар үлкен мәселе қойылып тұрған жауапты шак. Әр совхозға канша тың жерді жырту жөнінде ауданнан бекіп келген жоспар бар. Бұл жоспардың мүлтіксіз орындалуын ауданда, одан әрі облыста қадағалап отырған басшылар және бар. Міне, осындай жағдайда «Баянауыл» совхозының бас агрономы Нұрлан Сембин бұл совхозда егістік жердің көлемін шұғыл қысқарту керек деп үзілді-кесілді мәселе қояды. Ол — бұл совхозға жаңа келген агроном еді. Бүкіл жерді әуелі мұқият зерттеп шықты. Бұл өңірдің топырағы егін өсіруге жайсыз екен. Мал жайылымына ғана қолайлы атырап. Бірақ жалаң белсенділер, тың көтеру деген ұранның байыбына бармай, есіл жерді беталды тілгілеп, рәсуасын шығарып тастаған. Бұл қатені жедел жөндеу үшін бүлінген жерге жопышка егіп, жайылымды қалпына келтіру керек. Жалаң белсенділер «тың көтеріміз» деп ұрандап жүріп, мал жайылатын өрісті тарылтып тастап, мал шаруашылығын өркендету ісіне үлкен қатер тудырып қойған. Бұл — олардың екінші қатесі. Алайда мұны өздері көрмей отыр, өйткені олар бүгінгі күннің ғана қамымен жүр.

Ал, Нұрлан Сембин бүгінгі әрекеттің ертенгі салдарына көз жібереді, бүгінгі іске келешектің тұрғысынан қарайды. Ол науқаншыл емес, істі бастардан бұрын, әуелі оның мән-жайын, қазіргі салмағы мен кейінгі құ-

нын — таразыға түгел тартып алады да, әрі берекелі, әрі ғұмыры ұзақ болатын шараны жактайды. Және бұған көзі әбден жеткен соң, табанды нық басып тұрып қалады. Жоғарғы орын бекіткен жоспарға неге қарсы шығасың деп кижіндеген қызба басшылардың тегеуірініне төтеп береді, ығыспайды, жалтақтамайды. Олармен қарсыласып, күнкөрісімді кындатып алармын деп қорқақтап шегінбейді. Ол қара басының пайдасын көздеп отырған жоқ. Оның ойлағаны — елдің мүддесі. Қарсы алдында сіресіп тұрған кедергіге сол үшін тура барды. Бірақ бөгетті бұзып өте алмады, өзі жазаланып, жұмыстан босатылып, жәбір шегіп қалды. Алайда оның рухы жеңілген жоқ. Ол күреске қайта түсуге, енді әбден сайланып кеп, қатты айкасуға бел буды. Жеңбей тоқтамайтыны хақ, бұған шүбәланбайсың, өйткені ісінің дұрыстығын, бойындағы жігер-қуатын көріп отырсын.

Зейін Шашкин — өмірдің тынысын, біздің адамдарымыздың жан күйін нәзік жүрекпен сезе білген жаңашыл жазушы. Оның шығармаларынан біз өз замандастарымыздың сырын ұғамыз.

БИІК МҰРАТ

Совет жазушысы үшін өз дәуірінің ұлы шындығын, совет адамдарының қаһармандық ісін, олардың биік адамгершілік қасиетін жырлаудан үлкен мұрат жоқ. Бұл, әрине, қуанышты іс, бірақ жеңіл шаруа емес. Жауапкершілігі де зор, кыыншылығы да мол.

Өзінің творчестволық сапарында осы бағытта қажырлы еңбек етіп келе жатқан каламгер Сейтжан Омаровтың 1938 жылы «Бақыт» деп аталатын тұңғыш әңгімелер жинағы жарыққа шықты. Содан бергі жылдар ішінде проза саласында бірнеше көркем шығарма берді.

Осы туындыларының қай-қайсысында да, жазушы советтік дәуір ақиқатын бейнелейді, ел басынан өткен тарихтан, өз замандастарымыздың өмірінен сыр шертеді. Осының бәрінде жазушының аумап ұстап отыратұғын нысанасы бар. Ол — жан-дүниенің тазалығын, биік адамгершілік қасиетті бейнелесуді мұрат тұтуы. Өмірде кездесетін оқиғаның бәрі дауылды күнгі мұхиттай бұрқырап, көбік шашып жатпайды. Сырт көзге қимылы байқалмай,

елеусіз сияктанып, шаны білінбей өтіп жататын бір оқиғалар болады. Бұларды кішігірім, майда оқиғалар деп айтатын әдетіміз бар. Ал, үніле карасаңыз, байыбына барсаңыз, осы кішкене оқиғалар үлкен сырлар ұқтырады. Толғанып қаласыз, ойға шомасыз.

Осы айтып отырған сөзіміздің Сейтжан Омаров шығармаларына толық қатысы бар. Жазушы дағдылы өмір тынысын жіті барлап, көзге жұпыны көрінген оқиғаның сырын ашып, сол күй арқылы адамгершілік мәселесіне қатысты келелі ой қозғайды.

Сейтжан Омаров шығармаларының ұнамды қаһармандары да елден ерек, артық туған жандар емес. Көсем де емес, қолбасшы да емес, қатардағы жай ғана қарапайым адамдар, былайша айтқанда, көптің бірі бәрі де. Өмірдің қатқыл желі бетке тигенде, адамның ары мен қайраты сыналар болғанда, осы қарапайым жандар біртүрлі жоталанып, көзімізге жайнап, іріленіп көрінеді. Сүйсініп қарайсың, солардың бейнелерінен жүрегіңе бір жылы леп соғып өтеді.

«Ерді кебенек ішінде таны»,— дейді қазақ халқы. Адамның ерлігі қиындықпен белдескен кездегі қайратынан көрінбек. Қиын-қыстау шақта, сын сағатта, жолдасың басына іс түскенде, адамның қайратымен қатар, адамшылығы да сыналмақ. Адал ер, мөлдір сезім еш айнымайды, нендей қиыншылыққа тап келіп, бейнет шегуге душар болса да тазалығын сақтайды. Сол қасиетінен біз оның жан сұлулығын ұғамыз.

Жазушы Сейтжан Омаровтың «Құншуақ» повесінің қаһарманы Шырынкүлдің адамгершілік әлемі біздің жүрегімізді осындай бір жылы сезімге бөлейді.

Шырынкүл — ауыл мұғалимасы, ісіне тынғылықты, мінезі биязы, өте инабатты адам. Жұрт оны ерекше қадірлейді, құрмет тұтады. Мұғалімдік қызметіне, жас ұрпақтың тәрбиешісі болғанына Шырынкүлдің өзі де дән риза, жұмыс жағдайынан көңіліне түскен еш кірбіні жоқ. Бірақ бұған тағдырдың тартқызып қойған бір ауыр қайғысы бар. Ері аз жыл ғана отасып, тым ерте қайтыс болып, ұялжыған Шырынкүл жесір қалған. Жас әйел қара жамылды, жүрегі уға малынды...

Шырынкүлдің көңілін балалар жадыратады. Мектепте уақыттың қалай шапшаң өткенін байқамай да қалады. Жұмыстан жаны жайланып, көңілі тоғайып қайтады, бірақ, үйге келген соң, тағы да қамыға бастайды. Жым-жырт үй, тым-тырыс тұрған мүліктер — бәрі де бұған

мұная қарағандай болады. Осылай қинай бермек пе? Шырынкүл кей түндері көз ілмей шығады.

Ал, өмір өзені өз әуенімен аға береді. Мадияр деген жігітті Шырынкүл бұрыннан білетін еді. Екеуі педагогтық институтта бірге оқыған. Мадияр — ашық, ақ көңіл мінезді, оқуға да зерек, әрі сымбатты жігіт болатын. Шырынкүл студент кезінде Мадиярды ішінен қатты сүйіп еді, бірақ қыздың сырын жігіт ұқпады. Мадияр Балзия деген басқа қызға көңілін білдірді, соған үйленді.

Шырынкүл қақпағы ашылмаған сырын сол қалпында жүрегінде бекітіп тастады да, тіршілік заңының ырықына көнді.

Мадиярдың да басына түскен тағдыр салмағы бар еді. Өш біреулердің араға жаққан отынан, әйелі Балзиямен екеуінің арасында түсінбестік хал туып, жап-жақсы ұйып отырған семьясының шырқы бұзылған. Балзия төркініне кетіп қалған. Азғырушылардың тіліне еріп, әйел сол жақта да біраз шырғаланға түседі.

Бұл екеуі енді жарастық таба алмас деп, оқырман да күдер үзе бастайды. Сол мезетте, кенет бір үміт қылаңдап көрінеді. Бұл үмітті тұтатқан — Шырынкүл.

Ол Мадиярдың басына түскен халге қатты күйзеліп, терең толқынып қалады. Жаны ауырып киналады.

Шырынкүл Балзияны да жақсы білетұғын. Балзия ақылсыз, жеңіл мінезді әйел боп кетті дегенге көңілі сенбейді, оның Мадиярды кінәлап, енді көрместей боп, төркініне кетіп қалуын ашудың ісі деп ұқты. Ол Балзияны өсек пен ашудың жетегіне ергені үшін ішінен әрі қатты жазғырады, оның ақылға билік бере алмай қателесіп, сау басы шырғаланға түскеніне, әрі өте жаны ашнды. Ал, Балзияның ары адалдығына еш күмән келтірмейді.

Ол Балзиямен ұшырасып сөйлескенде, бұл сезімі тереңдей түседі. Өмір сабағы — ұлы мектеп. Балзияға қылығының терістігін өмір ұқтырыпты. Балзияда енді зор өкініш бар.

Шырынкүл оның жан-дүниесіндегі ауыр қиналыс өз терістігін терең түсінген адамның күйзелісі екенін көреді. Және сол күйден Балзияның Мадиярға деген махаббатының тазалығын таниды.

Мадияр мен Балзияға бақыт тілеген ол, екеуінің жүрегіндегі дықтың айығып, бұрынғы сұлу жарастығын қайтадан табуына себепші болады. Махаббаттың күйреуден аман қалғанына, семьяның іргесі бұзылмағанына ақ ті-

лекпен қуанады. Шырыпкүлдің бұл сезім толқындары оның адамгершілік әлемінің сұлулығын паш етеді.

Жазушының «Алтын алқап» повесі елімізде тың жерлерді игеру ұраны көтерілгенде алыс Украинадан қазақ даласына өз жүрегінің қалауымен еңбек етуге аттанған жас жігіт Абректің жаңа өлкеге келген беттегі іс-әрекетін суреттеуден басталады да, оқиға өрісі адамгершілік мәселесіне қатысты үлкен түйінге бет алады. Шығармада туысқан советтік ұлттар өкілдерінің жарасымды еңбегі мен терең достық сезімдері әдемі ұштастырыла бейнеленеді.

С. Омаровтың «Оташы» деген әңгімесінде орыс дәрігері — хирург Иван Петровичтің ауыр дертке ұшыраған қазақ жігітіне операция жасау кезіндегі көңіл күйі суреттеледі. Ол аса қауіпті операцияға дәл кірісер алдында, ғылыми-зерттеу институтында жұмыс істейтін өз баласының эксперимент жасау кезінде уланып, әл үстінде жатқаны жайында телеграмма алады. Не істеу керек? Өлім қаупі төнген өз баласына дереу аттанып кетуі керек пе? Онда мына операцияға дайындалған ауыр науқас халі не болады? Оның үстіне, хирург телеграммдан үрейлі хабар естіп, қатты алабұртып отыр. Көңіл қобалжуы салдарынан, операция кезінде қолы қалтырап кетпес пе екен?

Қатер де бар, толқу да бар. Хирург өзін өзі бекітеді. Адам тағдыры алдындағы жауапкершілікті, азаматтық борышты терең түсіну сезімі Иван Петровичке жігер, қуат береді. Ол өзін өзі берік ұстап, операцияны сәтті аяқтайды. Қаһарманның осы әрекеттерінің сипатынан оның рухының биіктігін, жанының сұлулығын көреміз.

Жазушының адамгершілік тақырыбына арналған «Өмір жалғасы», «Поездағы оқиға», «Қос жүрек», «Аманат», «Перзент», «Күнжалғас» сияқты әңгімелерінде адамдар арасындағы жарасымды қарым-қатынас, ар-ұждан тазалығы, сезім шынайылығы тартымды сипатталады.

С. Омаровтың прозалық шығармаларының бір алуаны ерлік, советтік патриотизм тақырыбына арналған. Мәселен, «Тастағы жазу», «Алынған кек», «Жолда» атты әңгіме-хикаяларында совет адамдарының кешегі Ұлы Отан соғысында туған елімізді жаудан қорғау жолында көрсеткен батырлық істері сипатталады. Ерлік тақырыбына арналған бұл шығармаларда оқиғалар бірінен-бі-

рі туып, бірін-бірі толықтырып, оқырманның көз алдына соғыс сұрапылының шындығын елестетеді.

Жазушының майдан өмірінен жазған көлемді шығармасы—«Айымбет» повесі. Повестің бас қаһарманы Айымбет — үлкен тағдыры бар адам. Өмір оны маңдайынан сипамаған, еркелетпеген, талай-талай қиындықтарға киіктіріп, көп теперіш көрсеткен. Жазушы өз геройын өмірдің осы сындарынан өткізіп, қаһарманның характерін оның күрес кезіндегі әрекеттерінің мазмұны арқылы ашады. Айымбет — адал жүректі, бір сөзді, шыншыл азамат. Енбек сүйгіш. Алдымен көптің қамын жейді. Қара басының пайдасын көздеп, ауырдың үстімен, жеңілдің астымен сырғып кетуді ойламайды. Әрқашан жұмыстың қиынын қалап отырады.

Айымбеттің осы қасиеті оның Ұлы Отан соғысында жауынгерлік тапсырманы орындау кезіндегі табанды ерлік мінезінен айрықша биіктеп көрінеді. Айымбет соғыста өліммен бірнеше рет бетпе-бет кездеседі. Ауыр жараланып, әл үстінде жатқан кездері де бар. Ауылдағы семьясы жайында аса жайсыз хабар естіп, өте күйзелген шақтары да болды. Міне, сонда Айымбет тағдыр ауыртпалықтарын шыдап көтереді. Ол қиындықпен күрес үстінде, кейде жолы болмаған шақтарында, торықпайды, жасып қалмайды. Керісінше, ширыға түседі.

Айымбеттің адамға деген рақымы, мейірімі мол. Жау жерінде жүріп жатқан соғыс кезінде, жанбырша жауып тұрған оқтың астымен, қатерге бас тігіп барып, неміс баласын ажал аузынан құтқарып алып шығуы Айымбеттің ерлігін өжеттігін ғана көрсетпейді, оның жүрегіндегі зор мейірімді танытады.

Бұл повесте ерлік, достық тақырыбы адамгершілік мәселесімен ұштаса тереңдеп, совет адамының рухы биіктігі жақсы ашылған.

Сейтжан Омаров шығармаларының басты кейіпкерлері негізінен, жас адамдар болып келеді. Жазушы солардың образдары арқылы біздің дәуіріміздің жас азаматтарына тән ерлік мінез, жалынды жігер, ыстық сезім, сүйкімді қылық секілді асыл қасиеттерді шынайы бейнелеуді әрқашан биік мұрат тұтып отырады.

СЫРЛЫ СУРЕТКЕР

Ол орта мектепті бітіріп, казактың Абай атындағы педагогтық институтының әдебиет факультетіне оқуға түскен жылдың келесі жазында Ұлы Отан соғысы басталды. Жас жігіт институттың екінші курсынан өзі тіленіп майданға аттанды.

Қазіргі қазақ совет әдебиетінің көрнекті өкілі Тахауи Ахтановтың азаматтық өмір жолы осылай басталған. Ол жарак асынып, жауып тұрған жау оғының өтіне барды. Өрт кешті. Жаралы да болды. Жау күйреп, жауынгерлер елге жеңіспен оралғанда, сол жеңімпаздар жасағының сапында ол да бар еді.

Тахауи — әдебиетке соғыстан кейінгі жылдарда келген буынның өкілі. Ал, бұл буынның айрықша бір ерекшелігі, оларды әдебиетке өмірдің өзі жетелеп әкелді. Соғыс сұрапылының ашы сабақтары, ар-ұждан сыналған уақыттың ұлы шындығы оларды терең тебіrentті, қолдарына қалам алдырды. Өмір жолы, әрине, жеңіл емес. Майдан теперішін көріп келгендер енді өнер қиыншылығын бастан кешуге бел буды. Қаламдарын ұштау үшін жан қинап еңбектенді, сарыла ізденді. Қол жеткен табысты місе тұтпай, қияғұ ұмтыла берді. Олар әдебиетке жаңа леп, соны сөз әкелді.

Өнер жолындағы қадамын өлеңмен бастаған Тахауи өзінің онтайы проза жағында екенін тез аңғарып, қаламын солай бұрып, көкірегіндегі үлкен сырын осы жанрда шертті.

Шындықты қызарта да, бозарта да боямай, ақиқат қалпының бар заңдылықтарымен көрсету, өмір ағысының, адамдар қатынастарының мазмұнына зерттей үңіліп, әр әрекет пен құбылыстың себебін терең ашу адамгершілік мәселесі мен қоғамдық әлеуметтік проблеманы ұштастыра, жымдастыра өру — Тахауи Ахтанов прозасының басты ерекшелігі.

Тіршілік бар жерде күрес бар. Өмір бір әуеннен айнымай, бірқалыпты сырғи бермек емес; ескі мен жаңаның қақтығысуы, қиянат пен әділдіктің айқасуы, қастық пен адалдықтың, бұрыстық пен дұрыстықтың белдесуі, кереғар ұғымдардың шарпысуы үнемі жүріп жатпақ. Еш тынбас, толастамас осы тартыста мұраты биік, рухы мықты күрескер жеңіп шықпақ. Жазушы Ахтановты осындай қайратты адамдар тағдыры қызықтырады. Оның шығармаларының озық бір қасиетін осы мазмұнынан көреміз.

Күрес жолы түп-түзу боп даңғырап жатпайтыны мәлім. Жеміске қол оңай жетпейді. Біздің мұраты биік күрескеріміздің өзі де бұл сапарда қуанышпен қатар ренішті де көреді, сүйінішпен қатар, өкінішті де бастан кешеді, сүрініп кетуі, сәтсіздікке ұшыраулары да болады. Мұның бәрі — тіршілік заңы. Тахауи өз қаһармандарын өмірдің дайын, жеңіл сүрлеуіне түсірмей, қат-қабат кедергісі, шытырманы мол, бұраланы көп жолына салады. Сол бөгеттерге киіліккенде еткен әрекеттерінен адамның рухани сырлары ашыла береді. Және қаһарманның әрекеттері образдың даму диалектикасын көрсетеді. Ахтанов шығармаларының жақсы бір ерекшелігі осы сипатында.

Жазушының проза саласындағы алғашқы күрделі еңбегі — 1956 жылы жарыққа шыққан «Қаһарлы күндер» романы. Бұл шығарма Ұлы Отан соғысының ең бір қаһарлы кезеңінің, Отанымыздың астанасына жау төніп келіп, ел басына қиын-қыстау күн туған ауыр уақыттың шындығын суреттеуге арналған. Еліміздің саяси құрылысы мен социалистік қуаты сынға түскен кешегі сұрапыл соғыс адамгершілікке де үлкен сын болды. Совет жауынгерінің биік патриотизмінен коммунистік рух танылады, жоғары адамшылық қасиет көрінеді. Соғыс дауылы өмір теңізін сапырғанда, тулаған толқын шірік қоғаларды жағаға ысырып шығарған. «Қаһарлы күндер» романындағы адамдардың рухани сипаты олардың сын сағаттағы әрекет, мінездерінің мазмұны арқылы ашылады. Сол мазмұн алуандығы алуан хал ұқтырады.

Роман жауынгерлер эшелонының майдан шебіне аттанғалы тұрған мезетін суреттеуден басталады. Поезд соғыс жакқа жүргелі тұр. Жауынгерлерді шығарып салуға келген ағайын-туғандары, дос-жарандары жылап-сықтап қоштасып жатыр. Катерлі ұзақ сапарға жөнелгелі тұрған солдаттың артында әлпештеген ата-анасы, сүйген жары, құрбыларымен өткізген жақсы күндері қалып барады. Алдында не күтіп тұр? Майданнан аман-сау оралар ма? Бір ойлары, армандары бар еді. Жүзеге асар ма? Жазушы өз қаһармандарының сын сағаттағы осы сезім толқындарын бейнелеу арқылы әр адамның ішкі дүние сипатын сездіреді. Шығармада әрі қарай өрбитін оқиғалар, қаһармандар киілетін қиын-қыстау шақтар жан-дүниесінің осы сипатын әр қырынан тереңдетіп аша түседі. Сөйтіп, кейіпкердің бар болмысын, бар рухани қалпын танытады. Романда жақсы мүсінделген Мұрат, Ержан,

Қартбай, Көжек, Кәкібайлардың ерлік мінездерінің, бағыл қимылдарының қайнар көзі — олардың азаматтық борынты, адамгершілік парызды терең сіңірген сезім қуатында. Рухани күш оларды ерлікке бастайды, үміт-сенімдерін зорайтып, көкіректегі армандарын нұрландыра түседі.

Ал, жылтырауық, сырдан Уәли бұл қасиеттен ада. Ол — эгоистік сезімнің құлы. Соғыс болмай тұрған бейбітшілік уақытта өз пайдасын көбірек ойлайтұғын пысық еді. Майданда жауынгерлер қиын-қыстау кезеңге ұшырап, өмірлеріне қатер төнгенде, Уәли қара басын сауғалаудың ғана амалын қарастырады. Опасыздық жасайды. Уәлидің бұл қылығы — оқтан үрейі ұшқан адамның есінен танып абдырауы емес, ежелгі сұм пейілінің, пасық көңілінің анық көрінген түрі.

Адамның рухани болмысын сын сағаттардағы әрекет мінезі арқылы ашу шеберлігі Т. Ахтановтың «Боран» романында жана қырларымен биіктей түседі. Шығарманың бас кейіпкері — еңбектің қарапайым адамы Қоспан өмірдің көп теперішін көрген, талай қиыншылықтарды бастан өткерген. Оған тағдырдың тартқан ауыр сыбағасы бұрында аз болмаған, енді қарапайым қойшы боп, тыныш еңбек етіп жүрген кезінде де өмір мұны қиын кедергілерге киліктіреді, басын шығалаңға салады. Тағдыр бұған өмірдің ащы уын тағы да татқызады.

Міне осындай қыспақтарға ұшырағанда, адал жаны жазықсыз жәбірленгенде, Қоспан езіліп, үгіліп кетпейді, керісінше, шырғаға түседі, өмірді күңгірттейтін кеселдермен мықтап алысуға белін буады. Бұл әрекеттерінен оның рухани мықтылығы көрінеді.

«Боран» романының жаңалығы — Т. Ахтанов Қоспанның боранмен айкасын суреттеу арқылы бүгінгі өмірдің сәнді шырқына дақ түсіретін, залал келтіретін кейбір жағымсыз жәйттердің әлі де бар екендігін дәлелдеп, сол кеселдің төркінін көрсетеді. Қойшы Қоспанның үскірік боранға ұрынуына, малының қырылуына кінәлі кім? Қоспанның өзі ме? Қарауындағы малының қыста жұтап қалмауының қамын ол жер қара, күн жылыда-ақ ойлаған, колхоз басқармасына талай ұсыныс берген. Бірақ оның сөзі зая болды, колхоздың қырсыз бастығының жауапсыздығынан қыстау басына пішен жеткізілмей қалды да, қыраулы қыста малға қатер төнді. Мәселенің байыбына барсақ, бүкіл шығасының, төркіні Қоспандар баққан шаруашылыққа немқұрайды қараған жауапсыз басшылық-

та жатқан жоқ па? Жауапсыздық — үлкен кесел, калын сор. Жазушы сол дерттің көзін көрсетеді, оны уағыздамайды, мансұқтайды. Қоспан образы арқылы білінетін тенденция осы.

Қоспан бейнесі туралы пікір айтқан кейбір жолдас-тар Қоспан тағдырынан Хемингуэйдің «Шал мен теңізіндегі» балықшы қарияның күйіне ұқсастық іздейді. Хемингуэйдің бейнеткер шалының образы арқылы білінетін тенденцияның сыры өзгеше. Теңізші шалдың басынан кешкен меңнатын айтып, Қоспан да осы алуандас азап тақсыретін шекті ғой деу — бұл тек сыртқы ұқсастықты көру. Ұқсастық іздесек, Д. Олдридждің «Соңғы қадам» повесінде де қаһарман азаппен алысады, теңіз жыртқышы — акуланы киноға түсіремін деп жүріп, өзі өлім құша жаздайды. Бұл алуандас мысалдар толып жатыр.

Образ сыры оның ішкі мазмұны арқылы ашылмақ. Сол ішкі мазмұнына қарасак, Хемингуэйдің балықшы шалы мен Олдридждің қаһарманы ағайындас. Екеуінің де басында жалғыздықтың мұңы бар, екеуі де қажыған. екеуі де тек әйтеуір, күн көруді ойлайды. Олардың бұл ұқсас мүшкіл күйі өздерінің ұқсас қоғамының керектен болмысынан туып жатыр.

Қоспан образының мазмұны бұларға мүлде ұқсамайды. Ол мыналардай жалғыз қалып торыққан, қайда барса да жолы болмай, тығырыққа тірелген адам емес. Демеу беретін, жанын ұғатын достары қасында үнемі бар. Олар: Жаңыл, Қаламұш және басқалар. Бәрі де өзінің еңбектес серіктері, сырластары. Қоймен бірге ыққан Қоспанды долы боранда, жеті түнде іздеп шығатын осылар. Жоқ, Қоспан жалғыздық көрген емес. Ол қара басының камын, күн көрісін ғана ойлап жүрген адам да емес. Қоспан — қоғамдық мүддені өз мүддесінен жоғары қоя білген, өмір құбылыстарына жанаша көзқарасы бар, мақсаты анық, өз тұтқан принципіне берік, табанды, ойлы қаһарман. Ол Хемингуэйдің немесе Олдридждің қаһармандарынша, көрініп тұрған азапты, сорды басында әдейі тімеп барған жоқ. Қысылшан шақ туғанда бойында қайнап шығар күш барын көрсетті. Бұл күштің көзі өзінің рухани қуатында екенін танытты. Суреткер шеберлігі осы қарапайым еңбек адамының рухани мықтылығы оның киіншылықпен белдескен кездегі іс-әрекеті арқылы жарқыратып көрсете білуінде.

Жазушының келесі ірі шығармасы — әзірше бірінші кітабы тәмәмдалған «Шырағың сөнбесін» романында да

біздің дәуір адамдарының сұлу жан қасиеті, рух қуатының күштілігі олардың қиыншылықпен бетпе-бет келгендегі мінез-әрекеттерінен көрінеді.

Т. Ахтанов — проза саласында, жоғарыда аталғандай, ірі туындылар және көптеген әңгіме-очерк жазумен қатар, қазіргі қазақ драматургиясының өркендеуіне елеулі еңбек сіңіріп келе жатқан қаламгер. Адам тағдырының сырларына зерттей үңілу, өмірдің келелі мәселелерін қозғау сияқты, жазушының прозасына тән жақсы сапаны драматургиялық шығармаларынан да көреміз. Қоғамға залал келтіретін мінді өткір сатира тілімен шенейтін «Арыстанның сыбағасы», интеллигенция өмірінен ой толғайтын «Сәуде», жастық сезім жайынан сыр шертетін «Махаббат мұны» пьесалары қалың көрермен қауым көңілінен жылы орын тапты.

Жазушы Тахауи өмірінің бір қырын оның әдебиет мәселесін зерттеуші, сыншы ретіндегі еңбектерінен көреміз. Ол Ғабит Мүсреповтың творчествосы жайында монография жариялады. Жазушының әр кезде жазған зерттеу, сын мақалаларының көлемді жинағы «Ксеруен» деген атпен басылып шықты. Бұл кітаптарда ұлттық әдебиетіміздің келелі мәселелері хақында маңызды сөз қозғалады.

Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Тахауи Ахтанов — өзінің қалам қызметіне қатаң талаппен қарайтын жазушы. Әр жаңа шығармасында суреткерлік мәнерінің жаңа қыры ашылып, шеберлігінің биіктей беруі — қажырлы еңбек жемісі.

ҚАБДЫКӨРІМ АҚЫН

Қаламгерлер жасағына елуінші жылдардың бастапқы кезінде қосылған топтың өмірбаянында бәріне де бірдей ортақ, ұқсас бір жайлар бар. Бұлардың балғын балалық шағы кешегі сұрапыл соғыстың ауыр жылдарына тура келді. Қиын уақыттың зілдей салмағы әлі бұғанасы қатпаған, топшысы бекімеген жас баланың да арқасына түсті. Жарак асының майданға кеткен әкенін, ағаның орнын басып, қолына айыр ұстап, қабырғасы майысып мая үйді ол. Жас буыны дірілдеп, ауыр қаптарды арқалады. Шаршап-шалдыққаны да рас, налып-кейігені де рас; бірақ шынығып өсті. Тарыншылықтың, жоқшы-

лықтың кермек уын татып, жүдеушілік көргені де, ішер ас пен кнер киімнен тарықканы да рас, бірақ мұқалмай өсті. Майданда жакынынан айырылып, қаралы болған жандардың азалы зарын да, соғыс салған баска да көп күйіктердің азабын да көрген, бірақ жасымай, өмірдің ащы шындықтарын ертерек татып өсті.

Қиын уақыттың ауыр жүгі менің құрбыларымның нығына батып, белін майыстырғанымен, арқаларын тұрмыстың аязы қарығанымен, бірақ олардың жан-дүниесін жұқарта алмады, керісінше, тайсалмай күресуге, борасынға қарсы жүруге, өрге қарай ұмтылуға үйретті. Сондықтан да менің құрбыларым өздерінің ауырлықпен өткен балалық дәуренінің сол бір шағын ылғи құрметпен еске алады, өздеріне риза болған көңілмен ерекше сүйсініп еске алады.

Соғыс кезі, сүренсіз шак, жұрт жұтан,
Ел үміті — біз, бойымыз бір тұтам.
Шамамызша шаруаға тұтка бол,
Кейде ұйқысыз біздің атып жүрді таң.
Қара тұяқ, өншен бала қаршадай,
Кайда барсақ тыпырладық шаршамай.
Біз қалғысақ аспан құлап кетердей,
Қайдан ғана бітті екен күш соншама-әй!

дейді акын.

Жай ғана, карапайым ғана айтылған осы сөздерде байқағыш көңіл аңғарар бір сыр бар. Сырт карағанда, акын бір кездегі өздерінің — қаршадай «қара тұяқ» балалардың көтерген ауыр жүгіне танданып отырған секілді, ал шындығында өздерінің қаршадайынан еңбек қазанында қайнап өскеніне сүйсініп, соны мақтаныш етеді. Орынды мақтаныш!

Қабдыкәрім акын туралы сөзімді мен осы бір жайларға әдейі сабақтап айтып отырмын.

«Поэзия өмірдің көрінісі немесе, дұрысырақ айтқанда, өмірдің нақ өзі», — дейді Белинский. Ал, өмір дегеніміз — адамның айнала ортасы, адамды қоршаған және оған әсер ететін барша тіршіліктің соғып тұрған тынысы болса, болашақ акын сол үлкен тыныстың ыстық лебіне де, суық деміне де басын қаршадай кезінен тура тосып, тәттіден гөрі ащының дәмін көбірек татып өссе, тұрмыс салмағы арқаға батып ер жетсе, мұның өзі — қыры да, сыры да алуан терең өмір.

Алғашқы өлеңдер жинағы 1955 жылы басылып шық-

қан ақын өз көзінің тірісінде жиырмаға жуық үлкенді-кішілі жыр кітаптарын жариялады. Осы кітаптарда топталған өлеңдерді тұтас алып қарағанда, Қабдыкәрім поэзиясының ешкімді қайталамайтын, өзіндік бітімі, өзгеше сазы бар айрықша бір сипатын айқын танимыз. Бұл сипат ақынның жанағы өзіне қанық өмірдің сырларын шертү ерекшелігінен көрінеді. Ақын лепірмей, алып-ұшпай, сабырлы үнмен жай ғана сөйлеп, өз басынан кешкен өмірден сыр қозғайды. Осы сыр бір адамның жеке басының дара күйі секілденіп қана қала бермей, менің де, сіздің де жүрегіңізден үндестік табады. Мұның құпиясы, біріншіден, ақынның кез-келген нәрсені өлең қылмай, адамдардың қарым-қатынасы мен әрекеті үшін мәні бар елеулі өмір құбылыстарын тани білгендігінде, екіншіден, өлеңдегі әлеуметтік әуеннің салмақты болуында.

Қабдыкәрім жырларының ылғи сабақталып отыратын ұзын бір желісі бар. Ол — лирикалық геройдың өмірбаяны. Ал, бұл өмірбаян — лирикалық геройдың басынан кешкен өмір тарихы ғана емес, ең алдымен, оның жандүниесіне құбылыстарының сырлы күйі. Қуануы да бар, күйінуі де бар, жадырауы да бар, жабығуы да бар. Бірақ көңілі құлазымайды, үміті кішіреймейді. Үлкен арман үнемі алға жетелеп отырады.

Ақынның балалық шақты еске алатын өлеңдерінде, әсіресе, «Әке жолы» поэмасында өмірдің ащы уын қаршадайында татуға тағдыр душар еткен бала геройдың қиыншылық қыспағына түскен кездерінде, адам табиғатына тән мінезбен налып, кейіп, торығып, тіпті, өмірден түгіле жаздап қалатын мезеттері де болады. Осындай қатты күйзеліс тұсында оны үміт пен сенім демейді. Біздің өмір шындығының нұрлы шуағы бала геройға рухани әл береді. Сондықтан адам басында болатын мұнды шерткен өлең жеке бастың күйік-зары боп қалмай, әлеуметтік жоғарыға көтеріліп кетеді.

Ақын жырында дағдылы өмір көріністері қарапайым бейнеленеді және әр құбылыстан үлкен түйін шығарып, жыр әуені биіктеп отырады. Бұл — Қабдыкәрім поэзиясының басты ерекшелігі.

Міне, жас семьяның ыстық бір қуанышын суреттейді ақын. Тұңғыш перзенті дүниеге келген жас ата-ана мәзмейрам. Ұрпағының өскенін көрген кәрі әженің қуанышында да шек жоқ. Бала — бақыт, бала — нұр. Нәрестеге бақ тілеп, қуанған үйге құтты болсын айтып жатқан ел де көп. Ақын жырын былай қайырады:

Алдарыннан аға тілек, ақ тілек.
Тұрды осы үйге ырыс тілеп, бақ тілеп.
Апқылдаған ағайынның көңілі
Күнде осылай жатты әкеліп жақсы деп.
Тілейді әжең, мен де құптап тост алдым,
Шықты жарып жүрегімді осы әнім.
Әмсе осылай, өзін ерткен жасақты
Биік-биік бәйге алдынан тосамын.

Жас әке нәрестеге саламаттық та тілеп тұр, оны жетілтіп, өсірудегі өз борышының үлкендігін де сезініп тұр. Бесікте уілдеп жатқан сәбиге елжіреген жүрегімен тіл қатып, алдарында ұлы өмір тұрғанын ескертеді. Бұл — жаалаң насихат емес, өзінің ел алдындағы азаматтық парызын жоғары ұстаған әкенің, ағаның кейінгі жас буынға үйретіп отырған өмір дәрісі.

Бала—гүл, құлпырып, жайқалып өскен сайын ақын әке көңілі өсіп, «әр ісінен жас шағымды көремін. Көремін де сүйсінем, туады толқып өлеңім!» — деп қуанады. Бұл қуаныштың сыры — бала әкенің енбек жолын басып, ілгері жүріп келеді. Әкелер дәстүрінің жалғасып жатқанына сүйсінеді ақын. Жас буынға әке дәстүрін ұстағаныңды мақтан тұт дейді.

Уақыт шапшаң зымырайды. «Өзіңнің есейгенінді кейінгіге қарап біл» дегендей, кешегі жас әкенің қолында талпынып тұрған сәби де ер жетіп қалыпты бүгін. Бойжеткендер үйге телефон соға бастады. Шылдыр еткен телефон тұтқасын, жүгіріп барып, ұл көтеріп ала берді. Көп ұзамай осы үйге келін де түсіп қалды. Жаңа отаудың шаңырағы көтерілді. Немере дүниеге келді. Ұл әке болды, әке ата болды. Бәрі де табиғи құбылыстар.

Қабдыкәрім осы қуаныш күйлерін шерткенде, жыр ауқымын тар шеңберде қалдырып қоймай, әлеуметтік ірі түйіндерге барады. Сондықтан өлең сіздің көңіліңізден шығып, мұндағы толғанған сырлар, аңсаулар, үміттер — бәрі де өз басыңыздан кешкен күйлердей сезіледі.

Отан дегеніміз — үлкен ұғым. Отанды сүю дегеніміз де — үлкен ұғым. Ал, осы ұлы сезім ен әуелі өз үйіңнің кішкентай отының басынан, ошағының қасынан басталады. Қабдыкәрімнің семья тақырыбына, үй-ішінің қуаныштарына арнап жазған өлеңдерінде өскен ұяға деген ыстық сезім туған жерге деген ұлы махаббатқа әдемі ұластып отырады.

Ақынның осы жырларында ерекше тебірене, толғана сипатталған бір ірі бейне бар. Ол—ана тұлғасы. Ыстық мерей, нұрлы сезім, бойға жігер бітірер қуат — бәрі де

осы адамның үлкен жүрегінің жылуынан тарап жатады. Ақынды демейтін, акын жырып тасытатын қуат көзі де — сол асыл ананың жүрегінің жылуы.

Төрт жүрек соғып бірге сіді,
Төріме бақыт нұр келді.
Бір сенің махаббатыңмен
Кеудеме толқып жыр келді,—

дейді акын. Байқасаңыз, бұл тұста адамның анасы деген ой Отан — ана деген ұлы ұғымға үндесіп тұр. Өлеңдерінің осындай қасиеттері, сөз жоқ, оның жырларының азаматтық әуенін биіктетіп көрсетеді.

Адамгершілік мәселесі, ар ісі — Қабдыкәрім поэзиясының негізгі тақырыбы. Өлеңді жалаң дидактикаға құрмай, айтқысы келген ойын, білдіргісі келген сезімін өмірдің бір көріністерін бейнелеу арқылы таныту — Қабдыкәрімнің сүйетін машығы. Тұрмыс құбылыстарын, адамның мінездері мен тіршілік hareketтерін суреттегенде, сөзіне жылы юмор араласып отырады. Оның поэзиясының бұл да бір ерекшелігі.

Ақынның туған өлке табиғатына арналған көп өлеңі бар. Өзі өскен сұлу Ертістің ақ толқыны, Арқаның әсем қысы, Сыр бойының жайқалған жасыл талдары, Жетісудың көркем қырлары, жасыл жайлау, айлы түн, қоңыр самал өлеңдерінде ыстық махаббатпен жырланады.

Табиғат көркін барлық заманның да шайырлары жыр еткен. Сонда шебер акын тілмен жасалған суретте табиғаттың сұлу тұлғасымен қатар әр дәуірдің өзінің тіршілік-тынысы да сезіліп тұрған. Ұлы Абайдың қысты, жазды, көктемді, күзді сипаттаған өлеңдерінде табиғат суретімен бірге әдемі берілген әлеуметтік өмір суреттері қандай! Қабдыкәрімнің табиғатты жырлаған өлеңдерінде ұлы ұстаздардың сол дәстүріне ұмтылу бар.

Жұлдыздар жымың қағып,
Желпініп жел ойнақтап,
Қыз әнін іліп алып,
Таратқан түнгі аймаққа.
Барады қыздың әні
Жүректі тебірендіріп.
Жас жігіт қызығады,
Жалындап кеудеде үміт.

Бүгінгі жайлау түні. Осы мақпал түнде аспанда жымындаған жұлдыздармен бірге жас кеудеде күлімдеген үміт қандай әсем үйлесіп тұр! Нәзік сыр! «Отырар отта-

ры» өлеңінде көне дәуірдің қырғын оқиғасының куәсіндей боп томпайып жатқан обаны суреттеп отырып, ата-бабалардың шеккен қасіреті кейінгі ұрпаққа мақтан тұтар ерлік үлгісіне айналғанын айтады:

Құлапсың дейді сен, сан аунап,
Жаныпты бақтарың алаулап.
Сонда атың белгіге қалыпты
Қызылқұм үстінде жалау боп.

Ақын араб елдеріне барған сапарында үлкен әсерлермен оралып, оқырман қауымға «Арабстан, Армысың!» деген жыр жинағын ұсынған еді. Бұл жинақта топталған өлеңдерде коммунист ақынның патриоттық үні биіктен естіледі.

Қабдыкәрімнің «Қартаймандар, қаһармандар» өлеңінде мынадай жолдар бар:

Қаһарман! Елу-алпыс жасағандар!
Жайдап-жай жабысқан жоқ басқа мұнар.
Өмірде өз өрнегін, қосқаның бар,
Өзінің алған асу-асқарың бар!

Ақының өзінен өзі есеп алып, өзінің өткен жолдарының жемісін көріп, сүйсінген бір сәті еді бұл. Бірақ ақын болдым, толдым бәрінен астым деген.

Көп пе, әлде аз ба күн,
Жарытып түк те жазбадым.
Өзгеге түгіл, өзіме
Жақпайды кейде жазғаным,—

деп өзіне қатал сын айтып отырған еді.

Қабдыкәрім өнерінің толысқан дер шағында, елу жасында қайтыс болды. Бірақ жыр өлмейді. Ақын ақылды жыры арқылы бізбен әрқашан сырласып отырады.

СЫНШЫ САПАРЫ

Серік Қирабаев бір мақаласында былай деп жазды: «Жазушыға білім табиғи талантты кеңірек дамыта пайдалану үшін керек болса, сыншыға бірінші кезекте қажет. Көркем әдебиет табиғатын таныр сезімталдық сыншы үшін жеткіліксіз. Оның үстіне, ол жазушы қала-

мынап туған образдарды өмір құбылыстарымен салыстыра алатын, көркемдік бейнелеудің сырларын түсінетін әдеби білімдар адам болуға тиіс. Сыншы жазушыдан сәл де болса ілгері отыруы қажет. Өйткені сыншы, белгілі дәрежеде, қалың оқырманның эстетикалық ұғымдарын қалыптастырушы, оның тәрбиешісі. Жазушыға ақыл-кеңес беріп, шығармалары жайлы пікір айтып отыратын қаламдас дос».

Сыншы жауапкершілігі хақында жақсы айтылған сөз. Және бұл сыншы ретінде ең алдымен өзіне қойған зор талабы.

Сыншы мұраты тек сынау емес. Жазушының кітабын қолына алғанда, ол оны, бір нәр іздеп, игі үмітпен оқымағы анық. Шығармадан тек жақсыны дәметіп, алдымен шұғылаға көзі түспек. Шын өнерді көргенде жаны сүйсініп қуанбақ. Кейде оның қолына нәрсіз кітап та түсіп қалар. Сонда да, шығармадағы жарық көмескі тартып, алыстан өлеусірей жылтыраған шырақтай әзер-әзер көрініп тұрса да, оның көзі әуелі сол сәулелі байқамақ. Қалтыраған әлсіз шырақтан, кейін өрши жанып, жарығы молаятындай белгі көріне ме? Әлде бар қуаты осы ғана ма? Сыншы абайлап қарамақ. Әлсіздіктің себебін анықтамақ. Егер бұл мін не автордың жастығынан, не аяқты жаңсақ басқанынан туған кемшілік болса, сыншы бұған өкінбек, ақыл-кеңес қосуға асықпақ. Ал, үстірттіктен кеткен қисықтар болса, ол бұған түйіліңкіреп, қаттырақ сөйлемек. «Алтын нек, сары ала қыз» деген сөз бола ма екен, «кәрілікті жамандап» арсызданғаның не еткенің? деп, Абайша ұрсып та алар. Мына шығарман «ызамды келтіріп, жанымды жәбірледі» деп, Гогольге кейіген Белинскийше қатты ренжіп те қалар. Бірақ, ашуын көрсетсе де, сөзінде зіл, көңілінде қаяу болмас. Ағынан жарылып, әрқашан шып сөйлеуге ұмтылып отыар.

Абырой-атақ қамы үшін емес, алдымен туған әдебиет мүддесін ойлаған, көркемөнерге шын жаны ашыған сыншыға осы қасиеттер тән болмақ керек. Ұлы Белинскийдің Гогольге жазған хатындағы бір сөзі еске түседі. Кеменгер сыншы кеменгер жазушыға ашынып сөз айтып отырған себебін айтады. «Әңгіме бұл арада не менің немесе сіздің қарабасыңыз туралы емес, мен түгіл сізден де жоғарырақ тұрған мәселе жөнінде, яғни шындық тұрасында, орыс қоғамы жайында, Россия хақында болып отыр».

Шындық. Қоғам. Отан. Осы үшеуінің алдында адал

болуды Белинский ерекше атап көрсетеді. Бұл жазушы мен сыншыға бірдей қатысты үлкен талап.

Қаламдас досымыз Серік Қирабаевтың бүкіл жазған сын еңбектерінен мен осы талап үдесінде белсенді қызмет атқарып келе жатқан қаламгер тұлғасын көремін.

1948 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде ақын Жақан Сыздықовтың «Қос қыран» атты жаңа өлеңдер кітабы жайында Серіктің рецензиясы жарияланды. Бұл оның баспасөз бетінде алғашқы жарық көрген сын еңбегі еді. Рецензия авторы ҚазПИ-дің филология факультеті екінші курсының студенті болатын.

Сын өнеріне икемін өзіне де аңғартып, өзгеге де байқатқан осы бастапқы еңбегінен кейін, ол сыншылық жолға белді бекем буып түсе бастады. Қаламы да бірте-бірте ұшталып, өткірлене берді. Ойы да қанаттанып өсе берді...

Ол елудің қырқасына салмақты жүк көтеріп шықты. Бұл жүк туған әдебиет туралы ой толғаған мақалалары мен зерттеу кітаптары — «Өрлеу жолында», «Октябрь және қазақ әдебиеті», «Өнер өрісі», «Әдебиет және дәуір талабы», жеке жазушы творчествосын зерттеген байсалды монографиялары — «Сәкен Сейфуллин», «Спандияр Көбеев», «Ғабиден Мұстафин» және бұларға қоса, орта мектеп пен жоғары оқу орны филология факультетіне арналған әдебиеттік оқу құралдары...

Серіктің осы аталған еңбектеріне қарасақ, оның әдеби сапарының қатар жарысып келе жатқан үш саласын байқаймыз. Бір саласы — қазіргі әдебиеттің жай-күйі жайындағы, замандас қаламгерлер творчествосы хақындағы әдеби-сын мақалалары; екінші тармағы — ұлттық әдебиетіміздің даму кезеңдерін, өсу жолының ерекшеліктерін сипаттайтын ғылыми зерттеулері, үшінші саласы — әдеби оқулықтар және әдебиетті оқыту проблемасын қарастыратын методикалық еңбектері.

Бізге сыншы деген атауды, көбінесе бүгінгі әдебиет мәселесіне белсене араласып жүрген қаламгерге қатысты ғана қолданып, ал әдебиеттің өткен жолын зерттеумен шұғылданушы әріптесімізді әдебиет зерттеуші деп, екеуінің арасына сәл жік қойып сөйлейтін бір әдет бар. Әдеби икемнің қай жағы басым екенін көрсету үшін айтылатын болар. Кейбір әріптесімізге қатысты айтылғанда, мүмкін, бұл дұрыс та шығар. Серіктің сыншы дегенде, мен сол екі атаудың арасынан жік көре алмаймын. Мұның себебі, біріншіден, Серіктің сыншы ретінде жазған әдеби

мақалалары мен зерттеуші ретінде жасаған еңбектерінен бір ғана ортақ сипат табамын, жеңілдің бетімен қалқымай, тереңге бойлап отыратын байсалды ойдың желісін танимын.

Екіншіден, оның бүгінгі әдебиет проблемалары тұрасында қозғаған сөздерінен әдебиеттің өткенін зерттеуге де қатысы бар келелі ойларды ұшыратамын. Ал, әдебиеттің өткенінен сыр шерткен еңбектерінен қазіргі әдебиет мәселелерін де қамтыған ұшқыр пікір өрісін көремін. Бүгінгі күн тақырыбы жөнінде ой толғай ма, әлде әдебиеттің кешегісі жайында сөз қозғай ма, қай-қайсында да сыншы Серіктің айнымай ұстанып отыратын шарты бар. Ол шарт — әдеби туындының идеялық-көркемдік құнын оның шындыққа қатысына қарап айқындап, қоғамдық мақсат-мұрат тұрғысынан бағалау.

«Әдебиет пен өнер — мәңгілік әсемдікті жырлаушы. Нағыз көркем туынды бүкіл адам баласына барлық уақытта бірдей қызмет етеді. Бірақ бұған қарап, адамзатқа ортақ құбылыстарды дерексіз жырлай беру қажет емес. Әр дәуір әдебиетте өз тынысын, өз суретін қалдырады. Өз заманының шындығын шығармасына арқау ете алмаған қаламгер тарих үшін де татымды нәрсе жасай алмайды, өз замандастарына да қадірлі бола алмайды».

Міне, сыншының өз өлшемі. Бұл жерде көркем шығарманың қоғамдық мәні жоғары болуы айрықша айтылып отыр. Ол сапа шығарманың шындыққа қатысынан танылмақ. Және одан жазушының өмір тану дәрежесі мен позициясы да көрінбек. Сыншы сондықтан да көркем шығармада шындықтың дұрыс бейнеленуі мәселесін әрдайым партиялық принцип талабымен ұштастырады. Сонымен қатар, шығарманың қоғамдық маңызын оның көркемдік сапасының биік дәрежеде болуына нық байланыстырып айқындайды. Серіктің әдеби-сын еңбектерінде қаламгер табысына баға берілгенде, ұлттық әдебиетіміздің даму ерекшеліктері мен жетістіктері көрсетілгенде, әдеби өсудің айғағы боларлық туындының мазмұн тереңдігі мен көркемдік биіктігі тығыз бірлікте алынып сипатталады.

Серіктің сын-зерттеу еңбектерінің дені қазақ совет әдебиеті мәселелеріне арналған. Сыншының бұл еңбектерінде советтік ұлттық әдебиетіміздің ірге тасы қаланған алғашқы жасаң дәуірінен бастап, бүгінгі биіктеп өскен шағына дейінгі өсу кезеңдерінің сан-сала жайына қатысты келелі пікір өрбиді. «Октябрь және қазақ әдебие-

ті» атты зерттеуінде революция тудырған жаңа әдебиеттің ерекшелігі хақында ой толғаса, «Әдебиеттің есеу жылдары» атты еңбегінде ұлттық әдебиетіміздің бесжылдықтар кезіндегі өркендеу дәуірінен сыр шертіледі. «Соғыс және әдебиет» деген зерттеуінде Отан соғысы жылдарындағы қазақ совет әдебиетінің сипатына анықтама берілсе, «Әдебиет және дәуір» атты шығармасында кейінгі кезең табыстары сараланады. «Қазақ поэзиясының елу жылдығы» деп аталатын еңбегінде сыншы-зерттеуші ұлттық поэзиямыздың советтік жарты ғасырдағы өрлеу жолының бел-белестеріне көз жібереді, оның бүгінгі көтерілген биігін айқындап, алдағы асуларына барлау жасайды. «Қазақ балалар поэзиясы», «Балаларға арналған үлкен әдебиет жасайық» деген шығармаларында ұлттық әдебиетіміздің советтік дәуірде қалыптасқан жемісті бір бұтағы — балалар әдебиетінің өзекті мәселелері турасында сөз қозғайды.

Осы еңбектер жүйесінде, бәріне ортақ бір ғана желі бар. Әр қайсысында таратылып айтылатын пікір окшау-окшау қалмай, сол желіге сабақталып отырады. Және бірін-бірі толықтырып, үдей дамып, ой арнасын кеңейте береді. Сөйтіп, ұлттық әдебиетіміздің өркендеу кезеңдеріне тән белгілерін жақсы айқындап танытады.

Серіктің сын-зерттеулерінде қазақ совет әдебиетінің мәселелері ұлттық әдебиет ауқымындағы айғақтармен ғана шектелмей, Бүкілодақтық әдебиет мысалдарына байланысты алынып тексеріледі. Зерттеуші салыстыру әдісін, жетістікті сипаттау үшін ғана емес, кемшіліктің сырын ашу үшін де ұтымды қолданып отырады. Сыншының әдебиеттің партиялылығы мен идеялылығы, және олардың туыскандық байланысы, бір-біріне өзара ықпалы, ұлттық ерекшеліктері туралы зерттеулерінде әдебиеттану ғылымының ірі проблемалары көтеріледі.

Серіктің сын-зерттеу еңбегінің үлкен бір бөлімі — жеке қаламгерлер творчествосы туралы сөз қозғайтын мақалалары. Бұларда қазақ совет әдебиетінің іргесін қаласқан әйгілі шеберлерден бастап, бүгінгі шаққа дейінгі әр буынның көрнекті өкілдерінің сөз өнері жайында ой толғанады.

Осы мақалалардың ортақ бір жақсы сипатын айрықша атап айтар ек. Қаламгер еңбегі хақында сыр шерткенде, сыншы оның бүкіл творчестволық жолына көз жіберіп, қалам иесінің алғашқы қанат қағысын да еске алып, асқан асуларын да, көтерілген биіктерін де көріп,

өнерпаздың кей-кейде мүлт кеткен сәттерін де байқап, бірақ кең тынысын танып, жоғарыдан-жоғарыға шарықтап бара жатқан екпініне қуанады. Серіктің бұл топтағы мақалаларында жазушылардың творчестволық портреттері жасалды. Сыншының Жамбыл, Ілияс, Бейімбет, Баймағамбет, Мұхтар, Сәбит, Сабыр, Иса, Қасым, Мәжит Дәулетбаев, Мұқан Иманжанов, Сапарғали Бегалин, Ғабит, Ғабиден, Асқар, Әбділда, Ғали, Қалижан, Хамит, Жұбан, Қадыр, Сағи, Тұманбай, т. б. қаламгерлер творчествосы туралы жазған сын-шығармаларында дәл осы сипат бар.

Серіктің ғылыми-зерттеу саласындағы бастапқы еңбегі—Спандияр Көбеевтің жазушылық қызметі туралы монографиясы. (Ол бұл еңбегінің негізінде 1956 жылы кандидаттық диссертация қорғады). Бұған жалғас монографиясы Ғабиден Мұстафин творчествосына арналады.

1962 жылы Серіктің «Сәкен Сейфуллин» атты монографиясы жарық көрді. (Ол осы еңбегінің негізінде 1964 жылы докторлық диссертация қорғады). Серіктің бұл монографиясы — қазақ совет әдебиеттану ғылымына ірі үлес қосқан, сонымен қатар, сыншының өз творчествосының да биіктеп өскенін танытқан елеулі еңбек болды.

Бұл еңбекте автор Ұлы Октябрь социалистік революциясы туғызған советтік жаңа қазақ әдебиетінің ту ұстаушысы — жалынды революционер акын Сәкеннің жазушылық жолын жан-жақты терең зерттейді және бір адамның өнер сапарының бойын ғана қуалап кетпей, социалистік ұлттық әдебиетіміздің қалыптасу, даму кезеңдерін кең қамтиды.

Сәкен есімі революциядан кейін туған советтік жас қазақ әдебиетінің өсу жолымен тығыз байланысты. Өзінің революция рухындағы жалынды шығармаларымен Сәкен осы жас әдебиеттің іргесі бекіп, өрісі кеңейіп өркендеуіне зор еңбек сіңірген еді. Ол бұл әдебиетті идеология дұшпандарының шабуылынан жан аямай қорғаған еді. Қазақ елінің социалистік қауымда өркендеуін қаламаған буржуазияшыл ұлтшылдар советтік құрылысты, советтік мәдениетті насихаттаған жаңа әдебиеттің басшысы Сәкен Сейфуллинге, міне, сондықтан да, өшіге қарсы шығып, оның творчествосын мансұқтауға тырысқан. Сәкеннің жаңа әуенді шығармаларының революциялық мәнін бұрмалап, құнын кемсітіп көрсетпек болған.

Монография авторы әуелі осы жағдайдың саяси мәнісін айқындап ашады, қазақ совет әдебиетінің жаңа ғана

талпынып, қанат жайып келе жатқан балғын кезінде оның қарсы алдынан ызғырықтап соққан әділетсіз сындардың көздеген нысанасын, дәл басып, нақтылап айтады. Зерттеуші бұл тұста Сәкен творчествосы жөнінде бір кезде жазылған сындарды тек шолып айтушы ғана емес, жалынды ақынның революцияшыл идеясын жаттардып жаққан кірініс аршып-тазартып, өз тұжырымын айтып, қорғаушы ретінде сөйлейді.

Бұл ретте де сыншының қолында әділдік таразысы бар. Сәкеннің жаңа лепті шығармаларына бір кезде оңды-солды құрық сілтеген әділетсіз сындарға бәрінің де сарыны бір деп, бір ғана үкім шығара салмайды. Совет өкіметінің жеңісіне жаны қас ұлтшылдардың Сәкен шығармаларына өшігіп тиіскен сынының төркіні бір басқа еді де, ал бұрыннан қалыптасқан дәстүрі жоқ әдеби сыпымыздың енді-енді ғана көктеп келе жатқан балғын шағында тәжірибесіздіктен, заман екпіні тудырған әдеби жаңалықтардың мәнісін терең ұғына алмағандықтан туған сынның жөні бір бөлек еді. Бұл соңғы сипаттағы сынның авторлары кейін қателіктерін түсініп, өздерінің жаңсақ пікірлерінен қайтқан болатын. Монографияда автор, міне, Сәкен творчествосына байланысты өрбіген сол айтыстардың кейінгі өрісін қадағалап зерттеп, революционер ақын шығармалары жөнінде жазылған әділетсіз сындардың әлгіндей ара жігін ажырата дәлелдеп көрсетеді. Еңбектің бір құндылығы осы зерттеу принципінде.

Екіншіден, монографияда Сәкеннің жазушылық қызметі, өнер сапары қазақ совет әдебиетінің даму, өркендеу жолымен тығыз байланыста зерттеледі; күрескер ақынның революцияның дауылды жылдарындағы шығармаларының сипаты, революционер ақын творчествосындағы социалистік құрылыс жырларының ерекшелігі, Сәкеннің драматургиялық және прозалық туындыларының сапа-қасиеті—осының бәрі де советтік ұлттық әдебиетіміздің өрлеу кезеңдерінің ақиқатын танытатындай дәрежеде, сол өрлеп-дамудың әр кезеңінің түйінді мәселелері қамтыла тексеріледі.

Үшіншіден, кітапта Сәкен шығармаларының жаңалығы, ерекшелік белгілері заманның жаңалықтарына байланысты түрде сипатталады. Өз өмірін езілген халықтың бостандығы, бақыты жолындағы күреске арнаған революционер ақын өзінің бүкіл шығармаларының идеясын осы мақсатқа бағындырады. Сейфуллин творчествосындағы жаңа әуенді, соны сапаны, өзгеше ерекшелікті көр-

сетуде зерттеуші, міне, пікірді сол мәселеден шығарып, өрбітіп айтады. Сәкеннің «Айша» повесіндегі Айшаның күресі, «Қамар сұлудағы» Қамардың, «Қалың малдағы» Ғайшаның қаракеттерімен салыстырылып, Сәкен жасаған образдың ерекшелігі сипатталатын тұстар, сондай-ақ, қазақ әдебиетіндегі бұрынғы поэмаларға «Альбатрос», «Қызыл ат», «Көкшетау» поэмалары қатар қойыла зерттеліп, Сәкен поэзиясының соны қасиет-бітімі, жана-наша өрнегі дәлелденетін тараулар монографияның ғылыми өрісін биіктетіп көрсетеді.

Төртіншіден, зерттеуші Сәкеннің әдебиетке әкелген жаңа әуенін, поэзиясының ерекшелік белгілерін оның өлеңдерінің өзгеше құрылысынан, поэтикалық тілінен ғана таппайды, революционер ақын шығармаларының бүкіл рухынан, сарынынан танып айтады. Сәкеннің поэзиясында өршіл ақынның тәкаппар үні бар; бірақ Сәкен, Мұқтар Әуезов сөзімен айтсақ, «өзімен, өз табымен тәкаппарлық етеді». Сәкен поэзиясының осы қасиеті Серік кітабында жан-жақты жақсы танытылады. Автордың бұл еңбегі кейін қазақ тілінде екінші рет басылып шықты және орталық баспада орыс тілінде де жарияланды.

Серіктің сыншы, зерттеуші, ғалым ретіндегі творчествосының үлкен бір тармағы — оның әдебиет пәні оқулықтарын жасау саласындағы еңбегі. 1956 жылы ол Айқын Нұркатовпен бірігіп, қазақ мектебінің IX класына арналған әдебиет оқулығын жазды. 1960 жылы X — класқа арналған қазақ совет әдебиеті оқулығын жасауға қатысты. 1968 жылы филология ғылымдарының докторлары М. Қаратаевпен, Т. Нұртазинмен бірлесіп, қазақ совет әдебиетінің жоғары оқу орындары филология факультеттеріне арналған оқу құралын жазды.

Осы еңбектер тобына Серіктің мектепте әдебиет пәнін оқыту мәселелері жөнінде үнемі жазып отырған бір алуан мақалалары қосылады. Бұл мақалаларда әдебиетті жаңаша оқыту проблемалары көтеріледі, маңызды ұсыныстар айтылады, мектептің әдебиет пәні мұғалімдеріне әдеби дәрістің ұтымды әдістері жайында методикалық кеңестер беріледі.

Қаламгердің жемісті творчестволық еңбегімен қатар, ғылыми-қоғамдық және педагогтық қызметін де сүйсініп айтамыз, Серік Қирабаев — филология ғылымдарының докторы, профессор, СССР Педагогика ғылымдары Академиясының корреспондент-мүшесі. Ол қазақтың Абай атындағы мемлекеттік педагогика институтында әдебиет-

тен жастарға дәріс беріп, көп жылдан бері ұстаздық қызмет атқарып келеді. Республиканың орта дәрежелі оқу орындары үшін филолог мамандарды тәрбиелеу жұмысында және әдебиеттің жас ғалым кадрларын даярлау ісінде оның сіңірген елеулі еңбегі бар.

Әрине, алдағы асулар биіктей де бермек, арқаға түсер жүк ауырлай да бермек. Қаламдас досымыздың творчестволық биіктен-биікке көтеріле беруіне шын жүректен тілектеспіз.

АЙҚЫН ЕДІ ЕСІМІ ДЕ, ӨЗІ ДЕ

Өнерінің қырлары жарқылдап, биікке самғап бара жатқан шағында, отыз жеті жасында қайтыс болды ол.

Айқын Нұрқатов 1950 жылы ҚазПИ-дің филология факультетін үздік бітіріп, осы жоғары оқу орны ғылыми кеңесінің ұйғаруымен институт жанындағы аспирантураға қаптырылған болатын. Сол елуінші жылдан бастап, Айқын әдеби зерттеу, сын саласындағы алғашқы еңбектерімен баспасөз бетінде көріне бастады...

Арада он үш жыл өтті. Осы аз мерзім ішінде ол «Идея және образ», «Абайдың акындық дәстүрі», «Мұхтар Әуезовтің творчестволық жолы» атты үш үлкен монография және Шоқан Уәлихановтың, Сәбит Мұқановтың, Ғабит Мүсреповтың, Ғабиден Мұстафиннің өмірі мен жазушылық сапарлары хақында жеке-жеке очерк кітаптарын жазды, екі жүзге жуық сын мақала мен рецензия жариялады; көркем аударма өнеріне араласып, венгер жазушыларының әңгімелерін қазақшалап, кітап етіп бастырды; Қазақ ССР Ғылым Академиясының М. Әуезов атындағы әдебиет пен өнер институты 60-жылдары шығарған үш томдық қазақ әдебиеті тарихын жазысуға қатысты; орта мектептің IX, X кластарына арналған қазақ әдебиеті оқулықтары авторларының бірі болды; 1954 жылы «Владимир Маяковский және қазақ совет поэзиясы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады, 1963 жылы Абайдың акындық дәстүрі туралы докторлық диссертациясын тәмамдады (бірақ қорғауға үлгірмеді).

Ол Академияның әдебиет пен өнер институтында, Қазақстан Жазушылар одағында әдебиет мәселелерін талқылауға арналған мәслихаттарға да қызу араласатын, сан талай баяндамалар жасаған, әдеби шараларға әрқа-

шан белсене қатысатын. Қатар жүрген құрбылары Айқынның іскерлігіне танданатын, алғырлығына сүйсінетін...

Айқын екеуіміз бір ауылда туып-өстік, бірге оқыдық. Ауылдағы онжылдық мектепті бітірген соң, Алматыға бірге аттанып, қазақтың тұңғыш жоғары оқу орны — ҚазПИ-дің тіл-әдебиет факультетіне қатар кеп түстік. Бүгін ортамызда жоқ Айқынды есіме алған шақтарда, ол өзінің бала сияктанған сүйкімді, қызықты бір мінездерімен көзіме елестейді.

1946 жылдың июль айы болатын. Алматыға оқуға аттануға бел буған соң, екеуіміз паспорт алу үшін аудан орталығына жолға шықтық. Аудан орталығы—Рузаевка біздің ауылдан қырық бес шақырым тұрады. Соғыстан кейінгі алғашқы жыл, ауылдың күйі онша мәз емес-ті. Бригадирден ат-арба сұрап едік, ол көлік тауып беруге қиналған соң, біз жаяу тарттық. Ауылдан ерте шығып кеттік те, еш жерге бөгелместен тынбай жүріп отырып, түске тармыса ауданға жеттік. Паспортты сол күні алып үлгірдік. Ісіміз ойдағыдай тынған соң, көңіліміз өсіп, алды-артымызға қарамай, ауылға дереу тарттық.

Біз аудан орталығынан шыққан кезде күн кешкіріп қалып еді. Әрі аспан бұлттанып, жел ызындап, жауын исі білініп тұрған. Бір кезде сытырлап жаңбыр жауа бастады. Осы мезетте сонымыздан бір жүк машинасы қуып жетіп еді, екеуіміз жолдың екі жағында тұрып қол көтерсек те, тоқтамай өте шықты. Жаңбыр күшейейін деді.

— Жауын толастағанша мына бір шошақтың түбінде ықтай тұрайық,— деді Айқын.

Жолға таяу үйілген шөптің іргесіне келіп пәналадық. Бірақ жаңбыр басылмады, үдеп кетті. Шөпке тығыла түсіп отырмыз. Күн батты, дала қаранғы тартты, нөсер құйып тұр...

Жаңбыр таң ата басылды. Бозарып таң білінген кезде, күн шығыс жақ көкжиек бұлттан айығып, қылаң тартып тұрды. Орнымыздан көтерілдік, денеміз аздал тоңазыған сияқты, қарнымыз да ашқан секілді (жолазық алып шықпағанбыз. қалтамызда тамақ сатып алатұғын ақшамыз да жоқ-ты).

— Ал, кеттік!

— Жүгірейік,— деді Айқын.

Екеуіміз етіктерімізді шешіп алып, балақты түріп тастап, суы көлкіп жатқан жолдың жиегімен бүткілдеп жортып келеміз.

Көкшелі деп аталатын аласа шошақ таудың төбесі көрінді, ауылға жақындап қалған екенбіз.

— Көкшелінің төбесіне шыға кетейікші!— деді Айкын біртүрлі құмарланып.

Жолдан бұрылдық та, боз көденің үстімен Көкшеліге төтелей тарттық. Етегінен ұшар басына дейін сыңсып жағыл карағай өскен кішкене тау, жап-жазық дала төсінде дөңгелек бөрік секілденіп, окшау шошайып тұрғандықтан, аса биік сияқты көрінетін. Таудың дәл төбесінде өрт карайтын мұнара бар-ды.

Біз сол мұнараға шықтық. Бүкіл атырап, алақанда жатқандай, жайнап көрінді. Бұл кезде аспан шәйдай ашылған. Күн нұры төгіліп тұр. Түні бойы жанбыр сіңген дала бусанып жатыр. Үстінде сағым ойнаған ылди беткейлер шалқып жатқан ақ теңіз секілденеді. Көңіліміз тербетіле берді.

— Қосылып бір ән салайықшы, Көкшелі қуанышымыздың мәнісін білсін, бұл да масайрасын!— деді Айкын біртүрлі толқып, өнінде нұр ойнап: «Ауылым қонған Сырымбет саласына-а-ай...»

Даусымызды орман жаңғырықтырып көтеріп әкетті, ән аспанда қалықтап бара жатты. Ән қанатынан ұстап, біз де ұшып бара жатқан секілдендік...

— Біз Алматыға оқуға кетіп барамыз. Сау бол, тілектес бол, Көкшелі!— деп Айкын бар даусымен айқайлап қоштасты...

Келесі күні Алматыға жүріп кеттік. Бірақ астанаға жиырма екі күн дегенде әрең жеттік: поездға билет тимей, Көкшетау вокзалында он үш күн жаттық. Әйтеуір он төртінші күні, сол жылдары «500 веселый» деп аталатын қызыл «товарняк» бәрімізді бір-ақ тиеп әкетті де, развезд сайын ұзақ-ұзақ тоқтайтын сол шабан поезд, жетінші күн дегенде, жеткізді-ау Алматыға.

Астанаға августың он тоғызы күні келіп түстік. Институтқа түсушілерді қабылдау комиссиясының жауапты секретары: «Кешіктіндер, қабылдау емтиханы аяқталуына бір күн ғана қалды, документтерінді алмаймын»,— деді катқыл үнмен. Біз оқуға түсу үшін керек қағаздарымызды (аттестаттан баскасын) почта арқылы күні бұрын салып жіберген едік. Соны айттық, кешігуіміздің себебін түсіндірдік. Жауапты секретарь ойланып қалды. Алыстан азып-тозып келіп, енді жаутандап тұрған түрімізді көріп, (екеуміздің үстіміздегі киімдеріміз де жүдеулеу болатын), ол бізді аяды білем, үнін жұмсартып сөйледі.

— Документтеріңді жіберген бе едіңдер, қазір қарап көрейін...

Ол біздің қағаздарымызды тез тауып алды. Көз жүгіртіп тексеріп өтті. Сонан соң бізге, бұрышына суретіміз жапсырылған төрт бұрышты бір қағазды ұсына берді де: «Барындар, қабылдау емтиханын тапсырыңдар. Алты пән. Ертең осы уақытқа дейін тапсырып бітіріңдер, әйтпесе болмайды. Кешіккен өздерін, маған ренжімендер»,— деді.

Біз неге ренжілік, қуанып кеттік. Қабылдау емтиханының бәрін айтылған уақытта тапсырып үлгірдік.

Сөйтіп, жолымыз болды, аңсап келген оқуымызға түстік...

ҚазПИ-дің филология факультетінде оқып жүрміз. Әдебиетке елуінші жылдардың алғашқы жарымында келген бір топ талантты жастар: Тұрсынбек Жабаев, Бердібек Соқпақбаев, Серік Қирабаев, Ғафу Қайырбеков, Баламер Сахариев, Шәмшиябану Сәтпаева, Әнуар Дербісалин, Мылбай Рашев, арамызда бірер курс қана айырма бар,— бәріміз ҚазПИ-де бір тұста оқыған едік. Шетімізден өлең жазамыз. Жазғандарымызды бір-бірімізге оқимыз келіп. Жолдастарға ұнаған өлеңдерімізді қалтаға салып алып, ептеп редакцияларды жағалай бастадық. Баспасөз бетінде бірін-саран өлеңдеріміз де көрініп қалды.

Бір күні Айқын менін жастар газетінде жарияланған өлеңімді оқып отырып, күлімсіреп әзіл қатты:

— Сен өлеңді қойсаң қайтеді, ақындықтың «жыны» жоқ секілді сенде. Өлеңді ақылмен ғана жазасың. Ал «ақылмен ойлап тапқан сөз, дарымас бойға сырғанар» деп Абай атамыздың айтқаны бар ғой. Сенің өлеңнен гөрі әңгімені түзу көрінеді маған, оңтайың проза жағында сияқты.

Баспасөз бетінде Айқынның да бірнеше өлеңі жарияланған еді.

— Ал саған ақындықтың «жыны» қонған ба?— дедім күліп.

— Маған да қонбаған болу керек.

— Қайдан білесің?

— Өлеңімде қызу жоқ.

— Біреу айтты ма?

— Өзім ішімнен сезіп жүрмін...

Айқынның осы бір сөздері есіме түседі. Өзінің не нәрсеге икемі барын тани білу, сол жолға бар ықыласым

шын беріліп түсіп, үлкен мұратқа ұмтылу — нағыз қабылетті адамға тән қасиет болса керек. Өзін өзі дұрыс тани алған кісі басқаға да түзу жөн айта алады. Жақсы іске ол әманда қуана білмек, кемшілікке қынжылмақ. Бірақ, «біреудің мінін көзге ұрып, артылам демес өзгеден», кемшілікті сынағанда да жақсылық тілеп отырған көңілі өзгермес. Ең алдымен жылтыраған шыраққа көзі түсер, соған қуанар.

Айқынның әдеби сынға араласып, алғашқы жазған мақалаларында-ақ оның сыншылдық ойларынан осы қасиеттер көрінген еді. Сыншының қаламы ұшталып, ойы биіктеген сайын сол сапа тереңдей берді... Айқынның әдеби еңбектерін оқығанда пікірінің кендігіне, қиялының жүйріктігіне, тілінің орамдылығына сүйсініп отырасың. Ол жадағай сөзден аулақ, мақтағысы келсе — лепілдегі сөйлеп кетпейді, жақсыны дәл танып, шын қуанып айтады. Кемшілікті көрсе — көңілінде бүгіп қалмайды, тұра сөйлейді. Біреулердің беделінен қаймығып, қаламы маймақ тартып кетпейтұғын, жауырды жаба тоқу секілді қылық онда болмайтын. Сол мінезі кейде біреулерге жакпай қалып, шамшылдың тікен сөзі жанына батқаны да бар.

Өнер туындысының сыр-сипатын нәзік жүрекпен терең сезіне білуінен мен Айқынның сыншы, зерттеуші ретіндегі озық ерекшелігін көремін. Қазіргі қаламдастарымыздың көбінің творчествосы хақында ой толғады ол. Сонда, жазушының жаңа шығармасына талдау жасағанда, барға баға беріп қана қоймай, қаламгердің өнер жолының бет алысына, алдағы өрісіне көз жіберетін. Көш жүре түзеледі дегендей, өнер сапарында мінеліп, қырланып өзі оңдалып кететұғын ұсақ міндерді қазбаламай, тамыры жайылыңқырап бара жатқан елеулі ақауларға айырықша назар салатын, қаламгерге достық кеңес беруге ұмтылып отыратын.

Айқынның сыншылдық ойларында, осындай сипат бар. Сондықтан араға жылдар түссе де, пікірлері ескірмей, сөздері айқын жарқырап, бұлардан бүгінгі әдеби өмірдің де тынысы сезіліп тұр.

Айқынның сын мақалаларын, зерттеу еңбектерін оқығанда, оның әдеби ойларынан сыншыл сырлар ұғасың. Толғаған пікірлері тереңдігімен, сонылығымен сыншы ойының кең өрісін аңартып отырады. Шынайы өнер туындысынан суреткер жанының бүкіл рухы танылмақ.

Бұл сырлы күйді көру, ұғу үшін зерттеушіге жіті көз, сергек сезім керек. Домбыраның құлақ күйін, қос шекті бармағымен бір қаққанда-ақ дәл табатын шебер де нәзік қасиет несі болуға керек. Біздің Айқында осындай қасиет бар еді. Сырт қарағанда елеусіз сияктанып, жұпыны көрініп тұратын кішігірім бір суреттерден де ол терең сырлар түсініп, үлкен ойлар түйе білетін.

Мысалы, Абайдың күз туралы өлеңін бәріміз де оқыдық. Бір рет қана емес, талай қайталап оқыдық. Ұлы реалист ақынның осы өлеңі жөнінде айтылған пікірлер де көп. Бірақ сол алты шумақ өлеңінің соңғы жағындағы екі жолдың сырына назар аударыла бермепті. «...Осы екі жолда қаншалықты терең мағына, ащы шындық жатыр. Тіпті итіне дейін қаңғырып, дала кезіп кеткен ауылдың көрер күні не болмақ! Бұл ретте де Абай нысаналы ойын өзіне тән асқан байқағыштықпен, тапқыр тұжырымдылықпен нағыз реалист суреткерше айта білген»,— деп түйеді Айқын. Қандай байқағыштық!

Айқынның «Абайдың ақындық дәстүрі» деп аталатын соңғы монографиясында оның осындай нәзік байқағыштығы әсіресе мол көрінеді. Елбектің ғылыми тереңдігін танытып тұрған бір сыры осында.

Айқынның арманы да үлкен еді, тындыруға тиісті ісі де көп еді...

15 апрель... Сол күні екеуіміз ол қызмет істейтін мекеме алдында жолықтық. Әдеби жылдың қорытындысына арналып өткізілетін жиналыста баяндама жасауға тиісті кісінің бірі мен едім. Баяндамалардың тексті шағын комиссияда алдын-ала қаралатын болған. Соған келген едім.

— Біздің ғылыми советте бір жас жігіт диссертация қорғайды, мен сонда боламын. Сен мәжілістерін біткен соң кетіп қалмай, тосшы мені, саған айтатұғын бір сөзім бар,— деді Айқын.

Біздің мәжілісіміз ұзаққа созылыққырап кетті. Ал ғылыми советтің мәжілісі бұрынырақ бітті. Есіктен Айқын көрінді. Тысқа шықтым.

— Әлі біткен жоқсындар ма?

— Менің баяндамам әлі қаралған жоқ.

— Көп сөйлейді екенсіңдер,— деді ол күліп,— Жарайды ендеше, екеуіміздің әңгімеміз ертеңге қалсын.

— Не айтпақ ең? Айта бер қазір.

— Жоқ, ертең айтам...

Ертеңіне, таңғы сағат төртте мен оның қайғылы қазаға ұшыраған суық хабарын естідім. Осы күні ылғи ойлаймын: ол маған не айтқысы келді екен?..

ЗЕРТТЕУШІ КӨЗІМЕН

I

Мұзафар Әлімбаевтың «Қалам қайраты» деп аталған жаңа жинағына ақынның әр жылдарда жазған әдеби-сын мақалалары мен белгілі жазушылар туралы естелік-әңгімелер топталған. Бұларды тақырыбына, қозғаған мәселесіне қарай сараласық, былайша топтауға болар еді: белгілі жазушылар хақында естелік-әңгімелер; қаламдастар туралы сыр; өлең өрнегі жайында толғау; ән текстері жайлы пікірі; аударма өнері туралы ойлар.

Демек, жинақта туған әдебиетке қатысты келелі мәселелер сөз болады.

Жинақтың сонылығы неде? Әуелі осы жайға тоқталайық.

Естелік-әңгімелер Мұхтар Әуезов, Иса Байзақов, Қасым Аманжолов, Мұқан Иманжанов, Қайнекей Жармағамбетов туралы жазылған.

Бізде соңғы кездерде белгілі қаламгерлер жөнінде жазылған естеліктер аз емес. Бұлардың ішінде мазмұны терең, сөзі дәмді, татымдысы да бар. Тереңге бойлай алмай, күр ұсақ-түйекті тере берген, сылдыр сөзбен көпіршіген татымсызы да бар. М. Әлімбаевтың жоғарыда есімдері аталған белгілі қаламгерлер хақында жазған естелік-әңгімелерін біз алдыңғылар қатарына қосар ек. Бұл естелік-әңгімелердің екі түрлі сипатын айрықша атап, әрі құптап айтамыз: біріншісі: автор жазушы өмірінің қызықты деректері арқылы оның адамгершілік қырларын танытуға тырысып отырады; екіншісі — сол суреттелген жайларды жазушының творчествосына, әдеби процеске ұтымды сабақтастырады. Осының нәтижесінде естелік-әңгіме тек көз көргенді ғана баяндаған жалаң сөз болмай, әдеби істің келелі мәселесіне байланысты ой қозғап, теориялық пікірге өріс беріп тұр.

Жинаққа енгізілген естелік-әңгімелердің қай-қайсысы да, мазмұны жағынан тартымды, әрі жинақы, ширақ жазылған.

Тек бір ескертпеміз бар: автор жазушы өмірінен алып бір штрихтарды көрсеткенде, көбінесе сөзінің аяғында, мысал өлеңнің соңында автор атына берілетін тағылым сияқты насихат айта беруге әуес. Қорытындыны оқырманның өзі де шығармай ма? Кісі өзі түсініп, өзі ұғып отырғанда, біреудің ақылгөйсiген сөзі оны мезі ғып жіберетiндiгiн, сондықтан ондай тағылымның дәм-татуы аз болатындығын ұмытпаған абзал.

Қаламгерлер туралы сыр мына ақындардың: Дихан, Сырбай, Қадыр, Тұманбай және көбінесе балалар үшін жазатын Мүбәрәк Жаманбалинов творчестволарына қатысты шертiледi.

«Сыршыл қалам сүйкiмдi» деген мақалада Дихан Әбілевтің ақындық жолына автор жiтi көз жiберiп, қаламгердiң творчестволық өсу-өрлеу сатыларына баға бередi. Ақынның басты-басты шығармаларына талдау жасай отырып, Дихан творчествосының сипатын, оның өзiндiк мәнерiн, ақындық ерекшелiгiн танытады.

Мақала ақынның 60 жасқа толу юбилейiне арналып жазылған. Мүмкiн, сондықтан болар, мақалада лекiте сөйлеу әуенi басымдау сезiледi. Лепiлдек сөз көп жағдайда теориялық ойды сұйылып жiберетiнi болады. Ал кей-кейде лепiлдек сөз авторды елпiлдетiп әкетiп, оның қолындағы қаламын қырындатып жiберетiнi де болады.

Бұған бiр мысал: Дихан туралы жақсы бастап сөйлеп келе жатқан автор, бiр мезгiлде павлодарлық ақын-жазушыларды оқшаулап тiзiп ала жөнелiп, ақындықтың көзiн аймақтың ерекшелiгiнен iздегендей сынай бiлдiрiп алады (86-бет). Ақындық атақ аймақтың атымен емес, еңбектiң затымен шығар болар.

«Жақсы жыр жас талғамайды» деген мақалада Қадырдың, «Сыршылдық пен шыншылдық» деген мақалада Сырбайдың, «Таланттыға талап та зор» деген мақалада Тұманбайдың ақындық ерекшелiктерi хақында сөз қозғалады. Мұзафар өзі де ақын болғандықтан, бұл қаламдастарының ақындық сырына терең бойлап, олардың жырларына тән сипатты, көркемдiк ерекшелiктердi дәл басып, ұтымды ойлар түйедi. Сырбайдың өлең құйылысын, келiстi сөз өрнегiн, Қадыр өлеңдерiндегi салмақты ойшылдықты, Тұманбай жырларындағы нәзiк лиризмдi ақындық сезiмталдықпен танытады. Мүбәрәк Жаманбалиновтың өлеңдерi туралы мақалада ақынның балаларға арналған жырларына талдау жасалып, сәттi өлеңдердiң ұшқыр қасиетi неде екенi жақсы көрсетiледi.

Автор осы қаламгерлер творчасысы туралы мақалаларында олардың қаламынын маймақ тартып кеткен жерлерін де дәл байқап, сын-тілектерін де айтып отырады. Бұл тұстардағы сыны кекеу-мұқау емес, қаламдас досқа сәт тілеуден туған шын жанашыр сөз.

Автор өлең өрнегі, өлеңнің сыр-сипаты жайындағы ой-пікірін «Солдат жырлар сапта ұдай», «Өгейсітпейтін бір ұйқас орайында», «Парасаттан — шарафат» сынды мақалаларында таратып айтады.

Бұл мақалалардың ұтымды жағы мынада: автор поэзиялық шығармаға баға бергенде, оның мазмұны мен көркемдік сапасын тығыз бірлікте алып пікір айтады. Көп сындарда дағды боп кеткен бір жайдан — шығарманы бағалағанда тақырыбы мен идеясына баса назар аударып, ал көркемдік шарттарды қапталда қалдыра беретін әдеттен автор аулақ. Солдат жырлардың ұдайы сапта болмағы, ең алдымен, олардың көркемдік қуатында, жан тебіренерлік сырында дейді автор.

«Өгейсітпейтін бір ұйқас орайында» деген мақалада өлең сөздің өрнегіне байланысты қызықты пікірлер бар. Қазақ өлеңінің ежелгі өлшемі — буын екенін білеміз. Өлеңнің ұйқасы да осы буын үндестігінен құралады. Орыс өлеңдеріндегідей, ұйқастың дауыс екпініне қарай құрылуы — қазақ өлең ұйқасына тән құбылыс емес. Бірақ кейде өлең жолын сөздің айтылудағы дауыс әуеніне қарай ұйқастырып жіберу тәсілдері, некен-саяқ болса да, қазақ өлеңінде де ұшырасады. Мұның тамаша бір мысалы Абайдың «лағы ем» деген сөзге «тырнағың» деген сөзді ұйқастыруы. Бірақ мұның өзінде де орыс өлеңіндегі екпіннен өзгеше сипат бар. Мұнда екі сөздің соңғы буындары («ем», «ың») ұйқаспағанымен, алдыңғы екі буыны («ла-ғы, тыр-на-ғы») ұйқасып тұр. Бұл ішкі ұйқас. Және де буын үндестігінен туып тұрған ұйқас. Ішкі ұйқас мықты болса, сөздің әуезділігі кемімейді. Өлең сазды естіледі.

М. Әлімбаев осы мәселеге қатысты өз байқағандарын айтады. Және бұл пікірлерін өзінің ақындық тәжірибесіне ұштастыра отырып өрбітеді. Дәлелді, байсалды байламдар жасайды.

Бір тілек: қазақ өлеңіндегі ұйқастың осы түрінің жатық үлгілерін жақсы тапқан автор, кейбір олақ ұйқастарды да мысалға кенірек келтіре отырғаны мақұл еді. Мұндай салыстыру жасағанда жақсы үлгінің өрнек-бояулары айқынрақ көрінеді ғой.

«Парасаттан-шарафат» деген мақалада автор бір мәселені орынды көтереді. Өлең туралы пікір айту үшін поэзия қасиетін ақылмен ғана пайымдау жеткіліксіз, жүрекпен де терең сезіну керек дейді. Дұрыс айтылған сөз. Өлең туралы Абайдың айтқаны бар еді ғой:

Ақылмен ойлап тапқан сөз,
Дарымас бойға сырғанар.
Жүректен толқып шыққан сөз,
Бар тамырыңды қуалар.

Өлең туралы пікір айту үшін де осы сапа керек-ау. Автор ойы осыған саяды.

Жинақтағы бір алуан мақалаларда ән текстері жайында сөз қозғалады («Ән—өлең хақында сырлассақ». «Халықтан асқан ақын жоқ», «Ән — поэзия» т.б.).

Әнге арнап өлең жазу, кейбіреулердің ойлағанындай, жеңіл-желпі шаруа емес. Еріккеннің ермегі де емес. Бұл — әрі қиын, әрі жауапкершілігі мол іс. Қиын болатын себебі — ән өлеңнің сөзі тілге жеңіл, үйірімді, ал ұйқастары әуезді, үнді болуға керек. Жеңіл тілмен терең ой, ыстық сезім айтылуға керек.

Жауапкершілігі мол болатын себебі — ән өлеңін жұрт жаттайды, ән — өлеңінің өрісі кең.

Міне сондықтан, ән-өлеңінің мазмұны мен көркемдік сапасы бірдей жоғары болуына үлкен талап қойылады. Бізде ән текстерін әуесқойлар шығара беретін бір әдет бар. Әрине, халық арасынан шыққан жақсы таланттың қолын ешкім де қақпайды. Бірақ кейде поэзиядан ауылы аулақ жатқан біреулер әнге текст шығарғанынды. Мәселен, «Ақ қайың тұрар иіліп, тау басына жиылып» деген өлең болып па. Бірақ, амал не, кейде жаман текст жақсы әннің шылауында күн көріп жүре береді. Бұл да жарамсыз нәрсе.

М. Әлімбаев ән текстері туралы жазғандарында келелі мәселелерді көтереді. Жетістікті де, кемшілікті де нақты мысалдармен дәлелдеп айтады. Автордың лирикалық ән текстеріндегі бір сарындылық туралы, күлдіргі әнге арналған өлең текстерінің сұйықтығы жайлы айтқан сындары әбден қисынды.

Автор ән текстері туралы пікірінде дәстүр мәселесіне айрықша назар аударады. Қазақтың халықтық ән-өлеңдерінің қасиет-сырларына ой жібереді.

Жинақта аударма өнері мәселесіне арналған бірнеше мақала бар. Бұларда аударма ісінің теориялық және практикалық мәселелері сөз болады. Автор негізінен қа-

зақ әдебиетіндегі өлең аудармасының жай-күйіне тоқталып, нақты және ұтымды мысалдарды дәлелге келтіре отырып, аударма өнері турасында өз ойларын алға тартады. «Мақал-мәтел және аударма» деген мақалада Ұ. Бағаевтың аударма шеберлігін жақсы талдап айтқан дерек.

М. Әлімбаев аударма ісіне арналған осы мақалаларында, кейбір сәтсіз тәржімаланған жолдарды мысалға келтіргенде, «осылай аударылса қалай болар еді» деп, өз үлгісін де ұсынып отырады. Бұл тәсілді де құптау керек. Мұндай салыстырмалар аудармашыларға, сөз жок, ой салады, жауапкершілікті арттырады.

Сонымен, жалпы алғанда, «Қалам қайраты» деп аталған бұл жинақта қызықты тың ойлар, соны пікірлер бар.

II

Қазақ совет драматургиясының қалыптасу, даму, жолына көз салсақ, бұл жанрдың өркендеу өрісінің екі арнасын анық көреміз; бір саласын қазақ жұртының ұшан-теңіз бай фольклоры мен тарихи тақырыптарды меңгеру жағынан байқасақ, екінші тармағын советтік өмір шындығы тақырыбына арналған пьесалар жасау сапарынан танымыз. Және осы сипат тек біздің ұлттық драматургиямызға ғана тән ерекшелік емес, өзбек, қырғыз, тәжік, түрікмен, каракалпак сынды советтік шығыс ұлттары драматургиясының бәрінде де бар белгі. Мұның өзі кездейсоқ нәрсе емес, туысқан халықтардың, һәм олардың әдебиеттерінің тағдырлары ұқсастығының бір айғағы.

Демек, қазақ совет драматургиясының жетілу, өсу проблемасына қатысты сөздер, тар ауқымда қалмай, көп ұлтты жалпы советтік драматургияның ерекшеліктерін аша түсетіндей шынайы белгілерді саралап танытуы қажет деп білеміз.

Әдебиет зерттеушісі, Рымғали Нұрғалиевтің қазақ драматургиясының поэтикасы туралы: «Күретамыр» аталатын монографиясын оқығанда, біз ең алдымен осы жайға назар аудардық.

Дүниеге әуелі шығарма келмек, содан соң ол хақында сын тұмақ, пікір өрбімек. Кейінгі он-он бес жылда қазақ совет драматургиясы жөнінде біраз аумақты зерттеулер жасалды, монографиялар жазылды. Бұл ұлттық драматургиямыздың жан-жақты дамып, жетілгендігіне, бүгінгі шақтағы толысқан қалпына, өсуінің жақсы беталы-

сына айқын дәлел. Осы зерттеу саласында тындырылған істерде, жазылған еңбектерде қазақ драматургиясының өсу кезеңдері, жанрларының сипаты, көрнекті драматургтер творчествосы жөнінде қорытылған ойлар, түйілген тұжырымдар бар. Р. Нұрғалиев өз зерттеуінде алдыңғылар ізін шиырламай, белгілі сұрлеумен жөнеп кетпей, қазақ драматургиясының өркендеу жолы тұрасында тыңнан барлағанын алға тартады, соны пікірлер түйеді.

Бұл жаналығы ең алдымен мынада: автор ұлттық драматургиямызда дәуіріміздің жаңа адамын бейнелеу мәселесі қалай шешіліп келгенін, осы жолдағы ізденістерді, тың сапаларды айқындауды мақсат еткен, жетістіктердің ұйтқысын, кемістіктердің төркінін аша отырып, соны проблемаларға жол табады. Жаңа заманның күрескер адамының образын жасау жолындағы жемістерді көрсеткенде, шығарманың тақырыбын, қозғаған проблемасын және көркемдік-эстетикалық қуатын тығыз бірлікте алып қарайды. Әсіресе, көркемдік сапаға баса назар аударады (Осылай болмақ керек. Шығарманы тақырыбына қарап көтермелеп, көркемдік олқылығын сол желеумен бүркеп өте берген уақыттарымыз да болып еді ғой).

Жаңа дәуір адамы — жаңа қоғамдық қатынастар жемісі. Жаңа мүдделер, соны құбылыстар, тың әуендер адам болмысын жаңартады, ескіргенді түлетеді, қырсыққа айналған кеселді ығыстырады. Ал жаңаның қалыптасуы, тозғанның түлеп, кесірдің жойылуы оп-оңай бола қалатын нәрсе емес, күрделі де қиын процесс. Белдескен күрес, тірескен тартыс, шарт-шұрт айқас жүріп өтеді. Сол сайыста адам сыналады да, шыңдалады да.

Дәуіріміздің осы күрескер адамы қазақ драматургиясында қалай бейнеленіп келеді? Алғашқы қадамдар сипаты қандай? Кейінгі кезеңдер жемісі неде? Бүгінгі табыстарымыз қай деңгейде? Қазіргі беталысымыз қалай? Монография авторы осы сауалдарға жауап іздейді. Кітаптың «Реалистік драма жолында» деп аталған тарауында автор қазақ драматургиясының алғашқы кезеңдерінде туған шығармаларды таразылап, ортақ белгілерді айқындайды. Драматургия саласында өндірте еңбек еткен М. Әуезов пьесаларына кеңірек тоқталады.

Ұлттық драматургиямыздың өркендеуіне Мұхтар Әуезов сіңірген еңбек айрықша зор. Үлкен әлеуметтік төңкерістердің әсерінен халық санасына түскен өзгерістерді, рухани эволюцияны бейнелеу жолында оның, әсіресе, драматургияда сан алуан творчестволық тәжірибе

жасағанын монография авторы бойлай зерттеп, М. Әуезов пьесаларының ерекшеліктерін саралап ашады.

Жана дәуір адамы дайын күйінде көктен түсе қалмаған. Оның өскен ортасы бар. Сол ортаның оған сіңірген ғұрпы, әдет-салты, жөн-жосығы бар. Қаһарман әрекетінің сипатынан, ойлау, сөйлеу машықтарынан сол жай-күйлер сезіліп тұрмақ. М. Әуезовтің «Шекарада» пьесасындағы жана адамдар бейнесін сипаттай келіп, зерттеуші олардың елбiзiнен қазақтың шешендік өнері, билер дәстүрі жақсы аңғарылу үстіне, заман ырғағы, мезгіл әуені анық көрінеді деп байлайды.

Ал, бұл қаһармандар әрекетінің мағынасы терең, өрісі кең, нысанасы биік. Бұлардың санасын арайландырып тұрған жана заман шұғыласы бар. Әуезов бейнелеген жана адамдар күш-қуатының көзін зерттеуші, міне, содан таниды. Қазақ драматургиясының жана адамды бейнелеудегі алғашқы кадамдарының жетістігін, реалистік драма жасау жолындағы табыстарды монография авторы советтік шындық мазмұнынан іздейді.

Уақыт озған сайын, өмір жанара түскен сайын ғұрыптар, дағдылар, түсініктер де жаңалана бермек. Соған орай адамдар арасындағы қарым-қатнаста, тіршілік мүдделерінде, күрес мазмұнында тың күйлер, жаңа әуендер туындап жатады. Бүгінгі адамдар өмірінің сырын шертетін драмадағы тартыс сипатында көп сонылық бар. Монографияның «Жаңғырған дәстүрлер» деген тарауында Р. Нұрғалиев осы саладағы ізденістерге барлау жасайды. Ә. Тәжібаевтың, Т. Ахтановтың, Қ. Мұхамеджановтың, Ш. Хұсайыновтың, Ә. Әбішевтің бүгінгі күн тақырыбына жазылған пьесаларына қатысты байсалды ойлар түйеді. Қазіргі қазақ драматургиясының ірі жетістігі — қаһарманның жан құбылысын бейнелеудегі тереңдікте екенін жақсы таныта дәлелдейді.

Монографияның көлемді бір тарауы «Тарихи дәлдік пен көркемдік» деп аталады. Зерттеуші мұнда қазақ драматургиясының тарихи тақырыпқа жазылған шығармалары жайында сөз қозғайды. Бұл ретте де автор пікірі жана дәуір адамын бейнелеу мәселесіне қатысты өрбиді. Қазақ драматургтерінің жана өмір үшін күрескен қаһармандары — Сәкен, Ілияс, Ғани, Майра сынды тарихи адамдарды суреттеген шығармаларына орнықты талдау жасалады.

Бұл мәселеде зерттеушінің өлшемі мынау: тарихи адам өмірінен жазылған туындыда белгілі қайраткердің

өмір өткелдері мен халық күресін, халық арманын астастыра көрсету басты мақсат болуы керек, дара қаһарманды тудырған әлеуметтік орта, қоғамдық жағдай, кейіпкерлер психологиясы арқылы терең сыр, бейнелі күй суреттелуі шарт: үлкен тұлғаның кара басындағы кездейсоқ жәйттерді, болымсыз кемшіліктерді қазбалап, дабырайтып көрсеткен сенсациялық шығарма реализм жайлауына қона алмайды.

Монография авторы тарихи тақырыпты меңгерудегі бүгінгі жетістіктерді танығанда, сонымен қатар, кемшілікті де көрсеткенде, ғұмырнама туындыларға осы тұрғыдан қарап баға береді.

Р. Нұрғалиевтің монографиясы — ұлттық драматургиямыздың келелі мәселесін байсалды зерттеген елеулі еңбек. Автордың кейде бір шығарманың жай-жапсарын жете айтпай, пікірді келте қайырып, үзіп тастап кететіні бар. Қайсыбір осал шығарманы сынайтын тұсқа келгенде, кей-кейде ойының ұшығын ғана көрсетіп, шет-жағалап кететіні де бар. Оқырманға: аргы жағын емеуірінен өзін сез дегендей. Сынның анықтығы жақсы ғой.

III

Қазақ әдебиеттану ғылымының жан-жақты жетіліп, өрсі биіктей түскендігінің бір айғағы соңғы жылдарда әдебиеттің келелі теориялық проблемаларына арналған байсалды ғылыми зерттеулердің саны молай бастағанынан көрінеді. Мекерия Атымұтың «Қазақ романдарының поэтикасы» атты монографиясы — сол санатта аталар елеулі еңбектің біреуі.

Қазіргі қазақ романы даму жолының тарихы онша ұзақ болмаса да, бай дәстүрлі әдебиеттердің тиімді ықпалы нәтижесінде һәм ұлттың өз халық поэзиясынан нәр тартып, ол жедел және сапалы өркендеуге мүмкіндік алды. Сөйтіп, қазіргі қазақ романы өзінің идеялық-көркемдік жоғары сипатымен дүниежүзілік биік өреге көтеріліп шыққаны баршамызға аян. Ендеше, осы өсуге сәйкес, қазақ романының даму ерекшеліктері, ұлттық белгілері, көркемдік қырлары және басқа сипаттары дара-дара зерттелуге керек.

Бізде қазақ романдары жөнінде жазылған монографиялық еңбектер жоқ емес. Бұл ретте академик М. Қаратаевтың, профессор С. Лизунованың, филология ғылымдарының докторы Р. Бердібаевтың көлемді, терең маз-

мұнды зерттеулерін алдымен айтар едік. Ұлттық әдебиетіміздің даму процесін зерттеуші басқа да ғалымдарымыздың еңбектерінде қазақ романына қатысты келелі ойлар толғанады. Алайда қазақ әдебиеттану ғылымында роман проблемасына байланысты мәселелер түгел шешілді, түгел зерттеліп болды деп айта алмаймыз. Қазақ романының көркемдік құрылысын, поэтикасы мен стилистикасын арнайы зерттеген еңбектер әлі жасала қойған жоқ.

Осы тұрғыдап карағанда, М. Атымовтың қазақ совет романдары поэтикасының проблемаларын зерттеуге арналған еңбегінің тақырыбы өте елеулі.

Ең алдымен, осы зерттеу жұмысының сонылығы неде?

Бұл сауалдың жауабын монографияда көтерілген мәселелердің шешіміне, әр тарауда бір-біріне сабақтала айтылған теориялық ойлардың жүйесіне, автордың талдап танытқан, дәлелдеп қорытқан ғылыми тұжырымдарының салмағына карап айта аламыз.

Автор ең әуелі поэтика туралы мәселеге байланысты өзінің кезқарасын ашық айқындап алады. Советтік әдебиеттану ғылымында поэтика жөнінде жазылған қыруар еңбектер бар. Осыларда, мәселен В. В. Виноградовтың, М. Б. Храпченконың, Л. И. Тимофеевтің, М. М. Бахтиннің, тағы басқа оқымыстылардың зерттеулерінде, поэтика хақында әр қайсысында әрқилы айтылған түйіндер бар.

М. Атымов осы пікірлерді салыстырып және бұлардың қисынын ұлттық әдебиеттің мысалдарына да байланыстыра тексеріп, өз байламын жасайды. Ол поэтикаға көркем туындының барлық компоненттерін диалектикалық бірлікте қарастыратын, көркем шығарма құрылысының идеяға сәйкес өзгеру заңдылықтарын зерттейтін ғылым тұрғысында анықтама береді. Поэтиканы көркем өнер туындысының құрылыстық пішіні ретінде танып, бұл арқылы көркемдік шеберлік сырларын ашады. Қазақ романдарының ішкі бітіміндегі, сюжет өруіндегі, кейіпкер бейнесін мүсіндеу тәсіліндегі ерекшеліктерді талдап, әр жазушының стильдік өрнектерін айқындайды.

Зерттеуші қазақ романдарының поэтикасына сипаттама бергенде, негізінен бүгінгі ұлттық прозамыздың үздік шығармаларының мысалдарына сүйенген. Бұл дұрыс та. Өйткені қазіргі қазақ прозасының игерген көркемдік табысы, мұның алуан қыры сол шығармалар бітімінен анық танылады. Прозамыздың көркемдік өрне-

гінде кемдеу түсіп жатқан жағы болса, бұл да сол шығармалар бойынан көрініп қалады. Демек, жетістікті бағалап, кемшіліктің себебін ашып, өнерді өрге бастыруға себі тиетін келелі ойлар түюге мол мүмкіндік бар.

Монографияның бастапқы тарауы идея және оның көркем образдағы көрінісі туралы мәселеге арналған. Бұл проблемаға қатысты ойларын автор қазақ әдебиетінің ұлы шығармасы — «Абай жолы» эпопеясындағы кесек тұлғалар әрекеттеріне талдау жасау арқылы кең тартып айтады.

Өткен ғасырдағы қазақ өмірінің шындығын әр қырынан танытып, терең бейнелеген «Абай жолы» романында талай күрделі проблемалар көтеріледі. Жер дауы, жесір дауы, болыс сайлауы, әкелер мен балалар қарым-қатынасы, көне мен жаңаның тай-таласы, нұрлы ақыл мен надандықтың шарпысуы, міне, осы секілді шындықтардан алуан мәселе туындап жатады. Бірақ осының бәрі окшау-окшау қалмай, шығарманың негізгі идеясына сабақталып отырады. Мейлі жер дауының, жесір дауының шатағынан туған қақтығыс па, немесе болыс сайлауының әлегінен тұтанған ылаң ба, әлде малдылардың малсыздарға жасаған қиянатынан өршіген күрес пе, осы әрекеттердің бәрі де образдардың мазмұнын жан-жақты ашып, жазушының идеясын айқындай түседі.

Эпопеяда жазушының негізгі айтпақ болған ұлы ойы Абай образы арқылы танылады. Абай — туған елінің болашағы, бақыты үшін күресуші. Ол — туған халқын өнерге, мәдениетке, орыс жұртының озық өнегесін үйренуге үндеген ағартушы, жас қауымға «тіл ұстартып, өнер шашқан» жаңа көштің басшысы. Романдағы қат-қабат оқиғалар мен қаһармандардың сан алуан әрекеттері үстінде сол асыл сипаты жарқырап ашыла береді.

М. Атымовтың зерттеуінде осы мәселе, яғни идеяның образдағы көрінісі жүйелі мысалдармен қисынды дәлелденген.

Монографияның екінші, үшінші тарауларында қазақ романдарының композициялық құрылысы мен сюжет проблемасы туралы мәселе зерттеледі.

Автор қазіргі қазақ романдары сюжет құрудың скі түрлі жолымен пайдаланып келеді деп көрсетеді. Оның бірін шындық өмірден алынған сюжет, екіншісін ойдан құрылған сюжет деп анықтайды. Бұл жүйедегі пікірлерін С. Мұқановтың «Мөлдір махаббат», «Өмір мектебі», «Ботакөз» романдарының сюжеттік бітімдері арқылы дәлел-

дейді. Жазушының өмірде нақты болған оқиғалар негізінде жазылған екі туындысы — «Мөлдір махаббат» пен «Өмір мектебінің» сюжет құрылысын салыстыра зерттеп, шындық өмірден алынған сюжеттің қазақ мемуарлық романына тән және бір айрықша ерекшелігін анықтайды. Зерттеуші бұл ерекшелікті шығармадағы әр оқиғаның жеке-жеке эпизодтар арқылы берілуінен және бұлардың арасы жазушының өз өмірі арқылы байланысуынан көреді.

М. Атымов қазіргі қазақ романдарын композиция құру принципіне қарап, шартты түрде үш топқа бөледі.

Бірінші — сатылы композициялы романдар. Бұл сипатты шығармада бір эпизод екінші эпизодтың заңды жалғасы ретінде туындап отырады. Бұның мысалы ретінде монографияда Ғ. Мүсреповтың «Қазақ солдаты» романының композициялық құрылысына талдау жасалады.

Екінші — жарыспалы композициялы романдар. Бұларда алма-кезек баяндалып, қатарласа жарысып отыратын, бір-біріне кереғар екі сюжеттік желі болады. Біреуі негізгі желі түрінде келеді де, шешуші оқиғалар соның бойына тартылады. Зерттеуші теориялық ойларын Ғ. Мұстафиннің «Дауылдан кейін» романының желісі арқылы дәлелдейді.

Үшінші — қаусырмалы композициялы романдар. Бұл үлгідегі шығарма құрылысының ерекшелігі монографияда Х. Есенжановтың «Көп жыл өткен соң», Т. Әлімқұловтың «Ақбоз ат» романдарының композициялық бітімі арқылы сипатталады.

Зерттеудің төртінші тарауы жазушының шеберлік даралығы және стиль ерекшеліктері туралы мәселеге арналған. Шеберліктің даралық сипаты һәм стиль жайлы мәселе — күрделі проблема. Әсіресе, стиль хақында бір арнаға түспеген, әрқилы айтылып келе жатқан пікірлер бар. Монография авторы бұл пікірлерді жадағай баяндамай салыстыра қарап, өз ойларын дәлелдеп түйеді. Қазіргі қазақ романдарының стиль ерекшелігі мен жазушының шеберлік даралығы жөнінде теориялық тың байлаулар жасайды. Автор Х. Есенжановтың «Ақ жайық» романының стильдік ерекшелігі сөйлемдердің қысқа құрылуы, балыққа байланысты теңеулердің молдығы, пікірді жинақтап, түйіп айтушылық, ауыстырып айтылған сөздердің молдығы және батыс өлкесіне тән диалектілердің жиі кездесіп отырушылығы» деп қорытады.

Ал, Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романының стиль-

дік ерекшеліктері — «образ жасаудағы романтикалық сарын, оқиғаны қабаттастыра баяндаушылық пен ішкі монологты молынан пайдаланушылық, табиғатты градация жолымен дамытып, оны кейіпкер характері мен дәуір тынысына қарай құбылтын отырушылық», — деп көрсетеді.

Монографияның соңғы тарауында қазіргі қазақ романдарындағы образдар жүйесі зерттеледі. Автор қазақ романының даму кезеңдерінің бұрынғы жетістіктеріне көз жіберсе отырып, үлкен прозада соңғы жылдарда жасалған соны образдар сипатына анықтама береді, ірі характер жасаудағы көркемдік жаңалықтарды таптырады.

Тұтастай алғанда, қазақ романдарының поэтикасы туралы монография — бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымының келелі проблемалары жөнінде тың шешімдері бар байсалды зерттеу деп есептейміз. Сонымен қатар, еңбектің кейбір кемшіліктері де бар. Зерттеуде қазіргі қазақ романдары поэтикасын жалпы советтік прозаның соңғы жылдардағы озық үлгілерінің көркемдік өрнектерімен салыстыра тексеру жағы кемдеу түсіп жатыр. Сондықтан кейбір тұжырымдары (мәселен сюжет және стиль мәселелеріне байланысты) тар ауқымда қалып, үлкен жиілікке деңгейінен төмендеу тұр.

Автор теориялық пікірлерін дәлелдегенде, кейде оқиғалардың мазмұнын ұзақ баяндап кетеді. Бірінші тарауда «Абай жолы» романындағы жесір дауына байланысты оқиғалардың, II-тарауда «Мөлдір махаббат» романында бас кейіпкердің Орынборға оқуға баруы суреттелетін тұстардың, III—IV тарауларда «Ақ жайық», «Дауылдан кейін», «Қан мен тер» романдарының бірқатар эпизодтарында сипатталған жайлардың мазмұны бірыңғай осылай баяндалған.

● Қазіргі қазақ романдарындағы образдар жүйесін зерттеуге арналған тарауда автор образдың жаңалығын оның мазмұнына, геройдың әрекетінің сонылығына қарап айқындаудан гөрі, көбінесе сыртқы көріністерді өлшем қып баға береді. Мәселен соңғы кездегі қазақ романдарындағы тың образдардың бір түрлері — шоферлар, журналистер бейнелері деп көрсеткенде, соны сапаларды характер жаңалықтары арқылы айқындамай, шығармада суреттелген кейіпкердің атқарып жүрген мамандық ісінің белгілерін негізге алады. Бұл ұтымды тәсіл емес.

«Қазіргі қазақ прозасындағы тағы бір тың құбылыс — жұмысшы табы өкілдерінің молырақ суреттеле бас-

тауы»,— деп жазады автор. Мұның себебі: қазір бізде колхоздан гөрі совхоздар көбейді, совхозда жұмыс істейтін адамдардың барлығы дерлік жұмысшы болып есептеледі, ал соңғы жылдардағы қазақ прозасында осы адамдар өмірі көбірек суреттеледі,— деп көрсетеді де, осыны жұмысшы образын жасаудағы тың құбылыстың дәлелі етеді. Зерттеуші бұл жерде де тек сыртқы көрініске ден қойып отыр. Рас, совхоздағы тракторист-жұмысшы. Оның жүргізіп жүрген тракторын қаладағы заводта жасап шығарған адам — ол да жұмысшы. Бірақ осы екі жұмысшының іс-әрекет алаңы, әлеуметтік ортасы,— екі алуан. Демек, «жұмысшы тақырыбы» деген терминді қолданғанда, бұл айырмашылықтарды ұмытуға болмайды.

Жазушылық шеберлік және стиль ерекшелігі туралы тарауда автордың түйін жасау үшін келтірген кейбір дәлелдері сәтті емес. Мысалы, «Ақ жайық» романының стиліне тән айырықша бір ерекшелік — бұрын айтылып кеткен оқиғаларды біраздан кейін тағы да қысқаша қайталап жинақтап айтып отырушылығы,— деп жазады автор. Бұл дәлелі, автордың ойлағанындай, шеберлікті танытатын сапа емес, керісінше жағдайды көрсетеді.

Автор «Қан мен тер» романының стильдік бір ерекшелігі — сөйлемдерінің қысқалығы деп сипаттап, осы белгіні Ә. Нұрпейісов шеберлігінің үлкен қыры ретінде қарайды. Бұл пікірі тура емес. «Қан мен тер» романының көркемдік өрнектері сөйлемдерінің қысқалығынан емес, керісінше, ұста тілмен шебер қаланған ұзақ тіркестерінен мол көрінеді. Етек-жеңі кең сөйлемнің тынысы да кең.

Монографияда автор өзі зерттеп отырған проблемасына байланысты кейбір романдардың олқылықтарын, міндерін, сын көзімен қарап, дәлелдеп, талдап айтады. Ал кейбір ғылыми еңбектердегі кемшіліктерді көргенде, әлгі райынан жаңылып, автордың қаламы маймақ тартып кете береді, сын айтпайды, пікір таластырмайды.

Әрине, бұл айтылған кемшіліктер, жалпы алғанда, сапалы жасалған еңбектің мазмұнына ірі нұқсан келтіріп тұрған жоқ. Дегенмен де, мұндай міндердің болмағанын білгі еді.

IV

Советтік жылдарда өскен әдебиетіміздің тарихын, даму жолының бел-белестерін, ұлттық ерекшеліктерін оқырмандарына танытуда орыс тілінде жазылған зерттеу ең-

бектердің маңызы аса зор. Бұл ретте, қазақ әдебиеті халқында орыс әдебиетшілерінің жасаған жұмыстарын үлкен құрметпен айтамыз. Сонымен қатар, ортақ іске қазақ зерттеушілерінің де белсене ат салысып келе жатқанын мақтан тұтамыз. Сөзді әрідеп қозғасақ, Шоқан Уәлихановтан басталып, содан бері қарай үзілмей созылып, ширай тартылып келе жатқан тамаша дәстүрлі желі бар. Тек соңғы он шақты жыл ішінде қазақ зерттеушілерінің, әдебиет мәселелеріне арналып, орыс тілінде жазылған бірнеше көлемді еңбектері жарық көрді. Бұлардың қатарында М. Каратаевтың, З. Ахметовтың, Ш. Сәтпаеваның, О. Сүлейменовтың, Е. Ғабдіровтың, Ш. Қапафиева-Киреевананың, Ш. Елеукеновтың, Ж. Исмағұловтың, Е. Тұрсыновтың монографиялық зерттеулерін атап айту ләзім.

Осылардың санатына өткен жылы және екі көлемді еңбек қосылды: бірі — Қазақстан жоғары оқу орындары филология факультеттерінің орыс бөлімдеріне арналған «Қазақ әдебиеті» («Казахская литература») оқулығы; екіншісі — филология ғылымының докторы Р. Бердібаевтың «Аңыздан-романға» («От легенды к роману») деген зерттеуі.

Жоғары оқу орындарында оқытылатын пәндердің тұрақты оқулығы болуы студент-жастардың ғылымның белгілі салаларынан жүйелі білім алуына зор көмек жасайды. Сондықтан да республика университеттері мен институттары филология факультеттерінің орыс бөлімінде оқитын болашақ әдебиетші мамандарға арналып қазақ әдебиеті оқулығы шығуы — қуанарлық оқиға.

Бұл алғашқы оқулықтың авторлары — белгілі әдебиетші ғалымдар Ш. Сәтпаева мен Х. Әдібаев.

Оқулықта ежелгі дәуірден бастап, бүгінгі шаққа дейінгі қазақ әдебиетінің тарихы хронологиялық тәртіппен жүйелі түрде берілген. Мол тарихи, әдеби материалдар негізінде жазылған және көркем туындыларға жоғары оқу орны методикасының биік талабы тұрғысынан талдау жасаған бұл оқулық қазақтың ұлттық әдебиетінің даму жолы жайынан кең мағлұмат береді.

Оқулықта қазіргі әдебиеттану ғылымындағы кезеңге бөлу жүйесіне сәйкес, шолу және монографиялық тараулар бар. Бұларда жанр сырлары, әдеби процесс, стиль, әдіс, тағы басқа маңызды әдеби құбылыстар халықтың тарихымен тығыз байланысты қарастырылады.

Кітаптың бірінші тарауы қазақ халқының ауыз әдебиетіне арналған. Мұнда ұлтымыздың тамаша поэтика-

лық творчествосының ерекшеліктері терең де жаркын сипатталған. Революцияға дейінгі негізгі кәсібі мал бағумен байланысты болған бұрынғы көшпелі қазақ елінің тіршілік-тұрмысындағы өзгешеліктер ауыз әдебиетіне өз өрнегін түсірген. Халық поэзиясының үлгілерінен — мақалдар мен мәтелдерден, ертегілер мен батырлық жырлардан, айтыстар мен шешендік сөздерден біз халықтың жан сезімін, ойы мен арманын біліп қана қоймаймыз, сонымен қатар, осы бұрынғы көшпелі жұрттың тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын да танимыз. Қазақ фольклорында төрт түлік мал мен аңшылық кәсіп жайындағы өлеңдердің мол орын алуы тегін емес. Мұның өзі бұрынғы көшпелі елдің тұрмыс-тіршілігіне, күнкөріс hareketіне байланысты жәйт. Оқулық авторлары қазақ халық поэзиясының ерекшеліктерін жалпы сипаттап қана қоймай, бұл жағдай халықтың қоғамдық тұрмысының өзгешеліктерімен сабақтас екенін ашып көрсетеді.

Қазақ ауыз әдебиетінің үлкен бір саласы — мол көлемді, қызық оқиғалы батырлық дастандар мен лиро-эпостық жырлар. Оқулықта қазақ эпосының осы екі түрінің шебер үлгісі ретінде «Қобыланды» мен «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» талданады. Бұл жырлардың реалистік белгілері мен көркемдік сыр-сипаты оқулықта жақсы айтылған.

Кітаптың «Ежелгі жазба ескерткіштер» тарауында Қазақстан территориясын жайлаған бір кездегі тайпалардан қалған көне жазулар туралы баяндалады. Шығыстың ұлы философы, өз заманында екінші Аристотель атанған ірі ғұлама әрі акын әл-Фараби творчествосы жөнінде, XI ғасырдың әйгілі шығармалары — «Құдатқу біліг» пен «Диуан лұғат ат-түрік» хақында және басқа көне мұралар жайында қажетті мағлұматтар беріледі. Сөз орайында айта кететін бір жағдай: оқулық авторлары ежелгі жазба ескерткіштерді Шығыстың бір ұлтына ғана телімей (кейбір зерттеушілердің жазғандарында сондай сарын жоқ емес), бұларды қазақ, өзбек, қырғыз, түрікмен, азербайжан, ұйғыр, т. б. түркі тілдес халықтардың бәріне бірдей ортақ қазына деп бағалайды. Дұрыс пікір.

Оқулықтың «XV—XVII ғасыр поэзиясы» деп аталған тарауы бұдан 300—350 жыл бұрынғы қазақ поэзиясы үлгілерімен таныстырады. Бұл дәуірде жасаған Асанқайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз секілді, есімдері аңызға айналған атақты жыраулар шығармалары қазақ хал-

кының ұлт болып қалыптасу дәуірінің тарихи жағдайларынан мағлұмат береді және оқулық авторларының сипаттағанындай, «Орта ғасырдағы көшпелі дала жұртының көркемдік ойлау дәрежесін танытады». XV—XVII ғасыр поэзиясы өмір шындығын бейнелеудегі өзінің ерекше көркемдік өрнектерімен ұлттық әдебиетіміздің даму тарихында маңызды орын алады. Оқулықта осы дәуір әдебиетінің үлкен өкілдері Бұқар жырау мен Шал ақынның творчествосына кең талдау жасалады.

Оқулықтың XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіне арналған тарауында жаңа тарихи-әлеуметтік жағдайлар, әсіресе, ілгерішіл орыс қоғамдық ойының әсер-ықпалы ұлттық әдебиетіміздің жеделдеп дамуына ұйытқы болғандығы жақсы айтылған. Шаруалар көтерілісінің жаршысы, күрескер ақын Махамбеттің, қазақтың ұлы ағартушы демократтары — Шоканның, Ыбырай мен Абайдың творчествосы ұлттың рухани көтерілуінің сол тарихи процесін айрықша терең танытады.

Кітапта XX ғасырдағы қазақ әдебиетіне үлкен тарау арналған. Ең әуелі Октябрь революциясы алдындағы ұлттық әдебиет сипаты айтылады. Жаңа ғасыр басындағы революциялық оқиғалар, қалың елдің саяси белсенділігінің артуы, қазақ тілінде газет-журналдардың шығуы әдебиеттің соны сапада өркендеуіне жол ашты. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің ірі өкілдері С. Торайғыров пен С. Көбеевтің шығармаларында ұлттың саяси-әлеуметтік оянуы бейнеленеді. Әдебиеттің мазмұны тереңдеп, тақырып шеңбері ұлғайып, жаңа жанрлары көптеп, байи түсті.

Ұлттық әдебиетіміздің шын мәнінде көркейіп өркендеуі советтік жылдарда болды. Жаңа заман шындығы әдебиетке жаңа көрік, соны саз әкелді. Әдебиеттің бар саласы жан-жақты дамуына мол мүмкіндік туды. Қазақ жазушылары социалистік реализм әдісін творчестволықпен меңгеріп, советтік шындықты көркем бейнелеуде ірі табыстарға жетті. Қазақ әдебиетінде жағымды жаңа қаһарман — нұрлы болашақ үшін белсенді күрескер, жасампаз совет адамы сахнаға шықты.

Қазақ совет әдебиеті дамуының алғашқы дәуірінің басты жаңалығы осылар еді десек, ұлттық әдебиетіміздің қазіргі шақтағы жетістігі тіпті мол, көтерілген көркемдік биігі әлдеқайда жоғары. Сөз шеберлерінің бүгінгі жеткен табысы олардың қажырлы еңбегінің, зор ізденістерінің және, сонымен қатар, әдебиеттің партиялық прин-

ципін жүзеге асыру жолындағы жігерлі күресінің нәтижесі, әрине. Бұл ретте біз қазақ совет әдебиетінің іргесін қалап, шанырағын көтерген сөз зергерлері С. Сейфуллиннің, І. Жансүгіровтың, М. Әуезовтің, Б. Майлиннің, С. Мұқановтың есімдерін үлкен құрметпен һәм мақтанышпен еске аламыз. Олар өздерінің ірі суреткерлік еңбегімен қазақтың бүкіл социалистік мәдениетінің көркеюіне зор ықпал етті.

Оқулықта қазақ совет әдебиетінің даму жағдайларын сипаттайтын тарихи-әдеби шолу берілген. Мұнда жаңа әдебиеттің өркендеу жолы, оның әр кезеңдерінің ерекшеліктері ұтымды көрсетіледі. Советтік Қазақстан тарихының басты-басты кезеңдеріне сәйкес, жаңа әдебиеттің дамуын дәуірлеу, әдетте, былай жіктеліп жүр: алғашқы дәуірдегі қазақ совет әдебиеті (1917—1929), бесжылдықтар кезіндегі әдебиет (1930—1940), Ұлы Отан соғысы жылдарындағы әдебиет (1941—1945), соғыстан кейінгі жылдардағы әдебиет (1946—1956) және үстіміздегі дәуір әдебиеті.

Оқулық авторлары осы жіктеу жүйесінің дұрыстығын көрсете отырып, қазақ совет әдебиетінің даму жолын негізгі үш кезеңге бөліп қарастырады.

Бірінші кезең — 20-30 жылдар әдебиеті. Бұл кезеңге арналған тарауда С. Сейфуллиннің, І. Жансүгіров пен Б. Майлиннің творчествосы арнайы талданады.

Екінші кезең — Ұлы Отан соғысы жылдарындағы әдебиет. Оқулықтың бұл бөлімінде соғыс жылдарындағы қазақ совет әдебиетіне сипаттама беріледі. Осы бөлімде қазақ халық поэзиясының алыбы Жамбыл творчествосы туралы жазылған мазмұнды тарау бар.

Үшінші кезең — соғыстан кейінгі жылдардағы және қазіргі дәуірдегі қазақ совет әдебиеті. Қамтитын дәуірі де үлкен, зерттейтін материалы да мол бұл кезеңге арналған тарауда ұлттық әдебиетіміздің соғыстан кейінгі жылдардағы өсу жолы, бүгінгі шақтағы көтерілген биіктерінің сипаты жан-жақты талданады. Осы бөлімде қазақ совет әдебиетінің аса көрнекті өкілдері М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсрепов, Ғ. Мұстафиннің жазушылық жолдарына арналып, жеке-жеке монографиялық тарау берілген.

Оқулық авторлары бұл еңбекті жазуда әдебиеттану ғылымының бүгінгі талап-тілектерін мұқият ескерген, сол себепті де әдеби құбылыстарға берген бағалары мен ғылыми талдаулары жоғары деңгейден шыққан.

Сонымен қатар, кітаптың кейбір кемшіліктерін де айта кетуді мақұл көреміз. Оқулықтың ауыз әдебиетіне арналған бөлімінде, тұрмыс-салт жырлары сипатталған тарауда, қазақтың төрт түлік мал туралы жырларының ерекшеліктері жете көрсетілмеген. Әр түліктің мінезіне және малды бағу, өсіру ісіне байланысты туған жыр түрлері жөнінде мүлде ештеме айтылмапты. XIX ғасыр әдебиетіне арналған тарауда сол дәуір әдебиетінің анық бір ерекшелігін танытатын әнші-ақындар творчествосына да тоқталу керек еді, оқулық авторлары мұны ескермеген. Қазақ совет әдебиеті баяндалатын тарауда қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдеби сынның қалыптасуы, даму жолы жайында еш мағлұмат берілмеген. Оқулықтың келесі басылуында авторлар бұл кемшіліктерді, әрине, ескереді деп ойлаймыз.

Біз сөз еткелі отырған екінші еңбек — Р. Бердібаевтың кітабы қазақ совет әдебиетінің бүгінгі тандағы келелі проблемаларын зерттеуге арналған. Атап айтқанда, әдебиеттің партиялылығы мен халықтығы, дәстүр мен жаңашылдық, сюжет пен тартыс сипаты, қазіргі қазақ прозасында жаңа адамды бейнелеу, фольклор мен жазба әдебиеттің өзара байланысы, жазушы позициясы, тағы басқа осы алуандас келелі мәселелер көтеріледі.

Кітаптағы көлемі жағынан молырақ және зерттеген объектісі күрделілірек екі жұмысты даралап айтуға болады. Олар «Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуы», «Қазақ романының тағдыры» деп аталған зерттеулер.

Мұның біріншісінде қазақ совет әдебиетінің советтік жылдарда жеткен идеялық-көркемдік табыстары сипатталады, автор жаңа әдебиеттің негізгі жанрларының қалыптасу жолын зерттейді.

Қазақ ұлтының советтік жас әдебиетінің қалыптасу кезеңінде тек идеялық жағынан ғана емес, көркемдік тұрғыдан да көптеген қиындықтарды игеру үшін ірі қайрат-қажыр керек болғанын білеміз. Өйткені қазақ әдебиетінің кейбір жанрлары, көктемнің алғашқы көгіндей, жаңа ғана көктей бастаған. Көптеген қаламгерлеріміздің жазушылық шеберлігі де жетіспеген. Осының бәрі жаңа әдебиеттің дамуына алғашқы уақыттарда едәуір қиындықтар келтірді. Жас қазақ совет әдебиеті революция шындықтарын бейнелеуде халықтың бай фольклоры мен Октябрь алдындағы жазба әдебиетіміздің тандаулы дәстүріне сүйенді. Көркемдіктің соны өрісіне солай жол тартты.

Әдебиеттің дамуына өмір оқиғаларының тигізетін ықпалы зор болмақ. Халық тұрмысына жаңа дәуір әкелген жаңалықтар әдебиеттен көрініс тапты. Ел өмірінде жүзеге асқан ірі істер қалың жұртты ортақ қуанышқа бөлеп, адамдардың психологиясында жаңа сапалар қалыптасуына зор әсерін тигізді. Бұл жағдайлар біздің жазушыларымызға шабыт берді.

Р. Бердібаев қазақ совет әдебиетінің қалыптасу жолын ел өміріндегі жаңа құбылыстармен тығыз байланысты алып зерттейді. Сөйтіп, өмірдегі жаңалық, көркем шығармадағы жаңа қаһарман, әдебиеттегі жаңашылдық деп аталатын жайларды диалектикалық бірлікте қарастырып, алғашқы бесжылдықтар дәуіріндегі қазақ әдебиеті дамуының негізгі тенденцияларын айқындайды.

Біз автордың алғашқы бесжылдықтар кезеңінде қазақ совет әдебиетінің басым дамыған жанры поэзия болды деген пікіріне қосыламыз. 30-жылдар поэзиясында социалистік реализм принциптері нық бекіді. Саяси-әлеуметтік, публицистикалық лирика кең қанат жайды. «Алтай аясында», «Ақбөпе», «Қырым қызы», «Нарын», «Шалқыма» сынды көлемді поэмалар жазылды. Поэзиялық шығармалардың тақырып ауқымы кеңейді.

Дегенмен, бұл дәуір поэзиясында ірі кемшіліктер де бар еді. Ол олқылықтар ақындық мәдениеттің жетімсіздігіне байланысты болатын. Р. Бердібаев бұл кемшіліктердің төркінін дұрыс көрсеткен.

30-жылдардағы қазақ прозасына талдау жасай келіп, автор: «бұл дәуірдегі прозамыздың ірі табысы — совет адамдарының жұрт қалаған ұнамды образдарының жасалуы дер екі... 30-жылдар прозасы ұлттық характер жасау проблемасын шешті», — деп пікір түйеді. Сол кезеңнің тандаулы прозалық шығармаларында жарқын бейнеленген образдар жаңалығын танытып, ұлттық әдебиетіміздегі бұл соны сапа С. Сейфуллин, М. Әуезов, Б. Майлин, С. Мұқанов есімдерімен, олардың әдеби творчествосындағы жаңашыл бастамаларымен байланысты екенін айтады.

Отызыншы жылдардағы қазақ әдебиетінде драматургия жанры өркен жаяды. Қазақ совет драматургиясы негізінен екі арнамен дамиды, бір арнасы — халық фольклоры мен тарихи тақырып негізінде жасалған драматургиялық шығармалар, ал, екінші арнасы — жаңа өмір шындығынан алынып жазылған пьесалар. Р. Бердібаев

қазақ совет драматургиясының осы ерекшелігін жақсы сипаттаған.

Зерттеудің келесі тарауында ғалым қазақ совет әдебиетінің сын мен әдебиет зерттеу саласындағы жетістіктерін саралайды, жанр дамуының басты бағыттарына анықтама беріп, оның өсу жолында орын алған кемшіліктердің себебін түсіндіреді.

Кітаптағы екінші көлемді зерттеу «Қазақ романының тағдыры» деп аталады. Р. Бердібаев бұл еңбегінде эпикалық жанрдың қадау-қадау ірі шығармаларын талдау арқылы қазақ совет прозасының ерекшеліктері мен даму тенденцияларын айқындауды мақсат тұтқан.

Қазақ прозасында тарихи тақырыпқа жазылған романдар көрнекті орын алады. Р. Бердібаев бұларды екі салаға бөліп қарастырады. Бірінші салаға революция қарсаңында және революцияның дауылды жылдарында Қазақстанда болған оқиғалар суреттелетін романдар қосылады. («Ботакөз», «Жолдастар», «Дөң асқан», «Қап мен тер», «Ақ Жайық» т. б.). Ал, екінші салаға қазақ халқының өткен тарихын бейнелейтін шығармалар жатады («Махамбет жебесі», «Құйрықты жұлдыз», «Алмас қылыш», т. б.)

Зерттеуші осы аталған романдарға байсалды талдау жасап, қазақ заманының даму жолының ерекшеліктері мен бүгінгі табыстарының сырларына ғылыми сипаттама береді. Және сүйсініп айтар бір жәй, автор роман туралы сөз қозғап отырып, пікірін дамытып, жалпы қазақ әдебиетінің бүгінгі келелі мәселелері жөнінде ұтымды ойлар түйеді. Осы ретте шығарманың орталық қаһарманы және идеал тұтар образ туралы пікірлері дәлелді екенін айтар ек.

Кітапта жоғарыда аталған екі зерттеуден басқа, жеке шығармалар жөнінде және суырыпсалма ақындар дәстүрі жайында жазылған мақалалар бар. Бұларда да бүгінгі қазақ совет әдебиетінің маңызды мәселері қозғалады.

Сонымен, тұтастай алғанда, Р. Бердібаевтың «Аңыздан — романға» атты кітабын орыс оқырмандарына қазіргі жетілген ұлттық әдебиетіміздің табыс сырларын жақсы танытатын бағалы еңбек дейміз.



шпес
өнеге

III тарау

ҮЛКЕН ЖҮРЕКТІҢ СЫРЫ

(Ыбырай Алтынсариннің хаттарын оқығанда)

Ыбырайдың досы, шығыс тілдерін зерттеуші ірі ғалым, Қазан университетінің профессоры Николай Иванович Ильминский Алтынсарин туралы естелігінде былай деп жазады: «Алтынсариннің өзіне тән мінезі мен адамгершілік келбеті оның хаттарынан жарқырап көрінеді, бұл хаттарында ол өзінің сезімі мен жан күйін ашық та терең білдірген».

Дәл байқаған. Көңілсіз қуаң далада, құлазыған мекенде, сары қалың қараңғы жұрт ортасында күн кешіп, падандық дүннесімен, озбырлық, княнат атаулымен жалғыз алысқан адамның жан сырын ұққыңыз келсе, оның хаттарын оқып қараңыз. Арман мен үміт, тілек пен сезім, кейістік пен қуаныш, ашу мен ыза, безіну мен бекіну секілді ішкі күйдің сан түрлі толқындарын көресіз солардан. Хаттардың мазмұны мен әуенінен ұлы ағартушының нұрлы мұраттары мен батыл ойларын білумен қатар, оның адамдық ірі бейнесін де танысыз...

I

Ыбырайдың бізге жеткен хаттары 1860—1889 жылдар аралығында жазылған. Хат жолдаған адамдары: шығыс тілін зерттеуші белгілі ғалымдар, профессор Н. И. Ильминский мен профессор В. В. Григорьев, Орынбор оқу округінің инспекторы В. В. Катаринский мен Орынбор облыстық басқармасының кеңесшісі А. А. Бобровников, Ақтөбе орыс-қазақ училищесінің менгерушісі А. А. Мозохин мен Қостанай орыс-қазақ училищесінің менгерушісі Ф. Д. Соколов.

Ыбырай бұл адамдарға жиі хат жазып, олардан өзі

де жиі хат алып отырған. Әсіресе, досы Н. И. Ильминскийге хатты көбірек жазған. Бұл аталған кісілерден басқа, Ыбырайдың қазақ атқамінері Байәділ Кейкинге жазған және Николай Алексеевич деген біреуге (Н. И. Ильминскийдің Ыбырайға таныстырған достарының бірі болуы керек) жолдаған бірер хаты бар.

Ы. Алтынсарин қайтыс болғаннан кейін, Н. И. Ильминский қазақ халқының тұңғыш ағартушы-педагогының есімін мәңгі есте қалдыру мақсатымен, ол жөнінде естелік кітап шығаруды қолға алады. Дос-жарандарына хат жазып, Ыбырай туралы лебіз білдірулерін өтінеді. Ыбырайдың хаттарын жинастырады. Бұл хаттарды жарыққа шығару жөнінде ұлы ағартушының жұбайы Айғаныстан рұқсат алады.

Сөйтіп, Н. И. Ильминскийдің басшылығымен, 1891 жылы Қазанда «Ы. Алтынсарин туралы естеліктер» деген кітап басылып шығады. Ыбырайдың хаттары бірінші рет осы естелік-кітапта жарияланды. Оның Н. И. Ильминскийге жолдаған хаттарының түпнұсқасы Қазанда, Татар АССР-інің Орталық тарихи архивінде сақталуда.

Енді хаттар сырына үңілейік...

II

Ең алдымен атап айтарлық жәйт — Ыбырай хаттарындағы ой-пікірлер, ұсыныстар мен тілектер оның халық ағарту жолындағы қоғамдық қызметі мен педагогтық, ұстаздық ісінің негізгі мақсатына сабақталып жатады. Ал, оның тұтқан мақсаты соншалық ірі болатын.

Ыбырай — өзі туып-өскен байтақ қазақ даласын, туған халқын жан-жүрегімен шын беріле сүйген жалынды патриот. Қалың елінің қараңғылығы, жүдеу тұрмысы, ел ішін жайлаған зорлық-зомбылық, байдың кедейге қысымы — осының бәрі де оның жүрегін сыздатып ауыртады, әсіресе, патша әкімдерінің мұның туған халқын кемсітіп, «тағы жұрт, шеттерінен ұры-қары» деп, қорлағаны жапын аяздай қариды. Ол мұндай кемсітуге шыдай алмай, өктем үн қатады. Н. И. Ильминскийге жазған хатында (26 январь, 1862) Ыбырай: «Кейбір ақылгөйлердің қазақтар ұры-қары, қанішер деп, кітапқа жазып шығарған сөздері — тек қағаз жүзінде қалатын өлі сөздер», — дейді күйініп¹. «Қазақтар — жасанды мінезі жоқ, қарапайым халық. Ал, біз оның сол қарапайым қалпынан көпте-

¹ Хаттардың орысшасын өзіміз аударып алдық — Н. Ф.

ген асыл қасиеттерді көреміз»,—деп, қазақтардың ақыл-парасат жағынан ешбір ұлттан кем емес екендігін мақтанышпен айтады.

Бірақ қазақ елі қараңғылық қамауынан шыға алмай отыр. Ақылды, өнерлі адамдар аз емес, бірақ сауаттапы жоқ, елге білім тарататын мектептері жоқ. Орнықты мекен-жай салып, ірге бекітіп отырған ел де емес, көшіп-жүрт. Баққан малынан басқа сүйенері де, қорек етері де жоқ. Малы жұтаса, қазақтар да жұтайды! Қазақтар тұрмысының осы ауыртпалықтарына Ыбырай өте күйзеледі. В. В. Катаринскийге жазған хатында (14 февраль, 1880 ж.) Торғайда қыс қатты болып, жұт басталғанын, мал қырылып адамдар аштан өліп-жатқанын жүрегі езіліп отырып айтады. Сол жылғы жұт Ыбырайдың өз шаруасын да қатты тұралатып кетеді, қолындағы малы опат болады, семьясы жүдейді. Тағдырдың мұндай кесәпаттарынан құтылудың амалы қайсы? Ыбырай В. В. Катаринскийге жолдаған келесі хатында (7 апрель, 1880 ж.) Торғайдағы жұт зардабынан болған аштық жайында «Орынбор листогіне» мақала жазып жібергенін, осы мақаласында қазақ даласында қоныстанушыларға арнап баспана салу жөнінде жоғарғы әкімдер жасаған жоба жүйесіне батыл сындар айтып, наразылық білдіргенін жазады. Бұл жобада қазақтар тұрмысын жақсарту мүддесі көзделмегенін көрсетіп, «егер іс осы жобадағыдай ретсіз жүргізілетін болса, қазақ халқы бұрынғыдан бетер жұтайды. Мұндай кері кеткен жобаны оқығанда, салың суға кетеді мүлде»,—деп налицы.

Ең алдымен жұтайтындар да, тартығындар да кедейлер еді. Дала жарлысын бір жағынан жоқшылық қысса, бір жағынан бай қуыратын. «Әлділер жарлыларды, қорғансыз пақырларды айуандықпен аяусыз талап отыр... осыларды көргенде, қаным қайнайды»,—деп жазады Ыбырай Ильминскийге (14 апрель, 1884 ж.). «Сол қанаушылар тобында өз ағайындарым да бар, мен бұларды өлердей жек көремін»,—деп, езілгендер табының жоқшысы екенін білдіреді. Кедейлердің ауыр тұрмысын жеңілдетер жолдарды іздейді. Бірақ өкіметтен, ел билеуші әкімдерден қайыр күтпейді. «Әр ісімді оларға мағлұм қылып және келісімдерін алып жүргізіп отырғандықтан, бұлар мені қолдайтын шығар деп, әуелгі әзірде әкімдерге үмітпен қарағаным рас еді, бірақ оларға сенуге болмайды екен»,—деп жазады ол Н. И. Ильминскийге жолдаған және бір хатында (14 сентябрь, 1884 ж.).

Езілген еңбекші елдің мүддесі үшін кім күресуі керек? Ыбырай, ең алдымен, өзіне үлкен сенім артады. «Әл-қуатым жеткенше өзімнің туған жұртыма пайдалы қызмет етсем деген түпкі мақсатым мен талабымнан еш уақытта айнымаймын. Адамдардың қазған оры мен жапқан жаласына ұшырағанда, мойымай қарсы тұтарлық қуат берсін бір тәңірім, жалғыз тілегім сол ғана!» — дейді Ыбырай досына арнаған жоғарыдағы хатында.

III

Туған халқына пайдалы қызмет ету жолында оның өз басының тартпаған азабы жоқ. Қараңғылық пен نادандық қамаған ортада, жанын ұғар серік таппай, жалғызсырап, көп күйзелді. Ол үшін ең ауыры осы болды.

А. А. Боброновниковқа жазған хатында (6 июнь, 1861 ж.) Ыбырай өз басының осы халін былай баяндайды: «Жалғызсырап, сары уайым жанымды жеп, ...көңіл қамырығып, Орынбор бекінісіндегі өмірім итшілеп өтіп жатыр. Қызмет бабымен бірдеме істейін десем, ешқандай жұмыс жоқ, оқитұғын кітап та жоқ... Не істерге білмей, дал болулымын... Жалғыздық — менің ежелден бергі серігім ғой, бұған да көнемін, бірақ білімдар адамдардан тағлым алып, аз-мұз білгенім бар еді, соларды ұмытуға айналдым, әсіресе, осы батады жаным».

Досы Н. И. Ильминскийге Торғайдан жазған хатында (7 июнь, 1873 ж.) Ыбырай: «пайдасы жоқ жұмыстармен он жылым босқа өтті», — деп қынжылады. «Мен жүрген мына топас ортада ойым мұқалып барады», «жарты денем шіріді, енді сау қалған жағым бүлінуге бет алды, қазіргі менің даусым сізге ми батпаққа батып бара жатқан адамның жан ұшырған үрейлі үніндей боп естілер».

Сұрықсыз орта, пайдасыз істер Ыбырайды қатты қамықтырады. Бірақ ол торығуға салынып, жасымайды, кейіншектемейді, халқына пайдалы қызмет етуді мақсат еткен райынан ешбір айнымайды. Елінің көзін ашып, қазақ сахарасында мектептер салдырып, ғылым мен өнер-білім ұрықтарын сеуіп, туған халқын мәдениетті жұрттардың қатарына жетелеуі керек. Ыбырай осы жолда эпостық жырлардағы батырларша жападан-жалғыз жойқын қимыл көрсетіп, ерлік жасайды. Талай қыншылықты бастан кешеді, тұрмыс ауыртпалығын да тартады, даланың ұзақ жолында боранға да ұрынып, нөсер астында да қалып, жол бейнетін де шегеді. Дертке шалдығып, төсек тартып жатып қалған күндері де болады.

Ыбырайдың Н. И. Ильминский мен В. В. Катаринскийге 1879—1884 жылдарда жазған хаттарында оның осы халі ашығырақ айтылады. «Біраздан бері басым ауыратын болып жүр, оның үстіне, екі құлағым бітіп қалды»,— деп жазады Ыбырай Катаринскийге (9 ноябрь, 1879 ж.).

Сол жылдың 27 декабріне оған жолдаған екінші хатында Орынбордан Торғайға аттанған сапарында көрген жол бейнетін айтады. Көлікпен шығып, Орынбордан Торғайға 20 күнде жеткен. «Көрген бейнетімде қисап жоқ,— деп жазады Ыбырай,— толассыз соққан сұрапыл бораңға ұрындым. Қазір есіме түссе, денем тітіркенеді».

Катаринскийге жазған келесі хатында өз басына түскен тағы да бір зор ауыртпалықты баян етеді. Бүкіл үйішінің, жанашыр жақындарының сүзекпен ауырғанын, соларды бағып, қатты аландап, өте қобалжығанын айтады. «Бүкіл қыс мен үшін аса ауыр боп өтті,— дейді хатында.— Сүзек деген сұмдық дерт жайлады... Бүкіл семьямнан, жақын ағайындарымнан түгел айрылып қала жаздадым... Кейбір туыстарым өлді, ал, аман қалғандарының кеудесінде тек құр жаны бар».

Ыбырай 1880 жылы қыс бойы ревматизммен ауырады. Бірақ бұл сырқатты ол онша елеі қоймайды. 1883 жылдың көктемінде Ыбырай екі өкпесі қабышып ауырып, жүруге халі келмей, үш ай тесек тартып жатып қалады. Осы жағдайын Катаринскийге білдіре келіп, былай деп жазады хатында: «ептеп түрегеп жүрмін, бірақ әлі әбден айыға қойғаным жоқ, қатты жөтелемін. Қырсық аурудың азабы. Бәрі де ұзақ жолдарда тиген суықтың зардабы ғой...»

«1883 жылдың көктемінен бастап осы жылдың аяғына дейін науқастандым, келмес дүнпеге кетіп қала жаздадым»,— дейді Ыбырай Ильминскийге жазған хатында (14 сентябрь, 1884 ж.).

IV

Ол аранын ашқан аурумен де алысады. Бірақ тәнді қинаған дерттен жанды қаралаған жала ауыр тиеді Ыбырайға. Надан ортаның көңілі соқыр топас әкімдері, кідіндеген пысықтар мен шырық бұзғыш суайттар, тоңмойын байлар мен елді аздырғыш молдалар және осылардың шылауында жүретін әртүрлі итаршылар Ыбырайдың жанашыл істеріне ылғи жатырқай қарап, өріс

бермеуге тырысып, сан талай қырсықтар жасайды. Князатқа жол бермей, әділдікті жақтағаны үшін, керітартпа ескі ғұрыптарға қарсы шыққаны үшін Ыбырайдың жолына ор қазады олар. Жала жауып, ел билеуші жоғарғы әкімдерге оның үстінен домалақ арыздар түсіреді. Діншілдер Ыбырайдың костюм кигенін, шаш қойғанын да жұртқа құбыжық етіп көрсетпек боп. «діннен безген», «көпір қауымына кірген» деп күстөналайды. Ф. Д. Соколов Ы. Алтынсарин туралы естелігінде қожамолдалардың оны осылай қараламақ болғанына мысалдар келтіреді.

«Тіпті, жақын деген ағайындарымның бірі, біреулердің бөріктіруімен, жергілікті әкімдерге, губернаторға, ішкі істер министріне менің үстімнен арызды тоғытып жатыр,— дейді Ыбырай Н. И. Ильминскийге 1884 жылы 14 сентябрьде жазған хатында,— Мені үкіметке қарсы арам пиғылы бар социалист деп көрсетіпті. Бұл, әрине, ойдан шығарылған нәрсе ғой. Бірақ түсінік хат беруге мәжбүр болдым. Бастықтар мені Орынборға шақырып алды».

Елдің шырқын бұзушы жалақорларды тыйятын әкім жоқ. Жалақорлардың залымдығы әкімдердің зымияндығымен астасып жатыр. Қазақ даласына қожалық етуге қойылған патшалық әкімдер момын халықты бұқтырта түскісі, қара түнектен шығармағысы келеді. Қазақтарға сыздаған қабақтарының астынан менсінбей қарайды, шеттерінен менменсіген, керден, өркөкірек, ал, ақылдан, білімнен кенде. Орынбор бекінісінің коменданты болған Барон, Ильминскийдің сипаттауынша, «мінезсіз, сезіктенгіш, қиқар кісі».

Уезд әкімдерінің бірі Краснокуцкийге Ыбырай В. В. Катаринскийге жазған хатында (3 июнь, 1888 ж.) мынадай мінездеме береді: «Краснокуцкий дегенің — барып тұрған топас адам, жоқтан өзгеге байланысады, пәлекор. Өзінің дәме білмегеніне карамастан, бүкіл іске араласады. Бір нәрсенің жөнін айтайын десең, шамданып шыға келеді, атағы мен білік мәртсбесіне тіл тигендей көреді. Мұндай бастықтардан еш қайыр жоқ, бірақ не лаж бар?»

«Торғай уезінің бастығы Яковлев — кінәмшіл кісі, өзінің дәрежесі жоғары екенін, майор екенін үнемі сездіргісі кеп тұрады,— дейді Ыбырай Н. И. Ильминскийге жазған хатында (14 апрель, 1864 ж.) — Біз оған құлдық ұрып, бас иіп тұрсак қана оның көңілі жай табады».

Қазақ даласын билеген патша әкімдерінің әділетсіздігі мен жәбірі Ыбырайдың жанына, әсіресе, қатты батады. «Қазіргі көңіл-күйім өте жадау,— деп мұның шағады В. В. Катаринскийге жолдаған бір хатында (2 апрель, 1886 ж.) — көмектесер, қолдар деп үміт етуге қажым бар өкімет тарапынан ылғи қуғын көріп келемін... Қайда әділдік?»

Ыбырай басына түскен қиындықтарға, жанына батқан жәбір-жалаға—бәріне де төзеді. Кейде кейіп, налитын кездері де болады, бірақ рухы әлсіреген емес. Халқына деген махаббат қуат береді оған. «Хал-кадарым жеткенше туған халқыма пайда келтірермін»,— деп ант етеді өзіне. «Ұмтылған арман-мақсатым — қайткенде де пайдалы адам болу. Сол көздегеніме қазір жете бастаған сияқтымын, бар жұбанышым — осы ойым»,— дейді ол досы Н. И. Ильминскийге жазған хаттарының бірінде (16 март, 1864 ж.).

V

Ы. Алтынсариннің надандықпен күресіп, туған елін өнерлі жұрттар қатарына жеткізу жолында ең бірінші қолға алғаны халықты сауаттандыру ісі болғанын білеміз. Қазақ сахарасына өнер-білім ұрығын шашуы керек. Ол үшін елдің болашағы — жас ұрпақты оқытатын, оларға ғылым, өнер үйрететін мектептер ашу қажет. Мұнымен ғана іс бітпейді, балаларды ғылымға жетелеп, жана бағытта оқыту үшін жастардың өздерін де сендіріп, олардың ата-аналарының да қараңғы ойын оятпақ керек. Ғылым мен өнердің ежелгі жауы — дінмен, дін уын таратушы молдалармен ашық айқасқа түспек керек.

Ыбырайдың бүкіл оқу-ағарту жұмысынан оның осындай күрес жолдарын көреміз. Күрес болған жерде қиындық кешу бар. Сонымен қатар, жеңіс бар, қуаныш бар. Ыбырай алға қойған мақсатына жету жолындағы әр ілгері басқан қадамына ерекше қуанады. Қол жеткен табысы әзірше кіші-гірім болса да, соның өзін көңілге үлкен медеет тұтып, келешекке зор үмітпен қарайды. «Ұақытым тыныш өтіп жатыр. Қазір төрт шәкіртім бар, соларды оқытып жатырмын»,— дейді. Н. И. Ильминскийге Орынбор бекінісінен жазған бір хатында (26 январь, 1862 ж.). Орынбор бекінісі өз басына қапас сияқты болса да, төрт шәкіртті оқытып, халқына аз да болса пайдалы қызмет істеп жатқанын жұбаныш көреді.

Ал, қазақ балаларына арналып алғашқы мектеп

ашылған күнге жеткенде, Ыбырайдың қуанышында шек болмайды. «8 январь күні мектеп ашылып, көптен күткенім орындалды. Мектепке 14 қазақ баласы оқуға түсті. Бәрі де ақылды, зерек, тамаша балалар... Бұларды оқытуға құлшына кірістім... Бұл жігіттер мектепті тәмәмдағанға дейінгі төрт жыл ішінде біраз нәрсені біліп шығатын болады!»,— деп Ильминскийге қуанып хат жазды (16 март, 1864 ж.).

«Қазақтарға білім беретін ең басты бұлақ — мектеп,— деп көрсетеді Ыбырай Ильминскийге келесі жазған хатында (31 август, 1871 ж.).— Бүкіл үміт мектепте. Қазақ халқының болашағы да соған байланысты. Мектепте жақсы білім берілсін... сауатсыз халықты оқуға қызықтыру үшін мектепті бітіріп шыққандарға артықша жағдай жасалатын болсын. Міне, сонда оқушылар саны, сөз жоқ, өте жылдам артады».

Мектеп қазақ балаларына хат танытып, білім берумен қатар, оларды әр алуан өнерге, түрлі мамандықтарға баулуы керек. Мәдени һәм экономикалық дамуы жағынан артта қалып келген қазақ сахарасына білгір мамандар аса қажет. Елін көгерту жолында олар аса пайдалы қызмет етер еді. Ыбырай бұл мәселені терең толғанып ойлайды. Балаларды құрылыс істеріне, ағаш шебері, ұсталық, киім тігу, тері бояу т. б., секілді кәсіптерге баулитын қолөнер училищелерін аштыруға ерекше күш салады. Мектептерде қазақ балаларына бау-бақша жемістерін өсіру ісін үйретуді ұйымдастырады. Қазақ уәлаяттарында ауыл шаруашылық техникумдарын және қазақ қыздары оқитын арнаулы мектептер ашу мәселесін өкімет алдына қойып, осы армандарын жүзеге асыру жолында талмай күреседі.

Ыбырай орыс достарына жазған хаттарында қазақ жастарының білімге іңкәрлігін, қабілеттілігін үнемі сүйсініп, қуанып айтып отырады. Әр шәкіртінің жетістігіне көңілі өсіп масайрайды. «Жақында бір қуанышты хабар алдым,— дейді Ыбырай Н. И. Ильминскийге 1887 жылы, 19 мартта жазған хатында,— Красноуфимск училищесінің директоры біздің сонда оқып жүрген төрт шәкіртіміздің қабілетіне аса сүйсінген екен. Осының айғағы ретінде олардың өз қолымен істеген бұйымдарын: илеген терісі мен жасаған сабындарын округ басшысына апарыпты. Ал, округ басшысы бұл бұйымдарды министрге көрсетіпті».

Қазақ балаларына арнап мектеп аштыру ісі қандай

кпшыдыкка түссе, мектеп үшін үй табу, оны керек-жарағымен жабдықтау жұмыстары да одан жеңіл болмаған. «Мектеп мүліктерін, оқуға қажет құралдарды алуға қаржы керек. Әкімет бұған немқұрайды қарайды, қазақтардың оқығанын тілеп отырған әкімдер жоқ»,—дейді Ыбырай Н. И. Ильминскийге 1862 ж. 26 февральда жазған хатында.

Ол мектеп жабдығы үшін жұрттан да, кинала жүріп, қаражат жинайды, өзі де ақша қосады. Қиындықпен табылған осы аз қаржыны мүмкіндігінше үнемдеп пайдалануға тырысады. Ақтөбе орыс-қазақ училищесінің меңгерушісі А. А. Мозохинге 1874 жылы жазған бір хатында: «Сіз маған мектептің жағдайы туралы мәлімет-ақпарыңызды жібергенде, қағаздың сыртына тек бес тиындық марка жапсырыңыз, 10 немесе 60 тиындық марка жапсырып, артық шығын жасаманыз»,— деп ескертеді.

Осының бәрі — елдің камын ойлағандық.

VI

«Шәкірттерім кейін паракор болмауы үшін, оларды адамгершілік жағынан тәрбиелеуге бар күш-қайратымды жұмсаймын»,— деп жазады Ыбырай Н. И. Ильминскийге 1864 жылы, 16 марттағы хатында.

Осы сөзден оның ұстаздық қызметінің ұлы мақсаты көрінеді. Ол шәкірттерінің білім алғаннан кейін халық үшін пайдалы еңбек ететін адал азамат болуын ғана қалайды. Арманы — сол. Ал Ыбырай білетін қазақтардың көбінің ойы өзгешелеу. Әсіресе, әлді қазақтар өз балаларының әкім болғанын тілейді. «Олар менен балаларыма бәрінен бұрын мемлекет заңдарын үйрет деп өтінеді»,— дейді Ыбырай Ильминскийге жазған хатында.— Ондағы мақсаттары — балаларының закончик боп шыққанын қалау. Закончик болу — жалакор болу деген сөз. Олардың көздегені сол».

«Балам закон білді», деп мәз болған ата-ананы ұлы Абай да сынаған, «я адвокат, я тілмаш болсам» дегеннен басқа ойы жоқ шәкірттерге үміт артпаған. Бұл мәселеде Ыбырай мен Абайдың пікірлері үндесіп жатыр.

Қазақ жастарын халыққа пайдалы қызмет атқаруға баулу — Ыбырайдың басты мұраты. Осы мақсатты жүзеге асыруда Алтынсарин адамгершілік тәрбиесін бірінші орынға қояды. Жастарға берілетін өнеге-үлгінің бәрі олардың бойына адамгершілік ізгі қасиеттерді дарытуға бағытталуын талап етеді.

Бұл ретте Ыбырай өз хаттарында үш мәселені айрықша атап көрсетеді: 1) Мұғалімнің өз басының үлгісі; 2) Мектептің ішкі-сыртқы көркінің әсері, 3) Шәкірттер мен олардың ата-аналарын сыйлай білудің маңызы.

«Жанадан салынып жатқан ғимараттың сапалы болмағы оның ірге тасының беріктігі мен қалай қаланғандығына байланысты екендігі секілді, біздің ісімізде де қазақ мектептерінің алдағы бүкіл болашағы қазір жұмысты қалай бастағанымызға нық байланысты, сондықтан да мен жақсы мұғалімді дүниедегінің бәрінен артық көрем»,— деп жазады Ыбырай Н. И. Ильминскийге (29 июль, 1882 ж.).

Ол осы хатында қазақ жастарына дәріс беруші Мазохин, Григорьев, Спиридинов секілді педагогтардың жеке бастарының өнегесін ерекше сүйсініп айтады. «Бұлардың бәрі де тамаша жігіттер»,— деп мадақтайды.

Балаларға әдепсіз қылықтарымен теріс ықпал еткен өнегесіз мұғалімді Ыбырай жактамаған, ондайлардың ұстаздық жұмыстан аулақ болуын қалаған. В. В. Катаринскийге жазған хаттарының бірінде (27 ноябрь, 1887 ж.) Чирковский дегенді мұғалімдік қызметтен өнегесіздігі үшін босатқанын айтады. «Ол барып тұрған дарақы, онбаған адам. Менен өзге кісі болса, оны арам істері үшін 30 рет сотқа берер еді»,— дейді Ыбырай.

Шәкірттерді сыпайыгершілік, жинақылық, өз басын күтіп ұстау секілді адамгершілік әдет-дағдыларға тәрбиелеуде мектептің ішкі-сыртқы көркі ұнамды болуының, кластағы заттардың, мебельдердің түзулігінің үлкен маңызы бар екенін көрсетеді Алтынсарин. «Күтімсіз мектепте іс ешуақытта оңға баспайтындығына көзім әбден жетті,— деп жазады ол Н. И. Ильминскийге (4 октябрь, 1881 ж.) — жұтап тұрған мектеп оқытушылардың да, оқушылардың да құтын кетіреді, оларды барлық нәрсеге немқұрайды қарауға итермелейді.

«Қазақ балаларын жинақылыққа, тазалыққа, отырықшылық тұрмыстың жақсы әдеттеріне үйрету үшін, мәселен, мектеп бөлмелері жылы болуы секілді нәрсенің өзінің қазақ даласында тәрбиелік мәні бар»,— дейді Ыбырай. Мектептің қыста жылы болуын ол ерекше қадағалаған. Мектептегі әр пешті өзі қарап, қатты қыздырып от жактырып көріп, үйді қалай жылытатындығын тексеріп отырған. Илецк бекінісінің бастығына Торғай облысы әскери губернаторының 1885 жылы 15 июльде берген жарлығында Алтынсариннің осы істеріне байланысты келті-

рілген деректер бар. Мәселен, мұнда Ыбырайдың Ақтөбе мектебінде пештердің нашарлығын, от жақтырып, өзі тексеріп көріп, бөлмелер азынап тұрғандықтан оқушылар да, оқытушылар да сабақта үстеріне тон киіп, бүрісіп отыратындығын көрсетіп, бастықтардан көмек сұрап, әскері губернаторға шағым еткені жайында айтылады.

Оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеуде Алтынсариннің ерекше маңыз берген мәселесінің бірі — шәкірттер мен олардың ата-аналарын сыйлай білу туралы деп жоғарыда атадық. Балаларды кемсітпей, немесе жасқандырып, бағындырам демей, құрметпен қарау, олардың ұсыныс-тілектеріне құлақ қойып, пікірлерімен санасу; сондай-ақ, оқушылардың ата-аналарына жақсы пейіл көрсетіп, сыйлау — мұғалімнің адамгершілігін, жүрегінде жылу молдығын танытатын үлкен қасиет екенін сипаттайды Ыбырай.

Ол В. В. Катаринскийге жазған бір хатында (10 май, 1889 ж.) оқушыларды сыйлаудың тәрбиелік әсері туралы айта отырып, Красноуфимск училищесінде болған бір қолайсыз фактыны мысалға келтіреді. Орыс, қазақ жастары аралас оқитын осы училищенің тәрбиешілері қазақ балаларына шошқа етін беріпті. Ауылдан келген және шошқа жөнінде ата-аналарынан естіген ескілікті ұғымы бар қазақ жастары бұған қорланып, мұғалімдер мен шәкірттер арасында наразылық туады. «Осының бәрі де өте ұнамсыз нәрселер, — деп жазады Алтынсарин Катаринскийге. — Жағдайды көріп, директордың өзімен сөйлесу үшін сол жакқа барып қайтпақпын».

Шәкірттердің болашағын ойлаған ұстаз аға олардың тағдырына аландамай отыра алмайды.

VII

Ыбырайдың хаттарында айтылып отыратын өзекті мәселенің бірі кітап төңірегінде болады. Қазақ сахарасында өнер-білім ұрығын егіп, мәдениет үлгілерін таратуда әсіресе кітаптың атқарар ролін Алтынсарин жоғары бағалайды. Ол, шәкірттердің мектепте оқитын кітаптарының, оқулықтарының мазмұны тартымды, тілі түсінікті, берер мағлұматы мол болуын басты шарт ретінде көрсетеді.

Онан соң, мектепте оқитын шәкірттер ғана емес, мұғалімдердің, оқуды бітіріп шыққан мектеп түлектері мен ауылдағы хат танытын сауатты адамдардың өз білімдерінің онан әрі жетілдіру үшін де әр алуан кітаптар қажет. Ыбырай Н. И. Ильминскийге 1883 жылы 15 сентябрьде

жазған хатында осы адамдардың білімдерінің шамасына сай қажет кітаптарды қайдан алуы жөнінде кеңес сұрайды: «Торғай облысындағы училищелер жанынан шәкірттер мен мұғалімдерге арналған кітапханалар ашпақ ойым бар, сол үшін 700 сом ақша жинап қойдым».

Алтынсариннің көтерген және бір үлкен мәселесі қазақша шығарылатын кітаптардың тіл тазалығы туралы болды: «Молдалар мағынасыз сандырақтарымен адамдардың басына құм толтырумен қатар, табиғи тілімізді бұзуда,— дейді Ыбырай Ильминскийге 1862 жылы жазған бір хатында,— молдалар оқытып жүрген татар, араб, парсы тіліндегі барлық кітаптар адамды дұрыс ойынан жаңылдырады, ақылынан адастырады. Тілі, сөзі жат мұндай кітаптар қазақтарға керек емес».

Ыбырай осы хатында қазақ тілін татар, араб сөздерімен шұбарлауға наразылық білдіреді. Мұндай әдет табиғи тілді бүлдіретінін айтады. Қазақ тілінің байлығы ешбір тілден кем емес деп бағалайды. Кейбір араб-парсы сөздерін, қазақ тілінде баламасы болмаған жағдайда ғана алуға болатынын ескертеді.

Ол ана тілінің мөлдір тазалығы үшін күреседі.

VIII

Ыбырай хаттарынан оның өнегелі өмірінің әр қырын танып отырасын. Ағартушылық, педагогтік, жазушылық қызметімен қатар, ғылым жолында қалай еңбектенгенін де көресін. Ол оқыту методикасы мен тәрбие мәселесі турасында, халық өмірі жайында ғылыми жұмыстар жазды, қазақ халқының шежіресін, тұрмыс-салтын зерттейді. Бұл ретте ол тарихшыға, этнографқа ұқсайды. Халық поэзиясы туралы пікірлер айтады, ауыз әдебиетінің үлгілерін, көне нұсқаларды жинайды. Бұл жерде ол фольклор зерттеушісі.

«Қазақтың көп ән-жырын жинадым, бәрі қолымда дайын тұр,— деп хабарлайды Ыбырай Ильминскийге 1873 жылы 20 мартта жазған хатында,— осыларды жүйеге келтіріп, аудармасын жасап һәм түсініктеме жазып, жарыққа шығармақпын».

Мұның бәрі, әрине, жеңіл емес еді. Бұларды орындау жолында да Ыбырай көп бейнеттер кешеді, сонда да осы істеріне өзі риза болып, әр тындырған жұмысын, достарына жазған хаттарында қуанып баяндайды.

Ыбырайдың аңшылық, мергендік өнері де бар. «Мен

бұл жақта аңшы болып алдым,— деп хабарлайды ол Ильминскийге Орынбор бекінісінен жазған бір хатында (18 январь, 1861 ж.) — Ақкөлге аң аулауға шығып, бір аптаның ішінде, қасымдағы қазақтардың көмегімен, сегіз қабан атып алдым, үш торайын тірідей ұстадым, мұның бәрін Барон мен мырзаларға сыйға тартамын».

Ыбырай да аң аулауға еріккендіктен емес, Абайша «мыңмен жалғыз алысып», жалғызсырағанда, жабыққан көңілін сергіту үшін шығып тұрған ғой. Ұлы ақынның, қансонарда бүркітші аңға шыққанда, көктен сорғалап құйылған қыранның түлкі ілгенін қызыға сипаттап келіп: «Көкіректе жамандық еш ниет жоқ. Аң болады кенесін, құс салғанда, Ешкімге зияны жоқ өзін көрген, Бір қызық ісім екен сұм жалғанда»,— деген сөздері еске түседі.

IX

Ыбырай Алтынсариннің жан-дүниесінің мөлдірлігі, өз басының жоғары мәдениеті оның хаттарынан жарқырап көзге шалынады. Адамның жақсы ісіне сүйсіну, әр сәтті қадамына қуану, тілектес болу, басына қиыншылық түскен жолдасқа қол ұшын беріп, көмектесу — Ыбырайдың асыл жан қасиеттері.

Ол Николай Иванович Ильминскийді қазақ жұртына дос пейілмен қарағаны үшін ерекше құрметтеп, қадір тұтады. «Сіз қазақтарға түзу ниетпен қараған бірінші кісісіз,— деп жазады (1862 ж.) ол Ильминскийге.— Бізге көрсеткен көмегіңіз үшін сізге алғыс айтатын адамдар қазір шықпағанымен, он бес-жиырма жылдан кейін табылар».

Ильминскийдің зайыбы Екатерина Степановна адамгершілігі мол, инабатты кісі болған. Ерімен бірге ол да қазақтар арасында жиі болып, қазақтарды өз жұртындай сыйлаған. Ыбырай Ильминскийге жазған әр хатында Екатерина Степановнаға зор құрметін білдіріп отырады. «Сәлеметсіз бе, мейірімді Екатерина Степановна! Денсаулығыңыз қалай? Сізді сырқаттанып жүр деп естідім. Шын ба?— деп алабұртады Ыбырай,— Сіз бен Николай Ивановичті көргім келеді, Қазанға барып қайтсам деген ойым бар... Бүкіл үй-ішімізбен, балаларымды да алып барсам деймін. Балаларым қазір үшеу болды, біреуі жалын атып тұр, тек тентектеу, түбінде, сірә, жауынгер болар». (Н. И. Ильминскийге жазған хат, 14 сентябрь, 1884 ж.).

Ыбырай өзінің әріптес досы А. А. Мозохиннің Мария Васильевна Бирюкова деген қызға үйленгенін естігенде, өте қуанады. Бұл қыздың өзін де, оның ата-анасын да жақсы білетұғын, оларды парасаты мол, тамаша адамдар деп бағалайтуғын. Досының осындай өнегелі семьяға кезіккенін қуанады. «Досым, өзіңіз де көңірлі, мейірімді, салмақты адам едіңіз, тандаған жарыңыз да үлгілі ұядан шыққан инабатты кісі, қосағыңызбен тыныш, бақытты өмір кешетініңізге кәміл сенемін»,— деп жазады Ыбырай Мозохинге (25 октябрь, 1885 ж.).

Қостанай орыс-қазақ училищесінің меңгерушісі Федор Демьянович Соколовтың үй-іші шығынға ұшырап, әйелі азапқа кездесіп, кемтарлық көріп қалғанда, Ыбырай олардың тағдырына қатты қиналады. «Үй-ішіңізге кездескен бейнетке мен де өте қиналудамын, қайғыңызға ортақпын,— деп жұбату айтады Соколовқа, 1887 жылы 5 январьда жазған хатында,— Жұбайыңызға жайлы болу үшін барлық шараны қолданыңыз... қолымнан келген жәрдемімді жасауға мен де тырысамын... Жұбайыңыздың тезірек сауығуын, үй жағдайыңыздың қалпына келуін шын жүрегімнен тілеймін».

Алтынсариннің хат жазу мәнерінен, сөз саптауынан оның аса кішіпейіл адам болғанын да аңғарып отырасың. Н. И. Ильминский Ыбырайға жазған бір хатында сөзін «Мейірбанды таксыр» деп бастаған екен және оған өзінің «сен» деп жазғаны үшін кешірім өтініпті. Досының осы сөздерін оқығанда, Ыбырай қатты ынғайсызданып қалады. Аса құрметті Николай Иванович, бұл не дегеніңіз? Жакын адамға айтатұғын сөзіңізден айырғыңыз келе ме мені!— деп жазады Ыбырай жауап хатында (29 июль, 1882 ж.).— Көңілім жабырқап, қамырыққан шақтарымда сіздің жүрек сөзіңіз маған әрқашан зор жұбаныш болады, демейді мені... Сондықтан да, (Ыбырайға «Мейірбанды таксыр», «Сіз» деп жазатұғындай — Н. Ғ.) көңіліңізді қалдырғандай жерім болса, бұл маған аса ауыр тиеді.

Ыбырай А. А. Мозохинге 1883 жылы 22 январьда қызмет бабына байланысты жазған хатының соңында досына сыпайы бір ескерту жасайды. «Маған жолдаған хатыңызды «Жоғары мәртебелім» деген сөзбен бастағаныңыз несткеніңіз. Достар бір-біріне осылай дей ме екен?— дейді Ыбырай.— Бұдан былай мұндай сөзіңізбен ұялтпаңыз мені, қинамаңыз. Әйтпесе, мен де сізге хат жазғанда, сөзімді «Жоғары мәртебелі таксырым» деп бастаймын».

Ыбырайдың хаттары үлкен жүректің сырын шертеді. Сол шертілген сырлардан оның зор адамгершілік келбетін танимыз.

1979

«ШАХНАМА»

Дүниежүзілік мәдениеттің мәңгі жасар ұлы мұраларының бірі — иран, тәжік халықтарының данышпан ақыны Фирдоусидің «Шахнама» эпопеясы.

Эпопеяның соңғы қорытынды тарауында ақынның бұл шығарманы жазуды қашан қолға алғаны, қалай жазғаны, оны жазуға қанша жыл уақыты кеткені жайында айтылатын дерек бар. «Шахнаманы» Фирдоуси жиырма жылдай жазады. Дастанның алғашқы нұсқасын 994 жылы аяқтайды. Содан кейін тағы да өңдеп, көп жерін толықтырып, 1010 жылы біржола тәмамдайды.

Бұл шығарманың тууына себеп болған елеулі жағдайлар бар еді. Фирдоуси өмір сүрген X ғасырда қазіргі парсылар мен тәжіктердің ата-бабалары Самандар мемлекетіне қарайтын. Осы күнгі Иран елі, Орта Азия аймағы соның құрамында болған. Оның саяси һәм мәдени орталығы Самарқанд пен Бұхара шәһарлары еді. Атақты ғұламалар, кемеңгер ақындар мен әйгілі өнер зергерлері осы қалалар төңірегіне шоғырланады. Олар мәдениеттің өркендеуіне ұйтқы болады. Парсы тілінде әдебиет дамыды. Парсы-тәжік классикалық поэзиясының негізгі жанрлары қалыптасады.

X ғасырда иран жұртының ежелгі мифтері мен батырлық аңыз-әңгімелері негізінде жинақ түзу ісі кең етек алады. Бұлар «Шахтар туралы кітап» («Шахнама») деп аталады. «Шахтар туралы кітапты» түзушілер бұдан ертеректе құрастырылған — «Құдайнамада» баяндалатын көптеген хикая-аңыздарды мол пайдаланған. «Құдайнамада» сасандар әулетінің біздің эрамыздың III—VI ғасырларындағы көне шежіресі шертіледі, сонымен қатар, мұнда иран халықтарының неше алуан ғажайып аңыз-әңгімелері бар.

Сөйтіп, X ғасырда шахтар шежіресі жөнінде қара сөзбен жазылған үш «Шахнама» жасалады. Бірақ бұлар көркем шығарма емес еді. Дегенмен, осы әрекет бұрын-

ғы батырлық шежіре хақында көркем жыр тууына себепші болды. Ел басынан өткен ұзақ тарих бар. Сонау бағы заманнан бері ұрпақтан ұрпаққа ауызша айтылып келе жатқан ерлік шежіре бар. Сол шежірені дастан ғып жырлауды ақындар арман етеді, халық та қалайды. Мұның өзі елдікті түсінудің рухани белгісі еді. Бұл — бір.

Екіншіден, ол заман қиян-кескі шайқастар заманы болған. Ел-жұртты, туған мекенді шапқыншыдан қорғау, ел кегін қуу ер-азаматтың ұлы борышы саналған. Міне, сондықтан бұрынғы батырлар ерлігін, олардың ел қорғау дәстүрін кейінгі ұрпаққа мадақтай жырлаудың аса қажеті, үлкен тәрбиелік мәні болды.

Осы жағдайлар «Шахнаманың» жазылуын талап етті. Бұл істі зор үмітпен қолға алған бірінші ақын — Х ғасырда өмір сүрген парсы шайыры Дакики еді. Ол бірақ мұратына жете алмады. Өз айналасындағы күншіл дұшпан қолынан қаза табады. «Шахнаманың» бірер мыңдай ғана бәйітін жазып үлгіреді.

Дакики бастаған осы ұлы істі — «Шахнаманы» жазуды данышпан шайыр Фирдоуси өз мойнына алады.

Фирдоуси эпопеяның кіріспе бөлімінде шахтар шежіресін дастан етіп жазуды өзінен бұрын Дакикидің қолға алғанын айтып өтеді. Оның есімін құрметпен еске алады.

«Шахнаманы» жазған жылдарында Фирдоуси өмірдің көп қиындықтарын бастан кешеді, тағдырдың талай ауыртпалығын тартады. Тіпті, ішер ас, киер киім жағынан да тұрмыстың тарыншылығын көреді. Дастанның әр тұсында ақын өз халін баян еткен кездерде осы жағдайын оқушыларына айта отырады. Мәселен, бір жерінде былай мұн шағып өтеді:— Жағарға отыным жоқ, алдағы жазда арпа піскенше жететіндей астығым жоқ,— дейді.

Ақын сол қиыншылықтардың бәріне де ерлікпен төзеді, қолға алған ісін тәмәмдап шығады. Тағдыр қысымын қажырлы еңбек жеңеді.

Иранның бұл кездегі әмірі Махмұт Сұлтан болатын. Фирдоуси өз еңбегіне патшадан сый дәмепіп, дастанын оның алдына тартқанда, Махмұт Сұлтан ақын жырын мансұқ етіп, қабыл алмайды. «Шахнаманың» әміршіге ұнамаған себебі: бұл шығармада ел қорғаған батырлар ерлігі мадақталады. әділдік, қайырымдылық, адамды сүю сияқты асыл қасиеттер дәріптеледі, халықтың басына қайғы салатын, зор қасірет тартқызатын шапқыншы-

лық соғысқа наразылық айтылады, бейбіт өмір, адал еңбек уағыздалады. Ал, Махмұт Сұлтан — ел шапқыш, халықты талағыш жауыз, қылышынан кан сорғалаған зұлым, ешкімді мүсіркемейтін қатыгез. Аңсайтыны — соғыс, тілейтіні — соғыстан, ел талаудан түсетін олжа. Ендеше, бейбітшілікті, әділдікті, адамгершілік асыл қасиеттерді мадақтайтын шығармаға оның бүкіл рухы жат. «Шахнаманы» Махмұт Сұлтанның мансұқтауының түпкі себебі осында деп түсіну керек.

Зұлым әміршінің қорлағанына ұлы акын шыдай алмады. Махмұт Сұлтанды өткір қылыш жүзіндей өленімен түйреді. Әмірші қаһарланып, акынның үнін өшіруге жарлық қылды. Фирдоусиді пілдің аяғына тапатып өлтіруге жөндеттеріне әмір берді. Ұлы акынның басына қатер төнеді. Фирдоуси бас сауғалап, жат елге кетуге амалсыз мәжбүр болады. Ол туған жеріне көп жылдан соң, қартайған шағында оралады.

«ШАХНАМАНЫҢ» КӨЛЕМІ ТУРАЛЫ

Бұл ұлы шығарма өз өмірінің ұзақ жылдық тарихында талай қолдан өтіп, бірнеше рет көшіріліп жазылған. Бірден-бірге өтіп көшірілген кездерінде оның кей жерлері түсіп қалып, кей жерлеріне бөтен қоспалар қосылып кетіп отырған. Соның салдарынан «Шахнаманың» сақталған, кейінгі ұрпаққа жеткен нұсқаларының көлемі әр килы, ең азы 40 мың бәйіттен тұрса, ең үлкенінің көлемі 120 мың бәйітке жетеді.

Кейінгі дәуірлерде «Шахнаманы» түрлі қоспалардан тазартып, әуелгі қалпына келтіру жолында әрекеттер жасалады. Бұл іс ең алғаш орта ғасырда, Ақсақ Темірдің немересі Байсұңқар мырзаның тұсында қолға алынады. Байсұңқар мырза білімді адамдарды, шайырларды жинап, оларға «Шахнаманы» түрлі қоспалардан арылту жөнінде жарлық береді. Сөйтіп, 1426 жылы дастанның бір нұсқасы дайындалады. Бірақ мұнда «Шахнамаға» кейін қосылған қоспалар жете танылмаған, сондықтан көлемі де межеден артық.

«Шахнаманы» қоспалардан тазарту жөнінде XIX ғасырдың басында Индияда талап жасалады. Бірақ бұл істі қолға алған адамдар, қаржы тапшылығынан, бастаған еңбектерін аяқтай алмаған.

1826 жылы Францияда король үкіметінің указы бой-

ыпша Жюль Моль деген ориенталист осы жұмысқа кіріседі, ол да еңбегін тәмамдай алмай қайтыс болады.

«Шахнама» бірінші рет Индияда 1829 жылы төрт том боп басылып шығады. Фирдоусидің туғанына 1000 жыл толуына байланысты 1934 — 1935 жылдары Тегеранда «Шахнама» екі том боп жарияланады.

Бұл атақты шығарманы бөгде қоспалардан арылтып, әуелгі қалпына келтіру жолында біздің еліміздегі Шығыстану институтының ғалымдары зор жұмыстар жүргізді. Бұл іске СССР Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, советтік шығыстану ғылымының көрнекті өкілі Е. Э. Бертельс басшылық етті. «Шахнаманың» ең көне нұскасында 1277 жыл деп көрсетілген белгі бар. Бұл нұсқа қазір Лондон музейінде сақталуда. «Шахнаманың» екінші көне нұсқасы — араб тіліне кара сөзбен 1218—1227 жылдары аударылған варианты. Біздің шығыс зерттеуші ғалымдар осы көне нұсқаларды «Шахнаманың» кейінгі дәуірлерде көшірілген нұсқаларымен салыстырып, терең зерттеу жүргізді. Сөйтіп, «Шахнаманың» ғылыми жүйеге келтірілген нұсқасын жасады. Ол 55 мың бәйіттен тұрады. Тоғыз том болып басылып шықты.

Шетелдің шығыс зерттеуші ғалымдары, сондай-ақ, ирандық оқымыстылар да бұл еңбекке жоғары баға берді. Совет ғалымдары жасаған осы нұсқа кейін Иранда басылып шықты.

«ШАХНАМАНЫҢ» БАСҚА ТІЛДЕРГЕ АУДАРЫЛУЫ ТУРАЛЫ

«Шахнама» ең алғаш 1218—1227 жылдары кара сөзбен араб тіліне аударылады.

XV ғасырда грузин тіліне, XVI ғасырда түрік тіліне, XIX ғасырда және одан бергі уақыттарда хинди, өзбек, азербайжан тілдеріне аударылады.

«Шахнаманың» европа халықтарының тіліне тұңғыш тәржімалануы XVIII ғасырда ағылшын тілінде іске асады.

Орыс тілінде «Шахнама» XIX ғасырдың бас кезінде сөйлей бастайды. Алғашқы таныстырушысы — В. А. Жуковский. Бірақ ол дастанды парсы тіліндегі түпнұсқасынан емес, шығарманың мазмұнына байланысты естіген әңгімелері бойынша еркін аударған және кейбір тарауларын ғана. 1905 жылы С. Соколов деген ақын дастанды

орысшаға парсы тіліндегі түпнұскасынан тікелей аударуға талап кылады. Кейбір тарауларын жариялайды.

«Шахнаманы» қазақ тілінде алғаш жырлатқан — Мұхаметжан Сералин. Ол бұл дастанды Жуковскийдің орысша нұскасынан қазақшалайды. Еркін аударды, бірақ орысша нұсқаның мазмұнынан жырақ кетпеуге тырысады. М. Сералиннің бұл тәржімасы «Рүстем-Сохрап» деген атпен, 1914 жылы «Айқап» журналының бірнеше номерінде жарияланады. М. Сералин және осы поэма жөнінде пікір де жазған. Сонда «Шахнаманы» өзінен жиырма-жиырма бес жыл бұрын Ораз ақынның аударғаны туралы айтады. Оның басылып шыққан-шықпағанын білмедім дейді. Шынында ол жөнінде дерек жоқ.

«Шахнаманы» қазақ жұртына таныстыру мақсатымен, осы эпопеяда баяндалатын қызықты оқиғалар негізінде «Рүстем-Дастан» деген поэма жазған екінші акын — белгілі халық жыршысы Тұрмағамбет. Бұл дастанның кейбір тараулары 1934—1935 жылдарда газет бетінде жарияланған. 1961 жылы Тұрмағамбеттің «Рүстем-Дастаны» қазақ тілінде жеке кітап болып басылып шықты. Кітапқа Мұхтар Әуезовтің жазған алғы сөзі бар. М. Әуезов Тұрмағамбет дастанын құттықтай отырып, атақты «Шахнаманы» қазақ жұртына өлеңмен таныстырудағы ақын еңбегін жоғары бағалайды. «Шахнаманы» қазақ тіліне толық және түпнұскасына сай етіп аудару — алда тұрған үлкен істің бірі.

«ШАХНАМАНЫҢ» ҚҰРЫЛЫСЫ ЖАЙЫНДА

«Шахнама» — ұзақ желілі, сан тарау оқиғалы эпопея. Мұнда елу патшаның патшалық құрған кездерінен шежіре шертіледі. Алғашқы сипатталатын патшалар аңыз түріндегі бейнелер кейпінде суреттеледі. Қиял-ғажайып ертегілерде кездесетін сиқырлы жан иелері іспеттес. Ал, бұлардан берірек дәуірлердегі патшалар хикаясы тарихқа сабақталады. Тарихта болған шахтар шежіресіне қатысты әңгіме қозғалады.

Атап айтатын екі жағдай бар: 1) «Шахнамада» Фирдоуси елу патшаның шежіресін бастан-аяқ түгел тізіп, ұзақ-сүре жыр етпейді. Кейбіреуінің өмір тарихын әртүрлі оқиғаларға байланыстырып, кеңірек әңгімелесе, кейбірі жайында қысқа ғана түрде айтып кетіп отырады. 2) Эпопея «Шахнама» аталғанымен, мұнда батырлар хикаясы молырақ, елі үшін жаумен егескен нояндар ерлі-

гі көбірек дәріптеледі. Кейде шахтар шежіресіне еш қатысы жоқ, өз алдына бір бөлек тұрған батырлық дастандар қосылып кетіп отырады. Мәселен, Рүстем мен Сохраб, Сияуыш батырлар ерлігі суреттелетін бөлімдер осындай.

«Шахнаманы» тұтас алғанда, жалпы мазмұнына қарап: 1) Мифтік бөлім, 2) Батырлық бөлім, 3) Тарихи бөлім деп жіктеуге болады.

МИФТІК БӨЛІМ

Бұл бөлімде негізінен аңыз түрінде айтылатын патшалар туралы сөз болады. Ең алдымен шертілетін қызықты хикая Кеюмарс батыр хақында өрістейді. Оның алысатын дұшпаны — қаскөй күш иелері — жын-перілер боп келеді. Кеюмарс адамдарға аң терісінен киім тігіп киюді, тастан қалап үй салуды үйретеді. Оның ұрпақтары: баласы, немересі, шөбересі — бәрі да ата жолын ұстаған алып батырлар болады. Адамзатқа қастандық жасаушы қаскөй күш иелерімен айқасады. Ата кегін қуу батырдың бір ұрпағынан екінші ұрпағына бұлжымас борыш болып отырады.

Мифтік бөлімде айтылатын аңыз-әңгімелерде қиял-ғажайып ертегілердегідей сан ғаламат оқиғалар кездеседі. Кеюмарстың немересі Хушацтың от табуы немесе оның батыр баласы Таһмурасқа жын-перілердің отыз халықтың тілін үйретуге ант беруі жайындағы аңыздар өте қызық. Хушац батыр шаңырақ көзді абжыланды садақпен атқанда, зуылдап ұшқан жебе жыланнның басын тесіп өтіп, көк тасқа шақ етіп тиеді. Тастан жарқ етіп от шығады. Хушац отты осылай тауып, адамдарды жарылқайды.

Ал, Таһмурас жын-перілерді жапырып қырып келе жатқанда, оның қылышынан аман қалғандарының үрейі ұшып, батырға: «біздің тұқымымызды құртпа, сол үшін саған қызмет етейік, отыз халықтың тілін үйретейік», — деп жалынады. Сөйтіп, қорыққаннан құрдай жорғалап, Таһмурас батырға отыз халықтың тілін (араб, грек, сағди, қытай және басқа тілдер) үйретеді.

Мифтік бөлімде шертілетін таңғажайып хикаяның бірі — Закхок патша туралы аңыз. Ол жер бетіне зұлымдық егуші жауыз бейнесінде көрінеді. Аңыздың басында оның әкесі Мардас патша жайында біразырақ айтылады. Әділ патша болған еді делінеді. Баласы да әуелгі кезде

әке жолын ұстанады, бірақ жын-перілердің азғыруымен әділ жолдан тайып, қара жүрек каскөйге айналған. Ендігі жерде оның серігі де, ақылшысы да Ібіліс болып отырады. Ібіліс оның иығынан сүйгенде, шайтанның ерні тиген жерден екі қара жылан өсіп шыға келеді. Ібілістің ақылы бойынша зұлым патша бұл жыландарға күнде таңертең жасөспірім балалардың миын беріп азықтандырған.

Сөйтіп зұлымдықтың көзі болған. Ол жеті жүз жыл патшалық құрады. Ел басына қара түнек орнатқан. Бұл жауыз жылан патшаны Фиридун деген жас батыр өлтіреді.

«Шахнамада» бұдан әрі қарай Фиридуннің патшалық құрғаны жайында баяндалады. Фиридуннің және оның Сәлім, Тур, Ирадж деген балаларының басынан өткен оқиғалар суреттеледі.

Ирадж — патшаның кенже ұлы. Оның ерлігі де, ақылы да екі ағасынан артық болады. Сондықтан патша бұл баласын айрықша жақсы көреді. Сәлім мен Тур Ираджды күндейді. Екеуі астыртын зұлымдық жасап, оны өлтіреді. Осы жауыздығы үшін Сәлім мен Тур кейін жаза тартады. Ирадждың артында қалған перзенті Манучиһр ер жетіп, әкесінің кегін қайтарады.

Манучиһр ерен күшті әрі ақылды батыр болады. Бүкіл иран елін өз қол астына бағындырып, патшалық етеді. Осы жас патшаның атағын естіп, оның қарамағында қызмет етуді қалап, Систан деген елден Сам батыр келеді. Осыдан әрі қарай Систан батырларының ерлік хикаясы шертіледі. Эпопеяның батырлық бөлімі басталады.

БАТЫРЛЫҚ БӨЛІМ

Батырлық бөлімде мазмұны өте қызықты ерлік оқиғалар бір-біріне ұласа, сабақтала айтылады. Батырлық дәстүр атадан балаға мирас боп, көшіп отырады. Батырдан туған батыр ұлан әкенің ерлік жолын жалғастырады. Осылайша ұласып, батырлық шежіренің ұзақ желісі тартылады.

Батырлық бөлімнің ең үлкен әңгімесі — Зал мен Рудаба жайында айтылатын әңгіме. Оның қысқаша мазмұны мынадай: иран жұртына Систан елінен келген даңқты Сам батыр көптеген әділетті істер жасайды, зор қошеметке бөленеді. Жалғыз арманы — балаға зар. Сөйтіп жүр-

генде, әйелі босанып, ұл табады. Бірақ дүниеге келген бұл нәрестенің шашы, кәрі кісінің шашындай, ақбуырыл боп туады. Әкесі мұны жаман ырымға жорып, қатты шошиды. Нәрестені ай далаға, тау-тастың арасына апарғызып тастайды. Бұл жерден баланы самұрық құс көтеріп әкетіп, ұясына апарып, өзінің балапандарымен бірге асырайды. Нәрестеге Дастан деген ат қояды. Дастан ер жетеді. Батыр боп өседі. Әкесімен табысады. Әкесі бұған Зал деген есім береді. Ол әкесінен де асқан батыр боп, жаулармен соғысқанда ғажайып ерліктер көрсетеді. Бір жорықта Рудаба деген аруды кездестіріп, оған ғашық болады. Рудаба—әлгі жылан патшаның жиені еді. Сондықтан Сам батыр өз баласының бұл қызға үйленуіне әуелі қарсы болады да, кейін райынан қайтады. Екеуі қосылады. Бұлардан Рүстем туады. Рүстем дүниеге келгенде, шешесі Рудаба перзентінің ұл екенін көріп: «Би-растам! «Би-растам!—деп қуана дауыстапты («Би-растам»—парсы сөзі. Қазақшасы — құтылдым енді қатерден деген мағынадағы сөз). Нәрестенің есімі, шешесінің осы «Би растам» деген сөзіне байланысты Рүстем аталған екен делінеді.

Бұдан әрі қарай «Шахнамада» Рүстемнің ерліктері баяндалады. Рүстем тұран еліне жорықтар жасайды. Онда өз жұртының кеткен кегі бар.

Осы орайда айта кететін бір жағдай: «Шахнамада» иран батырларының алысатын дұшпаны көбінесе тұрандар деп аталады. Олар — ертедегі иран жұртының көшпелі бір тайпасы. Иранның батыс аймағын жайлаған. Кейін бұл аймаққа түркі тілдес халықтар келгенде, ирандықтар оларды да солай деп атайды. Орталығы Түркістан болған деп айтылады.

Рүстем аң аулауға шыққан бір жолы, далада дем алып, ұйықтап жатқанда, тұран батырлары мұның үстінен түсіп, тұтқындап, байлап әкетеді. Зынданға салады. Осы тұтқында болған кезінде Рүстем тұран патшасының қызы Тахминаға кездеседі. Бірін-бірі ұнатады. Екеуі қосылады. Бірақ Рүстем туған еліне қайтарда Тахминаны өзімен бірге алып кете алмайды. Өйткені ол иран батыры, ал, Тахмина — түрік қызы еді. Екі елдің арасында жаулық бар. Сондықтан амалсыз айырылысуға тура келеді.

Шығарманың келесі тарауларында Тахмина басынан өткен хал баяндалады. Одан Сохраб деген ұл туғаны, оның батыр боп өскені жайында әңгіме шертіледі. Үлкен

бір тарау әңгіме енді Сохраб батырдың ерлігі жөнінде өрістейді. Тұрандар мен ирандықтардың соғысында, екі жақтың қол бастап келген екі батыры—Рустем мен Сохраб, бірін-бірі танымай айқасқаны, Сохрабтың жазым болғаны турасында айтылады. Сохраб жан тапсырар алдында ғана, Рустем оны мойнындағы тұмарынан танып, ауыр зар шегіп қалады. Бұл қайғылы хал іргелес отырған екі елдің арасындағы жаулықтың зардабын, соғыс трагедиясын терең ұқтырады.

Батырлық бөлімдегі ендігі бір ұзақ желілі әңгіме — Сияуш батыр туралы шертіледі. Бұл — шытырман оқиғаға, үлкен драматизмге толы қызықты хикая.

Патша баласы Сияуш, шеше жағынан алғанда, түпкі тегі қарапайым халықтан шыққан батыр. Патшаның батырлары аң аулап жүргенде, жапан түзде тентіреген бір қызды ұшыратады. Жөнін сұраса, былай екен: қыздың әкесі қатал кісі бопты, қызын жөн-жосықсыз ұра беріпті, таяқтан өлер болған соң қыз үйінен қашып кетіпті. Батырлар қыздың сұлулығына қайран қалып, оны патшаға әкеліп көрсетеді. Патша қызға бір көргеннен ғашық болады да, оған үйленеді. Сияуш сол ару әйелден туады.

Сияуш сұлу мүсінді, алып қайратты батыр жігіт боп өседі. Қоус патшаның Судаба деген жас сайқал әйелі Сияушқа ғашық болады. Ол Сияушты өзіне қарату үшін неше алуан айла-әрекет жасайды. Бірақ Сияушты адал жолдан тайдыра алмаған соң, оған жала жауып, маған қол салмақ болды деп, патшаға шағыстырады. Сияуш өзінің ақтығын, адалдығын дәлелдеу үшін жанып тұрған оттың ішінен тұлпарымен өтетіні бар.

Сияуш — дұшпаннан жасқануды білмейтін өжет батыр. Бірақ ол еліне лаң тілемейді, соғыс болмауын, қан төгілмеуін қалайды. Ең алдымен, бітімге қол созып отырады. Әкесі Қоус патша соғысқұмар болғандығы үшін, Сияуш оған наразылық білдіріп, тұран еліне кетіп қалады.

Сияуш батырдың жүрегінде адамға деген рақым, мейір мол. Ол, тіпті, өзіне жала жапқан жауыз әйел Судабаны да өлім жазасынан арашалайды.

Сияуш батыр тұран елінің патшасы Афрасияптың інісі — екі жүзді залым, сұм Гарсиуаздың жаласынан жазаға ұшырап, жендеттің қолынан қаза табады. «Оның жазықсыз төгілген қанынан гүл өсіп шықты», — деп суреттейді Фирдоуси.

Ақын Сияуштың қазасын, оның артында қалған жарының зарын жаны күйзеле шертеді. Осы қайғылы оқиғаға себепші болған залымдарды Рүстем батырға жазалаттырады. Сияуштың қазасын естіген Рүстем, ең әуелі Қоус патшаның сарайына келіп, Сияушты тұран еліне кетуге мәжбүр еткен жауыз әйел Судабаның басын алады. Сол қаһарланған бетінде тұрандарға жорыққа аттанып, Афрасияпты талқандап женеді.

Батырлық бөлімнің біріне-бірі жалғаса дамитын бұдан кейінгі тарауларында Рүстем батырдың, оның балаларының және Сияуштың батыр ұрпақтарының ерлік оқиғалары суреттеледі. Рүстемнің және оның баласы Фарамарз батырдың қаза табуымен бұл ұзақ хикая тәмамдалады да, келесі жаңа әңгіменің желісі тартылады.

ТАРИХИ БӨЛІМ

Бұл бөлімде шертілетін хикаяларда ертегі сарындары кездесіп отырғанымен, оқиғалардың негізгі мазмұны тарихи шежіреге сабақталып жатады. Әуелгі әңгіме иран патшасы Дарабтың өмір тарихын баяндаудан басталады.

Дараб — Баһман баласы (Баһманның әкесі Исфандияр Рүстемге өзі келіп тиісіп, соғысып, Рүстемнің қолынан қаза тапқан. Жетім қалған баланы Рүстем асырап, бағады, бірақ Баһман өсе келе Рүстемге жаулық ойлайды, одан әкесінің кегін алуды көздейді. Рүстемнің баласы Фарамарзды осы Баһман дарға асады). Өте ерте заманда иран жұрты тұтынған зороастра дінінің ғұрпы бойынша Баһман патша өз қызына үйленеді. Сол екеуінен Дараб туады.

Дараб патша шапқыншы болады. Араб жерін жаулайды. Румды басып алады. Рум патшасы Файлакустың қызына үйленеді. Бұл екеуінен Ескендір туады. Ескендір нағашы атасы Файлакустың қолында тәрбиеленіп өседі. Ескендір ер жеткен соң, қолбасшы боп, көрші елдерге жорықтар жасайды. Иранды бағындырып, бұл елге өзі патша болады.

Тарихи бөлімге жататын келесі хикаяларда Ескендірден кейінгі шахтар шежіресі қысқа қайырылып айтылады. Дастанның соңғы тарауларында иран жерін арабтардың жаулауына байланысты шапқыншылық кездің оқиғаларын суреттеумен «Шахнама» әңгімесі тәмамдалады.

Тарихи бөлімде шертілетін батырлық әңгімелердің ішінде, мазмұнының тереңдігі және халық мүддесін бейнелеуі жағынан өзгеше биік тұрған екі жырды айрықша атауға болады. Бірі — «Бахрам туралы аңыз», екіншісі — «Маздақ».

«Бахрам туралы аңызда» ел басына көп ылаң салған жауыз патша Иездигердің баласы Бахрам батырдың ерлік істері суреттеледі. Иездигер аттан құлап өледі. Патша тағына Бахрам отырады. «Қарғыс атсын жауыз әкемді! Мен оның жолын қумаймын, әділ боламын», — деп ант береді ол.

Бахрам — құралайды көзінен ататын мерген болады. Даланың жүгірген аң, ұшқан құсы бұдан аман құтылып кете алмаған. Осындай қырғи көз мергендігіне байланысты жұрт оны Бахрамгүр деп атаған. (Гүр — парсыша құлан деген сөз. Бір күні Бахрам аң аулауға шыққанда, құба құланды тамақтап жатқан арыстанға кез келеді. Арыстанды нысанаға іліп, садақты толғап тартып қалады батыр. Зуылдап ұшқан сұр жебе арыстан мен құланды — екеуін қабатынан жайратып түсіреді. Батырдың «Бахрам» деген есіміне, осы оқиғаға байланысты, «гүр — құлан» деген жалғанады).

Бахрам туралы дастанда бұл өжет батырдың ерлік қимылдарымен қатар, оның ел басқару, әкімшілік жүргізу істеріне қатысты әрекеттері де сипатталып отырады. Бахрам әділетке жақ, ақылды адам кейпінде бейнеленеді.

«Маздақ» туралы жырда Фирдоусидің халық мүддесін көксеген ой-арманы айрықша көрінеді. Маздақ — халық батыры, езілген бұқараның жетекші көсемі ретінде суреттеледі. Жоқшылықтан жадап-жүдеген, қанау батқан, ашыққан қалың кедей жұртын Маздақ ауқаттылар әулетіне қарсы күреске көтереді. Әрине, бұл көтерілістің саяси бағыты болды деп айтуға болмас. Фирдоусидің көксеген мұраты — жер үстінде әділет болуы: біреу біреуге қиянат жасамауға керек; біреу байып, біреу қайыршыланбауға керек; бай кедейге қарайласып, кедейді өзіне тең көруі керек. Егер осы шарттар сақталмаса, халықтың әділет үшін күресуге қажысы бар. Бұл үшін халыққа патша да кінә қоюға тиісті емес. Маздақ бастаған халық көтерілісінің мәнісін Фирдоуси өзінің осы түсінігі тұрғысынан бейнелейді.

Маздақ патшаға келіп екі сауал береді. Бірінші сауалы:

— Біреуді жылан шағып, өлгелі жатқанда, оның қасында уға қарсы усойқысы бар бір адам болса, бірақ ол жәрдем көрсетпесе, анау адам өліп қалса, сонда оған көмектеспеген мына кісінің жазасы не болады?

— Ол анау адамды өзі өлтірмесе де, қолындағы емін бермей, оның өлуіне себепші болды. Сондықтан мұны дарға асу керек!— дейді патша.

Маздақтың екінші сауалы:

— Біреу аштан өлгелі жатқанда, оның қасында азық-түлігі бар бір адам отырса, бірақ ол өзегі талып жатқан пақырға бір үзім нан бермесе, анау адам аштықтан бұралып өліп қалса, сонда оған нәр татырмаған мына кісінің жазасы не болады?

— Ол да анау адамды өзі өлтірген жок, бірақ оған қарайласпай, оның өлуіне себепкер болды. Сондықтан мұның да жазасы — дарға асу!— дейді патша.

Маздак ашыққан халыққа келіп:

— Аштан өлмеу үшін байлардың қамбадағы астығын талап алындар!— деп дем беріп, көтеріп жібереді. Халық оның айтқанын орындайды. Қамбаның қожалары патшаға келіп, Маздақтың үстінен шағым айтады. Маздак патша алдына жауапқа шақырылады. Батыр қаймықпайды, өзінің патшаға берген екі сауалын, оған патшаның қайтарған жауабын әміршінің есіне түсіреді. Қаһарланып отырған патша сөзден тосылып, Маздакқа ештеме айта алмайды.

Маздақтың іс-әрекеті акынның көксеген ой-арманын білдіреді. Маздак ашыққан жұртқа дем беріп сөйлегенде былай дейді:

— Байдан кедейдің ақылы кем емес, бірдейміз! Байлыққа тыйым саламыз! Кедей байға теңелсін!

Маздак туралы жырдың негізгі сарыны осы.

БАТЫРЛАР БЕЙНЕСІ

«Шахнамада» баяндалатын барлық оқиға батырлар ерлігіне сабақтала дамиды. Ертегідегі аңыз түрінде айтылатын ғажайып қаһармандардан бастап, кейінгі тарихи бөлімде суреттелетін ерен батырларға дейін, біріне-бірі жалғаса тізіліп, біздің көз алдымыздан неше алуан нояндар бейнесі өтеді. Батырлардың қаһармандық сипатын жасауда ылғи қайталанып келіп отыратын бір үлгі бар: 1) батыр елінің қас дұшпанымен айқасып ерлік көрсетеді; 2) дию, ібіліс, мыстан, айдаһар секілді қаскөй күш иелерімен алысып, батырлық танытады; 3) аң аулауға

шығып, мергендік, өжеттік, батылдық сияқты ер мінездерімен жұртты таңдандырады.

Бұл — бір жағдай. Екіншіден, ақын өзі жақтап отырған батырдың ерлігін мадақтап сипаттағанда, оның айқасатын дұшпанын осал етіп көрсетпейді, жау батырын да алып күш иесі етіп, айбарлы етіп бейнелейді. Дұшпанның сұсты батыры кейбір шайқастарда, жекпе-жекте қарсыласын ойсырата жеңіп кетеді.

Бұл жайлардан аңғарылатын шындық мынау: ел үстінде қылыш ойнақтаған жаугершілік заманда тек бір жақ қана жеңіске жете бермеген. Жауласқан екі жақтың екеуі де алма-кезек шапқыншылыққа ұшырап отырған. Соғыстан патшалар олжа табады. Жеңілген елдің қазына-мүлкін талап әкетеді. Соғыс зардабын еңбекші ел шегеді. Соғыс — ылаң, соғыс — өмірді солдырады. Сондықтан бұл апатқа қарсы ақынның наразылық үні анық естіліп отырады.

«Шахнамада» батырлар ерлігі ұзақ желіге тартыла суреттеледі, яғни ерлік дәстүр, батыр әкеден батыр балаға мирас боп, көшіп отырады. Бала әкеге тартқан батыр болады, ата жолын қуады. Осылайша жалғасып, цикл желісі созылады.

Эпопеядағы барлық батырдан өзгеше бнік, оқшау дараланып көрінетін қаһарман — Рүстем. Ол орталық дінгек іспетті. Батырлық бөлімде сипатталатын бүкіл нояндар тағдыры Рүстем ерлігіне сабақталып жатады. Жырда Рүстем батыр 600 жыл жасаған делінеді. Осы ұзақ ғұмырында ол сан талай ерлік оқиғаны бастан кешеді. Рүстемнің батыр боп ер жетуі, еліне қиянат жасаған сыртқы жаумен айқасы, дию, дәу сскілді қаскөй күш иелерімен алысы — бір сала әңгіме. Жар сүюі, асығына қосылу жолында қиямет кешуі, батырлық намыс үшін сайысқа түсуі, біртоға хикая. Рүстем ерлігінің және бір арнасы бар: Систан батырларының біреуі кнын-кыстау халге душар болғанда, тығырыққа тіреліп, басына ажал қаупі төнгенде немесе жау қолына түсіп қалса, оған Рүстем батыр кеп болысады, дұшпанды жеңіп береді, иран батырын қатерден құтқарады. Өз елінің батыры шайқаста қазаға ұшыраса немесе опасыздар зұлымдығынан ажал тапса, мерт болған ердің жокшысы, кек куушысы боп Рүстем шығады. Батырдың қазасына себепші болған залымдарды ол катал жазалайды.

Рүстем — ерен батыр, жойкын күш иесі. Бірақ оның отқа салса—күймейтін, суға салса—батпайтын сиқыры

жоқ. Оған атса — ок өтеді, шапса — қылыш кеседі. Исфандияр батырмен жекпе-жек егеске шыққанда, Рүстемнің денесіне алты жүз жебе қадалып, ауыр жараланады. Дұшпанның қолына түсіп қала жаздап, тауға қашып құтылады.

Жырда Рүстем батырлығымен қатар, ақылды, тапқыр және қайырым-рақымы мол мейірімді жан кейпінде бейнеленеді. Жәбір шегушіге жак, жетім-жесірге пана боп, қамқорлық көрсетіп жүреді. Екінші рет жекпе-жек айкасып, Исфандияр мұның қолынан ажал тапқанда, оның артында жетім қалған жас баласы Баһманды Рүстем мүсіркеп, оны өз қолына алып, тәрбиелеп өсіреді.

Рүстем батыр Кабул патшасының және оның күйеу баласы Шағадтың опасыздықпен жасаған қастандығынан қаза табады. Олар Рүстемді қонаққа шақырып, жолына білдіртпей қазып қойған орға құлатып өлтіреді. Ел-жұрты Рүстемді туған елі Систанға әкеліп жерлеп, басына мазар салады. Бұл — ел қорғаған батыр ерлігіне ескерткіш.

МАХАББАТ ТАҚЫРЫБЫ

«Шахнамада» Ләйлі мен Мәжнүн немесе Козы Көрпеш пен Баян туралы хикая секілді, бастан-аяқ тек махаббат әңгімесін шертетін дастан жоқ. Мұнда махаббат ерлік тақырыбына сабақталып отырады. Және махаббат туралы әңгіменің баяндалуы, оқиғаның басталуы мен тәмамдалуы «Шахнаманың» барлық дастандарында көбінесе бір сарынды боп келеді.

Мәселен, былай: атақты батыр (яки шах) өзіндей әйгілі батырдың (яки шахтың) ақылды ару қызы барын естиді, оған оқыс кездесіп қалады. Екеуі біріне-бірі бір көргеннен ғашық болады. Және жүректі алаулатқан ыстық сезімін, асықтығын көбінесе жігітке қыз келіп, жалындап айтады. Бұлардың қосылуына не жігіттің, не қыздың ата-анасы бір себептерден әуесі қарсы болады да, олардың ақ сезімдеріне көздері жетіп, артынан бұрынғы райынан қайтады. Ғашықтар қосылады, ұлан-асыр той жасалады.

Батырдың жары адал серік, ақылшы дос бейнесінде сипатталады. Ол беліне жарақ асынып, шайқасқа шықпаса да, батырдың жауды қалай жеңуіне, дұшпан торынан қалай аман құтылуына ақыл қосып, жол тауып беріп отырады. Сертке беріктік, опалылық, тар жол, тай-

ғақ кешуде шыдамдылық, жалындаған сезім, жарқылдаған мінез — олардың тән қасиеттері. «Шахнамада» осындай ыстық, сұлу махаббат иелері мадақталады.

«ШАХНАМАДАҒЫ» НЕГІЗГІ ӘУЕНДЕР

«Шахнама» кітабының басты идеясы — жақсылықтың зұлымдыққа қарсы күресі. Жақсылыққа үнемі жармасып жататын зұлымдық бар. Бүкіл зұлымдықтың түп төркіні, тәңірісі Ахриман делінеді. Жауыздық атаулының бәрі содан тарап жатады. Зұлымдық егуші қаскөй күш иелері: мыстан, дию, айдаһар, жын-пері — бәрі де Ахриманнан өрбиді. Адамды азғырып, түзу жолдан тайдырып, залымға айналдырып жіберетін солар.

Жақсылық пен зұлымдық күресінде жақсылық жеңіп отырады. Зұлымдық егушіні акын жазаға ұшыратады.

Фирдоуси аярлық, екіжүзділік жасаған сұрқияларды дұшпанға санайды. Сияушты алдап, оның қазасына себепші болатын Гарсибаз бен жалақор сайқал Судаба, Сухрабтың өліміне себепші болатын екі жүзді Хаджир, туған інісін күндеп, оның жолына ор қазатын қос сұм — Сәлім мен Тур сондай қара пейіл жауыздар. Акын бұларды әділет жақшыларының қатал үкіміне жолықтырады. Опасызға берілер жаза — өлім.

Акын әділдікті, бейбіт өмірді мадақтайды, көрші елдердің бір-біріне жауықпай, тату отыруын тілейді. Фирдоусидің шапқыншылық соғысқа қарсылығы «Шахнама» өн бойынан көрініп отырады. Бұл наразылық бірде акынның өз аузынан айтылса, бірде шығарма қаһарманының — батырдың сөзінен аңғарылады. Рүстем әр жойқын соғыс басталар алдында шиеленісті үнемі бітім жолымен шешуге ұмтылады, жау жағы бітімді қабыл алмаған соң, соғысқа амалсыз кіреді.

Мына бір мысалға қараныз. Систан елінің батыры Бижан бір соғыста жау қолына тұтқынға түседі. Зынданға салынады. Оны дұшпан торынан құтқаруға Рүстем келгенде, Бижан: «Шығаршы зынданнан. Дұшпаннан кегімді алайын!»,—дейді. Сонда Рүстем: «Егер тұтқыннан босана салысымен, қайтадан соғыс ашатын болсаң, еліне жаулық тілесен, сені зынданнан құтқармаймын»,—деп, Бижаннан соғыспауға ант алады.

Араз екі ел шиеленісті соғыспен емес, келісіммен шешсе, акын бұған қуанады. Акын патшалардың шапқыншылық соғысына наразылық білдіреді. Соғысқұмар,

қанағатсыз патшаға ақын аузынан мынадай айбарлы сөз айтылады:

«Жер жүзін жауламақ болған, әлемнің астан-кестенін шығарған Ескендірді есіңе ал!

Ол да өлген!

Не қалды оның артында?

Оған деген қалың елдің қарғысы қалды!»

«Шахнамада» ақынның кейбір патшаларды әділ болған деп мадақтай жырлайтыны бар. Бұны ақынның өз арманы деп ұғу керек. Патша әділ болса, елде береке, жұртта теңдік болады деп түсінген ақын, сондай әділ шахтар болуын тілеген.

«Шахнама» кітабының басты әуені — ерлікті дәріптеу. Ақын патшалардың дәреже-даңқынан, тәж-тағынан ердің ерлігін жоғары қойып отырады. Бір жолы Коус патша Рүстем батырға: «Мен шақырғанда неге кешігіп келесің?», — деп айбар шашқанда, Рүстем одан жасқанбай, батыл жауап қатады. «Мен құдайдың ғана құлымын, саған құл емеспін! Алтын тағың қажет емес маған!» — дейді.

Рүстем, Сохраб сынды батырлармен қатар, халық арасынан шыққан қарапайым адамдардың да қайратты мінезі мен ерлігін Фирдоуси зор сүйіспеншілікпен айтады. Бұл ретте Қауа ұста жөніндегі әңгімені мысалға алуға болады. Ұста Қауа — қарапайым адам. Бірақ басына қатер төнгенде, ол арыстандай айбаттанады, аранын ашып келе жатқан ажалға қарсы барады. Екі нығында қос қара жылан ысылдап тұрған Зокхок патшаның шенгелінен Қауа ұста өзінің жалғыз баласын, ер қайрат көрсетіп, құтқарып қалады. Қауа ұстаның айбатынан жылан патша жасқанып, шегінеді. «Шахнаманың» кейінгі тарауларында Фирдоуси Қауа ұстаның есімін әр тұста, ерлік оқиғаларға байланысты, еске алып отырады. Қауаның есімі жұртқа рух беретін ұран ретінде айтылады.

Дүниеқорлық, сараңдық сияқты мінездерді ақын аса жек көреді. Мұндай қарауларды, тар пейілдері үшін, жазаға ұшыратып отырады. Мысалы, жер қожасы Фаршидуард туралы әңгімеде бұл байдың сонша қазына-мүлкі бола тұра, өз дүниесін өзінен қызғанып, жыртық киіммен жүретіндігі, қара су ішіп, қара нан жеп отыратындығы баяндалады. Бахрам ұзақ жолдан арып-талып келе жатып, түнде осы байдың қонысына түскенде, ол бір жұтым қара су да татырмайды. Жоқ дейді. Қонуға да рұқ-

сат етпейді. Қонаққа салар төсенішім жоқ, өзім де сабан төсеніп, шөп жамылып жатамын,— дейді. Содан кейін Бахрам қона алмайды, кетеді. Фаршидуардтың ұланғайыр байлығын, қазынасын, мыңғырған малын ол жолда көреді. Кейін қайырылады. Сараң байдың тығулы жатқан бүкіл дүние-мүлкін, даладағы малын жұртқа үлестіріп береді. Бахрам қарау байға осындай жаза тартқызады.

Фирдоуси адам баласының ең асыл қасиеті деп даналықты, ақылдың күдіретін мадақтайды. Ақылға әлі келетін күш иесі жоқ дейді ақын.

«Шахнаманың» соңғы тарауында Фирдоуси ақылмен жасалған істің мәңгі өлмейтіні жайында терең толғайды. Өз еңбегінің мәңгі жасайтынына, мына кітабы халықтың асыл қазынасы боп қалатынына кәміл сенеді. «Мен енді мәңгі өлмеймін!» — деп мақтанышпен айтады.

Содан беріде қаншама жүздеген жыл өтті. Ұлы ақын әр ғасырдың ұрпағымен сырласып келе жатыр. Абай сөзімен айтсақ, өлді деуге бола ма, ойландаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған!

НИЗАМИ ЖӘНЕ ОНЫҢ БЕС ДАСТАНЫ (хамсасы)

Шығыстың ұлы ақыны Низами 1138—1148 жылдар аралығында (нақты жылы мәлімсіз) әзербайжан топырағында, Гянжада дүниеге келеді. Қазіргі Кировабад қаласынан бес шақырым жерде осы көне шаһардың ескі орны бар. Низами жасаған дәуірде Гянжа халқы көп, сауда-саттық дамыған, ғылым-өнер өркендеген ірі қала болған. Содан беріде басынан қилы-қилы тарих өтеді. XII ғасырдың аяқ шенінде, жер сілкініс зардабынан қатты қирайды. Бұдан кейін монғолдар шабуылына ұшырап, Шыңғысхан қаланы жер бетінен құртып жібереді. Туған қаласының өртенгенін ақын көрген жоқ, бұл апат Низами өлгеннен кейін болған еді.

Ақын өзінің бүкіл өмірін Гянжада өткізген. Бай болмаған, жұпыны ғұмыр кешкен. Аппақ деген есімді әйелі болған, тегі түркі қызы екен. Нәресте сүйген. Дос-жарандары көп болған. Әрі ақын, әрі терең ойлы ғұлама кісі ретінде Низамиды жұрт ерекше қадір тұтқан. Ақын 1209 жылы қайтыс болады.

Низами творчествосының бастапқы кезеңдерінің сипаты бізге бимағлұм. Ақынның бұл дәуірінен қалған айғақ жоқ. Кейінгі ұрпаққа жеткен ұлы мұрасы — хамса-

сы. Бұдан басқа, лирикалық өлеңдер де жазған. Бұл өлеңдерінің кейбіреуі бүгінгі ұрпаққа жетті.

Хамса дегеніміз — бес дастаннан құрылған, көлемді поэтикалық шығарма. Бір дастанның оқиғасынан екінші дастан оқиғасы туындап отыруы шарт емес, әр дастанның мазмұны алуан, қаһармандары бөлек. Бірақ бес дастанның сарыны, әуені акын ойының ұзын желісіне тартылып жатады.

Низами хамсасы: 1). «Сыр қазынасы», 2) «Құсырау — Шырын», 3) «Ләйлі — Мәжнүн», 4) «Жеті ару», 5) «Ескендірнама».

Бұл дастандардың сюжеті ежелгі шежіреден, аңыздан алынған. Сол шежіре-аңыздарда шертілетін хикая-эпигімені акын белгілі жүйеге келтіріп, кей тұстарын толықтыра дамытып, оқиғаны ширата өрбітіп, қызықты етіп баяндайды. Өзінің негізгі максатын, көздеген нысанын сол шежіре-аңыздар арқылы ғажап шебер бейнелейді.

Низами хамсасының жалпы көлемі отыз мың бәйіттен (қос жол) тұрады. Бес дастанды жазуға акынның отыз жылдай ғұмыры кетеді. «Сыр қазынасы» 1173—1180 жылдар аралығында, «Құсырау — Шырын» 1181 жылы, «Ләйлі — Мәжнүн» 1188 жылы жазылады. Бұл үш дастан жазылған жылдар — акынның жалындаған, талантының ұшталған дер шағы. 1197 жылы тәмәмдалған «Жеті ару» дастанында акын кәрілік туралы, бойды алған ауру-сырқау туралы айта бастайды. Бұл кезде оның жасы алпыстың төңірегінде. Соңғы «Ескендірнама» дастанын акын 1203 жылдар шамасында тәмәмдайды. Бұл дастанда асығыстықтың табы байқалады. Әрі қартайған, әрі ауырып, сырқауы жиілеген акын өз ғұмырының етек-жеңі қусырыла бастағанын аңғарып асығады. Дастанның әуелде ойлаған жоспарын толық іске асыра алмаған секілді. Шығарманың ең соңғы тарауында Низамидің өзіне қаза жетіп, өлгені жайында айтылады. Акын мұрасын зерттеушілерде бұл тарау хақында екіұдай пікір бар: біріншілері мұны Низами дастанына кейіннен қосылған қоспа деп қарайды; екіншілері бұл тарауды ұлы шайырдың өзі жазған деп санайды, кәрілік пен сырқат меңдеп, өлімнің жақындап қалғанын сезген акынның көңіл-күйін білдірген толғауы деп есептейді. Бұл сөздің де қисыны бар.

Бұл дастанның бітімі кейінгі төртеуінен бөлек, өзгеше. Мұның композициясы бастан-аяқ баяндалатын бір оқиға желісіне құрылмаған. Поэмаға тән дағдылы сюжеті жоқ. Негізінен насихат үлгісінде, философиялық толғау түрінде жазылған. Мысалы, біздің Абайдың қазақ өмірінен алып, қара сөзбен жазған ғақылия сөздері іспетті.

«Сыр қазынасында» Низами жаратылыстың, тіршіліктің, адамгершіліктің ұлы мәселелерін қозғайды. Ақынның өмірден түйген ойы, күткен тілегі мен ансаған арманы дастанның әр тарауында әр түрлі үлгіде айтылып отырады.

Осында толғанған ойларды мазмұнына қарай сараласак, былай топтауға болар еді:

1) Адамгершілік туралы толғау. Ақын адамның ең асыл қасиеті деп шыншылдықты, адалдықты, қайырымды болуды айтады. Өсек-өтіріктен аулақ бол, біреуді күндеме, адамға қолыңнан келгенінше жақсылық қыл, мейірім көрсет дейді. Ақын достықты жоғары бағалайды. Шын дос сыр сақтайтынын мадақтайды. Екіжүзділікті азғындық белгісі санайды. Сарай төңірегінде екіжүзділер мен күншілдер қаптап кеткеніне налиды. Оқырманды адамның ар қасиетін ардақтауға шақырады.

2) Әділдік туралы толғау. Бұл мәселені көбінесе, ел билеген шахтың, әкімдердің іс-әрекетіне байланыстырып айтады және насихат, уағыз түрінде сөйлейді. «Қарауыңдағы халқыңа әділ бол,— дейді айбарлы патшаға.— Соғыс тілеме. Жерді қанға бояма. Пақырға, кедейге, жетім-жесірге қиянат жасама. Бүгін отырған алтын тағың мәңгілік емес екені есіңнен шықпасын. Мың асқанға бір тосқан болатынын ұмытпа. Әлсізге жасаған жәбір-жапаң үшін қиямет-қайымда жауап бересін.

Ақын әділдік туралы осы ойларын кейде мысал, тұспал арқылы да бейнелейді. Мәселен, Нүшіруан патша мен оның уәзірі туралы хикаяда мынадай мысал бар: патша мен уәзір келе жатып, қираған ескі жұртқа кездеседі. Құлаған үйдің ортасында отырған екі жапалақты көреді. Екі жапалақ адамша сөйлесіп отырады. «Мына қираған ескі жұртты жалғыз өзің иемденбей, маған да бір бөлегін берсеңші?» — деп сұрайды бір жапалақ. «Патша қаһарына мінсе, ертең тағы бір қыстақтың тал-

қанын шығарады. Соған бүтіндей сен не боласың ғой»,— дейді екінші жапалақ.

Патша екі жапалақтың сөзін тыңдап тұрып, ойға қалады. «Мен жауыз екем ғой. Ел шауып, жер өртеген қиянатым үшін дүниеде тамұққа күйеді екем ғой»,— деп үрейленеді.

Осыдан кейін бұл патша тәубасына келіпті, жауыздығын қойыпты, әділ болыпты дейді ақын. Бұл, әрине, әділдікті аңсаған ақынның арманы.

3) Дүние және тіршіліктің мәні туралы толғау. «Сыр қазынасында» осы хақында толғанған ойлар ақынның адамгершілік, әділдік туралы өзекті пікіріне сабақтасып жатады. Дүние баянсыз, өмір шағын, байлық та, тақ та мәнгілік емес, сондықтан адам адамға қайырымды болу керек дейді ақын. Осы уағызды әр сөзінің соңында қайталап айтып, нығарлай түсіп отырады.

Адамның табиғатқа қатысы жайында да ой толғайды. Бұл ретте айтатын насихаты да адамгершілік қағидасына саяды. Табиғат — дүниенің көркі екенін ескертіп, оны қорғауға, бүлдірмеуге үндейді. «Паридүн мен елік» деген хикаясында даланың сұлу аңы елікті тек қызық үшін, көңіл көтеру үшін қуалап атып өлтіруді ауыр күнәға санайды. Дала тағыларын ермек үшін қыруды нағыз каталдық, жауыздық деп таниды.

Ақын бұл жайындағы сөзін екі түрлі ескертумен қайырып отырады. Біріншісі: даланың жазықсыз аң мен құсын ермек үшін қырсаң, обалына қаласың, киесі соқпай қоймайды, бір кәрге ұшырайсың,— деген қатал түйін.

Екіншісі: табиғатты қорғасаң, оның хайуанаттарына қамқоршы болсаң, олар да саған зор пайда келтіреді, өміріңе азық береді,— деген үгіт-ақыл.

Ақын тіршіліктің мәні туралы толғау сөздерінде адамның адал еңбек характерін артықша мадақтайды. Адал еңбекке бөленген өмірді — ең жақсы, ең мағыналы өмір деп дәріптейді. Және адам тек өзінің күн көруі үшін ғана еңбек етпеуі керек: елге, жұртқа себі тиетін пайдалы іс атқаруы керек деген аса маңызды ой түйеді. Біздің ұлы Абайдың: «Өзің үшін ғана еңбек етсең, өзі үшін оттаған хайуанмен бірдейсің»,— деген әйгілі сөзі Низамни ойына сабақталып жатыр.

«Сыр қазынасында» шертілетін «Кірпіш қалаушы шал туралы хикая» әңгімеде мынадай хал баяндалады. Шыжып тұрған ыстық күнде, қара терге түсіп, кірпіш

калап жатқан бір кәрі шалдың қасына жас жігіт келеді. Ол шалды аяп, жаны ашып: «Осынша азаптанып жатқаныңыз не? Бір сындырым нанды сізге кім де болса береді ғой»,— деді. Сонда шал: «Қайыр сұрамау үшін жұмыс істеп жатырмын. Еңбекпен тапқан асымды рахаттанып ішемін»,— дейді.

Ақын адал еңбекті тек тіршілік құралы емес, адамды демейтін рухани қуат көзі деп таниды.

4) Кәрілік туралы сөз. «Сыр қазынасының» бір тарауында Низами кәрілік туралы ой толғайды. Адам басынан жастық дәурен білінбей өтіп, бір күні кәріліктің жететінін, қартайған шақта әл-қуат азайып, ой тозып, кісіден дәрмен кететінін айтады. Сол кезде өкінбеу үшін жасында пайдалы іс тындыр деп ескертеді. Жасында жасаған адал еңбегің сен қартайғанда өзіңе мерей болады деп насихат түйеді.

5) Сөз құдіреті туралы толғау. Низами сөз қасиеті хақында айтқанда, ақындық өнерді ерекше биікке көтере мадақтайды. Ақылды, дана өлең адамды биік құзарға көтереді деп бағалайды. Өленді саудаға салған жарамсақ ақындарды Низами мысқыл етеді. Ақын сөзі адамгершілік пен әділдік жолына ғана қызмет етуі керек. Бұл сапарда өзіне нендей қатер төнсе де, тура жолдан таймайтынын айтады. «Тілім — тот баспайтын алмас қылыш. Осы өткір семсермен Низами талайдың басын қаққан!» — деп өзінің ақындық қуатын таныта сөйлейді ұлы шайыр. Өлеңінің ұрпақтан ұрпаққа жетіп, мәңгі жасайтынына кәміл сенеді.

6) Дүниенің жаралуы туралы толғау. Низами «Сыр қазынасының» кіріспесі мен бастапқы тарауларында дүниенің жаралуы хақында және алла мен Мұхаммед пайғамбар жайында сөз айтады. «Дүниені жаратушы — құдай, барлық құбылыстар алланың әмірімен болып жатады. Мұхаммед — құдайдың жарлығын орындаушы, құдірет несі»,— деп сиына сөйлейді.

Алла мен пайғамбар хақындағы осы әңгімелер кейінгі төрт дастанның да бастапқы кіріспе бөлімдерінде бір сарынмен қайталанады. Мұнда үлкен мәніс бар. Кітап жоқ, ел сауатсыз заманда ақын сөзінің хатқа түсуі сарай әкімдерінің әміріне тікелей байланысты болған. Сауатты адамдар сарай маңында ғана болған. Сондықтан ақындар сарайды төңіректеген. Ақын адамгершілікті мадақтап, әділетсіздікке, қиянатқа қарсылық білдіргенде, сарай әміршілерінің көңілінен шығатындай сөзді

де әдейі іздеп отырады. Алла мен пайғамбар атына арнаған мадақ сөздерінен осындай сыр аңғарылады.

Бұл — бір. Екіншіден, сол сөздерден ақынның әділетсіз қоғамға, зорлықшы әмірге наразылығын да, жүректегі аңсаған арманы тек ел қамы екенін де ұғасыз.

Пайғамбарға снына келіп, оған былайша сөз қатады Низами: «Сен құдайдың елшісісің. Сен өзгерт мына азған дүниені. Байлар халықты сорып, семіріп кетті. Олардың қазынасын жарлыларға үлестіріп бер. Сен жәрдем етпесең, жәбір-жапа шегушіге кім қайыр қылады! Құдайдың құдіретіне үміт артпай, ерлікті өзін жаса!»

Міне, осы сөздерден ақынның кіммен мүдделес, мұңдас екені анық аңғарылады.

ЕКІНШІ ДАСТАН — «ҚҰСЫРАУ — ШЫРЫН»

Низами Құсырау мен Шырын хикаясын шертер алдында бұл дастанды жазуға түрткі болған жайларға әуелі тоқталып өтеді. Дастанға қалау жасаған Иран шахы Торгулдың, Гянжа әмірі Жаһан Пехлеуанның және оның інісі Қызыл Арысланның аттарына арнау сөз айтады. Құсырау мен Шырын хақында Фирдоуси «Шахнама-сында» шертілетін әңгімені еске алады.

«Шахнамада» Құсырау патшаның ерлігі, жорықтары кең суреттеледі де, оның Шырынмен арасындағы хикая қысқа ғана айтылады. Құсыраудың жас әйелі Шырынға патшаның бірінші әйелінен туған баласы ғашық болып, әкесін өлтіргені, Шырынның оған тәуелді болмау үшін өзін-өзі мерт еткені баяндалады. Махаббат күйі толғанбайды.

«Фирдоуси ақын кәрі еді, махаббатты сондықтан толғамаған», — дейді Низами. Фирдоусидің айтпағанын, тастап кеткен жайларын хикая ғып шертуді өзіне міндет етеді.

Дастанның қысқаша мазмұны: иран билеушісі Ормуз патша бір перзентке зар боп жүргенде нәресте сүйеді. Нәрестеге Құсырау деп ат қояды. Батыр боп өседі. Бірде досынан Шырын деген арудың есімін естиді. Шырын — Арменияның әйгілі патшасы Михи-Банудың сіндісі еді. Құсырау Арменияға келеді. Шырынға жолығады. Екеуі біріне-бірі ғашық болады.

Құсырау осы жақта махаббатқа елтіп жүргенде, әкесінің өлгенін естіп, еліне оралады. Әкесінің орнына таққа отырады. Осы кезде Иранға Бахрам патша шабуыл

жасап, Құсырау жеңіліп, тағын тастап қашады. Ол Шырынның сарайына келеді. Шырын бұған: «Әуелі дұшпаныңды жеңіп, билікті қолыңа ал»,—деп шарт қояды. Жорыққа аттанады. Оған Рум патшасы көмектеседі. Румдықтардың көмегімен Бахрамды жеңіп, патша тағына қайтадан отырады. Рум патшасы оған қызын береді. Бірақ Шырынды ұмыта алмайды. Оны сүйетіндігін, алып келгісі келетіндігін әйеліне айтады. Мәриям қарсылық білдіреді. Өлемін деп корқытады.

Бұл кезде Михи-Бану өліп, оның орнына Шырын таққа отырған. Ол әділ патша болады, тұтқындарды қамаудан босатады, алым-салықты жояды. Шырын Құсыраудың Мәриямға үйленгенін естіп, қатты жабығып қамығады. Оған деген жүрегіндегі махаббаты өрши түседі. Құсырау Шырынға жасырын жолығып тұрайық деп, тілек білдіреді. Мұндай әрекетті Шырын өз басына қорлық көреді. Ол — адал махаббат ынтазары.

Бір күні Шырын ерен қайрат иесі Фархат туралы естиді. Одан тауды жарып, сарайға канал қазып әкелуді өтінеді. Шырынның сұлулығына елтіген Фархат, оның тілегін қуана қабыл ап, іске кіріседі. Көк тасты заңғар тауды кетпенмен жырып, канал қазады. Кетпенінің тасты ұрған үнінен күндіз-түні тау жаңғырып тұрады. Фархаттың еңбегін көруге Шырын келеді. Қыз жас батырдың қайратына сүйсініп, құлағындағы сырғасын сыйға береді. Фархат Шырынға бір көргеннен-ақ ғашық болып, есі кетеді. Бірақ Шырынның сүйгені бар. Фархат бір ғана Шырынды ойлап, өзінің қолы қысқалығына, кедейлігіне қапаланып, зар шегеді. Ақыры құсадан өледі.

Осы кезде Мәриямға да ажал жетіп, Құсырау Исфahan билеушісінің қызына үйленеді. Өмірін сауық-сайранмен өткізіп жатады. Бірақ Шырынды ұмыта алмайды. Оның бейнесі көз алдына келе береді. Шырын да қамығып жүреді. Екеуін де біресе қуантқан, біресе жабықтырған біраз шырғаланнан кейін бұлар некелесіп, қосылады. Ұлан-асыр той жасалады. Сөйтіп, бастарынан бақытты күн кешіп жатады.

Құсыраудың бірінші әйелі Мәриямнан туған ұл Ширүйе ер жетеді. Шырынға ғашық болады. Әкесін өлтіреді. Шырын Құсыраудың қазасын қатты аза тұтып, ендігі тірлікті қаламай, өзін-өзі мерт етеді.

Низами бұл дастанда адал махаббат күйін толғайды. Құсырау мен Шырын оқиғасының ақыры «Шахнамада» баяндалатын халге ұқсас аяқталғанымен, Низами дас-

танында олар махаббат сусағандары бейнесінде сипатталады, сол жолда құрбан болады.

Низами суреттеуінде нағыз махаббат — күйіп-жанған, үздіккен, тек қана лапылдаған күй емес, бойдағы ірі қайратты, жүректегі мол нұрды, биік адамгершілікті білдіретін сұлу сезім. Сол асыл махаббат иесі — Шырып.

Ол Құсырауды жалындап сүйеді, берген уәдесінде, байлаған сөзінде айнымай тұрады. Құсырау қызық қуып, мұны ұмытып кеткен шақтарда да, оның басқаға үйленгенін естігенде де Шырынның жүрегіндегі адал махаббат суымайды. Көңілі қамығады, жабығады, бірақ Шырын махаббатты аялайды. Құсырауға сағынып жолыққанда, ол лапылдап өзеуреп тұрғанда, Шырын еш уақытта ақыл-естен танбайды, ар-намысты биік ұстайды.

Парасат мәселесінде Шырынның Құсыраумен тайталас сөзге кеп қалатын кездері де бар. Бір жолы ол, ырыма көнбедің деп, өзіне қыр көрсеткен Құсырауға батыл кінә тағады. Фархатты есіне алып, ол асыл еді, оның жүрегінде дүниеге шашар нұр бар еді, сенде жоқ ондай нұр дейді. Құсырау тайсактап қалады.

Енді бірде Шырын Құсыраудың көрсеқызарлығын бетіне басады, оны тұрақсыздығы үшін жазғырады.

Низами Құсырауды Шырыннан өзгеше сипатта бейнелейді. Құсырау да Шырынды жалындап сүйеді, бірақ өзге қызық кездескенде, сүйгені есінен шығып кете береді. Артынан тағы өкінеді, қапаланады. Ақын мұндай қылықты адал махаббат иесіне лайық көрмейді. Сондықтан Құсырауды сынға ұшыратып отырады.

Шырынның кіршіксіз нұрлы махаббаты Құсыраудың жүрегін де, ақыл-ойын да біржола билеп алады. Тәкаппар мінез махаббатқа тағзым етеді.

Ендігі жерде екі жүректе де бірдей қызумен лаулап тұрған ұлы махаббат бар. Сол махаббатты мәңгі кір шалмас үшін Шырын өз өмірін өз қолымен қияды.

Дастанда айрықша сипатталған бір тұлға — Фархат бейнесі. Низами оның өнерін, қасиетін үлкен сүйіспеншілікпен жырлайды. Фархат — ірі қайрат иесі. Тауды жарып, тасты тіліп, жан баспаған қияны қиратып, канал қазуға бел бууы оның бойындағы алып қуатты, ұлы жігерді танытады. Ол күндіз-түні дем алмастан, алып күшпен қимылдап, каналды қазып шығады, қансып тұрған шаһарға жан кіргізеді.

Фархат әрі зор өнерпаз. Ол өз жүрегіндегі терең сезімді таудың көгілдір тасына нәзік өрнекпен бейнелеп. Шырынның суретін салады.

Фархат—жалындаған махаббат ынтызары. Ол Шырынды алаулаған ыстық жүрекпен елти сүйеді. Бұл жолда не қиямет кешуге әзір, алдында нендей қатер тұрса да басын тігеді. Оның Шырынға ғашықтығын Құсырау естіп, айбат шегіп келгенде, Фархат кедей болса да, жалғыз болса да, патшаның айбарынан жасқанбайды. «Шырынға ғашықтығың рас па!» — деп сұрайды патша. «Рас!» — дейді Фархат. «Қайт райыңнан!» — деп қаһарланады патша. «Қайтпаймын!» — деп қарсы тұрады Фархат.

Ол — махаббат құрбаны. Махаббат зарын айтып тұрып өледі. Ол — ерен еңбек иесі. Құлап бара жатқан кезінде ғана қолынан кетпені ұшып кетеді. Тасқа шаншылып түскен кетпен сабына бүршік бітіп, ол жеміс ағашына айналыпты. Анар жемісі содан өнген делінеді. Бұл, әрине, аңыз. Бірақ мұнда мәңгі өлмес махаббат күйінің сазы бар.

ҮШІНШІ ДАСТАН — «ЛӘЙЛІ — МӘЖНҮН»

Шығыс жұртына ең кең тараған махаббат аңызы — Ләйлі — Мәжнүн туралы хикая. Бұл аңыздың түпкі төркіні араб елінен шығады. X ғасырда өмір сүрген араб филологы Абу-л-Фарадж ал-Исфанидың «Жыр кітабы» атты шығармасында Қайыс Ибн Ал-Мулаууах деген лирик ақын Ләйлі деген қызға ғашық болып, бірақ арманына жете алмай, махаббат зарын шеккені, жұрт оны Мәжнүн (есі ауысқан) деп атағаны жайында әңгіме етіледі. Кітапта Қайыстың өлеңдері келтіріледі. Махаббат аңызының қаһарманы Мәжнүн — сол Қайыс.

Қайыс — VIII ғасырда өмір сүрген ақын. Бұл ғасырда, бұрын ылғи мадақ өлең етек алған араб поэзиясында, жана бір әуен пайда болады: махаббат лирикасы өркендейді.

Бұл махаббат лирикасында үш түрлі сипат бар. Осы сипаттарына қарай, өлеңдерді үш жікке ажыратуға болады.

1) Махаббат қуанышын толғайтын өлеңдер. Сөзі көтеріңкі, лепті боп келеді. Шалқып, төгіліп жатады.

2) Өнге қосып айтуға лайықталып шығарылған ғашықтық өлеңдері. Сөзі назды, сырлы боп келеді.

3) Бақытсыз ғашықтар күйін, махаббат зарын шерте-
тін өлеңдер. Сөзі шерлі, мұнды боп келеді. Арманына же-
те алмаған сорлы ғашық, жүрегіндегі айықпас дертін
зар ғып төгеді.

Мұндай шерлі өлең шығару арабтың көшпелі узра
гайпасынан шыққан шайырларға тән болған. Қайыс —
сол тайпаның өкілі.

Қайыстың өлеңдерінде қайғылы махаббат зары бар.
Акын жалындап сүйген ғашығы Ләйлідеп айырылып,
қайғы шегіп қалғанын зар қып айтады. Ғашығын іздеп
басып тауға да, тасқа да соғады. Тентіреп, жапан кезіп
те кетеді. Жанына еш жұбаныш таба алмайды. Қайыс-
тың өлеңдері сарынынан оны ғашығынан зорлықшы күш
айырғанын, Ләйліні қыздың әкесі бір бай бәдәуйге қа-
лын малға сатып жібергенін аңғарамыз. Құсадан Ләйлі
өледі. Жүрегі уға малынып, айықпас дертке ұшырап, зар
еніреп Қайыс қалады.

«Жыр кітабында» Қайыс хикаясына байланысты ай-
тылатын және бір аңыз бар. Бұл аңызда Науфаль деген
батыр Ләйлінің еліне Мәжнүнді ертіп барып, қыздың әке-
сімен сөйлесіп, Ләйліні Мәжнүнге айттыруға әрекет жа-
сайды. Бірақ қыздың туыстары Мәжнүнді өлтіреміз деп,
қарсылық білдіреді де, Науфаль райынан қайтуға амал-
сыз мәжбүр болады. Орта ғасырдағы араб поэзиясын
зерттеуші совет оқымыстылары бұл әуенді кейін қосыл-
ған, ауызша шығарылып тараған аңыз болу керек деген
пікір айтады.

Низами «Ләйлі — Мәжнүн» дастанын Қайыс жөнінде
елге тараған аңыз әңгіме негізінде жазған.

Дастанның қысқаша мазмұны. Араб елінің көшпелі
бір тайпасында балаға зар боп жүрген әкенің үйінде
перзент дүниеге келеді. Есімін Қайыс қояды. Бала өседі,
оқу жасына толады. Мектепке оқуға барады. Өзімен бір-
ге оқитын Ләйлі дейтін қызды ұнатып, ғашық болады.
Есі-дерті соған ауып, ойшап-күлмей, ас ішпей, жүдеп-жа-
дайды. Түнде тынышып ұйықтай алмай, Ләйліні айтып
сандырақтап жатады. Күндіз сабаққа барғанда, мұғалім
дәріс сұрағанда, бұл тек Ләйліні ойлап, жоғары қарап,
өз бетімен күбірлеп отырады. Жұрт оны есі ауысқанға
санап, Мәжнүн деп ат тағады.

Әкесі оның дертінің себебін біліп, қыз әкесімен құда-
лық жайында сөйлесуге келеді. «Балаңның ақылы ауыс-
қан, жынданған. Оны әуелі сол ауруынан жазып
әкел», — дейді қыздың ата-анасы.

Мәжнүннің камырығы күшейе түседі. Әкесі оны емдемек болып, Қағбаға апарды. Бірақ Қағбаның да шипасы тимейді. Мәжнүн үйінен далаға, құмға кашады. Тау мен тасқа, даланың тағы аңдарына мұңын шағады.

Ай далада, құм арасында тентіреген Мәжнүнге бір күні Науфаль деген батыр аң аулап жүріп кездеседі. Науфаль Мәжнүннің жай-күйін білгеннен кейін, оған көмектеспек болады. Ләйлінің ел-жұртына шабуыл жасайды, бірақ күші жетпей, кейін шегінеді. Мәжнүн Ләйліні сүйетіндіктен, қыздың ел-жұртының жеңіліске ұшырауын тілемейді, оларға тиіскені үшін Науфальға наразылық айтады. Бірақ Науфаль алған бетінен қайтпайды да, сайланып келіп екінші рет шабуыл жасағанда, жеңіске ие болады. Ләйліні Мәжнүнге беріндер деп, қысым жасайды. Қыздың туған-туысқандары қасарысып қарсылық білдіреді. Науфальдың жігіттері оларды жақтайды. Мәжнүн құмға қайта кашады.

Ол елсіз жапанда зарлап, тентіреп жүреді. Бұған қорек әкеп, жолығып кетіп жүретін Зейд деген жанашыр адамынан Ләйлінің қайтыс болғанын естиді. Зар илеп, құсадан Мәжнүн өледі. Екі ғашықтың аяулы тағдырын баяндаған дастан осылайша қайғылы аяқталады.

«Ләйлі мен Мәжнүн» дастанында махабаттың зары, мұны көбірек шертіледі. Жүрекке түскен махаббат оты екі ғашықты алаулатып, күйдіріп-жандырып, бірінің көзінен бірі сәл таса болса, шерленіп, зар илей бастайтын халге бірден душар етеді. Көзіне Ләйлі көрінбесе, Мәжнүн жынданғандай күйге түседі. Ай батқандай, күн тұтылғандай болып, айналасындағы дүниенің бәрі оған қарауытып қалады. Ол аһ ұрып, аласұрады, ғашығын іздейді. Мәжнүнді көрмесе, Ләйлі жүдеп, қамығады. Сабыр-тағаттан айырылады, егіле бастайды.

Екі ғашықты ақынның осынша үздіктіріп суреттеуінде мәніс бар. Түнек заман, көне ғұрып, шарияттың қатал заңы махаббатқа еркіндік бермек емес. Бұлар қап-қара түндей болып, махаббатты қамайды. Тәртібіне бағынбағандарды, бастарына еркіндік ансағандарды аямайды. Ендеше, жүрекке түскен махаббат отымен бірге, жүректі тітірентіп шошыта келген үрей де бар.

Кедей үшін аспандағы жұлдыздай алыс бай қызын жалындап сүйген Мәжнүн сондықтан алабұртып, аһ ұрады.

Ата-ананың тыйымына карамай, Мәжнүнге алаулап ұмтылған Ләйлі сондықтан сабыр-тағат таба алмайды.

Екеуінің қуанатып сәттері аз. Біріне бірінің жолыға алмай, көрісе алмай, хабарларын тек сырттан естіп зарығуы көп. Бұлардың махаббатына қызғанышымен карап, қайжарын оңтайлап, Қодардай, Бекежандай сұқтанып тұрған қаскөй жок, бірақ екеуінің махаббатын тең көрмей, еркіндікке жол бермей, егер ғашықтар райынан қайтпаса, махаббатты тұншықтырып өлтіріп жіберуге түйіліп кеп, төніп тұрған, аяуды білмес қатал күш бар.

Оны тойтаруға кімнің әлі келеді? Әлсіз ғашықтарға кім нана бола алады? Низами аңыз-әңгіме қаһарманы Науфаль батырды осы арада оқиғаға араластырады. Науфаль махаббатты қорғап, майдан ашады. Бірақ екі ғашықтың басына төніп тұрған кара түнекті серпуге оның да әлі келмейді.

Сорлы ашықтар арманына жете алмай, дертке шипа таба алмай, үздігумен, өксумен, шер жұтып өледі.

Дастанның соңғы бөлімінде Низами Мәжнүннің жанашыр досы Зейдтің түсі туралы баяндайды. Зейд екі ғашықты түсінде көреді: Ләйлі мен Мәжнүн жұмаққа барған екен, екеуі жұмақта қосылған екен.

Бұл — ғашықтарға ақынның бұ дүниеден тілеген арманы еді.

«Ләйлі — Мәжнүн» дастанында Низами мәңгі алаулай тұрар кіршіксіз сұлу махаббатты жырлайды.

ТӨРТІНШІ ДАСТАН — «ЖЕТІ АРУ»

Низамидың бұл поэмасы да алғашқы үш дастанның үлгісіндегі дағдылы кіріспеден басталады.

Ақын даналық туралы сөзінде адамгершілік хақында толғай келіп, үлкен бір ой түйеді. «Өз қарпының тоқ болуын ғана ойлаған адам — жексұрын, одан ит артық», — дейді.

Кемелгер ақын бұл арада тамаққа тоқтықты ғана айтып отырған жок. Дәулеті тасыған, өз басының қызығын ғана ойлап, өзге дүниесі ұмытқан, ындыны жаман қанағатсызды мезеп отыр. Дастанға әрі қарай өзек болатын оқиғаның бүкіл сарынынан осы ойы аңғарылады.

Иран елінің қатал, жауыз патшасы Иездигер өз баласы Бахрамды жек көреді де, қасынан аулақ болуы үшін, оны араб елінің патшасы Нуманның тәрбиесіне береді. Нуман Бахрамға арнап сарай салдырып, ханзаданы сонда тәрбиелейді. Араб патшасының баласы Мунозир Бахраммен дос болады. Екеуі аңға бірге шығып жүреді.

Бір күні Бахрам сарайдың ылғи бекітулі тұратын бір бөлмесіне кіргенде, қабырғаға салынған жеті арудың суретін көреді. Жетеуіне де ғашық болады.

Бұл осы жакта жүргенде әкесі өледі. Бахрам Иранға келеді. Әкесінің орнына патша болады. Билік қолына көшкен соң, Бахрам дүннені судай шашып, жеті аруға арнап жеті сарай салдырады. Жеті елдің патшасына мол сый-сияпатпен адамдар жіберіп, ханшаларға құда түсіп, жеті аруға үйленеді. Біреуі — үнді патшасының қызы, екіншісі — Түркістан ханшасы, үшіншісі — Хорезм ханының қызы, төртіншісі — славян патшасының, жетіншісі — Иран шахының қыздары. Жетеуі жеті сарайда тұрады, бірақ тордағы тоты құстай тұтқын халінде болады.

Бахрам сауық-сайранмен жүріп жатқанда, оның бас уәзірі елге қысым жасап, қиянат көрсетеді. Бахрам жәбір шегушілердің зарын естіп, шошынады. Уәзірін жазалайды. Өзі әділет жолына түсуге ант қылады. Жеті аруды босатады.

Бір күні Бахрам жолға шыққанда, адасады. Оған құлан жөн көрсетеді. Құлан мұның алдына түсіп, жөн сілтеп шауып келе жатады да, тау үңгіріне кеп кіре беріп, ғайып боп кетеді. Үңгірге екпіндеген бетінде Бахрам да тұлпарымен жүйткітіп кіреді. Осы мезетте үңгірдің төбесі құлайды. Артынан іздеп келген адамдар Бахрамның не сүйегін, не ізін таба алмайды. Анасы үңгір аузында отырып жоқтау айтады.

Фирдоусидің «Шахнамасында» Бахрам туралы шертілетін үлкен хикая бар. Бұнда Бахрамның әкесі жауыз патша болғандығы, ол өлгеннен кейін таққа отырған Бахрам әділ болуға ант бергені айтылады. Оның жүргізген билігі мен ерлік әрекеттері туралы баяндалады.

Низамн дастанында хикая басқа арнада дамытылады. Низамн оның патшалық құрған кезінің шежіресін шертуді мақсат етпейді. Сауық-сайранға салынған, қызық қуған, басқаның қайғы-қасіреті жанына батпаған адамның түбінде бір көрге ұшырамай қалмайтынын дәлелдегісі келген секілді. Бахрам өмірінің ақыры, оның үңгірде тас астында қалып, із-түссіз құрып кетуі ақынның осы ойын аңғартады.

Бахрам өз тоқтығы мен өз қызығынан басқаны ойламаған және әлсізге рақымы аз патша болғаны жайында «Шахнаманың» да әр тұсында айтылып кетіп отырады. Бір жолы Бахрам қасына әнші күнін ертіп аңға шығады. Киіктерді қызық үшін қуалап атып, садағының жебесін

кансырап кашқан киіктің біресе құлағынан өткізіп, біресе қос мүйізінің арасына кадалтып, ойын жасайды. Сен жауыз екенсің дейді күні патшаға. Бахрам қызды ұрып жіберіп, түйе үстінен құлатады да, оны өз түйесімен таптатып, жаншып өлтіріп жүре береді.

Низами дастанында суреттелген, тордағы тоты құстай жеті арудың тағдыры, түйе аяғының астында тапалып өлген бейбақ күннің тағдырымен үндесіп жатыр.

БЕСІНШІ ДАСТАН — «ЕСКЕНДІРНАМА»

«Ескендірнаманы» Низами қартайған шағында жазған. Ақын өзіне кәріліктің жеткенін әрі ауру-сырқауы молайып, күш-қуаты азая бастағанын дастанның кіріспе бөлімінде мұң ғып шағады. Сонда да қиыншылыққа шыдап, бұл дастанды жазуға не үшін бел бұғанын айтады. Ақынның мақсаты — артында мәңгі өлмес сөз қалдыру. Ол үшін ақын, еш нәрседен тайсалмай, шындықты айтуы керек, дейді Низами. Фирдоусидің сол қасиетін мадақтап, оның ұлы рухына тағзым етеді.

Дастанның қысқаша мазмұны. Рум патшасы Филикұстың Ескендір деген баласы дүниеге келеді. Ер жетіп, батыр боп өседі. Әкесі өлгеннен кейін, оның орнына Ескендір таққа отырады. Ол алғашқы кезде әділ патша болады. Сыртқы дұшпан шабуылынан қысым көрген елдерге жәрдем береді. Мысыр жұртының қара зиянгерді (шапқыншы жау) жеңуіне көмектеседі. Раушенек деген жетім қызға үйленеді. Екеуінен туған бала — Искендерусті Аристотель тәрбиелейді.

Ескендір жорықты аңсай бастайды. Жер шарын өзіне бағындыруға көңілі кетеді. Көрші елдерге соғыс ашады. Иранды, Арабияны, Хорасанды, Индия мен Қытайды жаулайды. Қыпшақ даласын басып алады, орыс тайпаларына шабуыл жасайды. Жеңген сайын, тағы да жаңа жерлерді жаулауды аңсайды.

Бір жорықта шөл даламен келе жатқанда, сылдырап ағып жатқан таңғажайып бұлаққа кездеседі. Кепкен балықты бұлақ суына жуғанда, балық тіріліп кетеді. Ескендір бұлақтың көзін іздетіп, шолғыншы жібереді. Жаулап алмақ. Қалың әскер бұлақты бойлап жүріп келе жатып, биік қамалға тіреледі. Арғы жактан бір адам шығып (ол періште екен), Ескендірге бармақтың басындай тас береді. Тасты безбенге тартып өлшегенде, оған еш нәрсенің салмағы тең келмейді. Сол кезде қызыр

келіп, топырақпен өлше дейді. Безбеннің екінші басына жерден бір уыс топырақ алып салғанда, тас тұрған жағын сылқ еткізіп басып кетеді.

Осыдан кейін Ескендір сабақ алғандай болып, еліне қайтады. Румге келеді. Көп ұзамай тағы да жорықты аңсай бастайды. Индияға, Қытайға қайтадан аттанады. Солтүстік жаққа бет алады. Бір ғажайып елге келеді. Бұл елде әділетсіздік жоқ екен, жұрттың бәрі бірдей дәрежеде, бір-бірімен тең екен. Тек яжужин деген жау елден қорлық көріп келеді екен. Ескендір бұлардың шаһарын яжужинлерден қорғап, қамал соғады. Содан кейін қайтадан Румге оралады. Туған еліне келіп өледі. Өлер алдында баласына өсиет айтады, анасымен қоштасады. Баласы Искендерус әкесінің орнына таққа отырудан бас тартады.

«Ескендірнама» дастанында ақынның әділет пен ізгілікті жақтаған көзқарасы көрінеді. Ақынның үнемі көкейінде тұратын бір арманы бар. Жер бетінен әділетсіздік пен қиянат жоғалып, біреуді біреу қанамай, адамдардың бәрі бірдей тең болуын аңсайды. Өмірдің шырқы бұзылмай, қылыштар шарт-шұрт айкаспай, тыныштық сақталып тұруын қалайды. Бұл үшін ел билеуші патша әділ болуы керек деп түсінеді.

Ал, әділдік пен қанағат — егіз. Дүниеге көзі тоймау, араны ашылып, қомағайланып, басқаға көз аларту Ескендірді әділдік жолынан тайдырады. Ол ел талағыш шапқыншыға айналады.

Мұндай қанағатсыз патшаны қалай тыюға болар еді? Ақын адамгершілік шартын ұсынады. Бұлақ көзін жаулап алмақ болып атойлап келген Ескендірдің алдынан періште шығып, оған бармақ басындай тас беріп, таразыға өлшейтіні жайындағы әңгіме түйінінде үлкен тағлым бар. Қанағатсыз патша алдында өлім барын, «мың мен санға» тоймаған жеміт көзге өлгенде құм құйылатынын ескертеді.

Ескендірді енді бірде барлық адамдары бірімен-бірі тең, әділетті елге кез келтірді. Әрине, ондай әділетті ел болған жоқ. Бұл — ақынның арманы. Мұнда да тағлым бар. Әділетсіз патша әділетті елді көріп, сабақ алсын, өзінің қаталдығын ұқсын дейді.

Ақын кей тұстарда Ескендірді Аристотель, Сократ секілді мекеңгер адамдардың сынына ұшыратып отырады. «Сенің қаһарыңнан менің сөзім күшті», — дейді Аристотель Ескендірге. Сократ Ескендірдің тойымсыздығын

қанағатсыз патшаның бетіне басып айтады. «Сен араның ашылған хайуансың! Мен кедей де болсам, артықпын сенен! Баймын сенен!»— дейді данышпан жасқанбай.

Шыншыл Низами шындықты батыл айтады. Ханнан қараны жоғары қояды. Патшаның сәулетті сарайынан қара лашықты артық көреді. Тәж-тақтан диқанның кетпенін қадірлі санайды. Ескендір шақырса да, Сократ оның сарайына бармайды, патшаның ұсынған сыйын алмайды. Ескендір Индияға жасаған жорығы кезінде, бір кетпенші кедей жігітті хан сайламақ болғанда, кедей диқан көнбейді оған. Хан тағынан кетпенін артық көреді.

Ескендірдің өз баласынын да өлген әкесінің тағынан бас тартуында үлкен мәніс бар. Ақын патша тағы әділетсіздік пен қиянаттың, зорлық пен зомбылықтың орны екенін мегзеп отыр.

1976

ТІЛІ БІР, ЖЫРЫ БІР

Туысқан қарақалпақ елінің халық ақыны Садық Нұрымбетов Қазақстан жазушыларының III съезінде сөйлеген құттықтау сөзінің соңында былай деп жырлап жіберген еді:

Сөйлескенде тіліміз бір ағайын,
Жүздескенде түріміз бір ағайын.
Сұрасканда түбіміз бір ағайын,
Съезіне құтты болсын айтамын!

Осы бір шумақ өленде екі халықтың туыскандығы жайында жақсы айтылған. Қазақтар мен қарақалпақтар — ауылы аралас, қойы қоралас боп, ежелден көрші отырған жұрт. Екеуінің тілі, түрі ғана емес, бастан кешкен тарихы да бір, тұрмыс-тіршілігі де ұқсас. Сондықтан бұл екі халықтың өмір айнасы — әдебиеті де бір-бірімен ерекше үндес, әуендес. Қарақалпақтың революциядан бұрынғы және қазіргі әдебиетінің тарихына көз жіберсек, қазақ әдебиетінің сипатына ұқсас көп-көп жақындықтарды көреміз.

Қарақалпақ совет әдебиеті — Октябрь революциясының жемісі. Ал бұл жаңа әдебиеттің қалыптасуы, дамуы қарақалпақ ұлтының социалистік өркендеу жолы-

мен тікелей байланысты. Сондықтан Қарақалпақстанның социалистік ел болып шаңырақ көтеруі жайынан кейбір мағлұматтарды айта кетуді мақұл көреміз.

1918 жылы апрельде Түркістан Өлкелік Советінің V съезінде Түркістан Автономиялы Советтік Социалистік республикасы құрылғаны жарияланды. Бұл республика құрамына Әмударияның түстік аймағын жайлаған қарақалпақ жұрты да кірді.

1920 жылы февральда Хиуаның ең соңғы ханы Сейіт Абдулла тақтан құлатылып, Хорезм халық республикасы құрылды.

1924 жылы Қарақалпақ автономиялы облыс боп аталды. (Әуелі Қазақстан құрамында болып, соңынан, яғни 1930 жылдың июлінен РСФСР құрамына өтеді).

1932 жылы 20 мартта Қарақалпақстан Автономиялы Советтік Социалистік республика боп құрылады. 1936 жылы Өзбекстанның құрамына кіреді.

Қарақалпақ жұртында ана тілінде шығатын газет-журнал революцияға дейін атымен болмаған. Қарақалпақтың ұлттық баспасөзі — советтік дәуір жемісі. 1924 жылы қарақалпақ тілінде тұңғыш рет «Бірінші адым» деп аталатын газет шығады. (Қазіргі «Совет Қарақалпақстаны» газеті). 30-жылдардан бастап, «Жас Ленинші», «Жеткіншек» газеттері, «Қызыл Қарақалпақстан» атты саяси журнал шығарыла бастайды. Қарақалпақ тілінде мектеп оқулықтары шығарылады.

Бұл мәдени жемістер ұлттың мәдениеті мен әдебиетінің өркендеуіне зор ықпал жасайды.

Қарақалпақ совет әдебиетінің ірге тасын қаласқан қаламгерлер — Аяпберген Мұсаев, Сейфулғабит Мәжитов секілді бұрыннан жазып келе жатқан ақындар және совет заманында әдебиетке келген жас жазушылар.

1928 жылы педагогикалық техникум жанынан «Қызыл мұғалім» атты әдеби қолжазба журнал шығарылады. Қарақалпақ совет әдебиетінің алғашқы шығармаларын елге таратуда осы қолжазба журнал елеулі роль атқарады.

Революцияға дейінгі қарақалпақ әдебиетінде тек поэзия өркендегенін білеміз, проза, драматургия, сын жанрлары революциядан бұрынғы қарақалпақ әдебиетінде болмаған, бұлар кейін туды, кенже қалыптасты.

Қарақалпақ әдебиет зерттеушілері қарақалпақ совет әдебиетінің даму жолын мынадай кезеңдерге бөледі:

1. Қарақалпақ совет әдебиетінің пайда болуы және қалыптасуы,

2. Социалистік құрылыс жеңісі дәуіріндегі қарақалпақ совет әдебиеті,

3. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қарақалпақ совет әдебиеті,

4. Ұлы Отан соғысы жылдарынан кейінгі қарақалпақ совет әдебиеті,

5. Қарақалпақ совет әдебиеті қазіргі дәуірде.

Қарақалпақ совет әдебиеті дамуының бірінші кезеңінде басым дамыған сала поэзия болды. Жаңа өмір әдебиетке жаңа тақырыптар әкелді. Егер революциядан бұрынғы қарақалпақ поэзиясында негізгі тақырып халықтың ауыр тұрмысы, олардың үстем тапқа наразылығы, жақсы күнді аңсауы, армандауы болса, енді әдебиетте социалистік революция жеңісі, еңбекшілердің азаттыққа қолы жеткендігі, теңдікке, бақытқа ие болғандығы секілді соны тақырыптар көтеріледі. Қарақалпақстанда Совет өкіметін орнату, нығайту жолындағы күрес жылдарындағы таптық айқас жаңа әдебиеттің ең басты тақырыбы болды.

Октябрь тақырыбын жырлауда қарақалпақ ақындары жаңа тұрмысты ескі тұрмыспен салыстырып суреттеп, бүгінгі күннің артықшылығын көрсетеді. Осылайша жаңа өмірді ескі өмірмен салыстыра суреттеу 20-жылдардағы қарақалпақ поэзиясына тән басты бір сипат дейміз.

Ізбасар Фазылов «Қара қой» өлеңінде бұрынғы ауыр күнді былай еске алады:

Көріп жүрмін тұрмыстың мен қиынын,
Өзім жалаң аяқ, жыртық киімім.
Жетімдіктен бір шықпады бүйірім,
Шарқ ұрып, шат болып, бір жазбадым бой.

Ақын Сейфулғабит Мәжитов «Қарақалпақ» өлеңінде халық өмірі Октябрь таны атқанға дейін қара түнек болып келгенін айтады:

Хандардың дәуірінде саған,
Жетіспеді сан, қарақалпақ.
Сан деген не, болған жоқ па
Өзі үйің зындан, қарақалпақ.

Қарақалпақ совет әдебиетінің қалыптасу дәуіріндегі поэзияда коллективизация және социалистік жарыс та-

қырыбы кең орын алады. Ел өміріндегі, тұрмыстағы жаңалықтар, адамдар арасындағы соны қатынастар, жұрттың өнер-білімге талпынуы, сауат ашуы секілді жаңа құбылыстар қуана жырланады.

Осы алғашқы кезеңнің 20-жылдарында қарақалпақ әдебиетінде жаңа жанр — драматургияның тұңғыш шығармалары туады. Бұл жанрдың тууына және театрлық өнердің қолға алынуына өзбек совет әдебиетінің классигі Хамза Хакимзаданың қолма-қол көрсеткен үлкен жәрдемі болды. Хамза 20-жылдардың басында біршама уақыт Қарақалпақстанда тұрған.

Қарақалпақ драматургиясының бірінші кірпішін қаласқан қаламгерлер Сейфулғабит Мәжитов, Қасым Әуезов, Әбдірәмән Өтепов, Ерманов секілді жазушылар. Бұл кезеңде туған драмалық шығармалар ішінен С. Мәжитовтың қарақалпақ халқының өткен ғасырда Хиуа хандығына қарсы күресін бейнелейтін «Ерназар-Алакөз» пьесасын, Қ. Әуезовтің революция тақырыбына арналған «Тілек жолында», Ә. Өтеповтың «Теңін тапқан қыз», «Аштық зары» секілді пьесаларын атап айтуға болады.

Әрине, бұл пьесалар драматургияның талабына толық сай келген, төрт құбыласы тең шығармалар емес еді. Алайда жаңа жанрдың қалыптасуына, Қарақалпақстанда театр мәдениетінің өркендеуіне бұл шығармалардың тигізген үлкен ықпалы болды.

Қарақалпақ совет әдебиеті дамуының екінші кезеңі — 30-жылдарды қамтиды. Бұл дәуірде ел өмірінде зор жаңалықтар жүзеге асқан, ірі мәдени жетістіктерге қол жеткен. Соның бір мысалы 1931 жылдан бастап, қарақалпақ жазушыларының әдеби органы — «Милет әдебиеті» (қазіргі «Әмудария») журналының шығуы еді.

30-жылдарда да қарақалпақ әдебиетінде поэзия басым дамиды. Туысқан халықтар әдебиетінің, әсіресе, орыс әдебиетінің дәстүрлерін игеруге қаламгерлер белсене күш салады. Поэзияның тақырыбы кеңейеді. Бір жаңалық — өндіріс тақырыбына арналған жырлар туады. Бұл тақырыпта көлемді шығармалар жасала қоймаса да, шағын өлеңдер көп жазылады. Бұл ретте Матякубаев, Ахметов, Дәрібаев, Назбергенов секілді ақындардың елеулі еңбектерін атап айтуға болады. Олардың өндіріс тақырыбына жазған өлең-қосықтарында соны мазмұн, тың саз бар. Бұл жырлардан трибун акын Маяковскийдің әсерін аңғаруға болады.

30-жылдардағы қарақалпақ әдебиеті өскендігінің бір

айғағы — көлемді поэмалардың тууы. Қарақалпақ халқының өткен өмірін суреттеуге арналған А. Бегимовтың «Сапура», Сейтмаутовтың «Қара көл» дастандары бар. Аймурзаевтың «Күрес», «Жұмагүл», Дәрібаевтың «Қалжан», «Айымжамал» поэмалары Қарақалпақстанда Совет өкіметін орнату жолындағы күрес тарихынан сыр шертеді.

30-жылдарда қарақалпақ драматургиясы әжептеуір өркендейді. Бұл кезеңде тарихи және фольклорлық тақырыпқа жазылған пьесалар көбірек болды (Біз бұл жағдайды Орта Азия халықтарының әдебиеттерінен, қазақ әдебиетінен де байқаймыз. Мұның өзінде белгілі ортақ заңдылық бар). 30-жылдардағы қарақалпақ драматургиясының елеулі шығармалары — М. Дәрібаевтың «Ғарып ашық», Н. Дәуқараевтың «Алпамыс», Р. Мәжитовтың «Газагүл» атты пьесалары. «Ғарып ашық» пен «Алпамыс» пьесаларына Советтік Шығыс жұртына ежелден мәлім батырлық дастандарының оқиғасы арқау етіліп алынған. Ал, «Газагүл» пьесасында қарақалпақ жұртының Хиуа хандығының езгісінде болған кездегі бостандық үшін күресі сипатталады. Негізгі оқиға — бір-бірін жалындап сүйген жас ғашықтар Таумұрат пен Газагүлдің махаббат еркіндігі жолындағы күресіне құрылған. Олар армандарына жете алмай, зұлымдықпен алыста мерт болады.

30-жылдардағы қарақалпақ әдебиетінің үлкен бір жаңалығы — проза жанрының тууы. Қарақалпақ совет прозасының алғашқы үлгілері (очерк, фельетон, шағын әңгіме), міне, осы кезеңде ұлттық баспасөз беттерінде көріне бастайды. Қарақалпақ прозасын бастауда, дамытуда Нәжім Дәуқараев (1905—1953), Әмет Шамұратов (1912 — 1953) сияқты жазушылар үлкен еңбек сіңірді.

Әдебиет сыны мен әдебиет зерттеу саласында бастапқы қадамдар жасалады. Бұлар газет-журнал беттерінде жарияланған сын-рецензиялар, мақалалар, әдебиет мәселесі жөніндегі айтыс, пікір алысулар түрінде көрінеді.

Қарақалпақ совет әдебиетінің Ұлы Отан соғысы кезіндегі және соғыстан соңғы жылдардағы даму кезеңдеріне зер салсақ, әдебиеттің тақырып арнасының ұлғаюы жағынан болсын, көркемдік шеберлікті меңгеру тұрғысынан болсын, бұрынғы дәрежесінен жоғары сатыға көтерілгенін көреміз. Бұл сапалық жаңалықты поэзияның,

прозаның, драматургияның — бәрінің өрісінен байқаймыз.

Ұлы Отан соғысынан кейінгі дәуірде әдебиетке бір топ талантты жастар қосылды. Олар И. Юсупов, Т. Жұмамұратов, Б. Исмаилов, О. Қожаниязов, Ғ. Сейтназаров, Т. Сейтжанов, М. Сейтаниязов, С. Ахметов, т. б.

Ұлы Отан соғысынан кейінгі кезеңдегі қарақалпақ поэзиясының бір жаңалығын совет адамының еңбектегі ерлігін көрсетуге арналған поэмалардан көреміз. Мәселен, Ж. Аймурзаевтың «Айдын көл», Қ. Сейітовтың «Жарысқан жастар» поэмаларында адамның сұлу қасиеттерін олардың еңбек үстіндегі іс-әрекеттері, мінездері арқылы ашуға жақсы талпыну бар.

Ұлы Отан соғысынан кейінгі кезеңдегі қарақалпақ совет әдебиетінің және бір жақсы ерекшелігін танытатын белгісі — прозада көлемді шығарманың пайда болуы деп білеміз. Ж. Тәшеновтың «Жауынгер достар», А. Оразовтың «Ауыр күндерде», Қ. Сейітовтың «Агроном — председатель» повестері жазылады. Алғашқы екеуінде совет жауынгерлерінің майдандағы ерлігі сипатталады. Қ. Сейітовтың повесінде совет адамдарының еңбектегі жанкиярлығы көрсетіледі. Шығарманың бас қаһарманы Айнахан — жас азамат, ол әуелгі бетте колхозды басқару ісіне жүрексіне кіріседі, тәжірибесінің аздығын сезеді, бірақ қиындықтан тайқақтамайды. Осы қажырының арқасында аз уақыт ішінде-ақ жұрт құрметіне бөленеді.

Бұл аталған повестерде қаһармандардың қалыптасуы біртіндеп жетілу, даму жолымен болады. Қаһармандар характерін ширатылған тартыс үстінде ашуға ұмтылу бар. Осы сапалары қарақалпақ прозасының реалистік сипат тапқанын айғақтайды.

Қазіргі дәуірдегі қарақалпақ совет әдебиеті — көп жанры жетілген, тармақтанып өскен әдебиет. Соңғы он бес жыл ішінде көптеген өлең, поэма, әңгіме жинақтары шығумен қатар, көлемді романдар жарық көрді. А. Бегимовтың «Балықшының қызы», Ж. Аймурзаевтың «Әмудария бойында», Ө. Айжановтың «Арал кұшағында», Т. Қайыпбергеновтың «Қарақалпақ қызы» романдары — қарақалпақ әдебиетінің үлкен прозадағы елеулі табыстары.

60—70-ші жылдарда қарақалпақ совет әдебиетінің сын және әдебиет зерттеу саласында көлемді еңбектер жасалды. Қарақалпақ совет әдебиетінің очеркі жазылды. Сонымен қатар, әдебиет тарихы жайынан, бүгінгі әдебиет

өркендеуі турасынан ірі проблемаларды көтерген тар-
тымды еңбектер бар. Профессор М. Нұрмұхамедовтың
Қарақалпақ совет әдебиетінің дамуына орыс әдебиетінің
әсері туралы, қарақалпақ прозасының өсу жолы жайлы
зерттеулерін, филология ғылымының докторы С. Ахме-
товтың қарақалпақ совет поэзиясының даму беталысы
жөніндегі еңбектерін атап айтуға болады. Бұларда қа-
рақалпақ әдебиетінің актуальды мәселелері көтеріледі.

Сонымен, қарақалпақ совет әдебиетінің даму жолын
жалпы шолып өттік. Енді осы әдебиеттің қалыптасуына,
өркендеуіне өз көркем творчествосымен үлкен еңбек сіңі-
рген белгілі өкілдеріне тоқталамыз.

Аяпберген Мусаев (1890—1936). Бұл ақын негізінде
халық поэзиясы үлгісінде жазған. Өлеңді 15—16 жасынан
шығара бастаған. Революциядан бұрынғы өлеңдерінде
елдің ауыр тұрмысы суреттеледі, үстем тап өкілдерінің
зорлығы, қиянаты, еңбекшілерді қанап отырғандығы әш-
кереленеді, қоғамдағы әділетсіздік, әйел теңсіздігі секіл-
ді әлеуметтік мәселелер көтеріледі. Ақынның өз өмірі де
революцияға дейін ауыр жоқшылықта өткен. Бұл ха-
қында:

Ғарып айтар, бұрын не болды халім,
Қимеге тоным жоқ, жемеге наным.
Кемтарлықта қысылып жүрген күндерім...
Атам молла Мұса, жоқ дүр қардашым,
Кемдіктен ағарды сакалым-шашым,—

дейді. Қарақалпақ әдебиетінің классигі Бердақты Аяп-
берген ұстаз тұтқан. Соның өлең үлгісінде қосықтар шы-
ғарған, жырлары ел ішіне көбінесе ауызша тараған, со-
нымен қатар, біреуден біреудің көшіріп жазып алуы ар-
қылы да тараған.

Ақын революция жеңісін қуана қарсы алады. Енді
оның жырларының саяси мазмұны тереңдей түседі. Аяп-
берген туған елінің Совет өкіметі арқасында бақытқа қо-
лы жеткенін, кедейлердің теңдік алғанын, әйелдердің ер
азаматпен тең праволы болғанын, қысқасы, халық өмі-
ріндегі жаңалықтарды тебірене жырлайды. Кедей тең-
дігі, партия басшылығы, Лениннің ұлылығы жайында
көп-көп өлеңдер шығарады.

«Бірінші май» деген өлеңінде ақын былай толғайды:

Опат болды байдың үй-жайлары,
Біздерге бұйырды жиған малдары.
Батырақ, кара табан кедей балалары,
Кел, жолдастар, құтты болсын айтайык!

Аяпберген поэзиясының ерекшелігі — өлеңдерінің қарапайым болып келетіндігі. Оның өлеңдерінің бұл сарынын, мәселен, Бейімбет жырларының сипатына ұқсатуға болады. Аяпберген поэзиясының және бір ерекшелігі халықтық шешендігінен, уытты тілінен көрінеді. Аяпберген — советтік заманда ел құрметіне бөленген халық ақыны.

Сейфулғабит Мәжитов (1865—1938). Қарақалпақтың көрнекті ақыны әрі драматург, әрі қарақалпақ совет прозасының алғашқы сүрлеуін салған жазушылардың бірі.

Мәжитов ХХ ғасырдың алғашқы жылдарында еліне есімі мәлім ақын боп танылады. Бастауыш мектепті бітірген білімі бар ол, Россияда татар тілінде шығатын «Уақыт», «Қуяш», «Шора» т. б. газет-журналдарды қадағалап оқып отырады. Татардың классик ақыны Абдолла Тоқайдың шығармаларымен жақсы таныс болады. Осы жайлар Мәжитовтың саяси көзқарасының қалыптасуына ірі ықпал жасайды.

Ақынның революцияға дейінгі жазған жырлары негізінен шағын лирикалар (азаматтық, философиялық лирикалар) және мысалдар. Бұларда ел тұрмысы, халық арманы шертіледі.

Ақынның мол жыры Совет өкіметі жылдарында жазылды. Бұл жырларының тақырыбы әр алуан. Мәжитов — ұлы көсем Ленинді қарақалпақ поэзиясында тұңғыш жырлаған ақынның бірі.

Мәжитовтың драматургия саласында, қарақалпақ әдебиетінде бұл жанрдың тууы, қалыптасуы жолында сіңірген үлкен еңбегі бар. 20-жылдардың екінші жартысында ол бірнеше шағын актылы пьесалар жазады.

Бұл жанрдағы алғашқы көлемді шығармасы — «Ерназар — Алакөз» деп аталатын пьеса. Автор пьесаға қарақалпақ халқының 1856 жылы Хиуа хандығының езгісіне қарсы тарихи көтерілісінің оқиғасын арқау етіп алған. Шығарманың бас қаһарманы — халық батыры Ерназар — Алакөз көтерілістің батыл қолбасшысы ретінде көрсетіледі.

Мәжитовтың драматургиядағы екінші ірі шығармасы — «Бағдағұл» драмасы (1935). Пьесада негізгі тартыс бірін-бірі сүйген жастардың махаббат бостандығы мен бұларға қиянат жасаушы ескілік иелерінің арасындағы күреске құрылған. Шығарманың бас қаһармандары — кедей жігіт Қожан мен оның сүйген адамы — аяу-

лы қыз Бағдағұл. Бұл екеуіне жәбір жасайтын зорлықшы топтың басшылары—Шәмшат болыс, Мәтеке би және ояз шабармандары. Жалынды жас жігіт Қожан қиянатшылардың қысымынан тайсақтамай күреседі. Октябрь таңы көкірегіне нәр құйып, қуат берген Қожан озбырлардың бұғауын тас-талқан етіп бұзып, Бағдағұлды құтқарып алады. Дұшпандар жеңіліп, ығысады. Жастар армандарына жетеді.

Мәжитовтың бұл пьесасы тақырыбының маңыздылығымен және көркемдік нәрлілігімен көрермен жұртшылықтан жоғары баға алады.

Әбдірәмән Өтепов (1905—1934). Қарақалпақ совет драматургиясының негізін салушылардың бірі. Ол — драматургтігімен қатар, режиссер, актер және музыкант болып, қарақалпақтың советтік мәдениетінің дамуына зор еңбек сіңірген қайраткер. Әбдірәмән Өтепов өзінің творчествосы енді-енді гүл ата бастаған шағында, 29 жасында, тым ерте қайтыс болады. Бойындағы бар дарын-қабылетін еркін танытып үлгіре алмайды. Дегенмен, сол қысқа ғұмырында ол артына өлмес мұра қалдырды: үлкенді-кішілі 16 пьеса, 40-тан астам инсценировка және сахнада оқуға лайықталып шығарылған қыруар тақпақ өлеңдер жазған.

Өтепов драматургиясының сипатын танытатын ірі шығармалары — «Теңін тапқан қыз», «Бояушы уәкіл», «Күмән» атты пьесалары. Бұл шығармаларда әлеуметтік үлкен мәселелер көтеріледі.

«Теңін тапқан қыз» пьесасы — сатиралық комедия. Шығармада баяндалатын хал мынадай: 65 жастағы бай (есімі — Шәлеке) желігіп, Сұлтамұрат деген кедейдің Ділләхан деген қызын әйел үстіне тоқалдыққа алмақ болады. Құда түсуге кісі жібереді, қыздың ата-анасы басында қарсы болса да, байдың беретін қалың малына қызығып, көнеді. Ал, қыз бұл қиянатқа қарсы. Сәлмен деген мұғалім жігіт қызға ара түсіп, құтқарып алады. Әйел үстіне жас қызды тоқалдыққа алмақ болған зорлықшы бай жазаға тартылады. Оқиға Қарақалпақстанда Совет өкіметі орнаған алғашқы жылдардың шындығынан алынған.

Шығармада күні өтіп бара жатқан ескілік пен жаңалықтың арасындағы тартыс көрсетіледі. Шәлеке — бұрын байлығымен өктемдік жүргізіп келген қиянаткер. Сол үстемдігінен айырылмауға тырысады. Бірақ жаңа өмір оны ығыстырады.

Пьесада дәуірдің жаңа адамдарының қалыптасу жолы нанымды көрсетіледі. Ділләхан — ауылда өскен, оқи алмаған, сауатсыз қыз, құдайға сенеді. Ол әлеуметтік теңсіздіктің сырын өз басының бостандығы үшін күресте бірте-бірте түсінеді. Осы күресте оның бұрынғы көзқарастары өзгереді, жаңарады. Адам бақытқа тек күрес арқылы жететіндігін ұғады. Ал, Сәлмен — ауылда Совет өкіметінің идеясын жүзеге асыру үшін күресетін жаңа жас интеллигенцияның өкілі.

«Теңін тапқан қыз» пьесасы — қарақалпақ драматургиясының алғашқы көлемді шығармасы.

Өтеповтың «Бояушы уәкіл» пьесасы (1929) — бұл да комедия. Мұнда облыстан ауылға келген уәкілдің мемлекеттік тапсырманы ұмытып, өз қара басының пайдасы үшін сұйық жүріске салынғаны шенеледі. Ал, «Күмән» пьесасында (1932) тұрмыс мәселесі көтеріледі. Мұрат деген жігіттің әйелі Ажар аудандық комсомол комитетінде бөлім бастығы боп қызмет атқарады. Оның ұшан-теңіз қоғамдық жұмысы бар. Мұрат Мәрзия деген өсекші әйелдің сөзіне еріп, Ажарға сенімсіздік туғызады, әйелінің қызметке бармай, үйде отыруын талап етеді. Ажардың түсіндірмек болған сөзіне құлақ аспайды. Сөйтіп, ескішіл Мұраттың дерті асқына береді де, ақырында ол ауыр қылмыс жасайды, жазықсыз Ажарды атып елтіреді.

Пьесада ескі және жаңа көзқарастар тартысы ұшқыр көрсетіледі. Қаһармандардың жан толғаныстары арқылы драматург олардың даралық сипаттарын жақсы таныта алған.

Хожамет Ахметов (1908—1932). Қарақалпақ совет әдебиетін бастаушы алдыңғы толқынның талантты өкілі. Оның творчествосынан қарақалпақ совет әдебиеті дамуының алғашқы кезеңдеріне тән белгілерді анық көреміз. Бұл кезеңдердегі қарақалпақ әдебиетінің негізгі көтерген тақырыптары — бай-кулактарға қарсы күрес, кері тартпа ескілікке қарсы шабуыл, Октябрь жеңісінің жемістері, еңбекшілердің жаңа тұрмысы, кедей-көпшіліктің оқу-білімге талпынуы, әйелдердің тең құқыға ие болуы, т. б.

Х. Ахметов творчествосының қалыптасу кезеңі қарақалпақ ауылдарында тап тартысының шиеленісіп тұрған тұсы болатын. Сондықтан ақын шығармаларында тап тартысының мәселесі басым орын алады. Ақын тап жауларының қастандығын, жымысқы әрекеттерін батыл әш-

керелеп, еңбекшілердің таптық санасының оянуына, олардың жаңа өмірдің белсенді құрылысшылары болуына саяси өткір жырларымен қызмет етеді.

Мәселен, «Жол берме» (1928) өлеңінде былай дейді:

Қаллаш, батырак, сенің кеңес сайлауың,
Жас үлкенге кімді қойсаң қалауың.
Саған дұшпан байлар табы зор жауың,
Кеңес сайлауында жауға жол берме!

Ахметов творчествосында Октябрь тақырыбы және еңбек тақырыбы да үлкен орын алады. Октябрьге арналған өлеңдерінде ақын қарақалпақ еліне революция әкелген ұлы жаңалықтарды, жаңа өмір суреттерін қуана жырлайды. Еңбек жайындағы өлеңдері қарақалпақ кедейінің жаңа тұрмысын, қауымдасу жемістерін суреттеуге арналған. Ақын бүгінгі еңбектің бұрынғыдай бейнет емес, адамды қадір-құрметке бөлейтін абыройлы, ардақты іс екенін айтып, оны биікке көтеріп, дәріптейді.

«Менің сүйген еңбегім» (1931) жырында былайша толғайды:

Еңбекшімін, еңбек үшін туғанмын,
Еңбек үшін белді мықтап буғанмын.
Ағам, апам, туысқаным еңбекші,
Шыным осы — мен де соны қуғанмын.

Ақынның елді оқу-білімге, өнерге, жаңа мәдениетке үндеген жырлары бір алуан. Бұлардың мазмұнында саяси тереңдік бар. Бұл өлеңдерінің сипаты былай боп келеді:

Кел, құрдастар,
Ауқымдасып,
Оқып-білім алайық,
Неке, талақ —
Қалың малға
Сөйтіп, ойран салайық!
(«Кел, құрдастар»).

Білім — тамақ, білім — нан,
Білімсіздің ісі — қам.
Үйрен өнер-білімді,
Білімменен жаның шам.

Х. Ахметов — жаңалық майданының жалынды күрескер ақыны болды. Ол жаңа өмірді шабыттана жырлап өтті.

Аббаз Дабылов (1893 жылы туған). Қарақалпақтың халық поэзиясының жақсы дәстүрлерін ілгері дамы-

тып, жаңа әдебиеттің социалистік реализм әдісімен өркендеу жолында өзі де жаңа ақындық сапа тапқан қаламгер. Аббаздың революцияға дейінгі дәуірде шығарған қыруар өлеңі бар. Бұларда халықтың ауыр тұрмысы айтылады.

Ауылда өскен, әрі саяси білімі тайыз ақын Октябрь революциясының тарихи маңызын бірден түсіне алмай, әуелгі бетте біраз дағдарысқа салынатыны бар. Сондықтан Аббаздың 1917—1925 жылдардағы өлеңдерінде қайшылықтар ұшырасады. Алайда кедейлердің теңдікке қолы жетіп, есе алуы, жаңа тұрмыс бастамалары ақынның көзқарасының дұрыс айқындануына мүмкіндік берді. Ақын енді жаңа заманның шындығын қуана, шабыттана жырлайды. Қарақалпақ елі өмірінде Совет өкіметі жеңісі нәтижесінде жүзеге асқан жетістіктерді мақтанышпен айтады.

Аббаз творчествосында өз туған халқының Совет өкіметі жылдарында өркендеп, даму кезеңдерінің суреттері бар. Елді советтендіру, қауымдастыру, республикада орнаған жаңа өндірістер, түрлі саяси науқандар, Ұлы Отан соғысы кезіндегі халық қаһармандығы, соғыстан кейінгі жылдар оқиғалары — осы ахуалдардың бәрі де ақын поэзиясында өрнектелген.

Аббаз өлеңдерінде халық поэзиясының әсері басым. Жырлары көбінесе біздің қазақ поэзиясындағы толғау сарынды болып келеді.

Ақынның поэзиядағы елеулі шығармасы — «Баһадүр» дастаны (1950 жылы жарияланған). Мұнда қарақалпақ халқының революциядан бұрынғы ауыр тұрмысын, азаттық жолындағы күресін, революция жеңісінен кейінгі өзгерген жаңа өмірін, колхоздастыру кезінің оқиғаларын кең толғайды.

Сол кезеңдер шындығын дастанның бас қаһармандары Арыслан, оның сүйген қызы Қырмызы тағдырлары арқылы көрсетеді. Октябрь шұғыласы бұрын байдың езгісінде қиналған Арысланның саяси санасын оятады. Ол халықтың жаңа өмірі үшін күресіне қосылады. Ауылдарды коллективтендіру кезінде, белсенді күрес жүргізген қайраткерлердің бірі болады. Ал, Қырмызы бейнесінен бұрын күндікте болған, қалыңмалға сатылған, тек Октябрь жеңісінің арқасында теңдік алып, қатарға қосылған, қоғамдық істерге белсене араласуға мүмкіндік алған қарақалпақ әйелдерінің тағдырын көреміз. Дастанда Қырмызы Арысланды шын сүйген мөлдір ма-

хаббатымен қатар, оның ақылшы досы, күрес жолындағы жәрдемші серігі ретінде көрінеді.

Қаһармандардың ішкі толғаныстарын ашуда жетпей жатқан кемшіліктері бар. Оқиғаларды жалаң бағытта беру жағы да басым. Дегенмен, өмір шындығын қаруы дәуірдің жаңа адамдарының қалыптасуын, өсуін ел тарихымен ұластыра бейнелеуі жағынан алғанда, Дыбыловтың бұл поэмасын қарақалпақ совет әдебиетінің елеулі шығармасы деп есептейміз.

Садық Нұрымбетов (1900 жылы туған). Қарақалпақстанның халық ақыны, қарақалпақ совет поэзиясының үлкен өкілі. Оның өлеңдері біздің қазақ оқырмандарына кеңінен мәлім, көбі қазақшаға аударылған.

Садық өзінің ақындық қадамын 14-15 жастарында бастайды. Ойын-тойларда әзіл-оспақ шығарғыш болады. Бірақ мұның бәрі де, ақынның өз айтуынша, құр әуесқойлық еді, өлеңге алғашқы жаттығулары болатын. Бұл өлеңдерінің ешқайсысы сақталмаған.

Садықтың шын мәнісінде ақын боп қалыптасуына советтік дәуір мүмкіндік берді. Рас, саяси сауатының шамалылығына байланысты және жасында алған діни тәрбиенің салдарынан, алғашқы әзірде ол революцияны жете түсіне алмады, бұл кездегі өлеңдерінен торығу сарындары көрінеді. Алайда жүрегі сезімтал, көңілі жүйрік ақын ескілік қоршауында қалып қоймайды, Октябрь жаңалықтарын ұғуға ұмтылады. Сөйтіп, дұрыс бағытты адаспай тауып, қарақалпақ халқының жаңа өмірінің жалынды жаршысы болады.

Садық — біздің Жамбыл, Нұрпейіс, Төлеулер тақылетті халық жыршысы. Оның өлеңдерінің тақырыбы, мазмұны, ел өмірін жырлау үлгісі де осы ақындар жырларының сипатына ұқсап тұр. Садық Отанды, партияны шабыттана жырлады. Халықтар достығы тақырыбы да оның поэзиясынан көрнекті орын алады.

Ақын орыс халқының ағалық ролі жайында былай толғайды:

Мәрттілік, батырлықты сізден үйрендік,
Төзім, сабырлықты сізден үйрендік.
Шындық, әділетті сізден үйрендік...

Садық шайыр поэзиясының бір саласы — мысал өлеңдер. «Май мен торта», «Дызылдауық хәм сона», «Сары шымшық», «Өжет өгіз» сынды мысал өлеңдерінде адамның мінез-құлқындағы кемшіліктерді сынайды.

Садықтың «Бердак», «Камары», «Теңізде», т. б. поэмалары бар. «Бердак» дастаны — қарақалпақ әдебиетінің классигі Бердак ақынның өмір жолынан сыр шертеді. «Камары» дастанында бүгінгі шопан тұрмысы суреттеледі. «Теңізде», «Жібекші Жамал» дастандарында еңбек адамдарының қажырлы ісі сипатталады.

Нәжім Дәуқараев (1905—1953). Қарақалпақ совет әдебиетін социалистік реализм жолымен дамытуда үлкен еңбегі бар жазушы. Творчестволық қадамын қосық (өлең) жазудан бастаған Нәжім өзінің нағыз қаламгерлік талантын прозада танытады. Ол республика өмірінің советтік шындығынан алып көптеген очерктер мен әңгімелер жазады. Бұл шығармаларында автор қарапайым адамдардың еңбектегі ерлігін, адамдар арасындағы жаңа қатынастарды, моральдық соны сапаларды суреттейді. Образ жасауда қаһармандардың жан-толқындарын бейнелеу, психологияны ашу — оның прозасынан көрінген тың сапа. Бұл тұрғыдан Нәжім Дәуқараевтың прозасы қарақалпақ совет әдебиетіне елеулі жаңалық әкелді.

Нәжім драматургия саласында халық дастаны «Алпамыс» жыры негізінде осы аттас пьеса жазады. Оған ел қорғау сарынын, асыл адамгершілік және халықтар достығы мәселесін арқау етіп алған. Қарақалпақ әдебиетінде фольклор тақырыбы негізінде реалистік пьеса жасау жолындағы елеулі табыс болды.

Нәжім Дәуқараев — туысқан халықтар әдебиеттері үлгілерін қарақалпақ тіліне аударуда қыруар еңбек сіңірген еді. Пушкиннің көптеген өлеңдерін, Крыловтың бірталай мысалдарын тәржімалады.

Жолмырза Аймұрзаев (1910 жылы туған). Қарақалпақ совет әдебиетінің шаңырағын көтеріп, қанатын қатайтып қалыптастыруда үлкен еңбегі бар, осы әдебиеттің ең көрнекті өкілдерінің бірі. Оның творчестволық өсу жолы қарақалпақ совет әдебиетінің қалыптасу, даму тарихының бүгінгі шағына дейінгі барлық кезеңдерімен тығыз байланысты. Жолмырза Аймұрзаев — әрі ақын, әрі прозаик, әрі драматург. Бұл жанрлардың, қай-қайсысының да қалыптасуына қосқан үлкен үлесі бар. Жолмырзаның көптеген шығармалары орыс, өзбек, қазақ, түрікмен және өзге туысқан халықтар тілдеріне аударылған. Есімі тек Қарақалпақстанға ғана емес, байтақ елімізге мәшһүр жазушы.

Жолмырза кедей диқан семьясында туған. Ауылдық

бастауыш мектепті бітіргеннен кейін педагогика институтына түседі. Бұдан соң Москвада театр өнері институтында (ГИТИС) оқиды. 1934 жылы совет жазушыларының Бүкілодақтық I съезіне қатынасады.

Жолмырза оқырман қауымға алдымен ақын ретінде танылды. 20-жылдардың екінші жартысында республикалық баспасөз беттерінде өлеңдері жиі шығады. 1933 жылы прозалық шығармаларының тұңғыш жинағы жарық көрді.

Жырларының мазмұн, түр байлығымен қарақалпақ совет поэзиясына мол жаңалық әкелген қаламгер туысқан халықтар әдебиеттері классиктерінің үлгілерін, Маяковский, Бедный, Блок, Сәкен Сейфуллин сынды әйгілі совет ақындарының поэзиялық жаңа нақышын терең зерттеп және сол саздарды өз поэзиясында таныта білді. Мәселен, «Поезд» деген өлеңінің құрылысы мен ырғағынан Сәкеннің «Советстан» жырының әсерін көрсек, «Салдық завод» өрнегінен Абай нақышын танимыз:

Күшті қосып,
Жәбділдесіп,
Қолға алдық жұмысты.
Женді түріп,
Дайын тұрып,
Молдан салдық құрылысты.

Ақын жырларында мазмұн мен көркемдік берік жымдасқан. Саяси өлеңдерінде биік пафос бар. Өмір сәттерін, көңіл толқындарын жақсы шертетін шағын қосықтардың шебері болуымен қатар бірнеше көлемді дастанның да авторы. 30-жылдарда жазған поэмаларының ішіндегі көрнектілері — «Күрес», «Күресте жеңдік» дастандары. «Күрес» поэмасында кедей шаруа Қарабайдың тағдыры арқылы қауымдасу кезінің шындығы — бұрынғы батырақтың колхозға кіріп, берекелі тұрмыс тапқаны, тап жауларының колхоз құрылысына қастық, дұшпандығы әшкереленіп, кедейлер қауымының жеңіске жеткендігі сипатталады. Ал, кейінгі «Айдын жол», «Ербай батыр» дастандарында бүгінгі еңбек адамдарының өмірі бейнеленеді.

Алғашқы прозалық шығармасы — «Қуат» (1940) повесінде бұрын тұрмыс азабын көріп, тек Совет өкіметінің арқасында бақытқа қолы жеткен кедей тағдыры суреттеледі.

Жазушының проза саласындағы ең көрнекті туынды-

сы — «Әмудария бойында» романы (1958). Бүгінгі қарақалпақ аулының еңбеккерлері хақында, яғни өз замандастарымыз туралы жазылған шығарма. Романның бас қаһарманы — жас маман Раушан, ауыл шаруашылық институтын бітірген соң туған колхозына агроном болып келеді. Белсенді еңбекке араласады. Жұрт оны председатель етіп сайлайды (Колхоздың бұрынғы председателі Көмекбайды содырлығы үшін колхозшылар орнынан алады). Романда Раушанның еңбекте ширауы, басшы ретінде қалыптасуы, рухани өсуі жақсы сипатталған.

Ж. Аймурзаев 30-жылдарда қарақалпақ халқының өмірінен алып, атап айтқанда, ауылды советтендіру және коллективизация тақырыптарына арнап, үлкенді-кішілі бірнеше пьеса жазған.

Бұл саладағы елеулі еңбектері — «Раушан», «Бердақ», «Қадірлі доктор», «Бақыттылар бағында», «Айгүл — Абат» драмалары.

Сонымен, қорыта айтқанда, Жолмырза Аймурзаевты өзінің көркем творчествосымен қарақалпақ совет әдебиетінің дамуына зор ықпал жасап келе жатқан қаламгер деп танимыз.

Ибраим Юсупов (1929 жылы туған). Қарақалпақ совет әдебиетіне Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдарда қосылған жас лектің талантты өкілі. Ол өзінің «Бақыт лирикасы» (1955) аталатын тұңғыш өлеңдер жинағымен қалың оқырман жұртшылыққа дарынды ақын екенін танытты. Содан бергі мерзімде бірнеше өлеңдер жинағы, поэмалары жарық көрді. Таңдаулы жырлары орыс, өзбек, т. б. туысқан халықтар тілінде жарияланды. Ибраимның творчестволық белсенді еңбегі лайықты бағаланып, 1964 жылы оған «Қарақалпақ АССР-ына еңбегі сіңген өнер қайраткері» деген құрметті атақ берілді. Ол — Қарақалпақ АССР-ы Жоғарғы Советінің депутаты, қарақалпақ жазушылар ұйымының басшысы.

И. Юсупов поэзиясының негізгі тақырыптары — советтік өміріміздің сәні, Отанымыздың ұлылығы, халықтар достығы, еңбек қуанышы т. с. с. Ибраим жырларының мазмұны мен көркемдік сипаттарынан бүгінгі советтік поэзияға тән тың сапаларды көреміз. Жан тебіренісінің тереңдігіне ұмтылып отырады.

Лирик ақынның табиғат, махаббат тақырыптарына жазған шығармаларында, ой түйіндеу, образды суреттер жасау тұрғысынан қарағанда, татымды жаңалықтар бар.

«Сағыну» өлеңінде жырақта жүрген жігіттің туған елін сағынған сезімін былайша әдемі бейнелейді.

Таудан ақ бұлттарды айдаса самал.
Бұлғап тұрғандайсын маған орамал.
Су ішуге келген бір ару марал
Саған ұқсап кетті, Әмудің қызы.
Самал сылдырлатса жапырағын талдың,
Сені келді ме деп талай алдандым.
Кекілік дүр етіп ұшса астынан жардың,
Жамалың сенің елестер, Әмудің қызы.

Ибраим Юсупов Қазақстанда бірнеше мәрте болған, қазақтың байтақ тың даласын, Көкшетау, Баянауыл, Қарқаралы секілді сұлу өлкелерін аралаған, еңбек адамдарымен сырласқан. Сол сапарларының нәтижесінде туған, Қазақстанға арнаған өлеңдер циклінде азаматтық әуен мен нәзік лирика сазы әсем қиюласады:

Гүлін Көкшетаудан терген бе деймін,
Сахара қызғалдағын берген бе деймін.
Жібін Баян сұлу өрген бе деймін,
Абай емес пе екен сазын келтірген.

Ақынның ауылға мұғалім болып келген жас жігіттің ұстаздық еңбегі туралы жазған «Жолдас мұғалім» (1949), шөл даланы көркейтушілер өмірін суреттейтін «Акация гүлдеген жерде» (1952), Қарақалпақстанның көрнекті мәдениет қайраткері Әбдірәмән Өтепов туралы «Актрисаның ықпалы» (1958), жаңа кен көздерін ашушы еңбек қаһармандарының ерлігіне арналған «Дала ариандары» (1964) атты поэмалары бар.

И. Юсупов творчествосы Қарақалпақ совет әдебиетінің бүгінгі, жақсы, жаңа беталысын аңғартады.

Қазіргі қарақалпақ әдебиеті — көп ұлтты совет әдебиетінің бүгінде көркейіп өскен мәуелі бір бұтағы.

МАЗМҰНЫ

I тарау. Уақыт тынысы және әдебиет

Жасампаз тұлға	4
Жағдай және қаһарман	14
Кейіпкердің ұлттық келбеті	41
Шығарманың реалистік сипаты	73
Шындық толғауы	81
Творчестводағы алғашқы қадамдар	86
Өрелі сынға өріс кең	105

II тарау. Достық лебіз

Біздің Сапекен	112
Жанашыл жазушы	116
Биік мұрат	121
Сырлы суреткер	126
Қабдыкәрім ақын	130
Сыншы сапары	135
Айқын еді есімі де, өзі де	143
Зерттеуші көзімен	149

III тарау. Өшпес өнеге

Үлкен жүректің сыры	170
«Шахнама»	184
Низами және оның бес дастаны (хамсасы)	200
Тілі бір, жыры бір	215

НИГМЕТ ГАБДУЛЛИН ОБРАЗ СОВРЕМЕННОСТИ

статьи и исследования

(на казахском языке)

Редактор *Е. Дүйсенбая.*

Художник *К. Утебаев.*

Худож. редактор *К. Зултыкаров.*

Техн. редактор *С. Денесова.*

Корректор *Ж. Нургожина.*

ИБ 1638

Сдано в набор 24.12.80. Подписано в печать 03.06.81
УГ 21094. Формат 84×108¹/₃₂. Бум. тип. № 1. Литературная
гарнитура. Высокая печать. Печ. л. 7,25. Усл. печ. л. 12,2.
Уч.-изд. л. 12,9. Тираж 5000 экз. Заказ № 234. Цена 1 руб.

Издательство «Жазушы» Государственного комитета Казах-
ской ССР по делам издательства, полиграфии, и книжной
торговли, г. Алма-Ата, 480046, пр. Абая, 143.

Полиграфкомбинат производственного объединения полигра-
фических предприятий «Кітап» Государственного комитета
Казахской ССР по делам издательства, полиграфии и книж-
ной торговли, 480002, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 41.